



ТҮРКІ
АКАДЕМИЯСЫ



М.О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР
ИНСТИТУТЫ

МАҒЖАН

Шығармаларының
а к а д е м и я л ы қ
толық жинағы

БІРІНШІ ТОМ



Астана, 2023

ӘЖК 821.512.122

КБК 84 Қаз 7-44

Ж 87

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің BR20281009 «Қазіргі әдебиеттану мен
өнертанудың өзекті мәселелері» атты конкурстан тыс нысаналы бағдарлама
аясында әзірленді

«Академиялық басылым» сериясының негізі 2020 жылы қаланған

Идея авторы және жоба жетекшісі:

ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, филология ғылымдарының докторы
К.І. Матыжанов

Томның редакция алқасы: К. Матыжанов (жалпы редакциясын басқарған),
М.Базарбаев, Ш.Елеукенов, Б.Дәрімбетов, Ш. Мустафаев, С. Қасқабасов,
А.Қалиева, Т. Қыдыр, Т. Әкімова, Н. Мүрсәлімова, Ж. Рақыш (жауапты
редактор), Ж. Салтақова, Ш.Сариев, Н. Сәрсек (жауапты шығарушы).

Пікір жазғандар:

ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, филология ғылымдарының докторы А. Шәріп,
филология ғылымдарының кандидаты Т. Шапай, PhD Е. Қуатбек.

Ж 87 Мағжан

Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үштомдық. 1-том
/ Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: К. Матыжанов,
Ж. Рақыш, Н. Сәрсек, Т. Әкімова. – Астана: Түркі Академиясы,
2023. – 688 бет.

ISBN 978-601-339-232-5 (жалпы)

ISBN 978-601-339-235-6 (1-том)

Мағжан Жұмабайұлы шығармаларының академиялық толық жинағы ақынның
130 жылдық мерейтойына орай текстологиялық зерттеулер негізінде сараланып
шығарылып отыр.

Жинақтың бірінші томына ақынның өлеңдері топтастырылды.

ӘЖК 821.512.122

КБК 84 Қаз 7-44

ISBN 978-601-339-232-5

ISBN 978-601-339-235-6

© М.О. Әуезов ат. Әдебиет және
өнер институты, 2023

АҢДАТПА

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қазақ әдебиеті мен өнерінің аса көрнекті өкілдері шығармаларының академиялық толық жинағын даярлап, электронды кітапханасын қалыптастырып, «Академиялық басылым» атты сериямен басып шығаруды жалғастырып келеді. Бұған дейін Абай (2020), Жамбыл (2021), Ахмет (2022) шығармаларының академиялық толық жинақтары жарық көріп, ғылыми ортаның ризашылығына бөленді. Аталған басылымдар Институт сайтындағы электронды кітапханаға жинақталды.

Мағжан Жұмабайұлының туғанына 130 жыл толуына орай ақын шығармаларының үш томдық академиялық толық жинағы оқырман назарына ұсынылып отыр.

XX ғасырдың 30-жылдары Мағжан Жұмабайұлының жеке басы ғана қуғын-сүргінге ұшырап қоймады, аса талантты сыршыл ақынның артында қалған рухани мұрасын да, есімін де кеңестік идеология жас ұрпақтың санасынан өшіруге тырысып бақты. Мыңдаған данамен таралған еңбектері тәркіленіп, жойылды. Жекелеген адамдардың «халық жауының» шығармаларын оқуына, үйінде ұстауына тыйым салынды. Екі тілге (қазақ, орыс) бірдей жетік, араб (төте), орыс (кирилл) жазуларында қатар жазатын қаламгердің артында өз қолымен жазылған бірде-бір қолжазбасы қалмаған. Осылайша қазақ халқы өзінің сүйікті ақыны, қайраткер қаламгерінен жарты ғасырға жуық көз жазып қалды.

1988 жылғы 4 қарашада Қазақ ССР Жоғарғы соты «Совет өкіметін қарулы көтеріліс арқылы құлату мақсатында ұйымдасқан «Алашорда» қайраткерлерінің контрреволюциялық, террористік астыртын құпия ұйымын әшкерелеу ісіне» қатысты ОГПУ-дің 1930 жылғы 4 сәуірдегі және 1931 жылғы 13 қаңтардағы Қаулыларының күшін жойды. Жоғарғы сот Алашорда қайраткерлерінің жазған шығармаларында кеңес үкіметіне қарсы

үгіт-насихат болмағаны туралы әдеби сараптама қорытындысын мақұлдады. Осы тарихи шешімнің негізінде Алаш қайраткерлері ресми ақталған соң ғана ақын шығармаларын жариялауға жол ашылды.

Мағжан Жұмабайұлының шығармашылығын ғылыми айналымға түсіруде М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ғалымдары зор еңбек сіңірді. Мәскеу, Петербор, Қазан, Ташкент, Орынбор кітапханаларындағы ақын мұрасы жинақталды. Алғаш рет Мағжан Жұмабайұлының шығармалар жинағы 1989 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрді (Алғы сөзін жазған – ақын Ә. Тәжібаев, құрастырғандар – Х. Абдуллин, Б. Дәрімбетов (жауапты шығарушы), З. Жұмабаева. Редакторы – М. Неталиев). Аталған жинаққа қаламгердің өлеңдері, «Қорқыт», «Қойлыбайдың қобызы», «Батыр Баян», «Жүсіп хан», «Өтірік ертеке», «Тоқсанның тобы» поэмалары, «Шолпанның күнәсі» әңгімесі, мақалалары мен аудармалары енген. Сонымен қатар, ақынның өмірбаяны мен Ж. Аймауытовтың «Мағжанның ақындығы туралы» мақаласы жинақталды. Кітапқа енген шығармаларға түсінік берілген. Кеңестік идеологияның сызы әлі кете қоймаған уақытта қолға алынған бұл басылымда әртүрлі редакциялық «өңдеулер» болмай қалған жоқ. Ең алдымен, діни ұғым-түсініктерге байланысты өлең жолдары қысқартылып, мағыналық өзгерістерге ұшырады. Мысалы, 1912 жылғы басылымда «Жатыр» өлеңінің «Шәкірттер медреседе шіріп жатыр, Қайдағы ескі нұсқа көріп жатыр» деп берілген өлең жолдары 1989 жылғы басылымда «Шәкірттер медреседе шіріп жатыр, Айтысып молдалармен, іріп жатыр» болып өзгертілген. «От» өлеңінің соңындағы екі шумақ, «Қойлыбайдың қобызы» поэмасының соңғы бөлігі қысқартылған. Осылайша ақын мұрасы «советтік сананың» сүзгісінен өткізілді.

1992 жылы «Ғылым» баспасынан ақынның таңдамалы шығармалар жинағы жарық көрді (Құрастырып, баспаға дайындаған Б. Дәрімбетов. Ред. алқасы: З. Ахметов, М. Базарбаев (жауапты ред.), С. Қирабаев, М. Хасенов, Б. Дәрімбетов). Жи-

наққа ақынның әр жылдарда жасаған көркем аудармалары да енгізілген. Түсініктемеде ақын шығармаларының жарияланымдары жөнінде қысқаша мәліметтер берілген.

«Білім» баспасы 1995-1996 жылдары Мағжан Жұмабайұлының 3 томдық шығармалар жинағын жарыққа шығарды. Редакция алқасын М. Базарбаев (жауапты редактор), С. Қирабаев, Х. Абдуллин, Ш. Елеуенов, Б. Дәрімбетов (жауапты шығарушы), Ш. Сариев сынды ғалымдар құрады. М. Базарбаевтың көлемді алғысөзі берілген. Үш томдық шығармалар жинағын құрастырғандар М. Жұмабайұлының көзі тірісінде жарық көрген 1922, 1923 жылғы өлеңдер жинағына енген өлең мәтіндерін негізге алған. Бұл басылымда 1989 жылғы жинаққа енген «Жоғалған алтын», «Төбет», «Орал», «Жер жүзін топан басса екен», «Ақсақ Темір сөзі», «Жазды күні қалада», «Шын айт», «Қазақ азаматы» атты өлеңдер жарияланған. Сонымен қатар ақын туралы жазылған зерттеу мақалалар да қамтылды.

2002 жылы Мағжан Жұмабайұлының көптомдық шығармалар жинағы «Жазушы» баспасынан жарық көрді (Алғы сөзін жазған, жалпы ред. басқарған Ш. Елеуенов. Редакция алқасы: Ә. Асқаров, Ш. Елеуенов, С. Қасқабасов, Е. Раушанов, М. Шапиғи. Ред. Е. Дүйсенбайұлы). Мұнда 1992 жылғы жинақтағы түсініктемелер қайталанатын. Осы жинақ 2003, 2005, 2008 жылдары өзгеріссіз қайта басылды. Және осы уақытқа дейін жарияланған жинақтардың ең толымдысы болып келді.

2013 жылы ақынның екі томдық шығармалар жинағы «Жазушы» баспасынан шықты. (Құрастырған С. Жұбаниязов). Бірінші томға өлеңдері мен дастандары енген. Бұрынғы басылымдардан өзгешелігі: өлеңдер жазылған немесе алғаш жарық көрген мерзіміне қарай орналастырылған, кейбір тақырыбы жақын өлеңдер өзінше топтастырылған. Екінші томға «Шолпанның күнәсі» әңгімесі, «Педагогика» еңбегі және мақалалары мен аудармалары, сондай-ақ бұрын жарияланбаған бірқатар өлеңдері енгізілген.

2018 жылы Қызылжар қаласында жарық көрген екі томдық өлеңдер жинағын Г.Б. Ахметжанова, С.З. Мәлікова, К.Қ. Оспанов, З.С. Тайшыбай құрастырған. Өлеңдер әліпби ретімен қойылған. Ақын өмірі мен шығармашылығына қатысты мұрағат құжаттарымен қоса 1912 жылғы «Шолпан» жинағының факсимиле көшірмесі де берілген.

Сондай-ақ, ақынның көпшілікке арналған әртүрлі тақырыптық жинақтары да оқтын-оқтын жарияланып жатты. Мысалы, 1998 жылы «Батыр Баян» атты өлеңдер мен поэмалар жинағы «Елорда» баспасынан жарық көрсе (Құрастырған – Е. Асқаров), 2002 жылы «Атамұра» баспасынан «Сүй, жан сәулем» атты өлеңдер мен поэмалар жинағы шықты (Бас редакторы – Ә. Пірманов. Құрастырушысы көрсетілмеген, түсінік берілмеген. Кітаптың соңында редакторы А. Алтай деп көрсетілген). 2002 жылы ақынның «Жан сөзі» атты өлеңдер жинағы «Раритет» баспасынан жарық көрді (Ред. – Е. Дүйсенбайұлы). Ақын мерейтойына орай жарияланған бұл басылымдарда көпшілік оқырманға арналғандықтан ғылыми талаптар сақтала бермейді, мәтіндерге түсінік те берілмейді. Бұл басылымдар ілкіде шыққан жинақтар негізінде дайындалғандықтан академиялық басылымды әзірлеу кезінде олармен салыстырулар жасалған жоқ.

Академиялық жинақты дайындау барысында Мағжан Жұмабайұлының көзі тірісінде жарияланған басылымдары түпбасылымдық мәтін ретінде назарға алынды. Өйткені қуғын-сүргінге түскен ақынның бірде-бір жинағының қолжазбасы бізге жеткен жоқ. Сондықтан тек баспасөзде жарияланған шығармаларды қанағат тұтқаннан басқа амал жоқ.

Ақынның XX ғасыр басында араб әрпінде жарық көрген кітаптары мен баспасөз материалдары және тәуелсіздік кезеңінде әлденеше рет жарияланған ғылыми жинақтарындағы шығармалары өзара жолма-жол салыстырылып, жүйелі текстологиялық саралаудан өткізілді. Аталған жарияланымдарда әр қилы себептермен өзгертілген, қысқартылған мәтіндік әркелкілік-

тер толықтай дерлік қалпына келтірілді. Ақынның «Жәжеке», «Мыжмыж», «Сахразада» сияқты бүркеншік атпен жарияланған шығармалары анықталып, мәтіндері жинақталды. Үш томдық академиялық басылымды әзірлеу барысында Мағжан Жұмабайұлының осы уақытқа дейінгі жинақтарына енбеген ішінара оқу құралдары мен мақалалары жинаққа тыңнан қосылды.

Мағжан Жұмабайұлы шығармаларының ұсынылып отырған академиялық жинағының бірінші томына өлеңдері топтастырылды. Қаламгердің 1912, 1922 және 1923 жылғы жыр жинақтарына енген, «Қазақ», «Ақ жол», «Еңбекші қазақ», «Тілші» газеттері мен «Айқап», «Жас қазақ», «Әйел теңдігі», «Жаңа әдебиет», «Жаңа мектеп», «Шолпан», «Сана» журналдарында жарияланған өлеңдері 1989, 1992, 1995-1996, 2008, 2013, 2018 жылғы жинақтардағы шығармаларымен салыстырылып, өзгертілген сөздер түзетіліп, текстологиялық жұмыстар жүргізілді, соның негізінде кең ғылыми түсініктер жазылды. Томға енген туындылар редакцияға ұшырамаған түпбасылымдарға сүйеніп берілді.

Өлеңдер жарияланған мерзіміне (жазылған жылдарын анықтау мүмкін болмады, өйткені ол жөнінде ақыннан қалған жазба дерек жоқ) байланысты құрастырылды, әр шығарманың жариялану хронологиясы сақталды. Мағжанның көзін көрген азаматтардың жадында сақталған бірнеше өлең мен белгілі қоғам қайраткерлеріне арналған эпиграммалары 1989, 1995, 2013 жылғы жинақтарға енген, бірақ олардың түпнұсқасы сақталмаған және ақын өмір сүрген уақытта басылым беттерінде жарияланбаған. Эпиграммалар мен он үш өлеңі «Кейін табылған өлеңдері» деген айдармен топтап берілді.

Бұл басылымда мәтіндер түпбасылымдар, мерзімді баспасөз бетінде жарияланған нұсқалар негізінде дайындалды. Мысалы, «Қазақ» газетінің 1913 жылдың 9 наурызындағы №5 санында жарияланған «Орал тауы» өлеңінің «Орнығып көшіп-қонып жүріп еді, Қайтпайтын таудан, тастан батыр түрік» деген жолдары 1922, 1923, 1995, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Орын

ғып көшіп-қонып жүріп еді, Қорықпайтын таудан, тастан батыр түрік» болып өзгертілген.

«Қазақ» газетінде:

«Оралдай атаң туған жерлеріне,
Көмілген сүйектері көрлеріне.
Шет елдер жайыменен ие болған,
Төр түгіл, есік те жоқ ерлеріне».

1922 жылғы жинақта:

«Оралдай атамекен жерлеріне,
Қасиетті атаның көрлеріне.
Аузы түкті шетелдер ие болып,
Көрсетіп тұр қысымды ерлеріне».

1923, 1995, 2013, 2018 жылғы басылымдарда:

«Осындай атамекен жерлеріне,
Қасиетті атаның көрлеріне.
Аузы түкті шетелдер ие болып,
Көрсетіп тұр қысымды ерлеріне».

«Орал тауы» өлеңі бұл академиялық жинаққа «Қазақ» газетінде (1913, 9 наурыз, №5) жарияланған мәтін бойынша берілді.

Сонымен бірге бұл академиялық жинаққа М. Жұмабайұлының бұған дейінгі жинақтарында жарияланбаған өлеңдері беріліп отыр. «Іңірде» өлеңі «Ақ жол» газетінің 1924 жылғы 416-санына қосымша ретінде шыққан «Сәуле» журналының №3 санында жарияланған. Ақын жинақтарының ешбірінде басылмаған. Бұл өлеңнің көшірмесі Мәскеу облысы Химки қаласындағы Ресей мемлекеттік кітапханасы бөлімшесінің қорынан алынды. «Архимед пен біздің батыр» өлеңі де ақынның бұған дейінгі жинақтарына енбеген. Бұл өлең «Ақ жол» газетінің 1923 жылғы 345-санында Мағжанның «Мыж мыж мыж» деген бүркеншік атымен жарияланған. Кейінгі жылдары бұл шығарма «Ақ жол» газетінің көптомдық жинағының 12-томында басылған. «Қазақтың кеше-

гі күйі» атты өлеңі 1913 жылғы «Ызың» деген өлеңдер жинағы негізінде берілді. Бұған дейінгі жинақтарда «Өткен күн» деген атпен 1922 жылғы Қазан басылымы бойынша жарияланып келген. «Қойшының әләуләйі» өлеңі алғаш «Ақжол» газетінің 1923 жылғы № 296 санында жарияланған, ал 1989, 1995, 2008 жылғы жинақтарда өлең мәтіні редакцияланып берілген, түсініктерде 1974 жылы актер Серке Қожамқұловтан жазып алынғаны айтылған. Осы академиялық жинақта «Қойшының әләуләйі» өлеңі алғаш рет түпбасылым негізінде дайындалды.

Мағжан Жұмабайұлы шығармаларының академиялық жинағының екінші томына «Қорқыт», «Ертегі», «Батыр Баян», «Қойлыбайдың қобызы», «Оқжетпестің қиясында», «Жүсіп хан», «Қаныш бай кассасы», «Өтірік ертегі», «Тоқсанның тобы», «Толғау» поэмалары мен «Шолпанның күнәсі» әңгімесі енгізілді. Ақынның И.В. фон Гетеден, Генрих Гейнеден, А.В.Кольцовтан, М.Ю. Лермонтовтан, И.И. Дмитриевтен, Әбу Фирастан және т.б. ақындардан аударған өлеңдері мен М. Горькийдің «Сұңқар жыры», «Ана», «Жұртын сүйген жүрек», «Темірді жұмсартқан ана», «Хан мен ұлы», Д.Н. Мамин-Сибиряқтың «Ақбоз ат», және Вс. Ивановтың «Бала», «Сай», «Өз өмірімнен әңгіме», «Темірбай», «Жолығу», П.Н. Дороховтың «Большевик баласы» атты әңгімелерінің тәржімалары жинақталды.

Мағжанның «Қорқыт» поэмасы «Шолпан» журналының 1922 жылғы 2, 3-сандарында жарияланған. Кейін 1989, 1996, 2013 жылғы жинақтарына, 2010 жылы «Шолпан» журналының толық топтамасына және онтомдық «Алаш көсемсөзі» сериясының 1-кітабына енген. Академиялық басылым қағидасына сай поэма мәтіні он жол сайын саналып, жолдың сол жағына белгіленіп, текстологиялық-салыстыру жұмыстары жасалды, кейбір редакциялық өзгерістердің орын алғаны анықталды.

«Алатаудың етегінде» атты әңгімесі алғаш «Ақжол» газетінің 1923 жылғы 18 қыркүйектегі №345 санында жарияланған. Авторы «Жәжеке» деп көрсетілген. Кейін 2020 жылы «Ақжол» газетінің көптомдық жинағында жарық көрді, кейбір сөздер мен

сөйлемдер дұрыс танылмай қате берілген. Осы жинақта түпнұсқадан өзгеріссіз әзірленді.

1923 жылғы жинақта И. Гетенің «Орман патшасы» шығармасын В.А. Жуковскийдің орыс тіліндегі аудармасы негізінде тәржімалаған. Орыс тіліндегі «Орман патшасы» 8 шумақтан тұрады, ал Мағжан Жұмабайұлы бұл туындыны 16 шумақ етіп аударған. Бірақ шығарманың мазмұны мен көркемдігі бұдан ақсамайды, тіпті орыс тіліндегі аударманың ырғақ үндестігі мен буын саны өлшемі де сақталған.

Вс. Ивановтың «Сай», «Өз өмірімнен әңгіме», «Темірбай», «Жолығу» әңгімелері Мағжанның аударуымен 1927 жылы Мәскеуде Кеңес одағындағы елдердің кіндік баспасынан «Төрт әңгіме» атымен жеке кітап болып басылып шықты. Ә. Бөкейхан кітап туралы: «Бұл кітапты жазған орыста сырлы әдебиетте бәйге алған жаңа жазушының бірі. Жазғаны ел басынан кешірген ақ пен қызылдың соғысы мен елде болған ашаршылық. Әңгімедегі жазылған жер Семей мен Жетісу, ондағы қазақ пен казак-орыс» деп жазды. Бұл аудармалар алғаш жарияланған басылымдар негізінде берілді.

Мағжанның В.И. Лениннен, Н.И. Бухариннен т.б. тапсырыспен аударған саяси тақырыптағы еңбектері мен мақалаларын әдеби жинақтың табиғатына орайласпайтындықтан іркіп қалдық. Қалай дегенде де бұл еңбектерден де Мағжанның терең білімі, аудармашылық шеберлігі мен қаламгерлік қарымы айқын көрініп тұр.

Мағжан Жұмабайұлы шығармаларының академиялық жинағының үшінші томына «Педагогика» (1922 ж.), «Бастауыш мектепте ана тілі» (1925 ж.), «Қызыл әскер әліппесі» (1926 ж.), «Сауатты бол» (1930 ж.) қатарлы еңбектері мен мақалалары топтастырылды. Томға енген мәтіндер түпбасылымдар негізінде әзірленді.

«Педагогика» («Баланы тәрбие қылу құралы») еңбегі 1922 жылы Орынборда, 1923 жылы Ташкентте, 1992, 1993, 1996,

2008, 2013 жылдары Алматыда, 2022 жылы Алматы және Астана қалаларында жарық көрген.

«Педагогика» кітабының 1922 және 1923 жылғы басылымдарын мәтіндік салыстыру барысында кейбір сөздер мен сөйлемдердің түсіп қалғаны анықталды. Мысалы, 1922 жылғы басылымда: «Міне, осындай жабумен таңылса, *қысу бар денеге тегіс түскендіктен*, аса зиянды болмас еді» деп берілсе, 1923 жылғы басылымда: «Міне, осындай жабумен таңылса, аса зиянды болмас еді» болып курсивпен берілген себеп бағыныңқылы сөйлем қысқартылған. Сонымен қатар бесік жырындағы «Қызық іздеп, Қыздар көздеп, Елдер кезерсің. Тарлан шүйіп, Сұлу сүйіп, Үйден безерсің» деген өлең жолдары түсіп қалған. Академиялық жинақта 1922 жылғы Орынборда жарық көрген мәтін негізге алынды.

М. Жұмабайұлы «Бастауыш мектепте ана тілі» еңбегінде (Ташкент, 1923; Мәскеу, 1925) төрт жылдық бастауыш мектептің әр жылына сәйкес бала тілін дамытуға арналған жаттығулар мен дағдылар жүйесін жасаған. Еңбекте үш тақырып қамтылған: Кеңес елінде және Қазақстанда мектеп ісінің бұрынғы және қазіргі жайы, ана тілінің мектеп қабырғасындағы орны және бастауыш мектепте ана тілін оқыту жолдары сөз болады. Мұғалімдер мен тәрбиешілерге нақты әдістемелік нұсқаулар беріледі. 1995 жылы бұл еңбекті ғалым Ш. Елеукенов қазіргі әріпке түсіріп, «Жұлдыз» журналында жариялаған. Осы академиялық жинаққа 1923 жылғы жарияланым негіз болды.

«Қызыл әскер әліппесі» – Мағжан Жұмабайұлының XX ғасырдың басындағы сауатсыздықты жою науқаны кезінде әскерлерге арнап жазған оқу құралы. Оқулық осы уақытқа дейін еш жерде жарияланбаған, ақын жинақтарына енбеген. 1926 жылы «Мемлекеттің әскерлік баспасынан» төте жазуда жарық көрген, мұқабасында «Тізген: Жұмабайұлы Мағжан» деп жазылып, керней тартып тұрған қызыл әскердің суреті бейнеленген. Оқулықта әскери адамның қоғамдағы маңызы, қызметі, тәртібі туралы мәтіндермен қатар, ауылшаруашылығына байланысты пай-

далы кеңестер топтастырылған. Кітаптағы әскерлерге арналған танымдық мақалалар сол кезеңдегі «Еңбекші қазақ», «Сәуле» сияқты баспасөз құралдарынан және А.Байтұрсынұлының «Сауат ашқыш», «Оқу құралы» еңбектерінен алынып, соңында оқу-жаттығуға арналған мәтіндерге ауыз әдебиеті үлгілері: «Нияз қыпшақ Жауғаш би сөзі», «Жөн сұрау», «Қобыланды батырдың Алшағырмен айқасқаны» және Жүсіпбек Аймауытұлының «Ерлер» атты әңгімесі, Махамбет Өтемісұлының өлеңі берілген.

«Сауатты бол» – XX ғасырдың басындағы сауат ашу мектептерінің қысқа курсына бағытталып дайындалған оқулық. Бұл оқулық Мағжан Жұмабайұлының көзі тірісінде Мәскеуде үлкен таралыммен 4 рет басылып шыққан (1926, 1928, 1929, 1930). 1926 және 1928 жылдары араб әрпінде, ал 1929 жылы 50 мың, 1930 жылы 65 мың тиражбен латын әліпбиінде жарық көрген. Оқулықтың бірінші бөлімінде – әліппе, әріптану, сөз құрау, екінші бөлімінде – саясатқа қатысты танымдық мәтіндер, үшінші бөлімінде шаруашылық, тұрмыс саласына қатысты мақалалар қамтылған. Әр жылдары жарық көрген оқулықтың ішкі мазмұны бастапқыда бірдей болып көрінгенімен, олардың арасында айырмашылықтар кездеседі. 1926 жылы төте жазумен және 1930 жылы латын әрпімен жарық көрген кітаптарды салыстыру барысында кейінгі басылым мәтіндермен толықтырылғаны, редакция тарапынан өзгерістер енгізілгені анықталды. Әр тақырыпқа сай суреттер де берілген. 1926 жылғы басылымдағы «Әліппе» бөлімінде мысалдар көп берілсе, 1930 жылғы кітапта мысалдар қысқартылып, сол кезеңге тән саяси сөздер қосылған. Екінші, үшінші бөлімдердегі бірнеше мәтін тақырыптары өзгертілген. Мысалы, 1926 жылғы басылымдағы «Қара шаруаның бір тұлғасы сиыр асырау» тақырыпшасы 1930 жылы «Сиыр асырау» болып, «Жоңышқа егу керек» (1926 ж.) – «Жоңышқа – шаруашылықтың кілті. Жоңышқа егіндер» (1930 ж.), «Қазақ республикасы» (1926 ж.) – «Қазақстан» (1930 ж.), «Қосшы» ұйымы»

(1926 ж.) – «Қосшы» ұйымы мен жер-ағаш жұмыскерлерінің одағы» (1930 ж.) болып редакцияланған. 1930 жылғы басылымда мәтіндердің қорытынды бөлімдері, кейбір деректер қысқарған. Мысалы, «Қойды жақсылап бақ» (1926 ж.) атты мақаладағы: «Қазақстанда 1916-шы жылы 10 миллионға жуық қой болған. 22-ші жылы қойдың саны кеміп, 2½ миллион шамасына түсіп қалған. Соңғы жылдарда қой тағы көбейіп келеді. Осы күні 6 миллиондай қой бар. (Бұл есептің ішінде Сырдария мен Жетісу губерниялары жоқ)» деген мәліметтер 1930 жылғы кітапта кездеспейді. 1930 жылғы басылымға 22 мәтін жаңадан қосылып, 1926 жылғы басылымдағы 7 мәтін алып тасталған. «Сауатты бол» оқу құралының 1926, 1928, 1929 және 1930 жылдардағы басылымдары өзара салыстырылды, әр жылғы басылымдағы мәтіндік айырымдар талданды. Еңбектің алғашқы (1926 ж. төте жазуда) және соңғы басылымы (1930 ж. латын әрпінде) арасындағы айырмашылықтарды ескере отырып, аталған екі басылымды қатар беру ұйғарылды.

Сонымен қатар үшінші томға «Бірінші май мейрамы» (1921), «Жазылшақ оқу құралдары һәм мектебіміз» (1921), «Сайлау» (1921), «Автономия кімдікі?» (1921), «Мекемеде қазақ тілін жүргізу керек» (1922), «Достық сөз» (1922), «Голод в Сары-Арке» (1922), «Ақан сері» (1923), «Бернияз Күлеев» (1923), «Базар жырау» (1923), «Қырғыз ауыз әдебиеті» (1923), «Жеті батыр» (1923), «Қазақ-қырғыз елінің тұрмысын, жол шарасын суреттеген һәм басқа ауызда жүрген әдебиетті жинау үшін программа» (1923), «Шолпанқұл қажы әңгімесінен» (1923), «Әбубәкір ақсақал Дибаяев» (1924), «Наурыз» (1926) атты мақалалары, «Алқа. Табалдырық» манифесі енді. «Қырғыз ауыз әдебиеті», «Автономия кімдікі?», «Мекемеде қазақ тілін жүргізу керек», «Достық сөз», «Голод в Сары-Арке», «Жеті батыр», «Қазақ-қырғыз елінің тұрмысын, жол шарасын суреттеген һәм басқа ауызда жүрген әдебиетті жинау үшін программа», «Шолпанқұл қажы әңгімесінен» мақалалары бұрынғы жинақтарға енген. Бұл мақалалар түпбасылым негізінде берілді.

Ұсынылып отырған үштомдыққа ақынның осы уақытқа дейін ғылыми ортаға мәлім шығармалары барынша түгенделіп берілді, текстологиялық саралаудан өткізіліп, әр мәтінге толықтырыла дәйектелген ғылыми түсініктер жазылды. Мәтіндерде кездесетін жер-су атаулары, есімдер көрсеткіші, сөздік, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі түйіндеме сияқты қосымшалармен жасақталды. Жинақтағы еңбектердің түпнұсқасы ретінде мәтіні ұсынылған басылымның факсимилесі қоса берілді.

Еңбек Мағжан Жұмабайұлы шығармашылығын зерттеп жүрген ғалымдар мен докторанттарға, магистранттар мен студенттерге, сондай-ақ көпшілік оқырман қауымға арналған.

* * *

Сонымен қатар, еліміздегі және алыс-жақын шетелдердегі мұрағат көздерінен, кітапханалардағы қолжазба қорлар мен сирек кітаптар және газет-журналдар жиынтығынан М. Жұмабайұлына қатысты деректерді, мақалаларды тірнектеп тауып, қолдарына ілінген құнды дүниелерімен бөлісіп, академиялық жинақтың сапалы шығуына атсалысқан алаштанушы ғалымдарға, зерттеушілерге РИЗАШЫЛЫҚ білдіреміз.

Атап айтқанда: Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің, Ұлттық мемлекеттік Кітап палатасының, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «Ғылым ордасы» Орталық ғылыми кітапханасының ұжымына; Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының директоры Б.Қ. Оспановаға; Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архивінің директоры С. Мәліковаға және осы еңбектің шығуына жанашыр болып, ақыл-кеңестерін аямаған зиялы қауымға айрықша алғыс айтамыз!

Редакция алқасы

ΘΛΕΗΔΕΡ



ЖАТЫР

Басқа жұрт аспан-көкке асып жатыр,
Кілтін өнер-білім ашып жатыр.
Бірі – ай, бірі – жұлдыз, бірі күн боп,
Жалтырап көктен нұрын шашып жатыр.

Таласып өнер-білім алып жатыр,
Күнбе-күн алға қарай барып жатыр.
От жегіп, көкте ұшып, суда жүзіп,
Тәңірінің рақметіне қанып жатыр.

Ойламай біздің қазақ текке жатыр,
Бір іске жанаса алмай, шетте жатыр.
Азырақ көз жүгіртіп қарап тұрсаң,
Қазекең таң қаларлық кепте жатыр.

Байларың мыңды айдаған шалқып жатыр,
Бар малын болыстыққа сарқып жатыр.
Барымта, ұрыс-керіс, кісі өлтіріс –
Ішінде сорлы қазақ қалқып жатыр.

Кең жері күннен-күнге құрып жатыр,
Сұр жылан бар қан-сөлін сорып жатыр.
Астана, жұрт билеген адамдарды
Тәңірі күннен-күнге ұрып жатыр.

Шәкірттер медреседе шіріп жатыр,
Қайдағы ескі нұсқа көріп жатыр.
Оқыған, дін іздеген байғұс шәкірт
Жемтікші құзғын болып кіріп жатыр.

Әйелдер мал орнына жүріп жатыр,
Жас қызын малға шалға беріп жатыр.
«Бес байтал – әйел құны» деген бір сөз
Қармаққа талай жасты іліп жатыр.

Дау-жанжал ел арасы толып жатыр,
Дін десе бар тілі де құрып жатыр.
Кешегі шешек жарған қазақ гүлі
Сарғайып, бір су тимей солып жатыр.

Мінеки, қазақ солай бітіп жатыр,
Күннен-күн артқа қарай кетіп жатыр.
Сезінбей өз өлгенін, өзінікін,
Аты өшкір оқығандар нетіп жатыр?!

ШЫН СОРЛЫ

Күн суық, қатты аяз, шыдар емес,
Қар борап соққан желмен қылып егес.
Кедейлер үсіп-тоңып, дір қалтырар,
Жылы үйде байлар жатар, уайым жемес.

Түн болып, қара тонын киіп еді,
Қатты жел барлық күшін жиып еді.

Ақтарып астын үст қып бар нәрсенің,
Дөңдегі қарды ойға үйіп еді.

Дүрілдеп сұп-суық жел соққан шақта,
Қар борап, үй айнала тыққан шақта,
Шыдамай жан-жануар жел өтіне,
Бүкшиіп теріс қарап ыққан шақта.

Балтабай Оразкенді шаштан ұстап,
Нығарлап әр түкпірге сүйреп тастап,
Құт ұшырар естілген қатты дауыс:
«Анаң... енең! Шық үйден! Жолыңды тап!»

Бейшара Оразкеннің түсі қашқан,
Жылауға, қозғалуға есі адасқан.
«Аяғым ауыр, қой деймін!» – деп айтқанда,
Дүр қамшы ойнап кеткен қайран бастан.

Балтабай бір қолымен есік ашты,
Тепкен соң, сорлы Оразкен далаға асты.
«Кірме, өл далада, иттің баласы!» – деп,
Бекітіп, іште тұрып есік басты.

Оразкен екпінменен құлай кетті,
Есі ауып, жансыз болып, сұлай кетті.
Ішінен өшіккендей тасбауыр жел
Дүрілдеп, астын үст қып борай кетті.

Оразкен бас көтерді есін жиып,
Көз алды даулап кетті от боп күйіп.

Басынан сорғалаған қап-қара қан
Ағады үлбіреген бетке тиіп.

Дәрмен жоқ, көзі тұнып, тұр балбырап,
«Жасаған, жарылқа!» – деп, жәрдем сұрап.
Қар борап, дүрілдеп жел соққан шақта,
Кетеді сорлы Оразкен дір қалтырап.

Қазақта сорлы ұрғашы
Ерден теңдік көрер ме?!
Тыйылып, құрғап көз жасы
Бірге дәурен сүрер ме?!

ЖАЗҒЫТҰРЫ

Жетті апрель, су ақты қырдан ойға,
Арық-тұрақ секіріп кетті тойға.
Жас бала: «Жазғытұры» туды», – десіп,
Жабағы, көтерем тай, ақсақ қой да,
Қуанып жан-жануар, алшаң басып,
Қайғы-мұңдық қалмады ешбір ойда,
Нұрлы күн алтын нұрын шаша бастап,
Шықсын деп қысқы ызғар өткен бойға.

Су ақса, тау жаңғырар сылдыр қағып,
Дәл сұлу бұраңдаған шолпы тағып.
Түрлі әнмен жаңа келген жылдың құсы
Тұрғандай зікір айтып, күнге бағып.
Ұлы бай жылқы қамар, қыл күзетіп,

Белсенген жылқышыға ноқталатып.
Балалар етек түріп, зыр жүгірер,
Батпаққа бірін-бірі домалатып,
Қырағы жылқышылар ұйқы көрмес,
Қолынан қулық бие құлындатып.

Май кірді, жер құлпырды, гүлдер жайнап,
Жібектей көкорайлар жатқан жайрап,
Сұлудай бұраңдаған бұтақтарда
Ән қосып әр түрлі құс тұрған сайрап,
Суықтан тоңып өлген шыбын-шіркей
Тіріліп, қанат қағып, быз-быз қайнап,

Аспанда күн күркіреп, от жарқылдап,
Жылы жел қара бұлтты тербеп айдап.
Көкорай жапырақтың арасынан
Құс-құрттар баласына ұя сайлап.
Жүн-жұрқа, ескі-құсқы нәрсе тасып,
Бауыр еті балаға орын жайлап.

Уызға жаңа тойған жас құлынды
Шыңғыртып жылқышылар ұстап, байлап,
Азырақ күйлі шыққан қысыр тайын
Балалар шапқыласқан мініп жайдақ.
Қыс қысқан арық-тұрақ, жаман-жәутік
Кетті ғой әлдеқашан тырақайлап.
Жаратқан жанға рақат жазғытұрды
Шүкір қыл бір Аллаға «я, құдайлап».

БҰЛБҰЛ

Сайрайсың мұнды күймен жүз құбылтып,
Кейде аяң, кейде желіс, кейде сылтып.
Суытасың денені, ысытасың,
Тұрасың маужыратып, кейде жылытып.

Қоясың тәтті дауыс тамылжытып,
Тұрады жан-жануар демін жұтып.
У-шу жоқ, қарқ-шиқ еткен қарға, торғай
Ұялған, әлдеқайда кеткен жытып.

Ұста сөз, мұнды даусың басты байлар,
Тоқтаған шабуынан құлын-тайлар.
Даусыңнан елжіремес нәрсе бар ма,
Жас төгер бойы балқып терең сайлар.

Бұлбұл құс! Көзімде жас, кеудемде от
Болып, мен саған келдім, ішімде шоқ.
Дертіме сенен ғана дәрмен болар,
Анық білдім, басқадан еш пайда жоқ.

Бұ жерден ұшып кетші сәулем жаққа,
Барып қон нәзік қана бір бұтаққа.
Ашындырып сөйле оған менің жайым,
Елжіретпей көңілін қанат қақпа!

Жүз құбылт даусыңды, өрте өзегін,
Суындыр, жата алмастай қыл төсегін.
Ойын ал, бойын балқыт, сүйдір мені,
Қалсын ол ойлай алмай өз есебін.

Тез, бұлбұл, мұңды дауыс, сиқыр тілдім,
Дәрменді қалың дертке сенен білдім.
Қылмасаң бір мейірім, сорлы пендең
Қайғыдан, қолым жетпей, міне, өлдім!

ӨЛЕҢ

Тарықса жаным,
Ауырса тәнім,
Сүйеуім бар демейтін.
Ол болса менде,
Қозғалса жер де:
«Бұ не болды?» – демейтін
Жан сүйгенім – ол да өлең,
Жете алмасам, жолда өлем!

Жанымның жаны,
Тәнімнің қаны,
Тіршілігім сенімен.
Ойландым – тоймадым,
Іздедім – қоймадым,
Кеңес біраз менімен.
Естісе сені, жан ұйыр,
Бағаң білмес көп сиыр!

ЛӘЗЗАТ ҚАЙДА?

Бұл жарыққа шыққан соң,
Іздейді көңілім күн-түні
«Қайдасың ләззат, рақат?» деп,
Таппады сал боп еш мұны.

Ойында ма бос өткен,
Қайғыланған ойда ма?
Жүйрік тазы, сұлу мен,
Қызойнақ, иә тойда ма?

Байлықта ма, беклікте
Бетіне шерігі шықпаған:
Ас, ат беріп, жұрт аузын
Алып, оған ықтаған?

Ләззатты іздеп көңілім,
Аласұрған шарқ ұрып.
Біреуін де осы деп,
Қалмай жүрген бір торып.

Баяулады жалғыз-ақ,
Мінеки деп тұрақтап.
Ләззаттанып сөзіне,
Қолына кітап, Құранды ап.

Айтар сөзім ендігі
Аласұрған көңілге:
Оқу оқы, өнер қу,
Басқалардан түңіл де!

Жұрттың қамын көп ойла,
Уайым-қайғы жеп ойла!
Артта қалған сорлы жұрт
Алға бассын деп ойла!

ЖАЗҒЫ ТАҢ

Жып-жылы түн маужырап,
Көтерілген жерден бу.
Саф күмістей жалтырап
Тыныш жатқан тұнық су.

Көкке тиген биік тау
Құшақтасқан тұманмен,
Қосылысып есен-сау,
Бал алысқан құмармен.

Ақырын ескен жылы жел
Маужыратып, тербетіп,
Таң атсын деп жайнап гүл –
Өсіп балам ер жетіп.

Шырылдап торғай аспанда,
Бытпылдығы ән қосып,
Шала-жансар жатқанда
Табиғатқа жан қосып.

Таң алдында жалбарып,
Тәңіріге құлдық қылғаны,
Ісіне оның таңданып,
Көңілі Хаққа сынғаны.

Күн тұрмады, таң атты
Күншығыстан ағарып.
Көтеріп зұлмат қанатты,
Жер де кетті жаңарып.

Таң, Күн деген – жер жаны,
Бұл екеуінсіз жоқ сәні.
Оқу-білім – ер жаны,
Жараспас ерге құр жаны.

ЖАС КЕЛІН

Жаңа түскен жас келін,
Кемпірлерге ас келін.
Орамал-шаршы бермесе,
Абұйырсыз тас келін.
Алғанға қабақ шытпаса,
Сонда болар бас келін.

Жаңа түскен келіншек
Болмайды тіпті еріншек.
Құдайдың берген тоқтығы –
Ас болады ірімшік.

Жас келіншек – тоқ қонақ,
Болмайды тіпті сұғанақ.
Арып-талып жүрсе де,
Ойлайтыны – жақсы атақ.

Бұрқыраған дауылда,
Сабап құйған жауында,
«Аа» деп үн шығармай,
Жас келін жүрер сауында.

Бірін-бірі іздескен,
Қараңғыда көздескен,
«Басым жерге кіргенше,
Жаным – сен!» деп сөздескен.
Жас келіннің күйеуі –
Мұңын ашар сүйеуі.

АТАҚТЫ АҚЫН – СӨЗІ АЛТЫН ХАКІМ АБАЙҒА

Шын хакім, сөзің асыл – баға жетпес,
Бір сөзің мың жыл жүрсе, дәмі кетпес.
Қарадан хакім болған сендей жанды
Дүние қолын жайып енді күтпес.

Сөзіңе құлақ салып, баға бермей,
Қисайып, қыңырайды жұртың иттес!
Бұртиып, теріс қарап: «Аулақ жүр!» – деп,
Болды ғой жақын туған бәрі кектес.

Тыныш ұйықта қабіріңде, уайым жеме,
«Қор болды қайран сөзім босқа!» – деме.
Артында қазақтың жас балалары
Сөзіңді көсем қылып, жүрер жөнге!

Ай, жыл өтер, дүние көшін тартар,
Өлтіріп талай жанды, жүгін артар.
Көз ашып, жұртың ояу болған сайын,
Хакім ата, тыныш бол, қадірің артар.

Жүрген жанның артында ізі қалар,
Етікші өлсе, балға мен бізі қалар.
Бір бай өлсе, төрт түлік малы қалар,
Жүйрік өлсе, артында сөзі қалар!

Сұм дүние сылаң беріп көптен өтер,
Сау қалғанның көбісі ертең бітер.
Тоқтамас дүниенің дөңгелегі,
Жүйріктің айтқан сөзі көпке кетер.

СОҢЛЫ ҚАЗАҚ

Сорлы қазақ жан алқымға тығылып,
Қара күн кеп, тіккен туы жығылып,
Алға баспай, біткен ісі кер кетіп,
Нәр тата алмай, күшсіз, әлсіз бүгіліп.

Оқу-білім жақындатпай, жолатпай,
Қырын қарап, қазақ ісін ұнатпай,
Пыр-пыр ұйықтап сорлы қазақ тек жатыр,
Қанды жаспен екі көзін шылатпай.

Қозғал, қазақ, білімге жүгір, кез келді,
Қылышын алып, «надандық» саған кезденді.
Шетке лақтыр, тұмақтай алып, тұра кеп,
Ертеңді-кеш басыңа мініп езгенді!

Кітап әпер, оқысын балаң, қолына,
Малды аяма оқу-білім жолына.
Өнер алып, басқалармен қатар бол,
Жер жүзі бір адамзаттың ұлына!

Байғұс қазақ бас көтеріп тұрар ма?
Көңілі түсіп, білім мойнын бұрар ма?
Күні туып оң жағынан, солдан – Ай,
Оқуменен жайнатып дүкен құрар ма?

ӨНЕР-БІЛІМ ҚАЙТСЕ ТАБЫЛАР?

Ер жігіт өнер табар ерте қуса,
Ерініп шаршамастай, белін буса,
Ыртың-жыртың, жоқ-барға көңіл бермей,
Періште боп анадан қайта туса!

Жақын туған, бауыр деп айналмаса,
Қатын-сатын дегенге байланбаса,
Тынықпай, дамыл алмай ерте де кеш,
Ізденсе, кідірмесе, жайланбаса.

Дүниенің қайғысынан зарланбаса,
Көз қысып күлгеніне алданбаса,

Қақ жарар қара қылды тура бөліп
Айтылған сөз жайынан жалғанбаса.

Өсектен ат-тонымен алыс қашса,
Естілсе, ұялғаннан бетін басса,
Жамандық – аты өшкірге жақын жүрмей,
Аяғын күндік жерден байқап басса.

Өзінен басқа жанды кем көрмесе,
Құтыртып, шабыстырып, жел бермесе,

Табылмас аузына су тамызушы,
Өзінің тар етігін кең көрмесе!

Көзі ашық адамдарға жақын жүрсе,
Олардың әрбір сөзін үлгі көрсе,
Естіген сөз, көргенді бос тастамай,
Құлақ тігіп, көз салып, жиып-терсе.

Көңіл көзі ашық жанды дос деп білсе,
Мылқау, меңіреу, наданды қас деп білсе,
Бейнеттің мұнарланған шөл даласын
Ұжмақта хорлар тіккен қос деп білсе.

Білімсіз – қатқан, жансыз тас деп білсе,
Өнер-білім – қарны ашқа ас деп білсе,
Дүниенің теңізінде адасқанға
Тура жол көрсететін бас деп білсе.

Осы оймен тура жүрсе, бұлтармаса,
Басқаға мойын бұрса, көз салмаса –
Өнер-білім жер астында болса дағы,
Бір жетер, жалықтым деп тастамаса.

ТОЛҒАН АЙ

Тұрасың, мейірімді Ай, нұрың шашып,
Бұғып жүр қараңғылық бетін басып,
Толсаң да солсаң дағы айрылмайтын
Жолдасың – жұлдызыңмен қол ұстасып.

Далада жолаушыға сен жолбасшы,
Егерде жазатайым жүрсе адасып.
Дөңгелек, жарасымды ақ келбетің,
Жүресің жылжып қана әсем басып.
Ажары ақ жамбыдай сұлулардың
Жалғанда тіпті кетпес көркі асып.
Сәулеңнің түскеніне әлдеқандай
Теңіздер жан теңгермес жатқан тасып.
Мәз-мейрам көкте қатар жүргеніне
Жұлдыздар иек қағып жымындасып.
Жалғыз-ақ іштен сені жек көреді
Екі жар қол ұстасқан сыбырласып.
«Жарықта қараңдап, бой көрінеді!» – деп,
Бір-бірін сүйісе алмас мауқын басып.
Елжіреп көңілдері, құмар қанбай,
Айрылар біраздан соң амандасып.

ЗАРЛЫ СҰЛУ

Қайғыландың, зарландың,
Ісінді тастап, мұңайып.
Ойнамайсың, ойлайсың,
Күлкіңе салды кім айып?

Жалғыз қалсаң бір үйде,
Өзіңді-өзің жылаттың,
Мөлдіреген көзіңді
Қайғылы жаспен шылаттың.

Көп ойладың тыншымай,
Түнде де кірпік бір қақпай.
Талмай көзің жұмбайсың,
Ағарып сүттей таң атпай.

Жаңа піскен алмадай
Толып бір тұрған шағыңда,
Жастық қызығын көрместей,
Неге де сынды сағың да?

Қайғыға салды кім сені
Тыныштық жүзін көрместей?
Өмір бойы бітпестей,
Зарың мәңгі сөнбестей.

Ерніңді қозғап қайғымен,
Қай жауызды қарғайсың?
Сені бүйткен бейбақтың
Сәнадан жүзі сарғайсын!

ТУҒАН ЖЕРІМ – САСЫҚКӨЛ

Алыстан мұнарланып шалқыған көл,
Бетінде күннің нұры балқыған көл.
Жарысып саф күмістей ақ көбігің,
Мап-майда мөлдіріңде қалқыған көл.

Жаныңда жас балалар ойнаған көл,
Жан-жануар суыңды ішіп, тоймаған көл.
Көз салып ернеуіңе, мұңға батып,
Ғашықтар жарын іздеп, ойлаған көл.

Шешініп қыз-келіншек су алған көл,
Әр жанды мөлдіріңнен суарған көл.
Масайрап, суға тойып төрт түлік мал
Дөңіңе ойнақ салып, қуанған көл.

Сыртыңда ақбоз үйлер жарасқан көл,
Байларың кедейлерге қарасқан көл.
Ағайын тату-тәтті – қоныс бірге,
Саулықты сағат сайын сұрасқан көл.

Түрлі құс әуез қосып, шулаған көл,
Шуақта балықтарың тулаған көл.
Сапырып сары қымыз ертеңді-кеш,
Басыңда кеңес құрып, дулаған көл.

«Сасық» деп еркелетіп ат қойған көл,
От-суға иең түгіл, жат тойған көл.
Назданып, жүйрік мініп, тарлан шүйіп,
Көкселдір тұс-тұс жақтан ат қойған көл.

Кір жуып, кіндік кесіп, сенде өскен көл,
Құрбымен ойнап-күліп, кел дескен көл.
Жарысып, тайға мініп, батпаққа аунап,
Күресіп күн батқанда белдескен көл.

Қайран көл, ата қоныс, құт болған көл,
Сусын боп сұрағанға, от болған көл.
Кеше бірлік, ынтымақ түгел шақта
Бейне бір сенің басың сүт болған көл.

Білмеймін не боларың, қайран көлім,
Жарайды тең болмаса күн мен түнің.

Итиіп қарашекпен келіп қонса,
Басыңнан құсың ұшып кетер сенің.

БАЛАЛЫҚ ШАҒЫ

Балалық шағы –
Патшаның тағы,
Ала алмас оны бағалап.
Көп өтпей жыл,
Тек жүрмей, біл,
Ілгергі күнді сағалап.
Үйрен білім жастықта,
Білмесең, жанға қастық та!

Білімге жүгір,
Жоқ ойдан түңіл –
Ерікке қоймай, ентелеп.
Қайтпас уақыт,
Қал дәмін татып,
Бос өткізбе еркелеп!
Жастық деген – бағасыз,
Қадірін білмес санасыз.

Жастық – алтын,
Құрып қал салтын,
Салты оның – үйрену,
Өнер қуып,
Бел бекем буып,
Надандықтан жирену!
Тұрма, қарғам, ұмтыл!
Аты өшкірден құтыл!

«Білімсіз – есек,
Опасыз» десек,
Сөйлеп, күліп жүрсе де.
Өлікпен тең,
Ит-құсқа жем,
Тірі боп ғұмыр сүрсе де.
Сондай болма, қарағым,
Даяр болсын жарағың!

Білген жан – көсем!
Сөйлесе – шешен,
Жұртты аузына қаратар.
Істегені – өрнек,
Қор қылмас ермек,
Нәрсені іске жаратар.
Білімдінің сөзі – ем,
Мейірімі көп, етек – кең!

Жұртына мақтаулы,
Сыбаға сақтаулы,
«Пәлі!» деп қарсы алар.
Іс қылар тежеп,
Жан-жүрек өжет,
Бет келгенді арсалар.
Қайда барса – сыйымды,
Білімі – мал, бұйым-ды!

[ТІРШІЛІКТІҢ КӨРКІ – ЕРІК]

Тіршіліктің көркі – ерік,
Адамдыққа ол серік.
Бір кірген соң қақпанға,
Қалар бұрынғы еркелік!

Ойламай барып ұрынып,
Өкінген аз ба ертелік?!

ҚАЗАҒЫМ

Қазағым, таянды ғой қылта мойын,
Жер, мал кетіп, бос қалды біздің қойын.
Қарашы өзіңе-өзің көз жүгіртіп,
Жараспас бұдан былай күлкі-ойын.

Жетті енді, қам жер мезгіл, жатпа бекер,
Ойламау келешекті түпке жетер.
Надандық қоршап алған тұс-тұс жақтан,
Жан қорқып, дене тітіреп, есің кетер.

Тасталық болыстыққа таласуды,
Таласып, жаман көзбен қарасуды.
Мың-мыңнан төгілуі жетер енді,
Ізделік аққан бұлақ – қара суды.

Бар жерді күннен-күнге алып жатыр,
Хохолдар алып қала салып жатыр.
Қырылысып өзді-өзімен қазақ сорлы,
Жерінен аузын ашып қалып жатыр.

Кел, қазақ, қолдағыдан құр қалмайық,
Отырайық жиылып, оңдалайық.
Мың жылғы өткен қуам деп ата заңды,
Өнерден кеш қалармыз, ойланайық.

Жер қалар, біз жиылып қала салсақ,
Қайдағы оңды жерді таңдап алсақ,

«Ауыл болсаң – қоғам бол» деген сөзбен
Бұлтармай, ертеңді-кеш жүріп барсақ.

Сол шақта көп түкіріп – көл де болар,
Көлде толқын айдаушы жел де болар.
Мектеп, медреселер көп салынып,
Ағайын, тату-тәтті ел де болар.

Жиылмай өнерге аяқ баса алмаспыз,
Нық сіңген надандықтан қаша алмаспыз.
«Заман түлкі болғанда, тазы болмай»,
Биік қырдан алдағы аса алмаспыз!

МЫСЫҚ ПЕН ЕТ

Қарны ашып, мысық байғұс үйге кірді,
Қарады тіміскілеп әрбір жерді.
Жерден іздеп дәнеңе таба алмады,
Ілулі шаңырақта етті көрді.

Қарады етке мысық көзін сатып,
Алам деп секіреді кейде жатып.
Құдайға өкпелейді: «Қол бермедің,
Алар ем, – деп, – бұл етті ағаш атып!»

Не керек, ала алмады, азаптанды,
Ашудан өле жаздап аз-ақ қалды.
Қайтсе де ала алмасын білгеннен соң,
Мысығың өзіне-өзі тоқтау салды:

«Қой, не керек, бұ ісің тіпті ұнамас,
Естісе, бұ қылығың көпке ұнамас.
Сасыған, құрттап кеткен жасық етті,
Ханзада, жегеніңмен, ішке ұнамас».

Асылды, қолға түспей, жасық деуші,
Қолға түссе, жасықты майдай жеуші –
Артынан арқан бойы шығып тұрып,
Өз үйінде сабазың сыр бермеуші.

СҮЙГЕНІМЕ

Жандым-күйдім, сені ойлап, дамыл көрмей,
Еш жанға сенен басқа көңіл бермей.
Сен – бір жақ, жалған – бір жақ, қатар қойып,
Сені іздедім, жалғаннан қолым сермей.

Қайғы жұттым, «аһ» десем, шықты жалын,
Сыртым – сау, ішімде – өрт жанған қалың.
Күйдірген қалың өрттің зардабынан
Өлгелі тұр сүмірейіп сорлы жаным.

Сөзім, көзім айтып тұр сүйгенімді,
Қуарған, сарғайған жүз – күйгенімді.
Талған жүрек, жүдеген, солған дене –
Сүюдің қолына ен тигенімді.

Күні-түн сені іздедім, қайғы жедім,
«Отқа түскен сорлыңды сүйші», – дедім.
Төгілген көз жасыма бір иімей,
Денеңді аулақ салдың, қоспай жігің.

Жан ұрдым, жаным қидым, қайрылмадың,
Өміріңше «кет әрменнен!» айрылмадың.
Шырылдап көз алдында отта жандым,
Тіліңмен де бір аяп қайғырмадың.

Күн болған көңілімде сенің сәулең,
Болып ем өмірімше сорлы әурең.
Міне, мен сені тастап кетпекшімін,
Қош енді, жанып-күйіп сүйген сәулем.

Мен таптым, сүймесең де, өзіме жар,
Керегің жоқ, мейірімсіз жолыңа бар.
Маған енді о жармен тыныш, рақат,
Бәрібір жазы-күзі жауса да қар.

Өмірінше бірге, тастап кетпегі жоқ,
Сен сықылды қайғылы етпегі жоқ.
Өзгермес бір қалыпта кең тіршілік,
Бірде шаттық, бірде мұң жетпегі жоқ.

Қош, сәулем, бермен қара, сорлыңды көр,
Амандас, мен кетейін, қолыңды бер.
Алдымда құшақ жайып қарсы алатын
Сүйген жарым – мейірімді ол қара жер!

БІР КҮНІ

Бір күні, ерте оянып, жаттым ойлап,
Көп шыбын өрмелеген уық бойлап,
Ұшқан боп жақындасып бір-біріне,
Тайдырып, орнын қозғап, түртіп ойнап.

Қарадым, қалың тұман ойға түстім,
Уыққа қарауымды дереу кестім.
Шыбындай бір-бірімен талас қылған
Адамзат баласына енді көштім:

«Япырмай, осындай-ау адам дағы,
Бірі күшті, біреуі жаман дағы.
Күштісі әлімжеттік қылғаннан соң,
Дүние де жамандықтан аман-дағы.

Күшсіздер, сорлыларға атар таң жоқ,
Көрінген бақ-дәулеттен ұшқан шаң жоқ.
Жиғаны, бар тапқаны – басқанікі,
Керек десе, тәнінде жалғыз жан жоқ!» –

Деп ойлап, қалың ойда жатыр едім,
Көп ойлап, ой дәмінен татып едім.
Естілді үй сыртынан апам даусы:
«Ноқта әпер, неғып тұрмай, жатып едің?»

Төсектен мең-зең болып әрең тұрдым,
Ноқта алып, желі басына қарай жүрдім.
«Күшсіздер, сорлыларға атар таң жоқ!» –
Деп ойлап, баяғы ойға қайта кірдім.

Қыздырып Күн, ойлауға ерік бермеді,
Мал шулап, ойлауымды еп көрмеді.
«Күшсіздер де тырыссын, қатар болсын!
Таста енді жоқ ойды», – деп қол сермеді!

ҚҰР ҚАЛЫППЫН

Сұлу қыз анадайда сылаңдайды,
Теңімен ойнап-күліп, бұрандайды.
Адамзат бәрі ғашық, бәрі құмар,
Аһ ұрып, оны көрмей тұра алмайды.

Ептілер ебін тауып, жақындапты,
Ең сүйгені болуға жақын қапты.
Не қылсын, өзінің қолы жеткеннен соң,
Меңіреуді мен сықылды шақырмапты.

Білмеппін дөнеңесін сырт халықтың,
Таң атса да сөз қатпай, құр жатыппын.
Ойламай, көз жүгіртпей, меңіреу басым,
Жанаспай, жақын жүрмей, құр қалыппын...

ЖОҒАЛҒАН АЛТЫН

Апалап, уанбастан, жылаған күн,
Жүрем деп қаз-қаз тұрып, құлаған күн.
Еркелеп, құр былдырлап, өтірік жылап,
Алдына апам байғұстың сұлаған күн.

«Апа», «мама» деген сөзге тіл келген күн,
Ауызға тозаң-топырақ, күл келген күн.
Сенделіп мас кісідей ырғаң-қиқаң,
Аттап аяқ басуға әл келген күн.

Біреу ұрысса, қамығып, жас келген күн,
Ойға жалғыз емшек пен ас келген күн.

«Болар енді, тойдым», – деп ас қайтармай,
Бере берсе, ретпен дес берген күн.

Аяқ басып қотанда, жүгірген күн,
Шешенің емшегінен түңілген күн.
Тыпыр-тыпыр ары-бері жарысқан боп,
«Кім озды» деп, атаға жүтінген күн.

Тай мініп, желі айнала жарысқан күн,
Тең құрбы, балалармен алысқан күн.
Қымс етсе: «Әке, апа, тиеді!» – деп,
Жұдырықты кезек-кезек салысқан күн.

Батпаққа, қоға тартып, аунаған күн,
Көңілді ылғи ойынмен аулаған күн.
Ренжу, қабак шығу, мұңаю жоқ,
Жаңбыры қайғы-зардың жаумаған күн.

Қымбат күн, қолға түспес сен алтын күн
Беретін іздеп тауып жоқты бар қып.
Жарқ еттің, көз ашқанша ғайып болдың,
Ашылмас қара тұман қаптады түн.

ОРАЗАДА

Таң алдында тамылжып,
Тәтті ұйқыға батқан шақ.
Бір тамақтың қамын жеп,
Ұйқылы-ояу жатқан шақ.

Тұра салып төсектен,
Дір қалтырап киініп,
Ойға кірер: «Кешікпен,
Уақыт бар», – деп сүйініп.

Ауыз алып, қол салып,
Ашылмай жөнді де көзі,
Келгенде қарын құралып,
Көрінді-ау Шолпан жұлдызы.

«Жылдам іш», – деп жымыңдап,
Көз қысуын нетерсің?
«Қарбытып іш, тығымдап,
Аштан өліп кетерсің!»

Алдына әкеп қатар қой,
Қай сүйгенін таңдасын.
Шай, қымызға әбден той,
Көңілде іңкәр қалмасын.

Түндік жабық, от жарық,
Үйге сәуле кірмейді.
Іш, той, ындынды жарыт,
Таңды үйден көз көрмейді.

Ораза деген қазаққа
Құлшылық емес, әдет қой.
Еріксіз жүрмей азапта,
Пайданы ойла, қам ет, қой.

ҚАРАҒЫМ

Қарағым, оқу оқы, босқа жүрме!
Ойынға, құр қаларсың, көңіл берме.
Оқымай, ойын қуған балаларға
Жолама, шақырса да қасына ерме!

Кідірме, аяңдама, алға ұмтыл,
Алам деп көктен жұлдыз, қолың серме.
«Қарманған қарап қалмас» деген рас сөз,
Тоқтамай істе болсаң батып терге.

Жасынан оқу оқып, өнер қуған
Жан жетпес көңілі жүйрік кемеңгерге...
Білімсіз, құр қалтақтап жүргенменен
Ерте өлген, көмілулі қара жерге.

Жастық, байлық, қол қусырып бос жүру
Жасөспірім үмітті ерте бұзады.
Тер ағызып, өліп-талып табылған
Ата дәулет быт-шыт болып тозады.

ТІЛЕГІМ

(Қыздың зары)

Қайғылы қыс қар, боранмен қорқытып,
Жанға рақат жайнаған жаз бітпесе,
Сылаңдаған алтын күнім тез өтіп,
Қайғы-мұңмен жас төгер шақ жетпесе.

Жасыл шешек, қызарған гүл солмаса
Қаны қашып, көркі бітіп, қуарып,
Періштедей жас қыз қатын болмаса,
Алмадайын қызыл беті суалып.

Алмаспаса, өзгермесе бұ дүние,
Жақсы-жаман тұрса өзінің қалпында!
Бірақ білгін, солай қылған Тәңірі ие,
Мен де көндім, басым бүктім алдында.

Берсін атам, малға сатпай, теңіме,
Маған жолдас о мал болмас, ер болар!
Құр қызықсаң ата заты, тегіме,
Көзің нұры балаң өмірі шер болар.

Мейірімді Ием, таза, нәзік әйелді
Қара жүрек қазаққа неге жараттың?
Аһ, зар қылды, құлағына кім ілді?
Сорлыларды жауыздарға қараттың!..

КҮЗ

Бұрқырап қара дауыл соғып тұрған,
Көкорай түсі қашып солып тұрған.
Шыдамай қатты ызғарлы жел өтіне,
Бүрісіп ағаш, шөптер тоңып тұрған.

Көрік жоқ қырда-ойда шығып жүрсең,
Естілмес құс, құрт даусы құлақ түрсең.
Қақтанған, жамыла түсіп, от маздатып,
Көресің кемпір-шалды үйге кірсең.

Масатыдай құлпырған жердің жүзі,
Аяқ бассаң – табанға өтер сызы.
Кемпір болған бет-аузы қатпарланып,
Бұраңдаған кешегі сұлу қызы.

Қысқасы, жер жүзінде көрік біткен,
Қараған да, сұлу қыз қайта кеткен.
Жыламсырап, мұңайып жанды-жансыз,
Қатты аязды, қайырымсыз қысты күткен.

Осы уақыт шаһарға тұрсаң қарап,
Түрлі жұрт түрлі істе жүрген тарап,
Көше бойлап, оқуға шапшаң басып,
Шаттықпен жас балалар боқша арқалап.

Қыс, күз болмас оларға көңілсіз шақ,
Оқу біліп, айырар қара мен ақ.
Өнерленген дүниеге ұстаз болған,
Қолдарында олардың тәж бенен тақ.

Қарасаң сонда қазақ арасына,
Ойнаған жалаң аяқ баласына,
Кетеді іш елжіреп, жанып-күйіп,
Көңілдің тұз сепкендей жарасына.

Жас өмір надандықта өткен босқа,
Оқымай, өнер қумай жазы-қыста.
Білімнен ат-тонымен қашқан қазақ
Сайлауға таласуға қандай ұста.

Баласын оқытумен жоқ жұмысы,
Ел бұзу, малын шашу – барлық ісі.

Ойлаған бір күн бұрын таңдағы істі,
Япырым-ау, айтсаңдаршы, бар ма кісі?

Басқа жұрт балалары оқу қуған,
Біліммен өз жұртының бетін жуған.
Ішіп-жеп, босқа жүрсе хайуан малдай,
Адамзат жер жүзіне не үшін туған?!

Қор болдық, өнер қумай, қайран елім!
Күш кетіп, талай жаннан көрдік керім.
Сұлық боп, жан шыққалы тұр таяулап,
Маңдайдан шып-шып шығып өлім терің.

ОСЫ КҮНГІ КҮЙ

Ойламай отқа түскен неткен жанбыз,
Сөз ұқпас мылқау, меңіреу, жүрген жаңғыз.
Көрінбес көзге түртсе қараңғыда,
Апырым-ай, қалдық па енді, тіпті таңсыз?!

Тақаулы тамағымда өткір пышак,
Тек жатыр тұяқ серіппей сонда да аңсыз.
Тыңдамас, сөзге түспес, ырыққа көнбес,
Болды ма қайран қазақ тастай жансыз?

Жер кетті, жаның кетті, қам жемедің,
Құл болдың қара табан енді малсыз.
Ортаға қамап алып қырып жатыр
Қара жүрек «надандық» қолмен сансыз.

Қазағым, арыстаным, қайратты ерім,
Тұрдың ба қару қылмай, құр амалсыз?
Өзіңдей адамзаттар неғып жатыр,
Бос жүрсің баспанасыз, үйген тамсыз.

Сандалдың: алдың – боран, артың – тұман,
Түк көрмей сәуле берер шырақ-шамсыз.
Білместің ит надандық жеңгені ме?
Буының қалтырайды болып әлсіз.

ҚАЗАҚТЫҢ КЕШЕГІ КҮЙІ

Еділ, Жайық, Сырдария –
Белгілі жұртқа ескі су,
Тәтті, дәмді, тармақты
Ұзын Ертіс, Жетісу.
Осы төрт су арасы
Сарыарқа деген жер еді,
Туып-өскен баласын
Айбынды ер Алаш дер еді.
Еркін шауып ойнақтап,
Тілеген отын жер еді.
Жан-жағына қысылмай,
Еш адамнан қымсынбай,
Ұшқан жылдың құсындай
Еркінде жүрген ел еді.
Қонысы қырат, бел еді,
Мұнарланып шалқыған,
Ақ күмістей балқыған,
Меруерт көбік қалқыған,
Айдын шалқар көл еді.

Талай жерді жайнатқан,
Дөңінде тай ойнатқан
Қайран Есіл, Нұрадай
Екі енеге тел еді.
Шу-шулеп жылқы айдаған,
Қара құрттай қайнаған,
Жас құлынды шыңғыртып,
Бозбалалар ұстап байлаған,
Үйдің арты желі еді.
Қайырымы көп ағайын,
Кедейде жоқ уайым –
Керек болса, бір тайын
Сұрамай ұстап мінеді.
Кіріп келсе, сұрау жоқ,
Бір аяқ асқа жылау жоқ,
Қабағы ашық бәйбіше
Керсендей үлкен аяқпен
Ұстата саумал береді.

Шыға қалса бір жұмыс,
Ұзап кетпес – артық іс,
Бітімге биге келеді.
Қасымның қасқа билігі,
Есімнің ескі билігі
Алдында жайрап жатқан соң,
Көпті көрген көне би
Қара жолмен желеді.
Бір тиын пара алу жоқ,
Қисыққа құлақ салу жоқ,
Туралық, шындық – екі атты
Қаз-қатар ғып жегеді.

Ақназар сынды әділ хан,
Кене сынды балуан,
Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгембай
Ақ найзаның ұшымен,
Ақ білектің күшімен
Дұшпанға қысым көрсеткен,
Қаз дауысты Қазыбек,
Қара балуан Жәнібек –
Жалғанда тумас ер еді.
Кеше Шөже, Орынбай,
Жан пар келмес Наурызбай –
Бір сөзі мың ділдалық,
Бәрі ақын, сері еді.

Шілдеде самал ескенде,
Жайлауға ауыл көшкенде,
Ат-айғырға мініп ап,
Қыз-бозбала жарасып,
Тереңнен әзілдескенде,
Тісі меруерт тізілген,
Белі қыпша үзілген,
Хор сықылды сол сұлу
«Ха-ха-ха!» деп күлгенде,
Бұйық жатқан кең дала
Бейне бір жаны енеді.
Сылдырап аққан өзенге
Үй тігіп, дереу қонысып,
Бұрала басып былқылдап,
Әзілдесіп, сыңқылдап,
Жас келіншек пен қыз балалар,

Кереге жайып, уық байлар,
Балду-балду, бәрі өтірік бұ күнде,
Болды деп сені ер, қазақ,
Тап осы күні кім ойлар.
Бұ бір сондай ел еді.
Қатар жатқан халықпен
Терезесі тең еді.
Артыма оймен қарасам,
Зейін тиегін бұрасам,
Кешегі қайран қазақтың
Сәулеті менен дәулеті
Көз алдыма келеді.

Күшің кеткен баяулап,
Жүрсің атсыз, жаяулап.
Ит надандық желкенде
Шабайын деп аңдып тұр,
Қылышын ұстап таяулап.
Арысланым, сұңқарым,
Қажымас, талмас тұлпарым,
Басың көтер, тұр енді!
Батқан екен бір күнің,
Жеткен екен бұл түнің.
Өткенді ойлап қайғырма,
Әр кәмалға бір зауал
Ежелден болмақ емес пе?
Ескіше тұрып егеспе,
Заман – түлкі, тазы бол,
Базарша дүкен құр енді.

МЕН СОРЛЫ
(Шәкірттің зары)

Талайсыз, бақсыз мен сорлы,
Бір ісім оңға бармаған.
Мен не жаздым о ғұрлы,
Тәңірі мұнша қарғаған?

Талпындым, түстім ізіне,
Оңдалмады бір ісім.
Қарамай құлың жүзіне,
Алла-ау, көрсеттің қысым.

Бел будым, түстім әр жолға,
Тілегім қайтсем табам деп.
Қарамадым оң-солға,
Тілегім үшін шабам деп.

Не қылсам да түспеді
Уысыма қуғаным.
Жібермеді, күштеді
Жақын бауыр, туғаным.

Таласқа салды жиғанын,
Барын, арын аямай.
Оқуға бермей – тыйғанын,
Алды-артына қарамай.

Білім іздеп сусаған
Жылайды пендең алдыңда.
Мейірі кең Жасаған,
Құралақан қалдым ба?..

ӘДЕМІ ҚЫЗ

Күні кеше толған ай жүзің еді,
Сиқырлы қара нәркес көзің еді.
Мап-майда қолға жұмсақ мінсіз денең
Бейне бір бақшадағы үзім еді.

Жел тимей, кірсіз тұрған кезің еді,
Жандыға жақсы дәру сөзің еді.
Басып кеткен пайғамбар іздеріндей,
Қадірлі аяқ басқан ізің еді.

Аһ, бүгін ол көріктің бәрі де жоқ,
Ақсаған аяғыңа дәл тиген оқ.
Өкіндің, жастық-мастық ісін етті,
Аһ ұрдың, сыртың – жалын, ішінде – шоқ.

Тіліне қу түлкінің тез алдандың,
Ойламай таңдағыны, тез құп алдың.
Таза ат, жақсы көрік – бәрі кетіп,
Ғұмырыңша құтыла алмас отта қалдың.

Таралды жұрт аузына жаман атың,
«Бұзылған!» дейді енді жақын, жатың,
Күні-түн о да, бұ да соны айтар,
Жас төкпей нағып сонда шыдар дәтің?

Естілер бұ жаман ат қосағыңа,
Қайнатар кінә сақтар ошағыңда.
Шірірсің ғұмырыңша тепкі астында,
Бір кірмес шын елжіреп құшағыңа.

От алып ұшқан жастық шақ,
Көздеймін соны – қайсы жақ.

ТУҒАН ЖЕР

Бұ жарыққа аяқ басып туған жер,
Кіндік кесіп, кірім сенде жуған жер.
Жастық – алтын, қайтып келмес күнімде
Ойын ойнап, шыбын-шіркей қуған жер.

Жаратылдым топырағыңнан, сен – түбім,
Жалғаны жоқ, бәрі сенен жан-тәнім.
Сенен басқа жерде маған қараңғы,
Жарық болар Шолпан, Айым, сен – Күнім.

Тәтті суың дәмі аузымнан еш кетпес,
Қалың нуың, қыр, суыңа жер жетпес.
Кең далаңда ойын ойнап қалсамшы,
Жазу болып адамзатқа ер жетпес!..

Балақ түріп, қозы қуып, жарысып,
Батпағыңда тең құрбымен алысып.
Түнде – ақсүйек, алтыбақан, ал күндіз
Үйретем деп асау тайға жабысып.

«Адам басы – Алла добы» деген рас,
Қалай қуса, мойындамақ сорлы бас.
Кім біледі, мен де шетке кетермін,
Әй, туған жер, сені тастап басым жас.

ОРАЛ ТАУЫ

Таласқан аспанменен көкпеңбек тас,
Қарасаң төбесіне, айналар бас.
Жасаған мейірімі кең қадір Тәңірі,
Шығарған сол тауынан алтын, алмас.

Жіп-жиі, шытырманды түрлі ағаш,
Тұрғаны мұнарланып өсіп жалғас.
Қарағай, шырша-батыр бір қалыпта:
Шілде, жаз, қысын, күзін есіне алмас!

Бір күнде сенің иең түрік еді,
Орнығып көшіп-қонып жүріп еді.
Қайтпайтын таудан, тастан батыр түрік
Қойныңа жайыменен кіріп еді...

Ер түрік ен далаңа көрік еді,
Отырса, көшсе, қонса – ерік еді.
Тұрғанда бақыт құсы бастарында,
Іргесі, жел-күн тимес, берік еді.

Тұрақсыз бұ жалғанда опа бар ма,
Сақтан, алдар, бой салып жақын барма!
Жан досың бүгінгі күн болып жүріп,
Құлатып кетер ертең сені жарға.

Көз салшы төңірекке мойның бұрып,
Бойында Алтай, Орал тұрған түрік.
Аты да, заты да жоқ, дыбысы жоқ,
Жоғалған әлдеқайда іріп-шіріп...

Хазине алтын гауһар алып жатыр,
Бұлақтан ішіп әбден қанып жатыр.
Бытырап ер түріктің балалары,
Бейнетке қайда көрсек жанып жатыр.

Оралдай атаң туған жерлеріне,
Көмілген сүйектері көрлеріне.
Шет елдер жайыменен ие болған,
Төр түгіл, есік те жоқ ерлеріне.

Анамыз бізді өсірген, қайран Орал,
Мойның бұр тұңғышыңа, бермен орал!
Жанұшыр батыр түрік балалары,
Таптатпа, тізгініне белден орал.

КӨҢІЛ

Сұм көңілге разы емен мен,
Тез жанад да, тез сөнед.
Бір тілегін істесең сен,
Оған басқа ой келед.

Жас баладан артық жеңсік
Мұндай нәрсе көрмедім.
Тұрағы жоқ шайтан секек,
Тіпті-ақ сырын білмедім.

Бір жар іздеп, болса әуре,
Таптым, бардым қасына.

«Аш құшағың, – дедім, – сәуле!»
Шомылып көз жасыма.

Жанған жүрек, жасты көріп,
Көңілі сенгіш перизат:
«Ақырын, – деді қолын беріп, –
Жанба, сәулем, көрме жат!»

Жанып-күйіп сүйсе таңда,
Кешке сөнген ол отсыз.
Бүгін мұнда, ертең анда,
Тым-ақ нәрсе ұятсыз.

ЖАРЫМА

От жұтқан туысқанның халін көріп,
Күнәсіз судай аққан қанын көріп,
Айрылған ар-намыстан қарындастың
Көз жасы, қалың қайғы, зарын көріп.

Елжіреп жүрек-бауырым, ішім еріп,
Бейнетке белді буып, қолды беріп,
Ант етіп айнымасқа ес білгеннен,
Байлаулы бауырыма тілеп ерік.

Жан жарым, ұзақ, қиын түстім жолға,
Алдымда түпсіз дария, сор да, ор да.
Бетпақ шөл: сусыз, отсыз, қайнаған құм,
Ысқырған жылан, шаян оң мен солда.

Өткелсіз, қарлы, отты таулар асқар,
Мейірімсіз табан тілер қия тастар...
Кім білед, қуат құрып, арып-талып,
Төгетін күндер болар ыстық жастар.

Сол күнде, алтын сәулем, қолыңды бер,
Жасытпа, жолым бастап, алдыма жүр.
Қара түн қорқынышты қаптағанда,
Жарқырап жұлдызым боп төккейсің нұр.

Айрылса иманынан көңіл құбыл,
Кейін қайт, жапа шекпей, жазым деп жол.
Жан салып, тура қайтпас жүрек беріп,
Жаңадан жаратып сен, Аллаһ да бол!

Жол алыс, жақын үшін жаннан кештім,
Бауырдың халін көріп, бейнет құштым.
Құшақта, сүй, күл, жыла, қайраттандыр,
Жан жарым, ұзақ, ауыр жолға түстім.

ЕСІМДЕ... ТЕК ТАҢ АТСЫН!

Ол күнді ұмытқам жоқ, әлі есімде,
Таянып келгенінде күн бесінге.
Кең дала ұқсап тұрды қол тимеген
Керілген кербез сұлу ақ төсіне.

Құйылып тұрды көктен жұмақ нұры,
Құбылып хор даусындай құстар жыры.
Таласып аспан-көкке алтын тауы,
Арқаның суы – күміс, жібек – қыры.

Сайланып сол мезгілде шықтық жонға,
Қыранша көз жүгіртіп оң мен солға.
Ақ найза алты құлаш белге байлап,
Айнымас алдаспанды алып қолға.

Қанатты, қажымайтын тұлпар міндік,
Жібекпен жетпіс қабат белді будық.
Құрсанып қылыш өтпес мұздай темір,
Қиядан қыран құсша жауға ұмтылды.

Аспаннан сорғаласа суға сұңқар,
Сұңгімей үйрек сорлы нағып тұрар!
Ақырған арыстанның айбатына
Шыдар ма қоян жүрек қорқақ құлдар?!

Жау қашты құр қарадан быт-шыт болып,
Қайратқа дене, отқа жүрек толып.
Ауыздан «аһ» дегенде жалын шығып,
Арқада жаттық сайран, сауық құрып.

Бақ шіркін бір күн қонып, бауырыңа еніп,
Кетпек қой ертеңіне-ақ алдап, күліп.
Алтын Күн аспандағы қайдан білсін,
Қаптарын қапылыста қара бұлт!

Жолбарыс жүргенінде маң-маң басып,
Жүрегі, қайратына көңілі тасып,
Ойлай ма, қу қаңбақты таса қылып,
Жатқанын жасырынып мерген пасық?!

Еліктің еркетайы, ардақтысы,
Алтайдың ақиығы – алғыр құсы,
Алаштың Арқада еркін ойнақтаған,
Жол тосқан жауыз жауда болды ма ісі?

Мас болып күш пен қайрат, қалың буға,
Алданып ойын-күлкі, сауық-шуға,
Сергімей жата беріп, сезбей қаппыз,
Жақындап барып қапты Күн батуға.

Күн алтын жан-жағына сәуле шашты,
Жарық пен қараңғылық араласты.
Сәулесі қызыл алтын – сәлемі еді,
«Көргенше қош, алаш!» – деп амандасты.

Ай туып, Күн орнына көкте қалқып,
Гүлдерден мас қыларлық иіс аңқып,
Төңірек тыныш ұйқыға батқан шақта
Кетіппіз біраз ғана біз де қалғып.

Сужүрек мана қашқан жасырынып,
Жақындап келген бопты аңдып тұрып,
Қорқақ құл ұрлықты да ерлік санап,
Қуанып Алласына басын ұрып.

Мезгілше, мейлі келсін, тісі батсын,
Сұр жылан, өзі оятар, қатты шақсын.
Жаңадан жолбарыстай ұмтылармыз,
Көрелік төңіректі, тек таң атсын!

ТӨБЕТ

Түн бойынша сақ төбет,
Үріп шықты шарқ ұрып,
 Жауды біліп андыған.
Ас бермеді бәйбіше:
«Үрдің, – деп, – босқа құр кеше,
 Барқылдақ, – деп, – алжыған!»

Түн болды тағы, кәр төбет
Бұралып жатты, үндемед, –
 Қайтсін сорлы, қажыған!
Білгенін бөрі істеді,
Төбет тағы естіді
 Кешегі сөзді «Алжыған!»

ЗАР

Күз жетіп, жердің жүзі солғын тартса,
Алтын күн нұры кеміп, салқын тартса.
Жер жүзі өлім күтіп, тұрса жылап
Сексенде селкілдеген байғұс қартша.

Қатты қыс кірейін деп есік ашса,
Қызыл гүл қорыққаннан түсі қашса.

Әлсіреп, бұлғақтаған бұтақтарда
Жапырақ: «Ал өлдік!» – деп сыбырласа.
Қайғырман, сірә, осы қыс жетті екен деп,
Есіл жаз бір күнгідей өтті екен деп.
Артына қатты суық, қайғы тастап,
Жолымен «Барсакелмес» кетті екен деп.

Қыс өтер, мезгілімен жаз да болар,
Қар еріп, ойпаң жерлер саз да болар.
Теңіздей толқындаған шалқар көлде
Түрлі құс: үйрек, аққу, қаз да болар.

Алтын күн алтын сәуле жерге шашар,
Жан кіріп, жан-жануар қыбырласар.
Күркіреп қара бұлт аспан-көкте,
Жасаған кең рақметтің кілтін ашар.

Сөзім жоқ дәл осылай болуында,
Бар қайғы, қалың дертім менің мұнда.
Көңілдің баяғыдай мінезі жоқ,
Соғады жүрек зорға, келші, тыңда!

Жоғалды, батты, сәулем, алтын Күнім,
Жайнаған жүз құлпырып қызыл гүлім.
Сәулесіз, Айсыз, Күнсіз қараңғыда
Өтермін аһ ұрумен шықпай үнім.

Жалғанның бір көрермін көп пен азын,
Өмірде енді болмас жылы жазым.
Енді бір мейлі жүрем, мейлі өлем,
Қолымнан ұшқаннан соң қоңыр қазым.

ДІН ҮЙРЕТКЕНГЕ

Қарманбай, қарап жатып бақ күтуге,
Ізденбей аласұрып, тақ күтуге,
Тағдырда, бір тақтайда жазулы деп,
Әр іске кім үйретті шақ күтуге?

Шарқ ұрып, ерікке ұмтылған ұшқыр жанды,
Қайнаған тамырдағы ыстық қанды
Тұтқын қып кім қамады? Кім суытты?
Кім алды қалың қайрат, күшті, әлді?

Кешегі арыстанды айбыны зор,
Жүректі жолбарысты қайраты мол
Айырып ар-намыстан, күштен, естен,
Кім қылды шала-жансар бір қорқақ құл?!

Ақылға, жан-жүрекке кісен салды,
Көрмейтін көзді көр ғып артты-алды.
Үйретіп дін деп құлдық, қорқақтықты,
Қандай құл бізге молда бола қалды?!

Ойламай, қорқақ құлдың тіліне еріп,
Жай жатып, тәуекелге тізгін беріп,
Мінеки, айрылдық қой бақтан, тақтан!
Қайтейін, әсіресе, есіл ерік!

Жоқ енді, жату болмас бос, еңбексіз,
Жалбарып: «Жасаған!» деп жас төкпеспіз.
Өзің де, сөзің де кет бізден аулақ,
Жаны өлген, жүрегі өлген мұндар кексіз!

Біз жаңа көрдік таңның желі ескенін,
Салқынмен сескендірмек боп ескенін,
Сылдырлап су, сыбырлап жапырақтар:
«Есінді жи енді, алаш, тұр!» – дескенін!

Міне, Күн сәулесі алтын жерді құшты,
Жарыққа қуанысып құстар ұшты.
Ізгі оймен ерік тілеп, жарық тілеп,
Ұшамыз біз де жиып есті, күшті!

ОРАМАЛ

Қасірет батты жаныма,
Уға толды жас жүрек.
Орамалды жарыма
Бітірем қашан кестелеп...

Күз сарғайтты қайыңды,
Мен де бірге сарғайдым.
Қара бұлт жауып Айымды,
Жылаймын, күйем, зарлаймын.

Толып қалды төрт айға,
Күйікпенен күн өтті.
Жарымды өкіріп отарба,
Қанды жаққа әкетті.

Елін ойлап, қамығып,
Жүрегі толып дерт-шерге,
Жүр екен жаным жабығып
Осы күні қай жерде?

Жарқ-жұрқ сансыз көзі бар,
Бейне жынның ұясы,
Ың-жың, у-шу сөзі бар,
Түсірмес жарық қимасы.

Жылы жүзді жаны жоқ,
Қалада жүдеп жүр ме екен?
Жақыны жоқ, жары жоқ,
Жалған оған көр ме екен?

Солдатша сымдай киініп,
Шекпені оның сұр ма екен?
Күрегіне сүйеніп,
Суықта жаурап тұр ма екен?

Жатқан шығар ор қазып,
Жауға ма, әлде өзіне.
Бұрыла алмай бой жазып,
Қайғы шығып жүзіне...

Қасірет батты жаныма,
Уға толды жас жүрек.
Орамалды жарыма
Бітірем қашан кестелеп?..

Орала берме, жібегім,
Тезірек жүрші, сен де, біз.
Сенсің қымбат керегім,
Алақандай ақ бәтес.

Қайғыдан өлсем, арман жоқ,
Ақиреттік жолдасым.
Көзімде жас қалған жоқ,
Кестеге сіңді бар жасым.

Орамалды алып сорлыңнан,
Көзіңе жасыңды іріккенде,
Күрсініп ауыр, сәулемжан,
Көзіңді ақырын сүрткенде;

Жасаған ие, тілегім:
Аралассын жасқа жас.
Орала берме, жібегім,
Сенсің жаным, ақ бәтес.

Қасірет батты жаныма,
Уға толды жас жүрек.
Орамалды жарыма
Бітірем қашан кестелеп?..

ГҮЛСІМГЕ

Жұмақтағы жібек желден,
Мәңгі жайнап тұрған гүлден
 Жаратылған әйел сұлу!
Тұрмыс деген бір тұзаққа,
Азға емес, тым ұзаққа
 Кез болыпты – ішіпті у.
Әйел атын Гүлсім дейді,
Тұрмыс атын тылсым дейді.

Жұмақтағы кәусар судан,
Бетіндегі алтын будан,
 Періштелердің жырынан,

Жұмақ суы сылдырынан,
Жапырағының сыбдырынан,
Тәңірінің дәл өз нұрынан
Жаратылған періште еді,
Мекені оның ғарышта еді.

Алмас қанат періште еді,
Мекені оның ғарышта еді,
Жерді көрді қанға батқан.
Жүрегіне қанжар кіріп,
Жапан түзде аңдай ұлып,
Елді көрді зарлап жатқан.
Елді көрді – жерге түсті,
Жерге түсті – көрге түсті.

Елді көрді – жерге түсті,
Қақты қанат, кезді, ұшты,
Кім зарласа, соны сүйді.
Күлгенменен бірге күліп,
Өлгенменен бірге өліп,
Күйгенменен бірге күйді.
Жабыққанға жәрдем етті,
Қара да, Ақ та теңіз өтті.

Алдап, меруерт көбік шашар,
«Кел,– деп, – бері!» қойнын ашар
Тұрмыс – теңіз бір тұңғиық.
Теңізге кім басар қадам,
Басса, басар оған адам
Жанын сатып, жанын қиып!
Тұрмыс – теңіз сылқ-сылқ күлді,
Сұлу суға кірді де өлді.

Өлді сұлу – өтті жылдар,
Өлді сұлу – тынды жырлар,
Жалғыз ерте кешкі таңмен,
Қанды жерге көзін салып,
Көкті ойлап күйіп-жанып,
Қоңырлатқан мұңды әнмен
Ұшады екен қанат қағып,
Көзінен ыстық жасы тамып.

Жан толқытар жыр іздеген,
Әдемілік нұр іздеген,
Қиял құлы – мен бір ақын.
Тұрмыста тар, тайғақ жолға,
Түсіп келе жатып зорға,
Күні кеше кешке жақын
Батқан күннің таңын көрдім,
Сол сұлудың жанын көрдім.

Күні кеше жанның жырын,
Жүзіндегі жұмақ нұрын
Естіп, көріп, елжіредім.
Жан-жүрегім, қолым беріп,
Қан аралас жасым төгіп:
«Жолым баста, келші!» – дедім.
Қайырылып та қарамады,
Жас жүрегім жаралады...

«Мен бір жанмын өлген, – деді, –
Періштелер көмген!» – деді,
Бір қарады, кете барды.

Жүзіндегі жұмақ нұры,
Аузындағы мұңды жыры
Жүрегіме сіңіп қалды.
Жүрегімнен кетпес бұл жыр,
Құбылса да мыңға өмір.

Періштелер лебізінен,
Шын махаббат теңізінен
Жаратылған әйел сұлу!
Тұрмыс деген бір тұзаққа,
Азға емес, тым ұзаққа
Кез болыпты – ішіпті у!
Әйел атын Гүлсім дейді,
Тұрмыс атын тылсым дейді...

ОТ

Күннен туған баламын,
Жарқыраймын, жанамын,
Күнге ғана бағынам.
Өзім күнмін, өзім – от,
Сөзім, қысық көзім де – от,
Өзіме өзім табынам.
Жерде жалғыз Тәңірі – от,
Оттан басқа Тәңірі жоқ.

Тілімен жұмсақ сүйеді,
Сүйген нәрсе күйеді,
Жымыып өзі жорғалар.
Ұшырағанды шоқ қылар,
Шоқ қылар да, жоқ қылар,
Мұның аты от болар.

Мен де отпын – мен жанам,
От, сен – Тәңірім, табынам.

Әдемі отпен аспаның,
Бәрі жасық басқаның,
Жалын жұтам – тез тоям.
Әулием, ием, құтыма,
Теңсіз Тәңірім – отыма
Әлсін-әлсін май құям.
Май құямын – өрлейді,
Құлашын көкке сермейді.

Кейде жылан арбайтын,
Кейде аждаһа жалмайтын,
Сескенбес, сірә, кім сенен!
Шынында, менің өзім де – от,
Қысылған қара көзім де – от,
Мен – оттанмын, от – менен.
Жалынмын мен, жанамын,
Оттан туған баламын.

Қараңғылық бұққанда,
Қызарып күн шыққанда,
Күн отынан туғанмын.
Жүрегімді, жанымды,
Иманымды, арымды
Жалынменен жуғанмын.
Жүрегім де, жаным да – от,
Иманым да, арым да – от.

Жарқырап от боп туғаннан,
Белімді бекем буғаннан,
Қараңғылық – дұшпаным.

Сол жауызды жоюға,
Соқыр көзін оюға
Талай заулап ұшқанмын.
Әлпіге барғам Алтайдан,
Балқанға барғам Қытайдан.

Заулап, өрлеп аспанға,
Әлпіден асқар асқанда
Отты Атилла, Баламер
Мен едім тағы барғанда
Ойран салып Балқанға
Жолбарыс, Жошы, Сұпытай ер
Шалғай-шалғай жер шалып,
Басылдым біраз от алып...

Кеше маған тіл келді,
Күнбатыстан жел келді,
Қараңғылық қаптады.
Ұяттан әсер қалмады,
Идеалды – Алланы
Қарын деген таптады.
Күнім, заулап жана гөр,
Күнбатысқа бара гөр.

Енді заулап жанайын,
Күнбатысқа барайын,
Бір шетінен тиейін.
Қараңғы тас қаласын,
Жалмауыз жауыз баласын
Жалынмен жалап сүйейін:
Не қалар екен қаладан,
Жалмауыз жауыз баладан?!

Жауыздықты жамылған,
Қарынға құл боп табынған.
 Қорсылдаған доңыздай,
Көкті көрмей көр болған,
Сүйгені сасық жер болған,
 Соқыр сасық қоңыздай.
Күнбатысқа жүрейін,
Күн нұрына көмейін.

Күннен туған баламын,
Жарқыраймын, жанамын,
 Күнге ғана бағынам.
Өзім – күнмін, өзім – от,
Сөзім, қысық көзім де – от,
 Өзіме-өзім табынам.
Жерде жалғыз Тәңірі – от,
Оттан басқа Тәңірі жоқ.

ПАЙҒАМБАР

*Устремляя наши очи
На бледнеющий Восток,
Дети скорби, дети ночи,
Ждем, не придет ли наш
Пророк.*

Мережковский

Күнбатысты қараңғылық қаптаған,
Күні батып, жаңа таңы атпаған.
Түнеріп жүр түннен туған перілер,
Тәңірісін табанына таптаған.

Күнбатысты қараңғылық қаптаған,
Көгінде жоқ жалғыз жұлдыз батпаған.
Түн баласы Тәңірісін өлтіріп,
Табынатын басқа Тәңірі таппаған.

Күнбатысты қараңғылық қаптаған,
Жалғыз жан жоқ қараңғыда лақпаған.
Білген емес – иман деген не нәрсе,
«Қарын» деген сөзді ғана жаттаған.

Түн баласы түн жолына түскен ол,
Сақаусың деп Мұса тілін кескен ол.
Тәңірінің сүйікті ұлы Айсаның
Тітіркенбей ұрттап қанын ішкен ол.

Түн баласы түнерген түн жамылған,
Аллаға емес, әзәзілге табынған.
Інжілді өртеп, табанға сап Тәуратты,
Әділдікті күткен ессіз қарыннан.

Түн баласы өмірінде араз таңменен,
Қабыл ұлы ауызданған қанменен.
Табынатын құр денеге жануар,
Болған емес жұмысы оның жанменен.

Төгілмей ме кемерінен асқан су,
Өлтірмей ме, жайылған соң күшті у.
Түн баласы түнеріп тұр өлгелі,
Көзінді сал – күнбатыста қанды шу.

Көзге түртсе көрінбейтін қара түн,
Күңіренеді, күле ме әлде әлдекім?
Жылайды да, шулайды да ұлиды,
Бұл кім? Бұл ма – түн баласы түссіз жын.

Қап-қара түн. Түн баласы күңіренед,
Күңіренеді, бір-біріне үн беред.
Сөгінеді, сүрінеді, жығылад,
Қара түнде көр көзімен не көред?!

Қап-қара түн. Толқынданған қара қан,
Қара түнде өңшең соқыр шұбырған.
Сол шұбырған сансыз соқыр алдында
Ентелеген кәдімгі Иуан есалаң.

Қап-қара түн. Шегір көзді жындар жүр,
Қап-қара түн. Қайғы мен қан ойнап тұр.
Қайғы менен қара қанға тұншығып,
Түн баласы ауыр ойлар ойлап тұр.

Қап-қара түн. Уақыт ауыр өтеді,
Ой артынан ойлар келіп кетеді.
Түн баласы көр көзінен жас төгіп,
Күншығыстан бір пайғамбар күтеді...

Ерте күнде жоқ бар еді, түн туған,
Қап-қараңғы түн ішінде Күн туған.
Отты Күннің сәулесінен от алып,
Отты көзді, отты жанды Гун туған.

Ерте күнде отты Күннен Гун туған,
Отты Гуннен от боп ойнап мен туғам.
Жүзімді де, қысық қара көзімді
Туа сала жалынменен мен жуғам.

Қайғыланба, соқыр сорлы, шекпе зар,
Мен – Күн ұлы, көзімде Күн нұры бар.
Мен келемін, мен келемін, мен келем –
Күннен туған, Гуннен туған пайғамбар.

Соқыр сорлы, көрмей ме әлде көзің көр?
Күншығыстан таң келеді, енді көр.
Таң келеді, мен келемін – пайғамбар,
Күт сен мені, «лахаулаңды» оқи бер.

Күншығыстан таң келеді – мен келем,
Көк күңіренед: мен де көктей күңіренем.
Жердің жүзін қараңғылық қаптаған,
Жер жүзіне нұр беремін, Күн берем!

Қап-қара түн. Қайғылы ауыр жер жыры,
Қап-қара түн. Күңіренеді түн ұлы.
Күншығыста ақ алтын бір сызық бар:
Мен келемін, мен пайғамбар – Күн ұлы.

КҮНШЫҒЫС

Қысық көзді күншығыс,
Бұл тұруың қай тұрыс?
Серпіл енді, алыбым!

Күңіrentіп жерді ыңыраншы,
Күнбатысқа көз салшы,
Көрдің бе қанның жалынын?

Күнбатысты шаң басқан,
Шаң емес, қара қан басқан,
Тарсыл-күрсіл, қанды атыс.
Көп білем деп – бөлуге,
Көп күлем деп – өлуге
Жақын қалды күнбатыс.

Дария еді ол өкірген,
Шапшып көкке лепірген,
Жемірілді кемері.
Өлгелі жатқан құрт ауру,
Жан-жаққа сүзіп көз салу –
Қолынан енді келері.

Ібіліске ерген есерлер,
Өзімшіл кеуде кеселдер
Тұншықсын, қанға боялсын.
Оның өлген үнімен,
Қанды батқан күнімен
Күншығысым оянсын!

Қысық көзді күншығыс,
Болсын соңғы бұл жүріс,
Күнбатысқа жүрелік.
Желкілдеген туменен,
Жер күңіrentкен шуменен
Қаласына кірелік.

Күл қылайық қаласын,
Құл қылайық баласын.
Жоқ, жоқ! Ашу басалық!
Гүл қылайық қаласын,
Ұл қылайық баласын,
Мейірім есігін ашалық.

Мұндарларды адасқан,
Айрылып естен шатасқан
Күншығыстың жолына
Салайық, шетсің демейік,
Аямайық, көмейік
Күншығыстың нұрына...

Терең теңіз тебіренді,
Күншығысым күңіренді,
Қырағы көзім көреді:
Желкілдеген туменен,
Жер күңіrentкен шуменен
Қара бұлт қаптап келеді.

Әй, сен, кесел күнбатыс!
Бұл жатуың қай жатыс,
Жоғал жылдам жолымнан!
Болмаса, қорықсаң өлімнен,
Үмітің болса өмірден,
Ұста менің қолымнан!

АЛЫСТАҒЫ БАУЫРЫМА

Алыста ауыр азап шеккен бауырым,
Қуарған бәйшешектей кепкен бауырым.
Қамаған қалың жаудың ортасында
Көл қылып көздің жасын төккен бауырым.

Алдыңды ауыр қайғы жапқан бауырым,
Өміріңше жапа көрген жаттан бауырым.
Түксиген, жүрегі тас жауыз жандар
Тірідей терің тонап жатқан бауырым.

Япырмай, емес пе еді алтын Алтай
Анамыз бізді тапқан, асау тайдай.
Бауырында жүрмеп пе едік салып ойнақ,
Жүзіміз емес пе еді жарқын Айдай?!

Алалы алтын сақа атыспап па ек,
Тебісіп бір төсекте жатыспап па ек?
Алтайдай анамыздың ақ сүтінен
Бірге еміп, бірге дәмін татыспап па ек?

Тұрмап па ед біздің үшін мөлдір бұлақ
Сылдырап сылқ-сылқ күліп таудан құлап?
Даяр боп ұшқан құстай соққан құйын,
Тілесек бір-бір тұлпар бейне пырақ!

Алтайдың алтын күні еркелетіп,
Келгенде жолбарыс боп жаңа ер жетіп,
Ақ теңіз, Қара теңіз ар жағына,
Бауырым, мені тастап, қалдың кетіп!

Мен қалдым – жас балапан қанат қақпай,
Ұшам деп ұмтылсам да дамыл таппай.
Жөн сілтер, жол көрсетер жан болмады,
Жауыз жау қойсын ба енді мені атпай?!

Қорғасын жас жүрекке оғы батты,
Күнәсіз таза қаным судай ақты.
Қансырап, әлім құрып, естен тандым,
Қараңғы абақтыға берік жапты...

Көрмеймін кеше жүрген қыр-сайды да,
Күндіз – Күн, түнде – күміс нұрлы Айды да,
Ардақтап, шын жібектей арайға орап,
Өсірген алтын анам Алтайды да.

Япырмай, айрылдық па қалың топтан,
Шабылып қайтпайтұғын жауған оқтан.
Түріктің жолбарыстай жүрегінен,
Шынымен қорқақ құл боп жаудан бұққан?!

Шарқ ұрып ерікке ұмтылған түрік жаны
Шынымен ауырды ма, бітіп халі?!
От сөніп жүректегі, құрыды ма
Қайнаған тамырдағы ата қаны?!

Бауырым! Сен о жақта, мен бұ жақта,
Қайғыдан қан жұтамыз. Біздің атқа
Лайық па құл боп тұру? Кел, кетелік
Алтайға, ата мирас алтын таққа.

ОРАЛ

Ұзын Орал – күн мен түн шекарасы,
Бір жағы – күн, бір жағы – түн баласы.
Арғы жағы – көк көзді жын ұясы,
Бергі жағы – түріктің сар даласы.

Асқар Орал – кәрі алып күзет тұрған,
Күн мен түн арасында «Қытай қорған».
Денесі – тас, қарағай – қою мұрты,
Оң мен сол, түстікке ол мұртын бұрған.

Қарамай еш нәрсеге көзім тоқтап,
Келіп ем алыбымды аңсап-жоқтап.
«Ұйқы – дұшпан» деген сөз дұрыс екен,
Сол алыптан өтіпін түнде ұйықтап.

Кеш, алыбым, жүзіңді көре алмадым,
Алдыңда иіліп сәлем бере алмадым.
Амал не, сар даладан сақ елші боп
Күзеттегі алыпқа келе алмадым.

Ұзын Орал – күн мен түн шекарасы,
Өлім – түн, өмір – гүлді гун даласы.
Өмір менен өлімнің шекарасын
Ұйықтап озбақ ежелден жер баласы.

Екі дүние: күн мен түн, өмір – өлім,
Бірі – бесік, біреуі – даяр көрің.
Бала болып жата бер бесігіңде,
Сар даланың еркесі – қазақ елім.

ЖЕР ЖҮЗІН ТОПАН БАССА ЕКЕН

Жер жүзін топан басса екен!
Асқар таудан асса екен!
Таудай толқын құтырып,
Улы көбік шашса екен!

Басса екен топан жер жүзін!
Жапса екен көбік күн көзін!
Жанды, жансыз жоқ болып,
Қалсам жалғыз бір өзім!

Жан иесі тұншықса!
Үн иесі үн шықса!
Қараңғы жердің көгіне
Күн болып сонда мен шықсам!

Қандай ойын салар ем!
Жалынмен бәрін жалар ем!
Егі-шексіз дүниеде
Жалғыз өзім қалар ем!

Заулаған от – жалғыз жан,
Жер мінезді жоқ адам.
Заулап тұрған отымнан
Жаратар ем жаңа адам.

АҚСАҚ ТЕМІР СӨЗІ

«Жиһан деген не нәрсе?
Алақанның ауданы!

Бір ауданда көп Тәңірі
Болудың тіпті жоқ сәні.

Тәңірі – көктің Тәңірісі,
Күңіренсін, көгін билесін?
Жер Тәңірісі – Темірмін,
Жеріме Тәңірі тимесін!»

Көк Тәңірісі – Тәңірінің
Тұқымы жоқ, заты жоқ.
Жер Тәңірі Темірдің
Тұқымы – түрік, заты – от!

ТЕЗ БАРАМ

Қыранымын сары сайран даланың,
Қос қанатым – алтын Алтай, Оралым.
Еркін дала ардақтысы, еркесі –
Бетім қайтпай өскен батыр баламын.

Асқан алып, ата затым сұрасаң,
Асқан дана, ана затым сұрасаң.
Шашып жалын жас жолбарыс ұмтылса,
Қорқақ құлдар, қалай қарсы тұрасың?!

Тұлпар мініп, туды қолға алайын,
Суырып қылыш, қан майданға барайын.
Жердің жүзі кім екенім танысын,
Жас бөрідей біраз ойын салайын.

Тірілтейін алып атам аруағын,
Тазартайын Сарыарқамның топырағын.
Жан-жағына тегіс билік жүргізіп,
Кемеліне келсін кейінгі ұрпағым.

Дұғада бол, алтын Алтай – қарт анам,
Алып ата қуды жолын ер балаң.
Ақ шашыңды, көкірегіңді иіскеуге,
Тәңірі жазса, сәулетпенен тез барам.

ЖАРАЛЫ ЖАН

Сар дала бейне өлік сұлап жатқан,
Кебіндей ақселеулер бетін жапқан.
Тау да жоқ, орман да жоқ, өзен де жоқ,
Сәуле емес, қан шашып тұр күні батқан.

Жалқау жел өзін-өзі зорға сүйреп,
Жан-жақты жүргендей-ақ жындар билеп.
Ың-жың дауыс келеді құлағыма,
Перілер ән салысып, тұр ма күйлеп?..

Жаралы бір жан жатыр құба жонда,
Бір қисық жалғыз аяқ сүрлеу жолда.
Пернесі, нұры кеткен көзіменен
Қарайды бейшара жан оңға, солға.

Қысылған сорлы адамның шыбын жаны,
Шапшып тұр жүрегінен ыстық қаны.
Ішті өртеп, жүректі елжіретед
Күңіреніп сол сорлының сарнағаны:

«Ойпырым-ай, Алла-ай, Жасаған,
Қысылды ғой шыбын жан!
Қуат кеміп барады,
Көл болды мынау аққан қан.

Тәңірі, өзіңе жылайын,
Хал жоқ, қалай тұрайын!
Жүректі жара жеп барад,
Жасаған-ау, қалай шыдайын?!

Соқпа, сорлы жүрегім,
Шірі енді, ақ білегім!
Мынау қарға, құзғынның
Бердің-ау, Тәңірім, тілегін!

Сауықшыл есіл елім-ай!
Сарыарқа сайран жерім-ай!
Күмістей таза суы бар
Айдын шалқар көлім-ай!

Сол жерде ойнап жүре алмай,
Сауық-сайран құра алмай,
Қарғаға құзғын жем болып,
Қалғаным ба, бір Алла-ай?!

Қиналдың-ау, шыбын жан,
Тоқталсаңшы, ыстық қан!
Зарлайсың ғой жетім боп,
Бесікте қалған балапан!

Қара шаш қайран жарым-ай,
Қарашығым, жаным-ай!
Құлағыма келеді
Алыстан ащы зарың-ай!

Қиналдың-ау, шыбын жан,
Тоқталсайшы, ыстық қан!
Тұлпарға мініп бір шапсам,
Болмас еді басқа арман!

Хал жоқ, қалай тұрайын?
Тәңірі, өзіңе жылайын.
Жүректі жара жеп барад,
Жасаған-ау, қалай шыдайын!

Түсті ғой қысым жаныма,
Тұншықтым ғой қаныма!
Ием болсаң, Жаратқан,
Салсайшы құлақ зарыма!

Күштісің ғой, Құдірет,
Періштеңе әмір ет!
Қанатпен бір сипасын,
Жазылсын ішкі-тысқы дерт.

Болмаса, өмірді маған көп көрсең,
Лағнет деп мені жек көрсең,
Өлейін, тез өлейін,
Келсін Ібіліс, у берсін!

Түсірме қысым жаныма,
Тұншықтым ғой қаныма!
Ием болсаң, Жаратқан,
Салсайшы құлақ зарыма...

Берді Тәңірім тілегім,
Қуан енді, жүрегім!
Не періште, не Ібіліс
Келеді ұшып – керегім!..

Сауытты оң жақ қолыңа ал!
Сауытта жұмақ суы бар
(Әйтеуір азап тоқталад),
Не тамұқтың уы бар!»

Жаралы құба жонда кім зарлаған,
Қансырап, қанын жұтып кім сарнаған?
Қайғылы сар даланы күңіrentкен
Зарына адам шыдап тұра алмаған?

Бұл – қазақ, Тәңіріге зар еткен қазақ!
Қиналып, қанды азап шеккен қазақ.
Әйтеуір қанды азаптан құтқарар деп,
Оқыған азаматын күткен қазақ.

Азамат! Анау қазақ қаным десең,
Жұмақтың суын апар, жаным десең.
Болмаса, Ібіліс бол да у алып бар,
Тоқтатам тұншықтырып зарын десең!..

БАЛАПАН ҚАНАТ ҚАҚТЫ

*(Қара сөзбен жазылған өлең,
«Балапан» журналына арналған)*

Балапан қанат қақты...

Жас еді. Қанаты да қатып жеткен жоқ еді.

Амалсыз қақты.

Солтүстіктің суығына шыдай алмады. Суық жел сүйегіне жетті. Ызғар өкпесіне өтті.

Ұшып орманға барып еді, күні кеше күбірлесіп, күлімдесіп, жылы құшағын ашып тұрған ағаштар бұған мойнын бұрмады. Ұшып тоғайға барып еді, қанша шырылдап айналып жүрсе де, қалың ақ кебінін жамылып, тоғай тұрмады...

Балапан баспана таба алмады.

Балапан қанат қақты...

Аштан өлетін болды. Ойды-қырды қар басқан. Бір қылтанақ таба алмады. Тоңып, дірілдеп, аласұрып ұшып жүрген балапанды көріп: «Қорама кір, қолымда тұр, қалған-құтқанымды берермін»,— деп күледі солтүстіктің салқын жүрек, тас бауыр адамы!

Балапан қанат қақты...

Ойы — жандәрмен жылы жаққа жетпек, егіз Есіл—Нұраның тәтті суларынан ішіп, Аралдың ыстық құмын құшпақшы. Терең Балқаштың мөлдіріне шомылмақшы. Алтайдың етегінде «уһ» деп демін алып, Марқакөлдің қаймағында жүзбекші.

Балапан қанат қақты...

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Күш кеміді, айбынды ту құлады,
Кеше батыр – бүгін қорқақ, бұғады.
Ерікке ұмтылған ұшқыр жаны кісенде,
Қан суынған, жүрек солғын соғады.

Қыран құстың қос қанаты қырқылды,
Күндей күшті күркіреген ел тынды.
Асқар Алтай – алтын ана есте жоқ,
Батыр, хандар – асқан жандар ұмытылды!

Бірлік, елдік, ерлік, қайрат, бақ, ардың –
Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың...
Алтын Күннен бағасыз бір белгі боп,
Нұрлы жұлдыз – бабам тілі, сен қалдың!

Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, кен тілім,
Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім,
Таралған түрік балаларын бауырыңа
Ақ қолыңмен тарта аларсың сен, тілім!

ЖЕР ЖҮЗІНЕ...

Жер жүзіне ер атағым жайылған,
Жан емеспін оттан, судан тайынған.
Қайраты мол қандыбалақ қыранмын,
Күн болған жоқ жаудан жүрек шайылған.

Еркін ырғып шыққам асқар Алтайға,
Қырда тұрып садақ тартқам Қытайға.

Талай тайғақ, тар кешуде таймаған
Батыр жүрек, қайрат енді алдай ма?!

Талмай, қайтпай, қамал бұзған кемеңгер,
Арыстанға қарсы ұмтылған мендей ер.
Бір барқылдақ жалпылдаған төбеттен
Қорқар болсам, жұтсын мені қара жер!

ЖАУҒА ТҮСКЕН ЖАНҒА

(М. Д.-ға хат)

Дамыл көрмей ерте-кеш,
Жұрттың қамын көп жедің.
Байладың белді, салып күш,
Тыныштық жүзін көрмедің.

Жағаластың жауменен,
«Бермеймін жұртым, жаным», – деп.
Алыспақ болдың тауменен,
«Жұрт үшін төгем қаным», – деп.
«Оян!– дедің жұртыңа, –
Бас көтеріп, тірлік қыл!»
Ақыл айттың ұлтыңа:
«Таста талас, бірлік қыл!»

Бір шешпедің белінді,
Жұрт үшін уайым-қайғы жеп,
Сақтамақ болып еліңді:
«Қара күн алда, бекін», – деп.

Менменсіген күшті жау
Көздеп тұрды ісінді.
Қоймады сені есен-сау,
Алды қолдан күшінді.

Қараңғы үйге қамады,
Мейірімсіз өңшең тасбауыр.
Сорлыға Тәңірі пана-ды,
Болса да бейнет қанша ауыр.

Қиялға ескі бата бер,
Қайра өзінді, дәрмен не?
Уайымсыз, ойсыз жата бер,
Жұрт үшін түстің. Арман не?

Көзін ашып, артыңда
Жұртың ойлар: «Бұл қалай?
Тайынба, қорықпа, тартынба!» –
Деуші болар бірталай.

Ұмытпаған өз ұлтын
Қайратты жас жігіттер
Жұрт үшін салар мал-мүлкін,
Бірін-бірі үгіттер.

Ұстасын, жапсын, уайым жоқ:
«Қоймай қуса қорқақты,
Батыр болар» деген көп,
Батыр ғып, одан не тапты?

Өрнек болар мұндай іс
Кейінгі жанған жастарға.
Қайраттанып, күйіп іш,
Азуын шайнар қастарға.

Қараңғы болса қанша түн,
Жұлдыз сонша жарқырап.
Бұлт басса да алтын Күн
Бір шығар, жерді жарық қылар.

Келешек күнде қағазға
Алтынмен жазар атыңды.
Құшақтап сүйер, қағазда
Көрсен жазған хатыңды.

Уайым-қайғы жұтады
Сені ойлап сорлы жұрт.
Аңдыған жау ұтады,
Тәңірі, соның түбін құрт!

Саған көкте тілектес
Бұралған өңшең нәзік бел –
Періштелер жаныңда ес.
Қайғырма, рақат анық біл...

Мейірімі кең күшті Ием,
Сорлы жұртты оң баста.
Дұшпан – құлаш, біз – сүйем,
Рақмет ұшқынын таста!

Көбейсін елде қайратты ер,
Жұрт үшін болсын қара тер.
Сорлы жұртты бастасын,
Жасаған, соған көмек бер!

ТҰТҚЫН

(М. Д.-ға хат)

Кеудеде – от, іште – жалын, көзде – жас,
Күні-түні қайғы жұтқан сорлы бас.
Сабан төсек – дым, қараңғы жатағы,
Наны қара, шайы қара, қарны аш.

Күн түсірмес мейірімі жоқ қара тас,
Ағармай ма мұндай үйде қара шаш?
Жанында жоқ жаны ашитын жақын жүз,
Тасбауырлар ыңғайына қарамас.

Жарық сәуле – не Ай, не Күн көрсетпес,
Жақынының «Ой, бауырымын!» естірмес.
Іс санаулы, сөз аңдулы, ерік жоқ,
Өз қолымен ұнамды тон піштірмес.

Қайғыланба, сорлы тұтқын, еш нетпес,
Күн батқанмен, таң атпайтын түн жетпес.
Ер жүректі азаматтың басына
Бұл жалғанда нелер келіп, не кетпес?!

М. Д. АБАҚТЫДАН ШЫҚҚАНДА

Зор қуаныш қара түн өткеніне,
Алтын таңды ашық күн жеткеніне,
Қан аралас төгілген көп көз жасты
Тәңірі қабыл, мейірім ғып, еткеніне;

Ерік құсы қайта ұшып келгеніне,
Душар болмай дұшпанның мергеніне.
Қайта шықты батқан Күн, нұр шашылды,
Мың шүкірлік Тәңірінің бергеніне.

Күннің бетін ежелден бұлт жаппақ,
Жапса да, ұзақ тұрмай, жөнін таппақ.
Қайғы көрсе, ер жігіт қайраты аспақ,
Қамшы тисе, шын жүйрік үдей шаппақ.

Оңнан есті жел біраз қырын ескен,
Соң туса да, оң туса, қалмас көштен.
Өткен іске – салауат. Күтіп қалдық
Өткір қимыл, ескі үміт, жаңа күшпен.

МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты,
Мен жастарға сенемін!

Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар.
Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін!

Жас қырандар – балапан,
Жайып қанат, ұмтылған.
Көздегені – көк аспан,
Мен жастарға сенемін!

Жұмсақ мінез жібектер,
Сүттей таза жүректер,
Қасиетті тілектер,
Мен жастарға сенемін!

Тау суындай гүрілдер,
«Айбынды алаш – елім» дер,
«Алтын Арқа – жерім» дер,
Мен жастарға сенемін!

Қажу бар ма тұлпарға,
Талу бар ма сұңқарға?!
Иман күшті оларда,
Мен жастарға сенемін!..

«Алаш» атты ұраны –
Қасиетті Құраны.
Алаштың олар құрбаны,
Мен жастарға сенемін!

Мен сенемін жастарға,
Алаш атын аспанға
Шығарар ол бір таңда,
Мен жастарға сенемін!

...ға

Мейірімсіз тағдыр құрған торға түсіп,
Жапанда жатыр едік біз оққа ұшып,
Кеудеден таза ыстық қан сорғалап,
Қайырымсыз қара салқын жерді құшып.
Айрылып алтын ерік, ар-намыстан,
Қайрылмай қанат қағып бақ құсы ұшып,
Тас жүрек, көңілі қара жауыз жаудың
Қолынан құлдық, қорлық уын ішіп.
Жан таппай төңіректен жәрдем қылар,
Өмірден енді алдағы үміт кесіп.

Қайратты ер, сын-бәйгеге тігіп басың,
Сол кезде ауыр жолға қадам бастың –
Құтқарып келімсектен, тірілтпекке
Көз жетпес кең, бай Сібір сар даласын.

Ұмтылған ізгі жолда тілегіңе,
Түссе де темір шынжыр білегіңе,
Қасіретті қара күнде жанды сүйген
Қонған жоқ кіршік таза жүрегіңе.

Сол жолда қайғы жұтқан бізді көрдің,
Бауырдай бірге туған қолың бердің –
Есіркеп, жаның ашып, жақын тартып,
Жазуға сыртқы, ішкі қалың шерден.

Баладай еркелеткен қолыңа алдың,
Жұбаттың, еске салып өткенді алтын.
Тіледің таза жүрек, ақ көңілмен
Болсын деп баяғыдай жүзің жарқын.

Ардақты ер! Ұмытылмас еткен ісің,
Күні ертең айбынды алаш жинап есін,
Көксеген көп заманнан тілегінді
Жарыққа шығаруға жұмсар күшін.

ЖАЗДЫ КҮНІ ҚАЛАДА

Қала, рас, өнер-білім қайнаған жер,
Тұтқын ғып надандықты байлаған жер,
Егілген ескіде өнер ағашының
Жемісі, қызыл гүлі жайнаған жер.

Білемін, білсем-дағы көне алмаймын,
Қалаға шын көңілім бере алмаймын.
Қаншама өзімді-өзім зорласам да,
Тән рақат, жаным шат боп жүре алмаймын.

Себебі, жыбырлаған жанын көрсем,
Бір еркін дем алдырмас шаңын көрсем,
Әсіресе, өз еркіңмен жүргізбейтін
Құрылған қолайсыз тар заңын көрсем,
Түседі сол мезгілде ойға дала,
Жүгірген жалаң аяқ шақта бала,
Шалқар көл, қалың орман, ну тоғайлар,
Жайнаған түрлі гүлмен кең-кең сала.

У-шу боп қыбырлаған төрт түлік мал,
Есетін солтүстіктен салқын самал.
Апырым-ай, қандай жауыз тағдыр деген
Бұйырған: «Тұтқын болып жатта қамал!»

Кең дала мұндағыдай емес тығыз,
Сапырып күнде ішетін сары қымыз.
Назбенен жылы жүзді, жұмсақ сөзді,
Ақ үйде әзілдескен әдемі қыз...

Білмеймін, дала естен шығар ма екен,
Даласыз көңіл шіркін тынар ма екен?!
Ежелден еркін заңға әдет кылған,
Тар занды қала жанға ұнар ма екен?

ШЫН АЙТ

Гулейді дария,
Гүрілдейді дария,
Бетінде толқын ойнайды.
Көбігін шашып,
Көргенді басып,
Жолында жан қоймайды.

Толқыннан қорықпай,
Дауылдан ықпай,
Міндік, міне, біз қайық.
Есен-сау өтсек,
Тілекке жетсек,
Сонда біздің шын айт¹.

¹ Айт – той, мейрам мағынасында

АЙҒА

Күн батып, қараңғылық қанат жайды,
Аспанда сансыз жұлдыз жарқырайды.
Отырған қараңғы үйдің терезесінен
Көремін мұңды, нұрлы толған Айды.

Қайғылы Ай, тұрсың көкте түсің қашып,
Қайғылы жер жүзіне нұрың шашып.
Жылжисың ақырын ғана қорыққан жандай,
Жүргендей жол таба алмай бейне адасып.

Бір жауыз сөндірмек пе әлде нұрың,
Үстіңе кигізбек пе қара құрым?
Жоқ, әлде қазіргімен жұмысың жоқ,
Қайғыға түсіре ме өткен күнің?

Кім білед, өткен күнің алтын шығар,
Ажарың бейне күндей жарқын шығар?
Көп жұлдыз – әлде күшпен, әлде іспен
Еріксіз артыңа ерткен халқың шығар.

Жоқ шығар ешбір бөгет онда жолда,
Еркінмен құлаш жайып оң мен солға.
Мезгілмен толуды, солуды билігі де
Ол уақыт емес шығар басқа қолда?

Қайғылы Ай, мен де сенің қайғыңа ортақ,
Менде де бұрын бар еді тәж бенен тақ.
Жас едім, жалынды едім, батыр едім,
Қолыма қонып еді ол уақыт бақ.

Кең дала, көресің ғой ана жатқан,
Жібектей жасыл шөптер бетін жапқан.
Асқар тау, балдан тәтті сулары бар,
Әне, сол анам еді мені тапқан.

Салушы ем асау тайдай қойнында ойнақ,
Жүруші ем ертеңді-кеш ылғи ойнап.
Ішуге ас, мінуге ат – бәрі даяр,
Көрмеп ем өмірімде қайғы ойлап.

Дариға, жауыз тағдыр қатты алдады,
Бақ-дәулет – алмағаны еш қалмады.
Тас жүрек көзім нұры – анамды алып,
Еңіреген мен жетімге көз салмады.

Мінеки, қамаудамын тар үңгірде,
Мұнысы – көмгені ғой тірі көрге.
Мейірімді Ай, мені дағы жаныңа алшы,
Болайық екі мұңдық біз де бірге.

Ант етіп айрылмасқа бірігейік,
Ас-сусыз, мың бейнетпен жол шегейік.
Тыңдайтын бар ғой тілек әділ Алла,
Көл қылып қан аралас жас төгейік.

Сұрасақ, тілек қабыл болмас па екен,
Жолымыз жылап шеккен оңбас па екен?
Кеше ұшқан басымыздан бақыт құсы
Тағы да қайта айналып қонбас па екен?

ТӘҢІРІ

Зор Тәңірі, күштісің сен, сенеміз біз,
Әділ деп, әр ісіңе көнеміз біз.
Өз құлын өзі еңіретпес тура Ие деп,
Өзіңе ерік тізгінін береміз біз.

Ауыздан Алла атынды тастамаймыз,
Алласыз ешбір іске бастамаймыз.
«Әділ хан, бұйрығыңа бойсұндық», – деп,
Бұйрықсыз бір адым да аттамаймыз.

Кеш, Тәңірім, болса сөзім пендешілік,
Мінекей, айқын зұлым, қайда әділдік?
Соншама кең рахметтен құр тастайтын,
Баласы алты Алаштың – біз не қылдық?

Басқаға орын бердің жақсы жайдан –
Зеңгір тау, түпсіз дария, терең сайдан.
Үмітсіз, тілегі жоқ, тұрағы жоқ,
Қуылған дәрғаһыңнан біз бе шайтан?

Бізге отсыз шөл даланы орын қылдың,
Бақ-дәулет, өнер-білім қырын қылдың.
Кесір деп кек алатын өгей балаң –
Біз бе едік? Көп төбетке жырым қылдың.

Жібердің басқа жұртқа жолбасшылар,
Әр жұрттың жолбасшымен көзі ашылар.
Не елші, не жол сілтер кітабың жоқ –
Алашқа әлде жазғаны бар да шығар?

Бақытсыз қаңғып жүрген қазақ сорлы,
Әркімге күні кетіп, мазақ сорды.
Бір елші жібермедің, санға алмадың
Жалаңаш түйе баққан араб құрлы!

Кеш, Тәңірім, сорлы кұлға қаһар етпе,
Рақым қыл, біз сорлыны шетке теппе.
Сөз шықты жан ашумен, әділ Тәңірім,
Тиген соң ащы таяқ тұщы етке.

ТІЛЕГІМ

Көрмейін рақат, жанайын,
Жалын болсын маңайым,
Күйейін, азап шегейін.
Жансын денем, күш бітсін,
Күшті жалын ішке өтсін,
Ащы, ыстық жас төгейін.

Көрмейін ерік, тұтқын боп,
Абақтыда жұтып от,
Өтсін өмірім зарменен.
Берік болсын жау қамаған,
Сарғайып санадан,
Көрісе алмай жарменен.

Іште толған қалың дерт,
Жүректегі жалынды от
Зарлатар мені сол уақыт.
Елестеген ерікті,
Ұшқыр жанға серікті
Жырлармын мен жан атып.

Көрген сайын көп қысым,
Зарлы, ащы дауысым
Шырқырар Сарыарқада.
Өзегіне өтпей ме,
Зарлы жырым жетпей ме
Қазағыма – қалқама!

Көрмейін рақат, жанайын,
Жалын болсын маңайым,
Күйейін, азап шегейін.
Жырыммен жаным жұбатам,
Жырыммен жұртымды оятам,
Несіне жас төгейін?!

ҚАЗАҚ АЗАМАТЫ

Біреуіне – «Сен – Тәңірім» деп табынад,
Біреуіне – «Мен – құлың» деп бағынад.
Біреуіне – «Садақа бер» деп жалынад,
Біреуіне – құйрық болып тағылад.

Ылғи сорлы сағым қуып сабылад,
Ылғи түссіз бір сұр нәрсе жамылад.
Қазағы – қой, артынан оның ағылад,
Азаматқа қонақтық қой табылад.

ЖҰМБАҚ

Сап-сары бел,
Еседі жел,
Еседі.

Еседі жел,
Көшеді ел,
Көшеді.
Дала бұйық,
Бала тұйық –
Екі үнсіз.
Дала – жұмбақ,
Бала – жұмбақ
Шешусіз.

Сап-сары бел,
Еседі жел,
Жел есед.
Дала – жұмбақ,
Бала – жұмбақ,
Кім шешед?

АЙДА АТЫҢДЫ, СӘРСЕМБАЙ

Айда атыңды, Сәрсембай,
Ағарып алтын таң атпай,
Шығайық қырға, далаға.
Шу-шу-шу...
Әттең ғана бұл оқу!
Келмес едім қалаға.

Қарашы кейін бұрылып:
Таудай болып созылып
Қала – бір жатқан дию-пері.
Айналасы – тұман, түн,
Дем алысы – от, түтін,
Жарқ-жүрқ етер көздері.

Сөзі у-шу, ың да жың,
Сасық иіс ауыр тым,
Тұншықтым ғой, Құдай-ай!
Кейін қарап нетеміз,
Ауылға қашан жетеміз,
Айдашы атты, Сәрсембай!

Әйелдері ұятсыз,
Күнде сүйгіш, тұрақсыз,
Қылмыңдасар, керілер.
Жүздерінің қаны жоқ,
Көздерінің жаны жоқ,
Еркектері – «перілер».

Оларда отты жүрек жоқ,
Тамақтан басқа тілек жоқ,
Қорсылдаған «доңыздар».
Түн баласы перілер,
Жұмақтан артық көрінер –
Оларға сасық үңгір тар.

Көкті көрмес көр олар,
Қарашы, қанша жұлдыз бар,
Күліп қана жүзед Ай.
Қалаға келіп қаңғырдым,
Сар даламды сағындым,
Айда атыңды, Сәрсембай!

Әлде ұйқың келе ме?
Сәрсембай-ау, сен неге
Шырқап бір ән салмайсың?

Жетесің туған жеріңе,
Еркелеткен еліңе,
Жүрегім, неге жанбайсың?!

Сарыарқамның топырағы –
Менің жаным шырағы,
Кеудемді төсеп жатамын.
Оның жібек желінің,
Тәтті, кәусер көлінің
Қазір дәмін татамын.

Қайрылып кейін қараман,
Шықтық па ұзап қаладан,
Айтшы, жаным ағатай?
Кейін қарап нетеміз,
Ауылға қашан жетеміз?
Айдашы атты, Сәрсембай!

БЕСІК ЖЫРЫ

Күнім, айым,
Еркетайым,
Бөлейін енді.
Тыста дауыл,
Жатқан ауыл,
Ұйқың да келді.

Жұмсақ бесік,
Жылы төсек,
Жата ғой, қозым.
Әлди, бөпем,
Әлди, бөпем,
Ұйықта, жұм көзің.

Құлыншақтар,
Қозы, лақтар –
 Бәрі-ақ ұйқыда.
Сен – жұлдызым,
Сен – көз нұрым,
 Кір тәтті ұйқыға.

Сая жаным,
Балапаным,
 Соқсын дауыл, жел.
Болма алаң,
Сүйген анаң
 Сақтар, анық біл.

Бәу-бәу, бөпем,
Бәу-бәу, бөпем,
 Әлди, әлди-ай!
Сәулем, еркем,
Күні ертең
 Толарсың сен-ай.

Пісіп алмам,
Толып бағлан,
 Жүгіріп жүрерсің.
Сұлу сүйрік,
Жорға, жүйрік
 Тайға мінерсің.

Қара жарғақ,
Түлкі тымақ
 Шоқтап киерсің.

Қуанып, қалқам,
Ерке марқам,
Қысып сүйермін.

Мініп тұлпар,
Алып сұңқар,
Тауға кетерсің.
Сен боп сөзім,
Жасты көзім,
Сағынып күтермін.

Қызық іздеп,
Қыздар көздеп,
Елдер кезерсің.
Тарлан шүйіп,
Сұлу сүйіп,
Үйден безерсің.
Қуып бақыт,
Тілеп тақыт,
Жолдар шегерсің.
Жүрек жара,
Мен бейшара
Жастар төгермін.

Қайнап қаның,
Батыр жаның
Ерікке ұмтылар.
Сен еріме –
Жас бөріме
Қарсы кім тұрар!
Алмас қылыш,
Найза құрыш
Белге буарсың.

Сен – сырттаным,
Арыстаным,
Жауды қуарсың.

Туған жерден,
Өскен елден
Ерге не қымбат!
Жас жолбарыс,
Жаумен алыс,
Шаңға, қанға бат.

Айбатыңды,
Қайратыңды
Көріп қарт анаң,
Төгіп жасын,
Жайып шашын,
Тілер: «Бол аман!»

Күтем, күйем,
Көрсет, Ием,
Сол алтын күнін.
Ұйқың тәтті,
Ұйқың қатты,
Қозым, құлыным.

Жаным да – сен,
Тәнім де – сен,
Қарашығым-ай!
Әлди, бөпем,
Әлди, бөпем,
Әлди, әлди, әлди-ай!

ҰЛАН

– Неге ойлысың, құлыншағым?
Не мұның бар, айт, қарағым!
Жассың, ойға әуес болма,
Ой жеткізбес, ол – бір сағым!
Ұлғаярсың, өзі-ақ басар,
Жастық – күліп-ойнар шағың.
Ішің пысса, малды арала,
Жүр ғой шауып құлыншағың!

– Жоқ, бармаймын, апа, малға,
Кетем алыс, шығам аңға!

– Шерің болса, домбыранды ал,
Домбыранды ал, ән шырқап сал.
Даусыңды естіп, жас сұлулар
Талып жұтсын тәтті улы бал.
Беттеріңнен қан тамып тұр,
Тал қызығад бойыңа тал.
Неге ойлысың, ерке марқам,
Бір қаракөз болмай ма жар?

– Қарамаймын, апа, жарға,
Кетем алыс, шығам аңға!

– Сені тапқан мен анаң ғой,
Қарашығым, сен балам ғой!
Алыс жолға кетсең, қозым,
Күтіп, күйіп, мен жанам ғой.
Қарт күнімде сенсіз, сәулем,

Сағынып сені, сарғаям ғой.
Мені десең, еркетайым,
Кетпе алысқа, қой, балам, қой!

– Ренжіме, апа, күтпе, жанба,
Кетем алыс, шығам аңға.

Кетті алысқа шығып аңға!..
Жолаушылық желге таң ба?
Малың, жарың, туысқаның
Байлау болмас жүйрік жанға!
Кетіп бара жатқанында,
Жау кез келді жалғыз жанға.
Найзаласты, қылыштасты,
Ұлан өлді батып қанға,
Ұлан өлді батып қанға,
Тыныштық тапты асау жан да.

ЖАУЫНГЕРДІҢ ЖЫРЫ

Желе бер, жаным Қаракөк,
Желкілде желмен, айдарым!
Қолымда найза көк болат –
Ерлігіме айғағым.
Ұлт дегенде көпіріп,
Жарайсың, қаным, қайнадың,
Ұлтымнан мен садаға,
Бекіндім, басты байладым.
Көктегі кәрі Күн куә –
Ежелден жаудан таймадым.

Қорқыныш емес нажағай,
Нажағай – өзім, жайнадым.
Білгенін енді істесін,
Өлімменен ойнадым.
Желе бер, жаным Қаракөк,
Желкілде желмен, айдарым.
Қазам жетсе майданда,
Басымда найзам – сайғағым.
Қайратты, қайтпас жан досым –
Ерлігіме айғағым.
Желе бер, жаным Қаракөк,
Желкілде желмен, айдарым!

БАТҚАН КҮН, АТҚАН ТАҢНЫҢ ЖЫРЫ

Алтын күн батып барады,
Күйдіріп көктің жиегін.
Құралай көзді қарағым,
Болдың ба иіріп жібегің?

Құралай көзді қарағым,
Қолыңа қардай бәтесті ал.
Қандай қызыл жібекпен
Ақ бәтеске өрнек сал.

Алтын Күн батып барады,
Алтын Күн ақырын өледі.
Сұр бұлттар – сорлы жар,
Қан жылап күнді көмеді.

Күн өлді. Көк күңіренді.
Жер жамылды қарасын.
Құралай көзді қарағым,
Кестенді қашан боласың?

Судай сұлу сәулетай,
Бір қарашы. Аңсадым.
Суда ойнаған шабақтай
Сүйреңдейді саусағың.

Қабакқа қатар тізілген
Кірпік пе? Қара жібек пе?
Бір қарашы, қарағым,
У толды ғой жүрекке!

Қалай батыл ойнайды
Сүйрік саусақ бізбенен!
Нең кетеді, еркетай,
Өлтірсең атып көзбенен?

Қарама маған, қарағым,
Болсын көзің кергіште.
Қандай қызыл жібекпен
Ақ бәтесті кестеле!

Жер жарынан айрылып,
Жамылды қара басына.
Бота көзді бұраң бел,
Жіберші жақын қасыңа!

Қараңғылық қаптады,
Қайғы ма басқан, түн бе екен?
Сыбдыр-сыбдыр әлде не?
Жел ме? Жүрген жын ба екен?

Қабағың шытпа, қарағым,
Жаныңа жақын келейін.
Қар бетіне қанменен
Не деп жаздың – көрейін!

Тым жақындап бармайын,
Жырақтан жарар көз салсам.
Не деп жаздың, қарағым?
«Ел үшін өл, ер болсаң!»

Құралай көзді қарағым,
Жарылады-ау жас жүрек!
Көзіме қан толтырды
Қар үстінде қан жібек.

«Ел үшін өл. Ел үшін...» –
Өмірді аяп не етейін!
Сүйріктен сұлу саусағың,
Мен садаға кетейін!

Түнерген түн өледі,
Ағарған анау таңы ма?
Ақ бәтестің бетінде
Жүрегіңнің қаны ма?

«Ел үшін өл. Ел үшін...» –
Өлесің, жүрек, дүрсілде!
Құралай көзді қарағым,
Кестеңе қарап күрсінбе!

Құралай көзді қарағым,
Аттанайын таңменен.
Ақ бәтес – ақ жалауым
Кестеленген қанменен.

Қош бол енді, қарағым,
Мені есіңе алғайсың!
Енді бәтес бетіне:
«Иманды бол!» – деп жазғайсың.

Алтын күн шығып келеді,
Алтындап көктің жиегін.
Құралай көзді қарағым,
Иіре бер жібегің!

СҮЙЕМІН

Күлдей күңгірт шашы бар,
Тоқсан бесте жасы бар,
Көз дегенің – сұп-сұр көр.
Тасбиқ санап бүгіліп,
Жерге қарап үңіліп,
Көрше ауыр күрсінер,
Менің бір қарт анам бар.
Неге екенін білмеймін,
Сол анамды сүйемін!

Көзінде көк нұры жоқ,
Аузында жұмақ жыры жоқ,
Жалынсыз, усыз құшағы.
Иірілмейді жыландай,
Сөзі де жоқ Құрандай,
Білгені – қазан-ошағы,
Жабайы ғана жарым бар.
Неге екенін білмеймін,
Сол жарымды сүйемін!

Ұйқы басқан қабағын,
Бастыра киген тымағын,
Жалқаулықты жар көрген,
Жүрген ескі заңымен,
Алдындағы малымен
Бірге жусап, бірге өрген
Алаш деген елім бар.
Неге екенін білмеймін,
Сол елімді сүйемін!
Сағым сайран құрады,
Бораны ұлып тұрады,
Қыс – ақ кебін, жаз – сары,
Орманы жоқ, шуы жоқ,
Тауы да жоқ, суы жоқ,
Мәңгі өлік сахрасы
Сарыарқа деген жерім бар.
Неге екенін білмеймін,
Сол Арқамды сүйемін!

МЕН КІМ?

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?
Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?
Көкте – бұлт, жерде – желмін гулеген,
Жер еркесі – желдің жөнін кім сұрар?

Көкте – Күнмін, көпке нұрым шашамын,
Көңілге алсам, қазір ғарышқа асамын.
Шеті, түбі жоқ теңізбін қара көк,
Ерігемін – толқып, шалқып, тасамын.

Жалынмын мен, келме жақын, жанарсың,
Тұлпармын мен, шаңыма ермей қаларсың.
Күл болсын көк, жемірілсін жер, уайым жоқ,
Көз қырымен күліп қана қарармын.

Мен өлмеймін, менікі де өлмейді,
Надан адам өлім жоғын білмейді.
Өзім – патша, өзім – қазы, өзім – би,
Қандай ессіз «Не қылдың?» деп тергейді?

Мейірленсем – сегіз жұмақ қолымда,
Қаһарлансам – тамұқ даяр құлыма.
Жоқ жақыным – Жасағандай жалғызбын!
Мен бе иілер әлсіз адам ұлына?!

Өзім – Тәңірі, табынамын өзіме,
Сөзім – Құран, бағынамын сөзіме!
Бұзушы да, түзеуші де өзіммін,
Енді, ескілік, келдің өлер кезіңе!

МЕШІТ ҺӘМ АБАҚТЫ

Б а л а :

Әкетай, мынау не үй ұзын мойын,
Тым ірі, ұлық ұстап тұрған бойын?
Басына шыққан адам білер еді-ау,
Сырын айтпас қаракөк көктің ойын.
Тып-тыныш бұл үйге, әке, кім барады?
Тыныштықта қасиетті кім қалады?
Биікте көк күңіреніп сыр айтқанда,
Бақытты кім көзінен жас тамады?

Ә к е:

Бұл үйді мешіт дейді, құлыншағым,
Ерігіп, қуған болып ата заңын,
Анда-санда домалап бармағы үшін,
Салдырған өзіне арнап «жуан қарын».
Бес минут «жатып-тұрып», жуып алмақ
Былғанған бұзықтықпен ұят-арын.
Шығатын жоғарыға молдасы да
Азанмен құттықтайды қарын таңын.
Бұл мешіт – Көк үйі емес, қарын үйі,
Көргің келсе, барып көр мал базарын.

Бала:

Әкетай, анау не үй түсі суық?
Жанына жібермейді жанды жуық.
Терезесі темірлі, көр – есігі,
Қабырғасын қойған ба қанмен жуып?
Тас қима, темір қақпа, шойын құлып.
Тым-тырыс. Жалғыз-ақ жел тұр ғой ұлып.

Сасықта, қараңғыда аш, ауру
Кім жатыр екен, әке, тірі өліп?

Ә к е:

Жиһанда бір жас жан бар, Қиял аты,
Мәңгі ойнайтын, сөнбейтін сәуле заты.
Жанға жан беретұғын тәтті жырлы,
Меруерттен тізілген қос қанаты.
Ұшып жүріп жырымен жанды ояту –
Жас Қиялдың ежелден бар мұраты.
Тірі жанға жырламақ тәтті жырын,
Адамзаттың жоқ оған жақын-жаты.
Жиһанда бар нәрсені жаратқан сол,
Тәңірі бар бір ғана – Қиял аты...
Анау үйді адамзат абақты дер,
Адам – доңыз, еменнің тамырын жер.
Тәңірісі, жан жыры Қиялға арнап,
Сонау үйді салған ол болсын деп көр.
Көремісің күзетшіні жүрген жарап,
Қабак түйіп, терезеге қойған қарап?
Есалаң малданып жүр: «Қиялды ұстап,
Тарихтың таңында, – деп, – қойдым қамап!»
Есалаң! Қиял қайда?.. Қиял кезбек,
Жиһанда ақ қанатпен ылғи жүзбек.
Жердегі жары – «жанды» жұбатуға,
Тоқтаусыз Көк үнінен әндер тізбек.

Балам, енді білдің ғой, ол – абақты,
Ашуменен түйіп тұр ол қабақты.
«Қиялды ұстап, жаптым!» – деп бос малданған
Ақымақ деп болмай ма адамзатты?!

МАҒАРРИ СӨЗДЕР

* * *

Ақылы асқан данышпандар елінде
Бағаланбай, қырын көзбен қаралар!
Шетке даңқы, атағы асып кеткенде,
Қарсы болар ауылында ағалар!

* * *

Жарты жан боп, сорлы болған соқырға,
Тілін алып, таяғы алдан жол бастар.
Байқай алмай құлар байғұс шұқырға,
Ерсе досқа, таршылықта ойқастар.

* * *

Мінберлерде үгіт айтқан молдалар,
Оңашада нәпсі артынан жүрмесін!
Бөрік киіліп, сандықта қап сәлделер,
Жасырынып бұзық жерге кірмесін!

* * *

Риялы ораза, намазбен
Өзінді өзін алдама!
Әдейі қойсаң онан да
Көп жақынсың Аллаға!

ҚАРАҢҒЫ, ДАУЫЛДЫ ТҮН

Қараңғы, дауылды түн сар далада
Патшалық құрған өлім айналада.

Шыраққа қолымдағы от тұтаттым,
Үмітпен біразырақ деп: «Жана ма?»

Тұрса да қара бұлттар көктен төніп,
Соқса да жел долданып, өршеленіп,
Мың шүкір, әлсіз қолда әлсіз шырақ
Жылтырап жанған боп тұр, қалмай сөніп.

Бұйырса, шырақ сөнбес, ұзақ жанар,
Жарығы болмаса да жан таң қалар.
Сәулелі аспанда алтын, күміс нұрлы
Айбынды Күн мен Айға дәл парапар.

Менсінбес жөпшендіні көп маңғаздар,
Тең таппай, кекеп, мұқар сансыз паңдар.
Қайрылып қарамасын, «Қап!» демеймін,
Табылар шыраққа көз салар жандар.

КӨБЕЛЕК

Отқа ұшар көбелек,
Қарамай, сорлы, алды-артын.
Ойына кіріп-шықпайды
Күйдірет деп от-жалын.

Шырқ айналып ентелеп,
Жүрет де, бір уақ ол қонар.
Ұмтылған оты сорлыны
Күйдірет де, тез тынар.

Құрбылар, іске бет алсақ,
Ойламай қанат қақпалық,
Анау жарық – алтын деп,
Көрінгенге шаппалық!

Желімен кетсек қанаттың,
Көбелектей күйерміз.
Алам деп алтын барғанда,
Күлден кебін киерміз.

ЕСКЕНДІРДІҢ ЕКІ МҮЙІЗІ

Болсаң да жалғыз жапанда,
Сырыңа, құрбым, берік бол!
Күбірлесе-ақ ауызың,
Әкетер қағып жүйрік жел.

Ертегі ерте күндерде
Ескендір атты хан болған.
Бесіктен көрге кіргенше,
Көргені қызыл қан болған.

Заманында Ескендір
Жеті ықылымды билеген.
Асқан алып, киелі,
Түссе де отқа күймеген.

Ескендірдей алыптар
Дүниеге енді туа ма?
Алып адам денесін
Сынап-мінеп бола ма?

Ескендірдің басында
Екі мүйіз болыпты.
Екі мүйізді екенін
Ол жасырып жүріпті.

Ескендірдің басында
Екі мүйіз – нысана!
Жабайы жұртқа көрсетсе,
Қасиеті қала ма?

Қос мүйізін жасырып,
Ескендір ер жасынан
Алмайды екен еш уақыт
Дулығасын басынан.

Ескендірдің басынан
Талай заман кешіпті.
Арыстанның жалындай
Жалпылдап шашы өсіпті.

Күндерде бір күн Ескендір
Шарап ішті, балбырад.
Шашын біраз кесуге
Шаштаразды алдырад.

Келгеннен соң шаштараз,
Дулығасын алады.
Шаштараз көріп қос мүйіз,
Қорқып-сасып қалады.

Айтады оған Ескендір:
«Қорықпа, құлым, бері кел!
Тұрам десең дүниеде,
Аузыңа бірақ берік бол!»

Шаштараз кетті жайына,
Күндер, айлар өтеді.
Шаштараздың жүрегін
Мынау сыр бірақ өртеді.

Аузы-басы жыбырлап,
Сөйлегісі келеді.
Сөйлесе, сорлы шаштараз
Сол сағатта-ақ өледі.

Енді сорлы не қылмақ?
Барады жанып, іш күйіп.
Бір құдықтың аузына
Жатты келіп еңкейіп.

Жан-жағына қаранып,
Күрсініп бір «уһі» деп:
«Ескендірдің мүйізі!..» –
Деді ақырын күбірлеп.

Жақын тұрған жас қамыс
Қоя қойып сыбырды,
Түре қойып құлағын,
Тыңдай қалды күбірді.

Мынау сырды білді де,
Қамыс төмен иілді.
Басына түрлі ой келіп,
Тұнжырады, күйінді.

Сол арада сайтандай
Елбелеңдеп жел келді.
Әрине, енді жас қамыс
Жаратпады келгенді.

Жаратпаса, желге не?
Ерегесті жынды жел.
Қамысты алды құшаққа,
Сына жазды бұраң бел.

Қамыс басын шайқады,
Жел өндірді у жырын.
Жырлады, құшты, улады,
Біліп алды бар сырын.

Сырын біліп алды да,
Қоштасып сүйіп, сыбырлап:
«Ескендірдің мүйізі!» –
Деп жөнелді жыбырлап.

Таң атқанша жүйрік жел
Жүгіруден талмады.
Ескендірдің мүйізін
Білмеген жан қалмады.

Таң да атты, жүйрік жел
Баяулады, басылды.
Таң да атты, шаштараз
Дар ағашқа асылды!..

Есің болса, жолдасым,
Бола көрме шаштараз.
Асылмасаң да ағашқа,
Болуы анық дос араз!

ӨТКЕН – АЯУЛЫ

Өткенді мақтар әр адам,
Білмеймін, өткен алтын ба?
Болмаса, мақтау өткенді
Адамзаттың салты ма?

Қариялар отырып,
Баяғыны мақтайды.
Желкілдеген жас заман
Оларға тіпті-ақ жақпайды.

Заң да болған соларда
Тура, әділ, жақсы да,
Аспаннан пері түсірген
Ғайыпты болжар бақсы да.

«Өткен артық» дер адам,
Шеше де өлген баласын
Аузынан, сөйлеп, тастамас,
Көз ішінде қарасын.

Қылықты да, тәтті де,
Ақылды да ол бала.
Екі жасар күнінде
Пәлен деген – ол дана.

Жалғаны жоқ, адамнан
Жаңаны мақтар санаулы.
Не дұрыс шығар, не теріс,
Әйтеуір, өткен – аяулы.

ҚҰРБЫМ

Бұл жалған ойын емес, бейнет жері,
Қылғанға адал еңбек зейнет жері.
Жалғанның бір мүшесі бола алмассың,
Қиналып, маңдайыңның ақпай тері.

Қорықпа, ұмтыл, соқса дауыл, ескегіңді ес,
Деп жатпа: «Алма піс те, аузыма түс!»
Бейнет, еңбек қылмасаң – босқа өлгенің,
Құрғақта қайық жүрмес, үмітіңді кес!

АДАСТЫМ

Артымда қазақ қалың ел,
Тақтақ жалғыз қара жол,
Кетіп бара жатыр ем.
Бейнетті, бітпес ұзын жол,
Отсыз, сусыз бетпақ шөл,
Мың мехнатқа батып ем.

Жұбаныш – жол біреу-ақ,
Үмітім алтын айдан да ақ,
 Сонымен ойды жоюшы ем...
Далаға өлік жан салып,
Әлсін-әлсін ән салып,
 Өлеңдетіп қоюшы ем...

Әлдеқайдан шу шықты,
Қып-қызыл қан – ту шықты,
 Жердің жүзін түн басты.
Шегір көзді, сары шаш,
Бәрі тырдай жалаңаш,
 Жан-жағымды жын басты.

Әлденені бөлісед,
Ыржиысад, күлісед,
 Ән жер, мін жер жылт-жылт оқ.
Жел ұлиды, өкіред,
Жындар жалп-жалп секіред...
 Қара жолдан сүрлеу жоқ.

Артымда елім бар еді,
Алдымда жолым бар еді,
 Ел де жоқ қазір, жол да жоқ...
Табылар жолың, тарылма,
Жылама, жынға жалынба,
 Таң атқанша күн де жоқ.

БОСТАНДЫҚ

Жер жүзін қан басқанда,
Көбігі шығып аспанға,
Жын жолдас боп адамға,
Туралық, теңдік ұмытылып,
Інжіл, Құран жыртылып,
Жатқанда жерде – табанда;

Қызыл қанға мас болып,
Жүрегі қара тас болып,
Айрылып естен адамзат,
Ұмытып мейрімді иесін,
Сойып салық түйесін,
Тәңірісі боп Лат, Манат.

Жүргізіп Ібіліс әмірін,
Жауыздық жайып тамырын,
Өршіп өтірік, дұшпандық...
Көк есігі ашылды,
Жұмақ нұры шашылды,
Келді ұшып бостандық.

Ғарыш нұры жүзі бар,
Кәусар, жібек сөзі бар,
Әдемі, алмас ақ қанат.
Жануарлар жердегі,
Ынтасы – жақын көрмегі,
Таңырқады анталап.

Аппақ нұрға оранып,
Ақырын ғана дем алып,
Құрметпенен тұрысты.

Сәуле көрмей, шеккен зар,
Аш-жалаңаш сорлылар
Қуанысты, күлісті.

Тез жалындап суынған,
Жұмақтан да қуылған,
Адамзат бір әуреде.
Есін жиып күйленіп,
Әбден бойы үйреніп
Алғаннан соң сәулеге,

Баяғысын бастады,
Ұжданды былай тастады,
Бостандықта жоқ жұмыс.
Зар еңіреді талай жан,
Сел боп ақты қызыл қан,
Өтірік, талау, өлтіріс.

Шірік жүрек сасықтар,
Арамдыққа асықтар
Жетілді, жетті мұратқа.
Қыбырлаған қоңыздар,
Қорсылдаған доңыздар
Көктен келген қонаққа.

Тілін, қолын тигізді,
«Сасық сайтан» дегізді,
Жауыздық тағы өрледі.
Ізгі елшісі жұмақтың –
Қасиетті қонақтың
Ақ қанатын кірледі.

Қыбырлаған қоңыздар,
Қорсылдаған доңыздар,
Тілегің болды – қуан, күл.
Бостандық – ізгі періште
Кетпекке ұшып ғарышқа,
Ақ қанатын қомдап тұр.

ЗАМАНЫМЫЗДЫҢ АҚЫНЫ

«Терезеге қараймын,
Қарындашты жалаймын.
Келтірем деп өлшеуге,
Сөздерді іштен санаймын.
Басқаға мойын бұрмаймын,
Бітірмей жазып, тұрмаймын.
Не керек, жұрт сезбейді,
Ақырын Феттен ұрлаймын».

БІР БИГЕ

Ә, биіміз, биіміз,
Түрленіп қапты үйіңіз,
Тым-ақ тәуір күйіңіз.
Байқаймын, мол ғой, тегінде,
Алатын елден сыйыңыз.
«Сен» деп сізге не дейін,
Тамұқта мәңгі күйіңіз!

КӨК ТЕКЕ

Айыр сақал көк теке
Деді де бір «Меке-ке!» –
Шықты секіріп қораға.
Жүрді басып алшандап,
Қарнын керіп талтандап,
Қаза айдаса, бола ма?

Керді теке көкірек,
Көрінді оған жақын көк,
Сүзейін деп ойлады.
«Меке-ке!» – деп кекірді,
Тұқырып басын, секірді,
Қора ішіне құлады.

Қорада айғыр тұр еді,
Мінілмеген құр еді,
Жаңа ұсталған үйірден.
Текені көріп дүрс еткен,
Бірдеңесі бырс еткен,
Тепті келіп бүйірден.

Қайтсін жануар, күйген соң,
Тастай тұяқ тиген соң,
Көк теке мал бола ма?
Айыр сақал көк теке,
Деді де бір «Меке-ке!» –
Қалды сұлап қорада.

ТӨБЕТ

Жарықтық Сәрсен ақсақал,
Жуан қарын, тап-тапал
Асырады бір төбет.
Тырбиған түрін көрсе де,
Шамасы кемін білсе де,
Ойы болды: «Кім білед!..»

Қушық шеке, қайқы бел,
Жуан қарын сызып жер,
Тып-тып төбет жүреді.
«Қарны толған өнер! – деп, –
Қолынан бір не келер!» – деп,
Мұртынан Сәрсен күледі.

Көрінгенге жалпылдап,
Дамыл алмай барқылдап
Үргенін көріп, қуанды.
«Бар, – деп, – мықты төбетім,
Кім бар маған келетін!» –
Білекті Сәрсен сыбанды.

Жүргенде Сәрсен қуанып,
Уақыт күзге таянып,
Қараңғы бір түн болды.
Төбетке Сәрсен ас берді,
Үйін-күйін тапсырды,
Төбетке бір сын болды.

Сабалақ жүні жалпылдап,
Бет алдына барқылдап,
 Үріп төбет жүр еді.
Күн де еркін батпай-ақ,
Сәрсекем де жатпай-ақ,
 Қотанға құйын келеді.

Көріп, келген құйынды,
Тас түйін боп жиынды,
 Дүркіреп қойлар үркеді.
Үріккен қойда жұмыс жоқ,
Төбетте дән дыбыс жоқ,
 Тапты тапал күркені.

Үріккен қойды дүркіреп
Көріп Сәрсен күркілдеп,
 Қотанға қарай жүгірді.
Қараса қайтып күркені,
Бұғып жатыр шіркіні,
 Төбетінен түңілді.

Жабыны тұлпар қылам деп,
Қарғаны сұңқар қылам деп,
 Талайдың ісі шала ғой.
Не дейін есіл сақалға,
Жуан қарын тапалға
 Сенген Сәрсен – бала ғой!

ЖОЛДАСҚА

Әй, әй, жолдас, жас жігіт
Қиқу салған, лепірген,

Кетті ме әлде жын соғып,
Аузың мұнша көпірген!

Дүниенің дінгегі –
Қарын дейсің жалғыз-ақ.
Күнді көрмей көктегі,
Болма, жаным, жапалақ.

«Идеал да жоқ, Тәңірі де...»
Енді не бар? Доңыз ба?
Адамсың ғой сен енді,
Ұқсама шын доңызға!

Мейлің, мейлің, доңыз бол,
Жүр қорсылдап қорада.
Сасық соқыр қоңыз бол,
Жаныма бірақ жолама.

Мен киелі Алашпын,
Іргемді, сасық, ластама.
Ойнама, жолдас, менімен,
Бар бұзыққа, басқаға.

Кіршіксіз ақ ордамын,
Сала алмассың бір тап та.
Бұзылмаған қордамын,
Бөле алмассың тап-тапқа.

Тапсыз, бүтін бір елмін,
Тәңіріге жалғыз ұсармын.
Көбікті күміс бір селмін,
Сасықғы сендей басармын.

Құдықтан ішіп, жас жігіт,
Оған, сірә, түкірме.
Кетер сені сел соғып,
Басыл, жаным, көпірме.

ТОҚАЕВҚА ЕЛІКТЕУ

Ақ пимамды кие салып, кеттім базарға қарап,
Татар алад, татар сатад: Кұран, арақ, тәжуид, тарақ.
«Алла әкпар... сахарин бар...» деп мәзін айтады азан,
... Қазан, қорсыз Қазан, құнсыз Қазан, нұрсыз Қазан.

ӨЛЕҢНІҢ ҰЙҚАСЫ

Талапсыз сорлы – «ойлаған»,
Ойға терең – «бойлаған».
Есалаң уға – «тоймаған»,
Қажып бір ойын – «қоймаған».
Есер жүрек – «ойнаған»,
Өлгенше үміт – «жоймаған»,
Жындыдай жалғыз – «тойлаған»,
Жалықтырды «ой» да «ған»...
Құрысын өлең!
Қой бағам!

ДОСТЫҚ ҺӘМ КӨЗ ЖАСЫ

Достықты мастық туғызад,
Шын-шын достар – екі мас.
Жүректі мастық өртейді,
Төккізіп көзден ыстық жас.

Достықты ауру туғызад,
Ауру адам – адал дос.
Ауру көз жас төккізед,
Ауырсаң ғана жүрек бос.

Айық адам – аң адам,
Дені сау адам – бейне тас.
Достыққа баға бере алмас,
Төкпес ол көзден ыстық жас.

Шын дос боп ыстық жас төксін
Десең, досқа арақ бер,
Не болмаса, Тәңіріден
Ауру бер деп тілей көр!

ТАТАР САУДАСЫ

Читік, кәуіш, адиал,
Шәрік, Ғәріп, сациал.
Кәләм Шәриф, арақы,
Шикәр, ипи, тәмәкі.
..... нафталин,
.....
– Афарин, татар! Афарин!

ҚАЗАН

Қазан, Қазан.
Сахар мен азан.
Мешіт, таяқ,
Құран, арақ...
.....
.....

БҮГІНГІ КҮН ӨМІР, ӨЛІМ – МЕНІКІ

Басы – сайран, сұм жалғанның соңы – ойран,
Адам өмірі – тағдыр ойыны. Біл де ойлан!
Есіл жастық ескен желдей гуілдеп,
Өлі-ақ кетер жүректен – от, күш – бойдан.

Көздің нұры кеміп, жақтар суалар,
Сұмбіл қара шаш селдіреп қуарар.
Ет таралып, сүйек қалып саудырап,
Тамырларда сасық сары су ағар.

Сұм тағдырдың емес пе бұл мазағы,
Аз өмірде естен кетпес азабы.
Жаты түгіл, жақынына жексұрын
Болып, өзі тілесін деп қазаны!

Қылсын мазақ, мейлі тағдыр ойнасын,
Жалмауыз жер мейлі жұтсын, тоймасын.
Жансыз суық көзін қадап қу өлім,
«Тез» деп күтіп, тісін шықыр қайрасын.

Не қылса да, өлімнің өз еркі,
Жындандырад мені сұлу көркі.
Құшам, ішем, жынданамын, жылаймын,
Бүгінгі күн – өмір, өлім – менікі!

СЫРЫМ

Мен қуансам, жас баладай қуанам,
Көрген адам талай деген: «Есалаң!»

Мен қайғырсам, орнатамын қиямет,
Жас баламын – тағы да тез жұбанам.

Күлсем егер, есім шығып күлемін,
Жылағанда, қап-қара қан төгемін.
Қасым болса, қанын ішкім келеді,
Досым болса, жолында оның өлемін.

Әйел сүйем, бірақ емес сендерше,
Мен сүйемін жан-денесін бергенше.
Жан-денесін бірдей алам, улаймын,
Қысып сүйем құшағымда өлгенше.

Ол күледі, мен де есалаң, күлемін,
Ол жылайды, мен де жасым төгемін.
Құшағымда жан-тәнінен айрылып,
Әйел өледі, мен де бірге өлемін.

Тағы көрем, тағы күлем, тірілем,
Есім шығып, тағы тұзаққа ілінем.
Өмір – дала, тапыл басқан мен – бала,
Тапыл-тапыл, дамыл-дамыл сүрінем.
Өмір – өзен, үміт – шабақ ойнаған,
Жел сөзбенен шабақ аулауға ойлаған.
Мен – есалаң, мен – нәресте, үміт – от,
Жүз күйсе де, қармануын қоймаған.

«Өзім – Тәңірі, өзіме өзім табынам» –
Деп көпіріп, зор Тәңіріге шабынам.
Егер де енді ауыңқырап кетсе бас,
Сол Тәңіріге жасым төгіп жалынам.

Міне, оқушым, осы – менің бар сырым,
Бояу деген ойымда жоқ, жоқ сырым.
Сен не дейсің?..

Құлағындай есектің
Ерініңе күлкі келді-ау, қыртылым!

СҮЙ, ЖАН СӘУЛЕМ

Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да!
Жылы, тәтті у тарады қаныма.
Бұл ләззаттың бір минутын бермеймін
Патша тағы, бүкіл дүние малына.

Құшақтатып нәзік талдай беліннен,
Сүйгіз, сәулем, тәтті балдай тіліңнен.
Бой шымырлап, талықсиды жүрегім,
Балқып денем, барам еріп деміңнен.

Кір қойныма, қыпша белің бұралып,
Тарқат шашың, жатсын жібек оралып.
Жаным! Жаным! Тезірек тисін төске төс,
Көз жұмулы, жиі ыстық дем алып.

Шашың – қара, денең – ақ бұлт, жүзің – Ай,
Тісің – меруерт, көзің, сәулем – құралай.
Ләззат, рақат, бақыт – бәрі қойныңда,
Сұрамаймын енді ұжмақ, жақсы жай!

Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да!
Жылы, тәтті у тарады қаныма.
Жасағаннан бір-ақ нәрсе тілеймін:
Өтпесе түн, атпаса екен таңы да!

ТӨГІЛГЕН ШАШЫ

Төгілген шашы,
Қиылған қасы,
 Керілген маңдай да.
Тістері – меруерт,
Бейне қар – мамық ет,
 Кез келсең мұндайға,
Жалындап күйіп,
Бір ғана сүйіп,
 Өлсең де болмай ма!

КҮМІС НҰРЛЫ АЙ

Күміс нұрлы Ай. Жұлдыздар – алмас, жібек жел,
Сыбырласып жас қайындар бұраң бел...
«Қан қайнады. Жас жүрегім ойнады,
Бір сүйейін! Жақында, жаным, бері кел!»

«Сен сүйерсің, мен күйермін, жанармын,
Құшақтарсың – мен есімнен танармын.
Өлеңдетіп, жүйрікке мініп кетерсің,
Жүрегімде от, жылай-жылай қалармын!»

«Сүйші, сүй!» – деп сыбырлап тұр жас терек,
«Құшақта!» – деп асығып тұр жас жүрек.
«Ұйқы көрмей, жүйрігімді жаратып,
Келіп тұрмын, енді, сәулем, не керек?»

«Түсу қиын ұшар құстың ізіне,
Сене алмаймын жас теректің сөзіне.

Бірақ, сәулем, ерігендей боламын,
Бойым балқып, көзім түссе көзіңе!»

Ыстық құшақ, отты сүйіс, балды тіл...
Бірдеңе деп күбірлейді жібек жел.
«Бұл – жастық қой, жасыра гөр, жібегім,
Айтып қойсаң, амал қанша... өзің біл!»

ШОЛПЫ

Сылдыр. Сылдыр. Сылдыр...
Қанымды қайнатты құрғыр.
Шық-шық жүрекке тиеді,
Күлпара талқан боп сынғыр!

Сылдыр. Сылдыр. Сылдыр...
Өзекті өртеді құрғыр.
Әдейі іргеден жүреді
Сұлу қыз санадан солғыр!

Сылдыр. Сылдыр. Сылдыр...
Жүректі жандырды құрғыр.
Кеудені кернеді жалын,
Сәулем, періштем, тез кір!

Сылдыр. Сылдыр. Сылдыр...
Есімнен аударды құрғыр.
Лебізіңнен еріп барамын,
Жаным-ай, жақында, қол бер!

Сылдыр. Сылдыр. Сылдыр...
Талдым, қалды сұлдер.
Сыбырға айналды сылдыр,
Сылдыр, сылдыр, сылдыр...

СЕН СҰЛУ

Білем анық: жанға жайлы май сұлу,
Жарқ-жұрқ еткен майда нажағай сұлу.
Қызықты орман, көңілді еркін кең дала,
Күміс табақ көкте жүзген Ай сұлу.

Кешкі ескен жібек жылы жел сұлу,
Хош иісті, түрлі-түсті гүл сұлу.
Әдемі аспан – төбедегі көк шатыр,
Асқар тауы, дариясымен жер сұлу.

Сылқ-сылқ күліп, сылдыр қаққан су сұлу,
Көлге қонып, қаңқылдаған қу сұлу.
Бейне айнадай жарқылдаған айдыннан
Күн шығарда көтерілген бу сұлу.

Шаңқай түсте өткір алтын күн сұлу,
Жымыңдаған жұлдыздармен түн сұлу.
Толып жатыр түрлі сұлу дүниеде,
Бәрінен де маған, сәулем, сен сұлу!

БІРАЗ ФЕТШЕ

Жібек түн –
Бәрі тын.

Сайраған,
Жайнаған.
Екі жас –
Екі мас:
Жүрек мас,
Көзде жас!
Сүттей Ай,
Терең сай:
Бұлбұл,
Гүл-гүл.
Екі жан,
Ыстық қан.

Жан ессіз,
От сүйіс.
Орман
Тынған.
Сылдыр.
Гүлдер.
Күбір,
Сыбыр.
Тұман.
Таң, таң!..

N...ға

N-жан, көрмегелі көп ай болды,
Сағындым, жүрегіме қасірет толды.
Ең соңғы көрісуім бақшада еді,
Қыс болды, бақша да өлді, гүлдер солды.

Жеті айда жоғалса да талай іздер,
Есімнен неге шықсын соңғы сөздер!
Күндіз-түн жатсам-тұрсам көз алдымда
Улаған жүрегімді қара көздер.

Дарияға дауыл қуып кірген кеме –
Еркі жоқ, толқын айдап жүрген кеме
Жайнаған жемісі көп бір аралға
Кез келсе, тастап оны кетсін неге?!

Табылған арал тастап, не керегі,
Кеткенде толқын оған не береді?
Дауыл мен толқын сыры белгілі ғой,
Дарияда домалатып төңкереді.

Жан едім терең теңізге ерте кірген,
Өмірде ащы-тұщыны ерте білген.
Алысып долы дауыл толқынменен,
Теңізде талай аунап төңкерілген.

Аз жаста көп сүйіп ем, сүйіліп ем,
Көп улап, көп уланып, күйініп ем.
Желдей жынды жүректің екпінінен
Майысып, сына жаздап, иіліп ем.

Өмірдің толқындары ұрған кезде,
Иманнан айрылғалы тұрған кезде,
Жасаған Жәбірәйілін жіберді ғой,
Жолықтым сен сәулеме – нәркес көзге.

Періштем ақ қанатты N-жаным,
Жаныма жарық берген алтын таңым,
Тілекке қасиетті бірге ұмтылар
Жолдасым, сен – Құраным, сен – иманым.

Дариға, көрмегелі айлар өтті,
Сұм тағдыр ойға-қырға тентіретті.
Көре алмай көптен бері, сәулем, сені,
Қасірет жүректі жеп, жанға жетті.

Сұм тағдыр жапан түзге шығарды айдап,
Дауылы ұлып тұрған, бораны ойнап.
Жанамын, күңіренемін, жұбанамын,
Сенімен бірге жүрген күндерді ойлап.

Омбының у-шуы мол қаласы еді,
Салқындау апрель–май арасы еді.
Көшеге қол ұстасып шыққанымыз
Алтын Күн батуымен талас еді.

Асығып, жүрек ойнап, сыбырластық,
Қыс бойғы хаттардағы сөздерді аштық.
Жүгірді қолдан қолға жасырын күш,
Тайынбай, махаббатқа қадам бастық.

Өтсе де, жеті ай тұрсын, дәл ай он бес,
Есімнен бір минут та шықпас-ау еш.
Түкпірде, кең бір аулақ кабинетте,
Ішінде «Алтын мүйіз» өткізген кеш.

Ал, қалам, сол кешті жаз, бірақ қызба,
Қызсаң, қыз, орны келсе, әдеп бұзба.
Ішінде «Алтын мүйіз»² отырғанда,
N-жан, кім бар еді жанымызда?

Есімде... бір қыз бар ед ойлар басқан,
Бетінің солған гүлдей қаны қашқан.
Көзқарас, күлісінде, сөздерінде
Қайғыға қайнар ашу араласқан.

Себеп не сонша түсі қашқанына?
Кім білед, Тәңірі бағын ашпады ма?
«Сүйем!» – деп әлдебіреу сүйіп жүріп,
Жалт беріп, бейшараны тастады ма?!

Жалындап сүйе алмай һәм сүйдіре алмай,
Лебімен сүйіскенде күйдіре алмай,
Өткен бе бар өмірі тайқақтықпен,
Айтуға жүрек сырын тілі бармай?!

Қандырып сүйгеніне су бере алмай,
Тайынбай дұшпанына у бере алмай,
Жолдасы жауға шабам деп келгенде,
Қолына қанды найза, ту бере алмай,

Мінезі дәл осындай болса әгар,
(От пен су бұл жалғанда бола ма жар?)
Бір жігіт сүйіп жүріп, сүймей кетсе,
N-жан, сол жігітте не айып бар?

² Омбыдағы мейрамхананың аты («Золотой рог»).

Не десең де бұл істер саған дайын,
Несіне енді оған мен аялдайын...
Көзінен ұшқын шыққан анау қыз кім?
Белгілі: жан емес қой қарапайым!

Иірілген бұйра толқын шашы қандай,
Иығына екі жылан асылғандай.
Тұңғиық қара судай қара көздер
Қандай сыр болса дағы жасырғандай.

Қара сұр, сырға берік беті қандай,
Мінезі майда жібек, сөзі балдай.
Бал заты – у, жібек асты – тікенек пе?
Не керек, адамзатты біледі алдай!

Белгілі: болған шығар талайлар жар,
Халық тегіс жалған айтса, Тәңірісі бар.
Жардың көп болуының таңы да жоқ,
Интернациональный жүрегі бар.

Қытайдан Карпатқаша жеткен жүрек,
Карпат асып, Атласқа кеткен жүрек,
Қазақ, сарт, татар, черкес, орыс, неміс,
Француз, чех... бәрін өзі өткен жүрек.

Досы боп жігіттері Жарты Айдың,
Әнші, ақын, мүшелері құрылтайдың,
Бәрі рас, бірақ «Цирк палуаны –
Соловьев!» деген сөзге нана алмаймын.

Соловьев – шикі надан, өгіз ғой нас,
Қалайша оны сүйер осындай жас?!
«Жаншылып» деген сөздің әйтеуірі
Он үште астын сызып қояы рас.

Айтпақшы, жанымызда бар ғой «граф»,
Отыр ғой қара мұртын сылап, бұрап.
Сұлудың бір білмеген сыры болса,
Алайық біз азырақ содан сұрап.

Жүруші ед қол ұстасып күн батқанша,
Көшесін күзетуші ед таң атқанша,
Сүйгенін қанша сөйлеп ұқтыра алмай,
Мұртына күректей боп мұз қатқанша.

«Графтай» адал көңіл адам сирек,
Айта ма сұлуға ол сөзді түйреп?!
Күрсініп, көзін сүзіп жүрген кезде,
Қадалып бір «сары маса» қойса керек.

Белгілі, «графқа» емес, жас сұлуға,
Ежелден біреу буға, біреу шуға...
Шет халық әлі жала қып жүрмесін,
Бұл «граф» өзіміздің анық тума.

Білеміз руы, тұқым, ата затын,
Өзі таныс, қонысы тағы жақын.
Елден шығып Омбыға келгеннен-ақ,
Құмар болды көтеруге «граф» атын.

Сөйлетіп қоя берсең, сөзге тақ-тақ,
Күлкісі күміс сылдыр, емес сақ-сақ.
«Философ», «экономист», «артист», «поэт» —
Қайдағы әдемі сөзді алған жаттап.

Жиында иіледі, бүгіледі,
Балаларды ойынқұмар күлдіреді.
Шөп басы қимылдаса: «Пардон, мамзель!»
Тағы да «Аля» деген сөз біледі.

«Графтың» сол сұлуды сүюі рас,
Күрсініп бір қыс бойы күйі рас.
Масаның қадалғанда қатты ызыңы
«Графтың» құлағына тиюі рас.

Бұл емес, талай ызың бұдан былай
«Графтың» құлағына тиген талай.
Сырт тұрсын, көз алдында көлбеңдеген,
Себебі, «графты» разы қылу оңай:

Сұм сұлу сағынғандай қолын беред,
Қолымен бір сиырдың тілін беред.
Бұл тілді сүйе ме екен я жей ме екен,
Оншасын «мсье граф» өзі білед.

Айналсын қолға, тілге, яки басқа,
Қалайда «графтардың» жөні басқа...
Бүгіліп, үңілгендей не болды екен
Дембелше жігітіміз бұйра шашқа?

Талай ел қонып, жайлап көшкен жерден,
Еркімен ерке желдер ескен жерден.
Не іздеп, мұнша жабысып қалды екен,
Көрісіп, есенсіз бе дескен жерден?

Иіліп, сыбырлайды құлағына,
Қарайды көзін алмай тура ғана.
Мінезін, өткен өмірін біліп алып,
Қылмақ па героиня драмаға?

Дариға, драмалар, драмалар!
Толып тұр драмаға абдыралар.
Өткізген ұйқы көрмей есіл түндер
Құрысын! Тірі жан жоқ оқуға алар!

Тағы да есебі жоқ комедия,
Жетті екен бәріне қалай қара сия?!
Дүниеде драматург ат бермесең,
Қыла гөр ақиретте жүзін зия.

Жасаған дұғам осы жолдас үшін,
Жолдасым қараса да жарып ішім...
Есіме жолдастарды аламын деп,
Ұмытып кете жаздым ғой «Мүйіз» ішін.

Болған соң сол төртеумен жақын жолдас,
Деп ойлап, есіме алдым, ашуланбас.
Құрбының құрбы әзілін көтермек қой,
Ашуланса, бастары да аман болмас...

Отырдық жақын, қатар тізе тиіп,
Денеге у жайылып, қызып, күйіп.
Жұрт көзі екеумізден ауған кезде,
Қойып ем бауырыма қысып-сүйіп.

Қашанда махаббатты көз бастайды,
Білдірмей, ыстық қысып, қол қостайды.
Жалындап асығыстықпен сүйіскенге,
Көз-қолың – біреуі де ұйқаспайды.

Ойнайды аласұрып қаның қандай,
Жүрегің сол минутта жарылғандай!
Көзінде от аралас жас мөлдіреп,
Сенделіп тұрғандайсың, халің қалмай.

Миыңа ешбір бөтен ой кірмейді,
Көзіңе ешбір нәрсе көрінбейді.
Ақ беті бір ағарып, бір қызарып,
Жас жарың жас киіктей дірілдейді.

Сол кеште, әлі есімде, N-жаным,
Аузыңнан дәл осылай бал алғаным.
Кім бірақ тояр кәусар шарабына,
Мен дағы сол балыңа қана алмадым...

ЕС КІРГЕН СОҢ

Бұртаң-бұртаң,
Жыртаң-жыртаң,
Ой, сезім жоқ көк есек.

Бұқа мойын,
Тұтам бойын
Көрмеген мен – көбелек.

Шіркін жастық,
Ессіз мастық,
Не айла бар? Бетім-ау!
Жансыз жанды,
Сол соққанды,
Соны да сүйдім дедім-ау!

СҮЙГЕНІМ АНЫҚ

Көрдім де келдім,
Қолымды бердім:
«Сүйем сені, сұлу қыз.
Жүрегім жанып,
Сүюім анық,
Куә болсын көп жұлдыз!» –

Дедім де тілден,
Құшақтап белден,
Қысып сүйе бастадым.
Жақындай бердің,
Қойныма кірдің,
«Кет!»– демедің, қашпадың.

«Сүйем» боп сөзің,
Мөлдіреп көзің,
Тақадың сен бетке бет.

Айрылдым естен,
Күндізгі күштен,
Тиіп ыстық етке ет...

Ұшуға іңкәр
Тұра ма тұлпар
Бір жерде ылғи шаң жұтып?!
Жел едім, ұштым,
Талайды құштым,
Кетіппін сені ұмытып.

Бүгін сен көріп,
Қолыңды беріп,
Қайғыменен қарайсың:
«Сендім мен жазған,
Сүйгенің жалған,
Алдадың!» – деп жылайсың.

Алдағаным жоқ,
Арбағаным жоқ,
Сен сөзіме, сұлу қыз!
Тап сол сағат
Сүйгенім хақ,
Қуә мынау көп жұлдыз!

ХОР СИПАТТЫ ҚАРЫНДАС

Хор сипатты қарындас,
Оттай сұлу, ыстық жас.
Құшақта да, қойныңды аш,
Бұғақтан бір сүйейін!

Мен – көбелек, сен – бір шам,
Өзі келген мен құрбан,
Шамға одан не зиян,
Сүйейін де, күйейін!

ЖАС СҰЛУҒА

Мен ақынмын – ағынмын,
Сылдыраймын, сүйемін.

Мен ақынмын – жалынмын,
Шапшып көкке тиемін.

Қарақат көзің мөлдіреп,
Көп қарама, жас сұлу.
Сылдырап сипап, сүйген боп,
Алып кетер ағын су.

Алма ернің елбіреп,
«Сүйші, сүй» деп жалынба!
Отты ойыншы, дос біліп,
Жақындама жалынға!

Мен ақынмын – жел жүйрік,
Гүлдеймін, ұшамын.
Мен – ойыншы көбелек,
Көрінген гүлді құшамын.

Бүлдірген бетің сұрланып,
Желге сенбе, жас бала!

Сыбырлар, кетер ұрланып,
Шын жары оның – сар дала.

Көбелекке «кел!» деме,
(Елжіреу сонша не керек?)
Кетер ұшып өңгеге,
Балыңнан татса көбелек.

Мен ақынмын, жырлаймын,
Жүрекке жүйрік жел кірсе.
Мен ақынмын, жылаймын,
Жүрекке ауыр шер кірсе.

Жаншыларсың, жыларсың,
Құшақтама белімнен.
Жас денеңді улармын,
Сүйгізбеші тіліңнен.

Жас періштем, сұлу қыз,
Сүймеші, сүйме, сұраймын!
Мен ақынмын тұрлаусыз,
Жырлаймын да, жылаймын!

Г...ге

Күніңмен алтын қуантпай,
Гүліңмен жібек жұбатпай,
Жеттің де, тез өттің, жаз.
Ағаш, шөптер қуарған,
Айдын да құрып суалған,
Қаңқылдар қайда қоңыр қаз?

Өң мен түстей, перизат,
Көріндің де, болдың жат,
 Жандырдың, міне, жанымды.
Қараған көктен хор едің,
Көбірек көрсем деп едім,
 Көк есігі жабылды...

КӨҢІЛІНДІ АШАР

Көңіліңді ашар,
Жалынды басар
 Жоқ жаныңда жолдасың.
Отырсаң аулақ,
Дерт басса қаулап,
 Жұбатар қиял – мұңдасың.

Бейне хор жүзі,
Бейне бал сөзі,
 Жан жарыңмен тұрасың.
Құшақтап белден,
Жалындап тілден
 Сүйіскендей боласың.

СӘУЛЕ

Көрісе алмай зарығып,
Сарғайысқан екі жас,
Әлдеқалай тура кеп,
Көріседі – көңіл мас.

Мөлдіресіп көздері,
Бір-біріне қарайды.
Қысқа болды сөздері,
Жылы у бойға тарайды.

Ауызға ауыз тиісті –
Денелері балқыды.
Тілден тәтті сүйісті –
Жүрек жанды, шалқыды.

Ыстық лебіз сүйгенде
Өртегендей жүздерін.
Енді дене күйгенде
Ашты екеуі көздерін.

Оянысса, адам жоқ,
Түс алдайтын жау ма екен?
Бір-бірін түсте сүйсін деп,
Ойнап сүйген сәуле екен.

Есінеп, бір керіліп,
Қайта тағы жұмып көз:
«Ұйқымды, сәуле, бұздың!», – деп,
Жатты жамылып сұлу қыз.

Абақтыда оянып,
Жігіт «Уһ!» деп дем алды.
Көрген түске жұбанып,
Сәулеге алтын қуанды.

ЖӘМИЛА

Жәмила!
Мұнша неге жүдедің?
Бетінде тамшы қан жоқ қой!
Жаралы ма жүрегің?
Тегінде, терең зар көп қой!

Жәмила!
Себебі не? Жалғанда
Серпіліп, ойнап-күлмейсің.
Түнде жұрт ұйқтап қалғанда,
Тыншып бір ұйқы көрмейсің.

Жәмила!
Кеудеңе от толды ма?
Уһілеп Айға қарайсың.
Өмірің у болды ма?
Жұлдыздар неге санайсың?

Жәмила!
Шапаныңды бүркеніп,
Тысқа ақырын шыққанда,
Күрсініп ауыр, күңіреніп,
Айтқаның зар ма я ән бе?

Жәмила!
Жаныңдағы жауызың
Айырды ма жарыңнан?
Сарғаймашы, бауырым,
Бітесің ғой зарыңнан.

Жәмила!
Түскен мынау жүзіңе
Қасірет пе, яки шашың ба?
Қайғылы қара көзіңде
Мөлдіреген жасың ба?

Жәмила!
Бетіңде анау таңба не?
Аһ... имансыз ол хайуан!
Жалын, жаным, Алла де!
Бұдан басқа не хайлаң?!

Жәмила!
Қасіретті, сорлы қарындас,
Қайғыға қалай шыдайсың?
Жыла, бауырым, төгіп жас,
Мен де бірге жылаймын...
Жәмила!.. Жәмила!.. Жәмила!..

ҚАЙҒЫЛЫ СҰЛУҒА

(Ж-ге арналған)

Көркің хор, періште еді сенің жаның,
Ойлаушы ең күні-түні көк аспанын.
Мінезін адамзаттың сынамаққа,
Мезгілді орын ғып ең бұл жалғанын.

Байқадың алыс-жақын тегіс жайын,
Жанашыр ата-ана һәм ыңғайын.

Көзі жоқ кеудесінде өңшең соқыр
Бір көрді сені адаммен қарапайым.

«Қара жер, көкті ойлама, орның,— деді,—
Қара тас мәңгі өлік құрбың,— деді.
Хайуандай бір қазыққа арқандай сап,—
Құр енді, жануарым, тұрдың» — деді.

Көрдің ғой, жақынында қан болмады,
Қазаққа қыз арқандау таң болмады.
Жан-жаққа мұңды көзбен қарасаң да,
Сен үшін жанын қияр жан болмады.

Солма енді, жерлік емес, ұжмақтық гүл,
Шекпе азап, жауыздардан енді құтыл.
Бере алмас саған баға өңшең өлік,
Көкке ұш, асылыңа қайт, періште бол!

ГҮЛСІМ ХАНЫМҒА

Бота көз, сиқырлы сөз Гүлсім ханым,
Әр жерде өткізсек те өмір таңын,
Кей уақыт көзіңізге көзім түссе,
Ойнайды аласұрып неге жаным?!

Бота көз, сиқырлы сөз ханым Гүлсім,
Көктегі Күн күлмесін, Гүлсім күлсін!
Гүлсім — Күн, көкте ақырын жүзе білед,
Сүйдіріп, күйдіргенін қайдан білсін!

...ға

Жас өмірімнің көгін бұлттар басқан күн,
Қайғы-қасірет тасып, бастан асқан күн.
Жан-жағымнан жылы жүзді жан таппай,
Жақын жандар қастық уын шашқан күн.

Жауыз тағдыр созған қолды қаққан күн,
Жан-денемді жылан, шаян шаққан күн.
Жапан түзде қара түнде жалғыз қап,
Қан дария боп көздің жасы аққан күн.

Сен көрдің де, келдің тура қасыма,
Сусын беріп, жастық қойдың басыма.
Маңдайымнан сипап, сүйіп, жұбаттың:
«Жаным құрбан, жасынды тый, жасыма!

Мәңгілікке, міне, қолым беремін,
Тағдыр оғын көтермекке көнемін.
Қайғыланба, атса, атар алтын таң,
Жан жолдасым, өлсең, бірге өлемін!» –

Дедің де сен күліп, жолым бастадың,
Жауын, дауыл, оттан, судан қашпадың.
Қасиетті, сиқырлы сөз күшімен
Міне, азырақ есім жия бастадым...

Алтын сәулем, ақ періштем жан салған,
Кім біледі, айырса егер сұм жалған,
Жүргенімде жер жүзінде тірі боп,
Бағынатын, табынатын сен – Аллам!

ДОМБЫРА

*(Кара сөзбен жазылған өлең.
Марқұм Ж-ге арналған)*

Түн. Біз шешініп жатқанбыз. Шам сөндірілген. Үй іші қара көлеңке. Шаңырақтың жабылмай қалған шетінен оң жак босағада құрулы ақ шымылдыққа түсіп тұрған айдың сәулесі ақырын ғана дірілдейді. Шымылдық та дірілдегендей... Жанымда қатар жатқан жігіт домбыраға бір күй тартып жатыр... Екеумізде де сөз жоқ... Жалғыз домбыраның ғана үні естіледі... Адамды қалың ойға батыратын, белгісіз қорқынышқа түсіретін жат, ауыр бір үн. Өзеннің қараңғы түнде салмақпен сылдыр қағып аққанындай, жаздың желді түнінде көлдің қамыстарының қорыққаны секілді біріне бірі тығылысып сыбырласқанындай... Ағаш жапырақтарының дірілдеп, күбірлескеніндей. Кейде домбыра ауру адамдай ыңыранған сықылды да болады. Ол қайғырады... зарланады... Маған алыстан талып бір дауыс естіледі... Мұнды бір дауыс жақындап келеді. Нәзік зарлы дауыспен біреу күңіреніп, ақырын ғана өлең айтқандай... Әйел даусы... «Бізден сорлы жалғанда жан бар ма екен?! Өзің рақым қыла көр, бір Жасаған!» – дейді әйел... Түнде сар далада зарын айтып күңіренеді әйел... ауыр қасірет, қалың қайғыға амалы құрып, жалғыз Жасағанға мұңын шағады, жалынады, зарланады әйел... Дауыс тіпті жақындады... Манағыдан да ашығырақ, ащырақ, зарлырақ... «Бауыр етің баланды отқа салдың! Не жазығым бар еді, жан ағаке?..» – Әйел қарғайды. Өз қолымен отқа салған ата-анасына, аяу білмеген тасбауыр жақынына, жансыз ойыншық қылған, намыссыз

күн қылған мұндарларға қанды жас төгіп лағынет айтады әйел...

Ақырын есік ашып, ол үйге кірді. Жас бір қыз. Үстінде жұқа ақ көйлек. Өрілмеген ұзын қою қара шашы екіге айрылып, кеудесіне түскен. Екі бетінде бір тамшы қан жоқ. Құп-қу. Жұқа ақ көйлектің астынан денесінің әр жерінде көгерген сықылды таңбалар қарайып білініп тұр. Зор қара көздерінде есепсіз мұң, сансыз қасірет...

Маған жақындап келіп, менің көздеріме тура қарады. Көз қарауы әрі майда, әрі салқын. Кішкене күлімсіреп, қансыз ернін қозғап, сөйлейін деп ыңғайланып еді, жөтелді... Ұзақ жөтелді... Ақырын ауыр жөтел... Әлдене уақытта жөтелі тоқтады. Бірақ әлі құрып, демін зорға алып тұрды, сөйлеуге шамасы жоқ еді... Оның қара көздерінен мөлдіреп, домалап, суалған жақтардан парлап ағып тұрған жасты көрдім. Мен оны таныдым. Қарындасым! Сүйікті қарындасым! Періште жанды, хор жүзді сұлу қарындасым! Сұлу... қайғылы сұлу. Бейшара, бақытсыз қарындасым!.. Аз өміріңді у жұтып өткізген қарындасым! Жауыздар тірідей жерге көмген қарындасым!..

Денем күйді... Жүрегім аузыма тығылды... Көзімнен ыстық жас төгілді... Домбыра да күңіренеді. Зарлайды... Ақырын, жассыз жылайды... Жыла, домбыра, жыла!..

ТҮН ЕДІ

Түн еді. Көкте қаптап бұлт тұрды,
Жел жылап, долы дауыл ұлып тұрды.
Секіріп сары шаш шайтан, жындар билеп,
Әлдекім сылқ-сылқ қана күліп тұрды.

Жапан тұз, отсыз, сусыз бетпақ шөлде,
Жын-шайтан мекен еткен тағы жерде
Жас бала. Жолдасым жоқ, жапа-жалғыз
Мен келе жаттым батып қанды терге.

Көзімнен жас ақпады – қандар ақты,
Табанды тілгіледі тастар қатты.
Қарқылдап қиқу салып қарға-құзғын,
Жалпылдап жүрегімді шоқып жатты.

Шашымды жұлды әлдекім талдап-талдап,
Ыстық жас домалады көзден парлап.
Есіркеген жалғыз жан болды ма? Жоқ!
Жыладым жапан түзде жалғыз зарлап.

Әлдекім: «Тәйт! Шығарма үнің!– деді, –
Сен – бір мал, бір бес байтал – құның,– деді. –
Шоқысын қарға-құзғын жүрегінді,
Тырп етпе, жылама да, күңім!» – деді.

«Ойлама, – деді,– Күнді, сен – мал, күңсің,
Сөксем де, соқсам дағы шыда, көн сен.
Шыдамасаң, қарсы «ләм» деуші болма,
Тұншығып көз жасыңа көміл, өл сен!» –

Деді де сол әлдекім сылқ-сылқ күлді,
Сол күлу жүрегімді жүзге тілді.
Күйік кеулеп, жүрегім от боп жанды,
Жұбатуға сол кезде қайсың келді?!

Ашу кернеп, уланып, жанып іштен,
Жалынған бәріңе де мен емес пе ем?!
Сол уақыт: «Бас жақсысы – пәлен ат!» – деп,
Саудаласқан, ағекем, сен емес пе ең?

Сасық доңыз, жануар, жуан қарын,
Сататын малға Тәңірін, иман, арын,
Тастағандай боламын жүз тілгілеп,
Кеткенде қайнап, ойнап ыстық қаным.

Сүйетін еркелетіп әжем, атам,
«Өміріңше жыла!»– деп бердің батаң!..
Құшақтап қысып, күрсініп жылай бердің,
Сарғайған сорлы болып бейшара апам...

Қыстыгүні боранды ұзын кеште,
Сорлының қасірет-зары сыймай ішке,
«Уһ!» дегенде аузынан жалын шығып,
Отырушы еді қолына алып кесте.

Күрсініп, кестені алып тігуші еді,
Мөлдіретіп көз жасын төгуші еді.
Нәркес көз жасқа толып, шала шаншып,
Кестесін қайта тағы сөгуші еді...

Уф, Алла! Жан болды ма бізден мұңлық?!
Дариға! Не көрмедік, не көрмедік?
Көргенше сонша қорлық, сонша зорлық,
У ішіп, отқа түсіп неге өлмедік?!

Өлмедік! Зар еңіредік, сабыр еттік,
Шашатын алтын сәуле таңды күттік.
Көп күттік, сөгілдік те, соғылдық та,
Сатылдық та, тілекке ақыр жеттік!

Мынау ту кімнің туы? Әйел туы!
Енді әйел азат ұшқан көлдің қуы.
Улаған жанымызды сансыз жылдар
Жойылды бүгінгі күн қасірет уы.

Анау таң кімнің таңы? Әйел таңы!
Бүгінгі күн шын азат әйел жаны.
Соқыр құрт, сасық доңыз, кет жолымнан,
Басар сені төгілген әйел қаны!

ҚАРЫНДАСҚА

Жібек мінез, жігері мол қарындас,
Жүрегінде у менен бал аралас.
Дүние өзгерді, көрмегелі көп болды,
Тәңірі берсін ашық бақыт, ұзын жас.

Қасиетті мақсат алып көңілге,
Таудай талаппен кіріп ең өмірге.
Ұзын жолда ор да, сор да кез келер,
Қарындасым, жасыма да түңілме!

Өмір – өзен, аға бермек сылдырап,
Тұрып болмас жағасында жөн сұрап.

Қамыс бол да, бетінде қалқып аға бер,
Аға алмасақ, бір уақытта дерміз: «Қап!»

Сұм өмірде алданармыз, сүйерміз,
Айрылармыз сүйген жардан, күйерміз.
Қасірет басар, сарғаярмыз, өлерміз,
Көр құшақтап, бір күн кебін киерміз...

Аз өмірде ойын-қырын, көрдім жар,
Талай жандар дос та болды, болды жар.
Асты үс болып, топан неге болмайды,
Өзгеріссіз өмірде не қызық бар?!

Өзгеріссіз өмір сорға айналмақ,
Жүйрік жүрек сұр өмірде байланбақ.
Шын адам сол – ылғи шаттық жырымен
Жүрек қалай қуса, солай айдалмақ.

Мен – жыршы ағаң ешбір уайым білмейтін,
Қажу білмей, қолды көкке сермейтін,
Жігері мол қарындасқа өзіңдей:
«Іс істелік, қане, қолың бер», - дейтін.

Өкпе сөзің қатты тиді жүрекке,
Бұдан былай есімде боп жүреді те.
Аз өмірде ащыласу деген іс,
Ойла, күнім, келе ме екен ретке?

Р... АЛЬБОМЫНА

Себеп не екен? Бастап мені таптыңыз,
Альбомыңызды алдыма әкеп тарттыңыз.
Мен даярмын, рақмет сізге, қарындас,
Ағаңызға көңілді бір іс арттыңыз.

Ай аппақ қой, сізге көңілім айдай ақ,
Сізге деген жүректе жоқ жалғыз тап.
Адал ниет, ақ көңілімді бетке ұстап,
Ақылсымақ сөз айтайын азырақ.

Альбом – жүрек, уақыты жетпей ашпаңыз,
Құлып салып, берік бекітіп тастаңыз.
«Ашылам!» – деп аласұрар жас жүрек,
Белгілі іс, бірақ одан саспаңыз.

Альбом – жүрек, тыныштықты қашырар,
Уақыты жетсе, өзі-ақ бір күн ашылар.
Жүрек сыры белгілі ғой, біраздан
Желі тынып, толқындары басылар.

Альбом – жүрек, көрінгенге бермеңіз,
Дос па, қас па? Бастан байқап тергеңіз.
Дос орнына қас кіргізіп жүрекке,
Бір күндерде өкініште жүрмеңіз.

Альбом – жүрек, жақын достар қолға алар,
Таза жүрек оны оқып толғанар.
«Мен жазайын, мен оқиын!» – деп алып,
Надан жандар кетпес қара тап салар.

Альбом – жүрек, жақсы сақтай көріңіз,
Таза жүрек меруерттен теріңіз.
Ескерісіп жүру үшін өмірде,
Қане, құрбым, қолыңызды беріңіз!

Ж...ға

Өмір – көпір, от үстіне салынған,
Діңгектері зәндем отқа малынған.
Қорқу білме, аяқтарың таймасын,
Ойнап қана өт, шарпу көрме жалыннан!

Қоңыз да бар, доңыз да бар түбінде,
Жоққа алданып, жаным, жерге бүгілме.
Болсын көзің көкте, үмітің алдында,
Бақытты бол, қасірет білме, күлімде.

Төмен ылғи түтін, сасық тұман бар,
Улы жылан, қорсылдаған қабан бар.
Талай жылан арбар, қабан қорқытар,
Қорықпа, арбалма, біріне де болма жар.

Өмір – зәндем, қара бұлтты қара түн,
Естімессің қара өмірде жылы үн.
Ұзын жолда арып, жасың төккенде,
Жұбататын жақын жолдас, жарың кім?

Жақын емес ата-ана, туғандар!
Көз жасыңда олардың не ісі бар?

Соқыр олар, жанған жаның көре алмас,
Жыла мейлің, жан-күй отта, шегіп зар.

Жақын жан сол – жақын болсын жаныңа,
Табынсын ол Тәңірі көріп арыңа.
Ұзын жолда осындай жан ұшыратсаң,
Қарашығым, тезірек ал жаныңа.

Өмір – өзен, сылқ-сылқ күлер, сылдырар,
Қайда ағады, оның жөнін кім сұрар?
Аққан сумен біз де ағармыз, кетерміз,
Ағынға ермей, жағасында кім тұрар?

Өтер жылдар – қайғырармыз, күлерміз,
Өтер жылдар – сарғаярмыз, кеберміз.
Өтер жылдар – қартаярмыз, өлерміз,
Бірте-бірте құрып, шамдай сөнерміз.

Өтер жылдар – ұлғаярсың, өсерсің,
Өмір – көпір, қалайда оны кешерсің.
Өтер жылдар – ақын ағаң жоқ болар,
Рухым риза, мені есіңе түсірсең.

«Аз өмірінде көп уланған, көп сүйген,
Көп алданған, көп жылаған, көп күйген
Ақын ағам болып еді,– дегейсің,–
Жүрегіне өмір оғы көп тиген!»

Иіс шашып, жайнап тұрар түрлі гүл,
Гүл тербетіп кешкі жылы жібек жел.

Күнәсі көп жаны үшін ағаңның
Сол уақытта, қарашығым, дұға қыл!

Әлі жассың, қайғы көрме, бара бер,
Сұм өмірдің күлін көрме, гүлін көр.
Тілегімді келтірем деп орнына,
Қарашығым, қане, маған қолың бер!

Ф...ға

Он екі айдың еркетайы – май келді,
Жұлдыздар да жымыңдады, Ай күлді.
Қалың қардың құшағынан құтылып,
Сылдыр-сылдыр сылдырады – сай күлді.

Күн батқанда қарашы көк жүзіне,
Қызыл алтын сеуіп қойған ба өзіне?
Майдың айы – Күн, Жер-ана – баланың
Елжіресіп табысатын кезі де.

Бүлдіршін боп киінеді қара жер,
Қарап оған көкте анасы елжірер.
Мұны көріп, жақыны жоқ жолаушы –
Күңіреніп, уһілеп жібек жел жүрер.

Өмір осы: аяз қыспақ, қар көмбек,
Сәулесімен жерді сүйіп Күн күлмек.
Бір қарасаң – бетін қара бұлт жауып,
Жайнап, ойнап тұрған көгің түнермек.

Біреу – бала, анасына еркелер,
Біреу – ана, баласы үшін жан берер.
Біреу сүйген, екіншісі сүйілген,
Жас жүрегі аласұрар, жас төгер.

Біреулер – дос, бір-біріне жақын жар,
Ылғи екеу жалғыздықтан шекпес зар.
Біреуі өлсе, екіншісі де өлмекші,
Бір-біріне берік берген анты бар.

Өмір – заман. Жазы да бар, қысы бар,
Талай жанның туғаны бар, досы бар.
Тәңірінің дәрғаһынан қуылған
Жақыны жоқ, досы да жоқ кісі бар.

Көп туса да жапа-жалғыз туған ол,
Жалғыз жылап, бетін жаспен жуған ол.
Жұлдыз, Ай да, Күн де көрмей көгінде,
Жалғыз зарлап, жалғыз сағым қуған ол.

Бір гүл көрсе, шын елжіреп сүйген ол,
Гүл дегені у боп, жанып-күйген ол.
Жаны бірге, ары бірге жан таппай,
Жас жүрегі күлден кебін киген ол.

Мен де жанмын, жапан түзде бір басым,
Жарым да жоқ, досым да жоқ, сырласым.
Аз өмірде көп алданып, у ішіп,
Көп түндерде төктім талай көз жасым.

Ессіз едім – аспанға өрлеп ұшқамын,
Хор дегенім – жер болады құшқаным.
Күле кіріп, жан сырымды біліп ап,
Шыға беріп күңіренеді достарым.

Жақын жан көп, ұғушы жоқ шын жанды,
Сенгіш жүрек талай сенді, уланды.
Туғаны жоқ, тұрағы жоқ жолаушы –
Жел болудан басқа маған не қалды?

Өтер жылдар, ұлғаярсың, өсерсің,
Белгілі бір жолға өмірде түсерсің.
Қуанарсың, қайғырарсың, жыларсың,
Ұзын жолда у да, су да ішерсің.

Көрерсің сен көптің келіп кешкенін,
Жоқтың бар боп, бардың өліп-өшкенін,
Өтер күндер, күн батқан соң күңіреніп,
Жібек желдің ақырын ғана ескенін.

Сол уақытта желге құлақ түргейсің,
Таныстарың есіңе алып, тергейсің.
Туғаны жоқ, тұрағы жоқ жолаушы –
Желге айналған мен екенім білгейсің!

ҒАЗИЗАҒА

Ғазизажан, қарашығым, бауырым,
Жолықтырып дұшпанның бір жауызын,
Сарғаямын қараңғы үйде қамалып,
Ағаң сорлы көрді бейнет ауырын.

Ә дегенде ашу қысып, жанып ем,
Ауыр ойлар басып, назаланып ем.
Мың бейнетпен ұзын күнді өткізіп,
Күнде ертең деп, күте-күте талып ем.

Күндер өтті, жанды жеді абақты,
Қанды сорып, көтертпеді қабақты.
Желдей заулап ескен жүйрік жас жүрек
Көтере алмай қалды сорлы қанатты.

Жан бауырым, қарашығым Ғазиза!
Қарлығашым, келдің ұшып, мен риза.
Сорлы ағанды сағыныпсың, ойлапсың,
Жылар ма едің жүрегіңе ой сыйса?

Сені көріп төбем көкке тигендей,
Маңдайыңнан болдым иіскеп сүйгендей.
Тәңірі жазса, сарғаймаспын, шығармын,
Күнәм жоқ қой қасіретте күйгендей.

Қалың қара бұлт арылып басымнан,
Тәңірі жазса, өш алармын қасымнан.
Жан бауырым, жыламашы егіліп,
Мен садаға мөлдіреген жасыңнан!
Іште жалын, көкіректе қайғы зор,
Аямастан өмір уын беріп тұр.
Сені көру – босанғанмен бір маған,
Еркетайым, анда-санда келіп тұр.

Жолықтырып дұшпанның бір жауызын,
Ағаң сорлы көрді бейнет ауырын.

Тәңіріден ерте-кеш те тілей гөр,
Жан-жүрегім, қарашығым, бауырым!

ЗУҺРА

Зуһра деген қыз бала,
Беті – алма, жүзі – Ай,
Саусақтары күмістей,
Сүмбіл шаш, көзі – құралай.

Түн сайын көкке қарайды,
Ақырын үнсіз жылайды.
«Жарқырап жұлдыз болсам!» – деп,
Жалынып көктен сұрайды.

Көз жасын көк көреді,
Тілегін Тәңірім береді.
Бір түні ұйықтап жатқанда,
Періште көктен келеді.

Тыныш жатқан сәбиді
Оятуға қимайды.
Жұмсақ, жылы ақ алмас
Қанатпен жүзден сипайды.

Көз ашқанша Зуһра қыз
Болды сұлу бір жұлдыз.
Жарқырап нұрын төгіп тұр,
Төкпейді бірақ нұр күндіз.

Ғазиза, сен де, қарағым,
Жақсы оқып сабағың,

Сұлулыққа ұмтылып,
Тәңіріден тілеп, жас төгіп,
Сұра, жалын – Зуһра бол!

ЖАН ЖАРЫМДЫ БІР СҮЙЕЙІН ТҮСІМДЕ

Тұтқын болып, тысқа шығып жүре алмай,
Зарықтым ғой, жан жарымды көре алмай,
Осы күнде алтын сәулем нағып жүр,
Қандай күйде, қайда екенін біле алмай.

Ойлай ма екен тұтқын жарын түн, күндіз?
Жүрек – жара, жасты ма екен қара көз?
Шашын жайып, түн ұйқысын төрт бөліп,
Тілей ме екен: «Жолықтыр,– деп,– Тәңірі, тез!»

Зарлағаным кетті ме әлде далаға,
«Жар» дегенім әлде жапқан жала ма?
Ойыны – ойын, баяғыдай күлкісі,
Мені есіне еріккенде ала ма?!

Қиын боп тұр көзім жасын тыюым,
Қажытты ғой күндіз-түні күйюім.
Оның қалай ойлауында ісім жоқ,
Бұрынғыдан мың есе артты сүйюім.

Айрылам деп алып па едім есіме,
Амал қанша әзелдегі кесімге?!
Тәңірі ием, ұйқы берші тезірек,
Жан жарымды бір сүйейін түсімде!

ӘЙЕЛ

Қылмыстан жазып Тәңіріге,
Қарсы келіп әміріне,
 Қуылды Адам жұмақтан.
«Қайт,– деген,– кара жеріңе,
Бесігіңе, көріңе!» –
 Бұйрық болды бір Хақтан.

Батпас жарық күні жоқ,
Періштелер үні жоқ,
 Айнала – өлім тып-тыныш.
Өткелсіз биік тауы бар,
Есепсіз түрлі жауы бар,
 Қараңғы көрдей қорқыныш.

Жерге түсті жалаңаш,
Көңілде – қасірет, көзде – жас,
 «Кеш, Тәңірі!» – деп сұрады.
Қорықты ма қатты жазадан,
Алда құр жалғыз азадан,
 Зарлады, қатты жылады.

Жерде жалғыз зарығып,
Көктегі жұмақ сағынып,
 Жылады баспай өксігін.
Жасты көріп, Жаратқан,
Ыстық дария боп аққан,
 Ашты рақмет есігін.

Жұмақтың жібек желінен,
Жайнаған мәңгі гүлінен,
 Хош иісін аңқытып,
Күміс кәусар суынан,
Суының алтын буынан,
 Бетінде нұрын балқытып,

Көктің батпас Күнінен,
Періштелер үнінен,
 Жұмақта хорлар лебізінен,
Өз нұрынан нұр бөліп,
Сезгіш, сүйгіш жан беріп,
 Махаббат, рақмет теңізінен,

Жаратты Тәңірі әйелді:
Бастасын деп бар ерді
 Туралық, шындық жолына.
«Адаспассың, азбассың,
Тура жолдан жазбассың,
 Ерсең,— деп,— мұның соңына!»

«Жұмақтан жырақ кетем!— деп,—
Кешілмес күнә еттім!»— деп,
 Жылама зарлап, налыма!
Жолбасшыңнан өрнек ап,
Сенің де көңілің болса ақ,
 Жұмақ даяр тағы да!»

Өтті заман. Жас кепті.
Қорқыныш, қатер, қайғы өтті,
 Ұмытты адам Алласын.

Жауыздың жасы жалған ба ед?
Жауыздық оған арман ба ед?
Жер жұтты ма уағдасын?

Кешегі әйел-періште
Адамды бастар ғарышқа,
Жүзі жарқын нұрлы айдан,
Еңіретіп күң ғып сататын,
Еріккенде ойнап жататын
Болды, қалды бір хайуан.

Енді ежелгі көркі жоқ,
Көргені қорлық, еркі жоқ,
Естисің бе зарлы үнін?
Бұл ісінді қоймасаң,
Әйелмен ылғи ойнасаң,
Жүрмесін көп боп бұл күнің!

З...ға

Жас күннен бірге ойнап, бірге өстік,
Бір жүріп, сабақты да бірге оқыстық.
Есейіп бірте-бірте ес кірген сайын,
Жақындық, арамызда артты достық.

Балалық махаббаты тамашада
Қызарып, ұялысып оңашада,
Бір сағат көрісе алмай тұра алмаушы ек,
Көңілде бір бөтен ой болмаса да.

Жүрсек те жұрт көзінде жай таныстай,
Жақын бір тілдеспей-ақ, хат алыспай,
Көзге көз түскенінде қызарысып,
Бір ауыз сөз айтуға бата алыспай,

Жаз болса, түнде ұйқы көрмеуші едім,
Түн бойы арып-шаршау білмеуші едім.
Есікті ақырын ашып тұрғаныңда:
«Шық, жаным, берірек кел. Мен!» – деуші едім.

Кетуші ек қол ұстасып тура көлге,
Дуылдап жанған бетті ұстап желге.
«Жаным!» деп алма беттен сүйгенімде,
Қызарып, қараушы едің төмен, жерге.

Қытықтап жас жүректі, ойнап жас қан,
Дірілдеп тұрушы едік жанша сасқан,
Мөлдіреп көздеріміз айрылыса алмай,
Ағарып ақ жібектей атса да таң.

Қосылған жас күнімнен жарым едің,
Сүйікті анық досым, жаным едің.
Алысқа, ұзақ жолға шыққанымда,
Сарғайып, мені күтіп қалып едің.

Талпынып, өнер іздеп шетке кеттім,
Кеткенде, аз күнге емес, көпке кеттім.
«Жолдағы жарым қашан келеді», – деп,
Сен сорлы күте-күте қасірет шектің.

Мақсатқа жүре бердім арып-талмай,
Ел-жұртым, сен сәулемді есіме алмай.
Жалғанда дұшпан сөзі жаман екен,
Дариға, болсам керек ұмытқандай.

Шет жерде жалғыз басым сандалыппын,
Сағымды мөлдір су деп малданыппын.
Бағасыз саф алтын деп мысқа ұмтылып,
Жасықты асыл көріп, алданыппын.

Сен сорлы қайғы басып, қасірет шегіп,
Егіліп екі көзден жасың төгіп,
Ақырында ауруға үлкен айналыпсың,
Сарғайып күзді күнгі гүлше солып.

Әуре боп опасы жоқ көңілменен,
Мен кеттім, дегендей-ақ: «Түңіл менен».
Сонда да үмітіңді үзбей, қарай-қарай,
Жан досым, қоштасыпсың өмірменен.

Мен бейбақ тап сол кезде шетте жүрдім,
Есімде еш нәрсе жоқ, ойнап-күлдім.
Бұл күнде қалың ойлар, қайғы басты,
Жан жарым, жоқ екенің жаңа білдім.

Алысқа неге кеттім, елге кетпей,
«Жан жарым, жаныңдамын!» – дерге жетпей?
Жүрегің жанып, қасірет тартқаныңда,
Көл қылып көзім жасын бірге төкпей?

Жан досым, бақытсызбын, бара алмадым,
Бақылдық ауызыңнан ала алмадым.
Көз жасың, қасіретіңе мен күнәлі ем,
Дариға, кешу сұрап қала алмадым.

Күнәсіз ауыр азап шеккен жарым,
Сарғайып күте-күте кеткен жарым.
Ант ішем, міне Құран, міне иман,
Жалғанда сені ұмытып кетпен, жарым.

Өткен күн жеткізбейді, ол бір тұлпар,
Алдымда, тірі болсам, талай күн бар.
Кейде у, кейде кәусар суын беріп,
Жанымнан жылжып ақырын өтер жылдар.

Жолығар ұзын жолда талай адам,
Сұлу да, сүйкімді де, жақсы-жаман.
Іш өртеніп, жүрегім шын елжіреп,
Дәл сендей басқа жанды сүю арам!

АНАМА

Өмірімнің қап-қараңғы түнінде,
Еш не білмес түсім бе я өңім бе?
Оң менен сол, от пенен су айырмас,
Күшсіз, әлсіз, есім білмес күнімде,

Құшағыңа алдың, сүйдің сен, анам,
Ренжу жоқ, барлық сөзің: «Жан балам!»
Ыстық-суық, желге-күнге тигізбей,
Асырап, сақтап, болдың, анам, баспанам.

Түнде тұрып, түн ұйқыңды төрт бөлдің,
Тыныш ұйықтасын деп, аз сөйлесіп, аз күлдің.
Ыңырансам, я қарным аш, я тоңған
Екенімді ойламастан, тез білдің.

«Жаным – дедің, – қарашығым, құлыным»,
Сүйдің, қыстың, дедің: «Тәтті қылығың!»
Қаз-қаз тұрсам, езу тартсам, құласам,
Я жыласам – бәрі жақты қылығым.

Жаным анам – жібек тілді, ақ көңіл,
Жазу болып, шегер болсам ұзын жол,
Шет жерлерде теріс жолдан сақтарға,
Жан балаңа ақ батаңды бере гөр!..

ТҮС

Жарық сәуле, Айды, Күнді көрмеймін,
Жарты өлік, толық өмір сүрмеймін.
Қуанышты, азат жүрген халықтың
Не істегенін, не дегенін білмеймін.

Қор болды ғой қалың қайрат, есіл күш,
Абақтыда қолдан келер қандай іс?
Ұйқы тілеп, көзді зорлап жұмамын,
Амал қанша, жұбанышым жалғыз түс.

ҚАРАҢҒЫЛЫҚ ҚОЮЛАНЫП КЕЛЕДІ

Қараңғылық қоюланып келеді,
Пеш ішінде шоқ ақырын сөнеді.

Қызық көріп жанымдағы жас бала
Сөнген шоқты үреді де, күледі.

Шоқ үстінен кішкене ұшқын ұшты да,
Біразырақ шоқ қызара түсті де,
Дереу сөніп, тезірек күлге айналды,
Астындағы ыстық күлді құшты да.

Пеш ішінде шоқ ақырын сөнеді,
Сөнген шоқты үріп бала күледі.
Ой басты ма? Әлде көзім талды ма,
Мөлт-мөлт етіп көзіме жас келеді.

САРҒАЙДЫМ

Сарғайдым күннен-күнге қуат кеміп,
Қалың ой – қара жылан жүректі еміп.
Ақырын бітіп барам жанған шамдай,
Көзіме ыстық жастар мөлт-мөлт келіп.

Апырым-ай, ауыр болды-ау күнді өткізу,
У жұтып, айдан ұзын түнді өткізу!–
Қозғалып, сөйлеп, ойлап, тірі жатып,
Өлем деп жас өмірден күдер үзу.

Соғасың жиі-жиі, жүрек, неге?
Соққанмен жандана ма солған дене?
Сары су денені улайд тамырларда,
Тазартып, енді оны қан етем деме.

Қалмады көздің нұры, көрге айналдым,
Қараны – ақ, ақты – қара дерге айналдым.
Алмадай пісіп тұрған екі бетім
Қуарып, қаны қашып, күлге айналдым.

Жайылды бар денеме уы дерттің,
Мінекей, екі ай болды жалын жұттым.
Күндіз – Күн, түнде күміс Ай көрмеймін,
Дариға, жаным – азат, денем – тұтқын.

Барады күннен-күнге азап асып,
Өлім тұр анадайда қойнын ашып,
«Қинала түссін әлі!» – дегендей-ақ,
Аяғын, күлімсіреп, санап басып.

Жасаған! Тез алатын ажал жоқ па?
Қинама, тез өлейін, ұшыр оққа.
Шыжылдап дене, шырқырап жан берейін,
Жалыны көкке шыққан түсір отқа!

ЖЕЛ

«Тәңірі ие, атпады ғой таңың!» – деп,
Күңіреніп жатыр тұтқын уілеп.
Естіледі терезеден темірлі,
Тұрса керек тыста жүйрік жел гулеп.

Байқаймын: жел ұзақ жолда жабыққан,
Қасірет басып, Сарыарқадан тарыққан.
Алып келсе керек ауыр аманат
Абақтыдағы азаматқа зарыққан.

Терезеден үйге кірмек болады,
Аманатты қолдан бермек болады.
Жол бермеген қатты қара темірді,
Ызаланып, зуылдап кеп ұрады.

Үй сілкініп, құлағандай болады,
«Жіберші!» – деп сұрағандай болады.
Қуат кеміп, қажыған соң, жүйрік жел
Өксіп-өксіп жылағандай болады.

Дене күйіп, желге құлақ саламын,
Жанып жүрек, көзіме жас аламын.
Жібермейді қара темір қайырымсыз
Еркін дала, Сарыарқамның сәлемін.

«Тәңірі ие, атпады ғой таңың!» – деп,
Күңіреніп жатыр тұтқын уһілеп.
Естіледі терезеден темірлі,
Тыста соғып жел уілдеп тұр гулеп.

САҒЫНДЫМ

Абақтыда айды, күнді жаңылдым,
Сарғайдым ғой, сар даламды сағындым.
«Қарашығым, құлыным!» – деп зарлаған
Алыстағы сорлы анамды сағындым.

Жатқан үйім – қабырғасы қара тас,
Жарық сәуле, жылы күнге жаны қас.
Ауыр иіс, ылғи қара көлеңке
Ерте-кеш те, күндіз-түні арылмас.

Тапал, салқын, тым қараңғы, үңгір тар,
Есігімде мықты қара құлып бар.
Кіп-кішкене терезелер темірлі,
Мұндай үйден кімге естілер ащы зар!

Алтын Күнді, қара жерді сағындым,
Жан жолдасым – жүйрік желді сағындым.
Асау тайдай еркелетіп өсірген
Ағайынды, туған елді сағындым.

Әлдеқайда Күн шығады, батады,
Сорлы тұтқын күңіреніп жатады.
Қарар болсаң терезеден темірлі,
Көздеп тұрған күзетшілер атады.

Ас бола ма сасық сорпа, қара нан,
Алма бетте қалмады ғой тамшы қан.
Қоңырау қағып оятады ақырып,
Тым болмаса сібірлеп те атпай таң.

Бостандықта өткен күнді сағындым,
Желдей заулап кеткен күнді сағындым.
Жыл құсындай ұшсам, қонсам ерікті,
Ойдағыны еткен күнді сағындым.

Абақтының айға баға күні ұзақ,
Жанды жейтін жылға баға түні ұзақ.
Ескі мола ләм дыбыс жоқ, тым-тырыс,
Тық-тық басып күзетші жүр жалғыз-ақ.

Қара жылан – қалың ойлар қаптады,
Шыбын жаным барар жерді таппады.
Ойлар жейді жас жүректі жегідей,
Тәңірі ие, таңың дағы атпады!

Ойыны бір құрдастарды сағындым,
Тілегі бір жолдастарды сағындым.
Келешекке бірге план құрысып,
Сырласатын жан достарды сағындым.

Уға толды жас жүрегім, жабықтым,
Таныс дауыс ести алмай, зарықтым.
Не дегенін, не істегенін біле алмай,
Қор болдым ғой, азат жүрген халықтың!

Құшақтарға жанымда жоқ жақын жан,
Басқа шапшып, мазаны алды ыстық қан.
Жалындаған жас жүрекке не пайда
Дене күйіп, бір жатып, бір тұрудан?

Жүрегіме жақын жанды сағындым,
Жібек мінез, хордай жарды сағындым.
Айрыларда күншығыстан ағарып
Ақ жібектей атқан таңды сағындым.

Не көрсем де, алаш үшін көргенім,
Маған атақ – ұлтым үшін өлгенім!
Мен өлсем де, алаш өлмес, көркейер,
Істей берсін қолдарынан келгенін!

Қалың елім, қалың қара ағашым,
Қайраты мол, айбынды ер алашым!
Өзі-ақ құлар, сырың берме, сабыр қыл,
Ақымақтар байқамаған шамасын.

Қазағымды, қалың елді сағындым,
Сарыарқамды – сайран жерді сағындым.
Балдай бұлақ, мөлдір күміс көбікті
Арқадағы айдын көлді сағындым.

Қуанышта: «Әй сені ме!» – дегендер,
Күйініште мен үшін уайым жегендер,
Құтылу қиын – басқан адым аңдулы,
Тізіп қойып, ертеңді-кеш түгендер.

Тәңірі ие, өзің алшы панаңа,
Тас бауырлар зарға құлақ сала ма?!
Баласынан тұтқын болып сарғайған
Кім жеткізер сәлемімді анама?

Абақтыда айды, күнді жаңылдым,
Сарғайдым ғой, сар даланы сағындым.
«Қарашығым, құлыным!» – деп зарлаған
Алыстағы сорлы анамды сағындым!

ЖЕЛ

Жел – тым тентек бір бала,
Жан сүйгені – сар дала,
Дамыл алмай жүгіред.

Ерні өтірік қыбырлап,
Сыр айтқан боп сыбырлап,
Кейде аң боп өкіред.

Желге еш нәрсе тең емес,
Тау да жолын бөгемес,
Сақ-сақ күліп секіред.
Жүйрік желім тым сотқар,
Біреу бетін жапса егер,
Әдейі бетке түкіред.

Мазасы жоқ жел ерке,
Оянып ап тым ерте,
Жорғалай басып кетеді.
Тыныш жатқан түс көріп
Көлдің бетін кестелеп,
Оны әуре етеді.

Кәрі орманды оятып,
Бірдеңе деп жұбатып,
Жымиып күліп өтеді.
Жұрттан ойын жасырып,
Алқынып өзі асығып,
Қарақат көзге жетеді.

Дем ала алмай асығып,
Күрсініп ауыр, бас ұрып:
«Саған, сұлу сәулеге
Келдім ұшып, ғашықпын.
Бір сүйеге асықпын,
Мойның бұр мендей әуреге!» –

Деді де, сүйіп көзінен,
Шашы, алма жүзінен,
 Қол жіберді кеудеге.
Бақыттысың, еркежан!
Уа, дариға, Жасаған,
 Жел емеспін мен неге?!

БАЛАНЫҢ ҚАБІР ТАСЫНА

Қайғырмаңдар бұл бөбекті өлді деп,
Жас қызыл гүл мезгіл жетпей солды деп,
Бақыты жоқ сорлы ата-ананың
Жанар-жанбас шамшырағы сөнді деп.

Өлгені емес, жерді тастап кеткені –
Шын бақытқа ерте бастан жеткені:
Ізгі оймен жайлы жаннат төрінен
Орын алып, ата-анасын күткелі!

ӨМІР

Адамға берген Тәңірі өзі аз өмір,
Бұйрығы: «Жаса дағы, жерге көміл!»
Бірде мұз, бірде жалын, бірде дауыл,
Құбылған өмір – сынап, бейне көңіл.

Жайнаған жаз көреді адам алдын,
Өткен күн – көңілсіз күз желді, салқын.
Қуаныш қайғыменен қатар жүрмек,
Болмайды толық минут жүзі жарқын.

Іңгәлап, аузын ашып, жылап түсер,
Төменге биік таудан құлап түсер.
Денесін дал-дал қылар қия тастар,
Шұқырға сол жылаумен сұлап түсер.

Дуа етер – сорлы адамды әуре етер,
Көз ашып-жұмғаныңша жоқ боп кетер.
Қылғанша әуре-сарсаң сорлы құлды,
Тәңірі ием, жаратпасаң, онда нетер?!

ӨМІР

Мана көкті қаптап еді қара бұлт,
Күн күркіреп қорқытып, ұшырып құт:
Көк тұнжырап мұңайып, қабақ жауып,
Көз ашқанда аспанда жарқылдап от.

Бұрқыратқан екпінді дауыл еді,
Сабап құйған жиіркеніш жауын еді.
Қорқып-сасып, жан-жануар есі шығып,
Бәрі-ақ іздеп баспана тауып еді.

Бұлт айықты, көк жүзі болды ашық,
Бар нәрседен қайғы-мұң кетті қашып.
Күн сәулесі жер жүзін құшақтады,
Қосылуға қашаннан болған асық.

Бейне алтындай көкте бұлт тұр ғой жайнап,
Енді жел жоқ мазалар оны айдап,

Жанға рақат гүлдерден хош иіс аңқып,
Жан беріп кең далаға, құстар сайрап.

Өмір осы – бірде ол болар бұлтты,
Қатты желді, дауылды, кейде отты.
Құрып дымың, қайғырып, жас төгерсің,
Бұлт ашылар – қайғының бәрі бітті.

ТОЛҚЫНДАП ОЙНАП

Толқындап ойнап, құтырып,
Көбігін шашып өкіріп,
Шапшып көкке лепіріп,
Қара көк өмір дариясы
Сақылдап күліп: «Кел!» – деді,
Келіп ем, кешу бермеді.
«Не керек, – деп тергеді, –
Сарыарқаның сарбазы?»

Жас балапан жүрегім,
Десе де табам керегін,
Көріп теңіз тереңін,
Қайғыға батты тұнжырап.
Алтын үміт үзілді,
Тәтті қиял бұзылды,
Көкке тіктім көзімді,
Жұлдыздардан жол сұрап.

Көгінде – бір қара көк
Тұңғиық теңіз түбі жоқ,
Ойнап тұрған көзі көп,

Не деп жауап береді?
Көк – бір дария қара көк,
Жұлдыздан әлі жауап жоқ,
Іште жалын, жүрек – шоқ,
Дариға, жаным өледі.

САҒАТ

«Шық-шық!» деп соғып тұр
Тоқтаусыз бұл сағат.
Дүниеде неғып тұр
Адамзат бір сағат!

Сорлы адам туғанда,
Сұм жалған көңілі шат.
Көз ашып тұрғанда,
Көрінер оған жат.

«Шық-шық!» – деп жүз шытар,
Есіктен кірместен.
Сорлы адам тез жытар,
Дән рақат көрместен.

Мінеки, бұйырып тұр
Бұл сағат деп: «Шық-шық!»
...мойның бұр,
Сен де шық, сөзін ұқ!

АУРУ

«Дәрігер, дәрі, бақсы!» – деп,
Алмаңдаршы мазаны.
«Тірліктен өлім жақсы!» – деп,
Сұраймын өзім қазаны.

Дене ауырса, дұрыс-ақ,
Дәрігер, бақсы ем қылар.
Жан ауырса, ойлап бақ,
Жанға емді кім қылар?

Уланды жүрек, жан күйед,
Ішім толған қызыл шоқ.
Не себептен, Тәңірі ие,
Денеге ем бар, жанға жоқ?!

ЖҰЛДЫЗДАРҒА

Көктің сансыз көздері,
Алдамаңдар ойнақтап.
Шақырғанмен бара алман,
Бұлт, тез шық та, бетін жап!

Қара жерден кете алмас
Мен бір сорлы байлаулы:
Жердің жауыз желімен
Ерсіл-қарсыл айдаулы.

Амал не көнбей? Сонда да
Бір өкпем бар Аллама:
Сезгіш жүрек, ұшқыр жан
Неге бердің пендеңе?!

Жаратқан соң жерден сен,
Берсеңші жердей тыныш жан.
Болар іс болды. Сұраймын:
Не дейді, білдір, бұл аспан?!

ЖАЗҒЫ ТҮНДЕ

Судай сұлу қара көз
Сүйгеніне берген сөз:
Белгілі жерде табылмақ
Қараңғы жаздың түнінде.

Жатқызып тегіс үй ішін,
Қысып сүйді сіңлісін.
Сырлас тете бауырдан
Айрылу жеңіл ме?

Алдыңда алтын бағың бар,
Жолдасың – шын сүйген жар.
Баққа аяқты батыр бас,
Күрсінбе, сұлу, егілме!

Буыныңнан хал кетіп тұр,
Тыста жарың күтіп тұр,
Ақ көйлегің көлбеңдеп,
Шық тезірек, бөгелме.

Шыққанда қорқып-сасқаның,
Дірілдеп түсің қашқанын
Асығып күткен жарыңа
Білдірме, сұлу, күлімде!

Мініп жігіт жүйрігін,
Тұмарлап кекіл-құйрығын,
Іңірден келіп күтіп тұр,
Серттен таяр ерің бе!

Жігітте арман қалды ма,
Алды жарын алдына.
«Шуу!» деп шауып жөнелді,
Бір қолы сұлу белінде.

Ақ көйлектің етегі
Көтеріліп кетеді.
Орынсыз жерде ойнайтын
Тым жеңіл ғой желің де.

Жігіт жарын құшады,
Қолдан тізгін босады.
Сенді саған екеуі,
Енді, жүйрік, сүрінбе!

Жетсін жастар ауылға,
Ұрынбасын жауынға.
Алдарында бір-ақ бел,
Таң! Тұра тұр, білінбе!

КӨКШЕТАУ

Аспанменен тірескен,
Тәңіріменен тілдескен
Көкшетауым біп-биік.
Қою қара көк бұлт
Жайнап, ойнап, құлпырып,
Көкшетауды тұр сүйіп.

Көкшетаудың көзі жас,
Ылғи мең-зең, айнымас
Қалың тұман мұнардан.
Инелік өтпес жіп-жиі,
Оқтан түзу тал бойы
Қарағайға оралған.

Әлдеқайда, биікте
Төніп төмен – киікке,
Қанды көзді қыран жүр.
Мен де Мұса болар ем,
Тілдестірсе Тәңірімен,
Көкше маған болып Тор.

Құшам Мұса аяғын,
Өлеңім – ізгі таяғым,
Көкшеге мен де шығамын.
Аяқ басып Арсыға,
Жүгіріп барып қарсына,
Тәңірімнің тілін ұғамын.

ТОЛҚЫН

Толқыннан толқын туады,
Толқынды толқын қуады,
Толқынмен толқын жарысад.
Күңіренісіп кеңеспен,
Бітпейтін бір егеспен
Жарысып жарға барысад.

Толқын мен толқын сырласып,
Сырларын еппен ұрласып,
Толқынға толқын еркелеп,
Меруерт көбікке оранып,
Жыландай жүзге бұралып,
Жарға жетер ентелеп.

Ерке бала былдырлап,
Сылдыр, сылдыр, сылдырлап,
Толқынды толқын қуады.
Күміс кәусар суымен,
Суының алтын буымен
Жарының бетін жуады.

Мөлдіретіп көз жасын,
Жасымен жуып жартасын,
Сүйіп, сылқ-сылқ күледі.
Жылағаны – күлгені,
Күлгені оның – өлгені,
Жылай, күле өледі.

Сылдыр, сылдыр, сылдырлап,
Бірінің сырын бірі ұрлап,
Толқынды толқын қуады.
Жарына бал береді,
Береді де өледі,
Өледі толқын, тынады.

ҚАЙЫҢ

Қайғылы қайың!
Аяныш жайың.
Сыбырлайсың,
Дірілдейсің,
Еңкейесің,
Күбірлейсің,
Ызғарлы жел
Соққан сайын.
Үскірік аяз
Болғандай аз,
Қар да басқан,
Кебінге ұсап.
Сүйекке өтер
Суық құшақ...
Қашан, қайың,
Жетеді жаз?
Суға қанып,
Жапырақ жарып,
Күн болар ма
Шайқалатын?
Жылы желмен

Жайқалатын?
Құс даусына
Құлақ салып...
Қайғылы қайың!
Қалың уайым
Басқан сені,
Жазды ойлап.
Тұр үскірік
Боран ойнап...
Жасыңды исін
Бір құдайың!

ҚЫСҚЫ ЖОЛДА

Қараңғы түн, сар дала,
Көрінбейді айнала.
 Боран соғып тұр борап,
 Жолды басқан құр сорап.
Астымдағы жануар
Құлағын қайшыландырып,
 Зорға борт-борт желеді.

Ызғарлы жел долданып,
Екі иінінен дем алып,
 Ішін тартып осқырып,
 Кейде қатты ысқырып,
Аңдай ұлып бір мезгіл,
Екі санын шапақтап,
 Біресе сақ-сақ күледі.

Кейде кенет баяулап,
Жер бауырлап жаяулап,
 Аузы-басы жыбырлап,
 Асып-сасып сыбырлап,
Жерді жапқан кебінді
Сүйіп ақырын құшақтап,
 «Әпсүн» оқып үреді.

Барады үдеп бұл боран,
Жанымда жоқ тірі жан.
 Тоңазыды денем де,
 Адаспай, дұрыс келем бе?
Қорқып, жүрек ойнайды,
Көз алдыма елестеп
 Өлденелер келеді.

Боранын Тәңрім ашпады,
Жол білінбей бастады.
 Көрінген бір жарық жоқ,
 Босаңсиды Қаракөк...
Сар далада адасып,
Суық кебін жамылып
 Қалармын, кім біледі.

ЖАЗҒЫ ЖОЛДА

Дала. Дала. Сар дала!
Жапан түзде бір қара –
 Келем жалғыз, жаяумын.

Жаныма ерген жолдас жоқ,
Төрт жағым дала – жер де көк,
Жылауға да таяумын.

Шілде. Оттай ыстық күн.
Дала – өлік. Жоқ бір үн.
Жер де жатыр тұншығып.
Жол жыландай иірілед,
Шаң ерініп үйірілед.
Ешбір леп жоқ, тып-тымық.

Көкте жалғыз бұлт жоқ,
Көктің түсі қызғылт көк.
Дүниені тылсым билеген.
Ыңыранғандай әлдекім,
Жылай ма екен әлде жын?
Перілер ме күйлеген?

Созылып ұйықтап бел жатыр,
Төсін керіп көл жатыр
Тыныш, тәтті түс көріп.
Суға – айнаға қаранып,
Салқынша леппен таранып,
Қамыс та тұр тербеліп.

Толқынға толды төрт жағым,
Әлде жүрген бұл сағым
Көл ме көшкен? Шаһар ма?
Мұз көк темір киініп,
Найзасын көкте үйіріп,
Әскер жауға шабар ма?

Ақ бұлттар тұр жусап,
Күңіренеді жер сусап,
Алыстан ақырын Күн күлед.
Қызыл жүзді гүлдерді,
Бұраңдаған белдерді
Сүйемін деп күйдіред.

Айнала – өлім, ешбір үн...
Жапан түзде жалғызбын.
Перісі неге келмейді?..
Денесі аппақ, жалаңаш,
Көкпеңбек көз, сары шаш
Сақ-сақ неге күлмейді?

Сыбдыр-сыбдыр жүргендей,
Сылқ-сылқ қана күлгендей,
Көрінбей неге билейді?!
Жібектей жетпіс оралып,
Жыландай жүзге бұралып,
Бетімнен неге сүймейді?!

Жол жыландай иірілед,
Шаң ерініп үйірілед,
Ешбір леп жоқ, тып-тымық.
Аңсап, есім жия алмай,
Көзімнің жасын тыя алмай,
Өлсем екен тұншығып!

ЖАЗҒЫТҰРЫМ

«Болды, міне, дәл алты ай,
Жаттың ұйықтап, еркетай.
Ұйқың қанды, тұр, қозым,
Аш көзіңді, жұлдызым!» –
Деп маңдайдан ақырын
Жұмсақ, жылы сәулемен
Сипап жерді, Күн күлер.

Аяқтарын көсіліп,
Еркеленіп, есінеп,
Жер – нәресте жас бала
Жаңа оянып жатқанда,
Жұмсақ, ыстық бетінен
Тәтті ғана сүйсем деп,
Күбірлеп жылы жел жүрер.

Дамыл алмай жылар қар,
Ақ шымылдық ашылар.
Сылқ-сылқ күліп сылдырлап,
Бірдеңе деп былдырлап,
Көрінгеннен шүйінші
Сұрайтын жас баладай
Асығып сулар жүгірер.

Керіліп ерке жер тұрар,
Мөлдір сумен жуынар.
Үлде менен бұлдеге,
Түрлі түсті гүлдерге,
Ши жібекке оранып,
Қарағанда көз тоймас,
Бүлдіршіндей киінер.

Көріп сұлу баласын,
Көз ішінде қарасын,
Қуанып, тасып жүрегі,
Қысып, ыстық сүйеді.
Ұзын күнде ару жоқ,
Періштем деп айналып,
Алтын ана Күн жүрер.

Мұны көріп бұлттар,
Күңіреніп етер зар:
«Біздерде алтын ана жоқ,
Қысып сүйер бала жоқ,
Тұрақ та жоқ белгілі!» –
деп тұнжырап күрсініп,
Әлсін-әлсін жас төгер.

ЖАЗ КЕЛЕДІ

Жел жалығып, хал жиып,
Қалғып қана тербелед.
Жұмсақ қана жымыып,
Жібек қанат жаз келед.

Көк алтынға көмілген,
Ауаға алтын себілген.
Алтын емес себілген,
Жаздың шашы төгілген.

Әне, ерке жаз келед,
Ал, балалар, қараңдар.

Ойнап, алтын шаш беред,
Ал, балалар, тараңдар.

Қайғылансын, күрсінсін!
Енді ұзамас, ерір қар.
Еркетай жаз бір күлсе,
Күлмей, шыдап кім қалар?

Сұлу жаздың лебізі
Қар түгіл, мұзды балқытар.
Көл, өзенін, теңізін
Ойнатар, бәрін шалқытар.

Төл үйдегі үйшікті
Таста, бала, белді бу.
Белден батып күртікке,
Енді ізде қызыл су.

Баланы күміс дауыстан
Кім тоқтатар, кім тыяр!
Ерке жаз да алыстан
Жұмсақ қана жымияр.

Қаракөз, таста кестенді,
Үйде отырып қуарма.
Тысқа шығып-кіргенде
Екі бетің – екі алма.

Дертің болса жүректе,
Төкпе жасың, аһ ұрма.
Жеткізер анық тілекке,
Шық та жазға сыбырла.

Жұмақ нұрлы жаз келед,
Алтын жүзді, алтын шаш.
Ағаштар ақырын теңселед,
Жанды-жансыз бәрі мас.

Күн батқан соң, қатқақ боп
Қуанғанда ессіз қар,
«Жаз келеді, жаз, жаз!» – деп,
Жымындайды жұлдыздар.

Алтын сәуле тұр сүйіп,
Жел маужырап, тербелед.
Жұмсақ қана жымыып,
Жібек қанат жаз келед.

СЕҢ

Сары аяз – сүйген жар
Қайрылмай кеткен соң,
Қайратсыз қалың қар
Жылаумен біткен соң;

Жел сипап, Күн күліп,
Мазақ қып сүйген соң;
Боларын бір сұмдық
Ішінен түйген соң;

Қалың мұз кәрленіп,
Қара көк түс алды.
Еруге арланып,
Кетпекке ойланды.

Бұзыла-жарыла,
Антұрған аптықты.
Өзеннің жарына
Асығып соқтықты.

Барында шамасы,
Суыққа қашпақшы.
Мұз теңіз – анасы
Құшағын ашпақшы.

Өткен соң жаз алты ай,
Ашуын жимақшы.
Өзенді еркетай
Ойыннан тыймақшы.

Қалың мұз қара көк,
Ойлама құр бекер
Суыққа жетем деп,
Ыстық күн ерітер.

ЖИІЛЕНДІ ҚАРА ОРМАН

Жиіленді қара орман,
Қарағай, қайың аралас.
Мәңгі мылқау кәрі орман,
Көктегі күнмен шамалас.

Аппақ кебін бүркеніп,
Мылқау орман түс көред.
Жел ыза боп өртеніп,
Әпсүн оқып үшкіред.

Мәңгі мылқау кәрі орман,
 Былқ етпейді, түс көред.
Жел мінезді ессіз жан –
 Маған түрлі ой келед:

Ұйықтасам мен орман боп,
 Тәтті-тәтті түс көріп.
Бетімнен тұрса жел жүріп,
 Әпсүн оқып үшкіріп.

МАХАББАТ НЕ?

Махаббат – бір тікенек,
Жүрекке барып қадалар.
Бақытсыз ғой бұл жүрек,
Тамшылап одан қан ағар.

Тез жазылмақ бұл жара,
Бал тілімен сүйсе жар.
Сүймесе жар, дариға,
Өлер жүрек, қансырар.

Махаббат – бір тәтті у,
Ішер жүрек, болар мас.
Дүниедегі у мен шу
Мас жүректі оятпас.

Махаббат – бір тәтті у,
Ішер жүрек, төгер жас.

ШЫЛЫМ

Қолда шылым
Тартып күлін
Түсіремін табаққа.
Кейде ұмытып,
Түтін жұтып,
Жіберемін тамаққа.

Өмір – бұлақ,
Үміт – құрақ,
Жүзейін деп түсемін.
Дәл түсерде,
Су кешерде,
Ұмытып су ішемін.

Кейде ұмытып,
Түтін жұтып,
Шашаламын, жөтелем.
Өмір – құрақ,
Үміт жырақ,
У ішемін де өлем.

АЛЕКСАНДР БЛОК

Александр Блок –
Мәңгі жас жүрек
Үмітін бір үзбеген.
Батып алтын ойға,
Талмай қарап Айға,
«Әдемі әйел» іздеген.

Көрінер деп күнде,
Табылар деп түнде,
Шарқ ұрудан талмаған.
Александр Блок –
Мәңгі жас жүрек,
Қай жерге ол бармаған!

«Әдемі әйел» – идеал,
«Әдемі әйел» – бір қиял
Блоктың басын байлаған.
«Әдемі әйел» – бір гүл,
Блок – бір бұлбұл,
Блок – бұлбұл сайраған.

Сайраған Блок,
Ойнаған жүрек –
Кейде үміт, кейде зар.
Өтеді өмір,
Бітеді жыр,
«Әйелден» бірақ жоқ ошар.

Күндерде бір күн,
Түндерде бір түн
Улы балды бітті жыр.
Төсекте Блок
Көз ашып көред –
Алдында бір кемпір тұр.

«Әдемі әйел» – идеал,
«Әдемі әйел» – бір қиял,
Идеал, қиял - бір сағым.

Жанады жүрек,
Жылады Блок,
Көріп сөнген шырағын.

«Әйел» – идеал,
Кемпір – ажал
Тұр Блокқа үңіліп.
Сөнді енді өмір,
Бітті енді жыр,
«Әйел» қалды жыр болып.

Н... АЛЬБОМЫНА

Өтеді өмір –
Жүрекке шер байланды,
Өтеді өмір –
Жүрек көмірге айналды.
Өтеді өмір,
Бітеді жыр.
Жүрек – күл.
Жырсыз жырау,
Тиіп қырау – солды гүл.

Бұлбұл гүлсіз,
Бұлбұл үнсіз – жай бір құс.
Айсыз, Күнсіз,
«Гүлсіз», үнсіз – өмір бос!
Бота көзді,
Жібек сөзді ғарышқа
Кетті ұшып,
Зарды құшып алыста.

Қалдым жалғыз,
Тірі жансыз, күңіренем.
Шер шегемін,
Кеңесемін мұңменен.
Досым жырақ,
Сөнді шырақ.
Сөнемін.
Сөнеді Ай,
Мен де ұзамай өлемін.

Батады Ай,
Батады ой.
Мен батам.
Кірсіз Айым,
Еркетайым, ақ батам:
Өмір – сағым,
Сен, қарағым, сағым қу.
Сағым сумен,
Алтын бумен жаның жу!

Өмір – дала,
Сен – бір бала, сайран ет,
Гүлдер жиып,
Сәуле сүйіп, ойнап өт!
Қырға шықсаң,
Тілін ұқсаң, жел жылар.
Жер жыламас,
Жел жыламас, ел жылар.

Күні батып,
Қайғы батып, ел жылар.

Ерке бала,
Сен де жыла, шегіп зар.
Жоқ, жылама,
Зар сұрама, күл, күнім!
Ой деген не?
Оны білме сен, гүлім!..
Мен де жас ем,
Мен де мас ем, жел едім.
Өтті өмір,
Жүрек – көмір. Өлемін...

АЛДАМШЫ ӨМІР

Алдамшы өмір ылғи ғана у береді,
Өмір шіркін шамдай ақырын сөнеді.
Қара қайғы қалыңдады тым бүгін,
Мөлт-мөлт етіп көзіме жас келеді.

Өмір шіркін шамдай ақырын сөнеді,
Алтын үміт тотығады, өледі.
Кешегі күн – қойнымдағы сұм қиял,
Бүгін алыс менен, сылқ-сылқ күледі.

Өмір шіркін бықсып ақырын сөнеді,
Үміт шіркін тотығады, өледі.
Өледі үміт, мен де ұзамай өлемін,
Сокқы жеген сорлы жүрек біледі.

Өмір шіркін көз алдымда сөнеді,
Қиял – алыс, келемеж ғып күледі.

Өмір сөнед, үміт өлед, не қалды?
Мөлт-мөлт етіп көзіме жас келеді.

АЙРЫЛҒАНДА

(Г...ге)

Бір жыл болды сені сүйдім, уладым,
Бауырыңа алдың, неге мені кумадың?
Ессізбін мен: айрылуды ерте ойлап,
Қанды жаспен көзім неге жумадым?!

Сүйдің мені, басқа жанды көрмедің,
Жасың төктің, қадіріңді білмедім.
Мөлдіреген шын меруерт жасыңнан
Садаға боп, сорлы, неге өлмедім?!

Білдім: бүгін мені тастап кетесің,
Күміс көбік Ақ Еділден өтесің.
Бота көзім, өлтіріп кет қолыңнан!
Тірі тастап кетіп мені нетесің?!

Көріскенше қош бол енді, бер қолды...
Қалтырайсың, қолым, саған не болды?..
Жазуға енді, Гүлім, халім қалмады...
Көзіме жас, жүрегіме у толды...

КҮЗДІ КҮНІ

«Есіл жазым өтті,– деп,–
Бәйшешегім кетті!» – деп,
Санадан жүз сарғайып,

Қасіреті мол жас зайып
Қараңғы ұзын түндерде
Үстіне қара жамылып,
Күрсініп жер жылайды.

Бұзылып түсі аспан-көк,
Ашулы ауыр үһілеп,
Бүркеніп сұр бұлттар,
Жүрегі жара алыс жар
Қайғы басып, қиналып,
Жерге қарап, жарына
Көзінің жасын бұлайды.

Балапан нәзік жас қайың,
Соққан суық жел сайын,
Бүрсиіп, сорлы, дірілдеп,
Ақырын ғана күбірлеп:
«Сұбханалла, Сұбхан!» – деп,
Жасағанға жалынып,
«Жәрдем бер» деп сұрайды.

Күшті, жуан қара ағаш,
Жапырақсыз, жалаңаш,
Өмірде беті қайтпаған,
Ешкімге сырын айтпаған,
Тура келіп тағдыры,
Долы дауыл кез келіп,
О да бір күн құлайды.

Жалғыз жатып ойланам,
Күңіренемін, толғанам:
Балдан тәтті өмір не?
Қорқынышты өлім не?
Жалынды жүйрік жас жүрек
Неге ақырын сөнеді?
Бұған жауап кім табар?

Жастық өтіп, қартайып,
Қан сары су боп сарғайып,
Сүмбіл шашым қуарып,
Алма жүзім суалып,
Мен де сорлы бір күні
Қоштасармын өмірмен...
Өлмей, мәңгі кім қалар?!

Құласа күшті қара ағаш,
Қыс өтіп, тағы жетсе жаз,
Жас балапан қайыңдар,
Оларда не уайым бар,
Өткендерді еске алып,
Бұралып жас сұлудай,
Қосылысып ән салар.

Өмірмен тәтті қоштасып,
Өліммен қол ұстасып,
Үстіме топырақ үюлі,
Суық көрде көмулі,
Қара жерді құшақтап
Жатқанымда мен сорлы,
Мені есіне кім алар?!

«БОЛСА ГҮЛСІЗ...»

Болса гүлсіз,
Бұлбұл үнсіз,
 Үнсіз бұлбұл – бір сұр құс.

Үнсіз өмір –
Сөнген көмір,
 Отсыз жүрек – бос қуыс.

ОЙ

Ой деген – у,
 Ауызға алсаң, қандырад.
Ой деген – у,
 Жанды есінен тандырад.
Ой деген – у,
 Ішсең мас боласың.
Ой деген – у,
 Ішесің де соласың.

Ой – бір теңіз,
 Қап-қара боп тебіренед.
Ой – бір теңіз,
 Толқынданад, күңіренед.
Ой – бір теңіз,
 Шетсіз, түпсіз, тұңғиық.
Ой – бір теңіз,
 Жан түседі, жан қиып.

Ой улады,
Жаным ессіз, жаным мас.
Ой улады,
Жүректе зар, көзде жас.
Ой улады,
Көмір болды жүрегім.
Ой улады,
Сарғаямын, сөнемін!

ЖАН СӨЗІ

Өмір – теңіз, жоқ оның түбі, шеті,
Сылқ-сылқ күлген сиқырлы толқын беті.
Осы өмірге кіргелі көп күн болды,
Енді бір ай – толады жиырма жеті.

Мен жоқ едім, бар қылып анам тапты,
Содан бері Күн талай шықты, батты.
Ес білгелі алысам өмірменен,
Өмір – теңіз, толқыны тым көп қақты.

Мен туғалы ағарып көп таң атты,
Қараңғылық жер бетін талай жапты.
Ес білгелі алыстым жүрекпенен,
Ырық бермеді, қаңғырды, ол не тапты?

Ессіз жүрек туады, бермеді ырық,
Ақыл сорлы ере алмай, қалды тұрып.
Ессіз жүрек, бөгелші біразырақ,
Үңіліп отыз тұр ғой, арты – қырық.

Өміріңді екі қылмай орындадым,
Есімде отқа, суға ұрынғаным.
Өтті жылдар, жапанда жалғыз қаппын,
Өмірімді осынша улап, не қылғаның?!

«Жел бол!» – дедің, жел болып еспедім бе?
Уақыт талғап, ерте я кеш дедім бе?
Желдей жынды есалаң екпінді боп,
Заулап тұрған отқа өзім түспедім бе?!

«От бол!» – дедің, от болып жанбадым ба?
Күйдірмей, сірә, нәрсе талғадым ба?
Күлді де алдым құшаққа, гүлді де алдым,
Мынау – «күл», мынау – «гүл» деп таңдадым ба?!

«Су бол!» – дедің, сылдырап ақпадым ба?
Жыландай жүз бұралып жатпадым ба?
Ерікті-еріксіз суымнан татар жанды
Сиқырлап сылдырменен таппадым ба?

«Күн бол!» – дедің, мен күндей күлмедім бе?
Күннен де астым, мен «күндіз-түн» дедім бе?
Күн – тәкаппар. Мен көппен құшақтастым,
Бұл ісімді күндікке мін дедім бе?

«Ай бол!» – дедің, Ай болып жүзбедім бе?
«Әпсүн» оқып, жер жүзін кезбедім бе?
Анадайдан сиқырлы сәуле төгіп,
Талайлардың өзегін үзбедім бе?

Сен: «Сүй!» – дедің, талайды сүймедім бе?
Көбелек боп көп отқа күймедім бе?
Тірілгенім болмаса, өлгеннен соң
Мен талай күлден кебін кимедім бе?

«Жыла!» – дедің, талай жас төкпедім бе?
Дария болды көз жасым, көп дедім бе?
Жасым бітсе, қып-қызыл қан жыладым,
«Жыламаймын, көзде жас жоқ», – дедім бе?!

«Ата-анаңнан без!» – дедің, безбедім бе?
Қаңғырып, талай жалғыз кезбедім бе?
Басыма талай қара күндер туды,
Ата-ана, туысқан іздедім бе?

«Елің тастап кет!» – дедің, кетпедім бе?
Жер шетіне барсам да шет дедім бе?
Жыландай бауырына кіріп алып,
Қалайда жатты жақын етпедім бе?

«Дәулеттен қаш!» – дедің сен, қашпадым ба?
Қойнымды жоқшылыққа ашпадым ба?
«Нәжісті – доңыз, сүйекті – ит жияд» деп,
Барымды желге ұшырып, шашпадым ба?

«Жоқты іздеп тап!» – дедің сен, таппадым ба?
Сен: «Айға шап!» – дегенде, шаппадым ба?
Не керек! Бар бұйрығыңды орындадым,
Сұм жүрек, сол қызметімді ақтадың ба?

Ақтамадың, алдадың, енді білем,
Енді бір ай – жиырма жеті жасқа келем.
Отыз, қырық... Қартаям, сөнем, өлем...
Еліме есебімді не деп берем?!

Енді бір ай – жиырма жеті жас толады,
Отыз, қырық... Сарғаяды, жүз солады.
Жыл соңынан жүгіріп, жыл озады,
Кеудеге күн-күн сайын шер толады.

Ессіз жүрек аспанға қол сермеді,
Ессіз жүрек ақылға жол бермеді.
Жастық – у ғой, айнымай у ішіппін,
Бұл күндерде кеудені ой кернеді.

Ақылға кеш айналдым, қараң күнім,
Бір күні құшағына алар өлім.
Қара жерді құшақтап мен жатармын,
Сол кезде не деп мені сынар елім?

«Жел еді, желді жыр ғып өтті!» – дер ме?
«Есалаң, сүйіп еді шоқты!» – дер ме?
«Ойы жоқ, ессіз отты Тәңірі көрген,
Түншығып жат, есерім!» – деп күлер ме?!

Болмаса: «Қызыл гүл ед, солды!» – дер ме?
«Сермеп ед алтын Айға қолды!» – дер ме?
«Қажымай, Айға шапқан арыстан ед,
Сабаз-ай, сол жолда мерт болды!» – дер ме?

«Күн еді – өмір бойы күлді!» – дер ме?
«Күн еді – сүймеуші еді түнді!» – дер ме?
«Күн еді, Күндей айқын күле білді,
Сол күлумен ақырда өлді!» – дер ме?!

«Сұлулықтың асығы – жыршы!» – дер ме?
«Жүректің сырын шешер сыршы!» – дер ме?
Не қуаныш, не қайғы басқан күнде
Басыма келіп: «Ақын, тұршы!» – дер ме?

Болмаса басыма да бармас па екен?
Атымды аузына да алмас па екен?
Қарайып жапан түзде жалғыз тұрған
Молама көз қырын да салмас па екен?

Дариға, сол күндерде күнім қараң,
Қазақ елім, бір ауыз сөзім саған:
Болғайсың, сыншы болсаң, әділ сыншы,
Кінәні жүрекке қой, қойма маған!

Мені атама, бұл жүрек – жынды дерсің,
Ұмтылған аламын деп Күнді дерсің.
«Сүйіп, күліп, күйіп – көз жасын төгіп,
Жынды жүрек өлді де тынды!» – дерсің.

МЕНИ ДЕ, ӨЛІМ, ӘЛДИЛЕ

Қажыдым енді, күш бітті,
Көңілсіз, салқын, күн бұлтты,
Жел бұйығып тербелед,

Әлдекімнің өлгенін,
Оны қалай көмгенін
 Әңгіме ғып күңіренед.
Жел, күңіренбе, жасың тый,
Өлім күйі – тәтті күй,
 Балқиды жаным бұл күйге.
Мені де, өлім, әлдиле,
Әлдиле, өлім, әлдиле!

Қара орманның шетінде,
Нағыз желдің өтінде
 Өскен жалғыз жас қайың.
Былқ-сылқ етіп билеген,
Сылдыр-сылдыр күйлеген,
 Болсын онда не уайым?
Сол жас қайың құлапты,
Жанында жел жылапты,
 Балқиды жаным бұл күйге.
Мені де, өлім әлдиле,
Әлдиле, өлім, әлдиле!

Қолына ала ту алып,
Қылышын қанға суарып,
 Тау суындай тасыған,
Қарақат көзін қан жауып,
Қабағынан қар жауып,
 Ойын салған жас ұлан –
Майданда ұлан қайтыпты,
Жел иманын айтыпты...
 Балқиды жаным бұл күйге.
Мені де, өлім, әлдиле,
Әлдиле, өлім, әлдиле!

Әлдеқайда бетпақ шөл,
Бетпақ шөлде жалғыз жол,
Сол жолменен жалғыз жан
Түн бойы талмай жүріпті,
Табанын тастар тіліпті,
Келгенде атып алтын таң,
Сорлы, шөлде өліпті,
Жел құмменен көміпті,
Балқиды жаным бұл күйге.
Мені де, өлім, әлдиле,
Әлдиле, өлім, әлдиле!

Бетінен алма қан тамған,
Тілінен тәтті бал тамған,
Бұйра толқын шашы бар,
Күлкісі меруерт шашылған,
Өзі – гүл жаңа ашылған,
Дәл он бесте жасы бар –
Сұлу көп жас төгіпті,
Тұншығып жасқа өліпті...
Балқиды жаным бұл күйге.
Мені де, өлім, әлдиле,
Әлдиле, өлім, әлдиле!

Талпынған жаңа нәресте,
Ақ қанатты періште,
Былдырлаған бұлақтай,
Көрінген жанды күлдірген,
Жаңа піскен бұлдірген,
Балауса нәзік құрақтай,

Қайтыпты қозы көз тиіп,
Бетінен кейде жел сүйіп...
Балқиды жаным бұл күйге.
Мені де, өлім, әлдиле,
Әлдиле, өлім, әлдиле!

Алыста айдын шалқыған,
Көбігі меруерт балқыған.
Сол айдынның астында
Бар екен алпыс ақ отау,
Алтын уық, жібек бау.
Бәрі он алты жасында –
Отау сайын толқын шаш,
Толқын шаштар жалаңаш...
Балқиды жаным бұл күйге.
Мені де, өлім, әлдиле,
Әлдиле, өлім, әлдиле!

Жаңа піскен балдырған,
Сүйсе, мейір қандырған,
Айдыңға барып түсіпті.
Отауларды аралап,
Жас жүрегін жаралап,
Сұлуларды құшыпты.
Құшыпты да, өліпті,
Жел толқыннан біліпті...
Балқиды жаным бұл күйге.
Мені де, өлім, әлдиле,
Әлдиле, өлім, әлдиле!

Балдырғанмен бастасып,
Сұлумен қол ұстасып,
 Жас ұланмен жолдас боп,
Жас қайыңды қолға алып,
Баланы сүйіп бір қанып,
 Жолаушымен мұңдас боп,
Мен де тезірек өлейін,
Әлі жаспын демейін,
 Балқиды жаным бұл күйге.
Мені де, өлім, әлдиле,
Әлдиле, өлім, әлдиле!

Бетімнен тәтті бір сүйіп,
Алдыңа алшы әлдилеп,
 Келші, өлім, тезірек.
Жан ұшудан тоқтады,
Жынданып енді соқпайды
 Кешегі асау жас жүрек.
Бетімнен тәтті бір сүйіп,
Алдыңа алшы әлдилеп...
 Балқиды жаным бұл күйге.
Мені де, өлім, әлдиле,
Әлдиле, өлім, әлдиле!

ТІРІЛДІМ

Сансыз күндер ой астына көмілдім,
Қор болып ем көңілін таппай көңілдің.
Жаспен жасып, оймен азып-тозып ем,
Өліп едім, бүгін тағы тірілдім.

Жаным өлік еді, жанға жан кірді,
Тамыр кеуіп еді, ыстық қан жүгірді.
Жиегінде қорғасындай көгімнің
Бүгін ғана бақыт таңы білінді.

Бүгін маған жұмаққа өмір жол болды,
Бүгін менің құшағымда ол болды.
Оны құштым, шарап іштім, шат едім,
Бүгін менің құшағымда гүл болды.

Бүгін менің құшағымда кім болды?
Бүгін менің құшағымда гүл болды.
Бүгінгі түн – маған алтын Күн еді,
Бүгін менің құшағымда күн болды.

Өзім ғана білем қандай жан құштым,
Жер құшпадым, шаң құшпадым, таң құштым.
Жанды жуып, жүрегімді жаңалап,
Бүгінгі күн тән құшпадым, жан құштым.

Бүгінгі күн тән құшпадым, жан құштым,
Жанды құштым, таңды құштым, көкке ұштым.
«Сүйем!» – деді бота көзі мөлдіреп,
Жасын төкті, жасын іштім, бал іштім.

«Көкке ұмтылам, әттең, дүние, аяғым!..
Болса аяғым, алып Мұса таяғын,
Кетер едім Тәңірі іздеп, Тор іздеп,
Жан жарым деп Сарыарқаның саяғын...» –

Деп сыбырлады алма ерні елбіреп,
Бота көзде ыстық жасы мөлдіреп.
Жиылған жас төгілмейін тұра ма,
Жас төгілді, тілініп жүрек, елжіреп.

Өкси-өкси: «Сүйем, сен де сүй!» – деді,
«Өмір бойы күйем, сен де күй!» – деді.
«Сеніменен жаным бірге, жан жарым,
Сен де «Жан!» де, ессіз қанды тый!» – деді.

Ол жылады, мен де бірге жыладым,
Өкси-өкси: «Сүй ғана!» – деп сұрадым.
Көп жыладым, сол ыстық көз жасымен
Алдағы өмір жолын таптым, мұратым.

Жиырма жеті жыл жүрекке берілдім,
Түнін көрмей, күнін көріп өмірдің.
Екі жаспен жуып алдым жанымды,
Өлген жерден бүгін мәңгі тірілдім.

ЖҰЛДЫЗДЫ – ЖҮЗІК, АЙДЫ АЛҚА ҒЫП БЕРЕЙІН

Келші, көзім, күн бетінді көрейін,
Сүйші, сәулем, түншығып мен өлейін.
Жет, жұлдызым, жылжып қана жібектей,
Жұлдызды – жүзік, Айды алқа ғып берейін.

Сөзің – сиқыр, есті тұман басқандай,
Ессіз жүрек дария болып тасқандай.
Күлкің, күнім, күндей күміс табаққа
Мінсіз сұлу меруертті шашқандай.

Шашың – толқын, жүрегімнің жарына
Соғылды да, батты улы зарына.
Айнам, саған арнап жырлар жазамын,
Қаламымды малып жүрек қанына.

Жырларыммен кестелейін орамал,
Бүлдіргендей бөбектайым, бетің бал.
Балға талай шыбын қонуға ұмтылар,
Ұмтылғанда орамалмен қағып қал.

Еркетайым, келсең егер қасыма,
Сәулелерден шоқ қадар ем басыңа.
Көз жасымнан меруерт тізіп берер ем,
Келші, күлмей көзден аққан жасыма.

Келші, көзім, күн нұрына көмейін,
Сүйші – өлейін, «Неге өлейін?» демейін.
Жет, жұлдызым, жылжып қана жібектей,
Жұлдызды – жүзік, Айды алқа ғып берейін!

ӨЛЕҢ

Жетсе әгәр қорқынышты қара түнім,
Басса дерт, әлім құрып, шықпай үнім,
Көңіл ашып, кеудеме жан кіргізер
Өлең – менің Шолпаным, Айым, Күнім.

ЖӘЙ ӘНШЕЙІН ОЙЫН ҒОЙ...

(Саясатымыз)

1

Айт! Қийт! Хе, хе, хе-еу!
Петербор, Мәскеу...
Иванов қалқам,
Мә, саған Арқам!..
Әй, керек-ау, әй, керек,
Арақ ішсең, май керек.
Төрелерге жем керек,
Оқығанға шен керек.

2

Март, апрель, май,
Шу да ду! Уайдай!
Дүбір шатыр,
Гүбірнатыр – біздің бай.
Керенский Саша,
Жаса, Саша! Жаса!
Вся Россия наша!

3

Толстов, Колчак,
Давай сюда коньяк.
Ой, айуан аламан,
Мен ведь – атаман!
Өрледі батыр, өрледі,
Ағаш найза сермеді...
Қарсы алдында қалтиған
Николайды көрмеді...

4

Саясат – ағаш ат,
Мінді есер – кемесер.
«Шу, – деді сабаз, – шу!» деді,
«Шу» дегенде гуледі,
Табаны тасқа тимеді,
Туған елін иледі.
«Қызыл ермін – мен, – деді, –
Қазағым, қасым – сен!» – деді.
Шулады қазақ шұрқырап,
Барады «батыр» тырқырап,
Аузынан көбік бұрқырап...
Айтсаңшы иман, молдеке-ау,
Барады ғой қорқырап...

БЕРНИЯЗҒА

*...Ұлан өлді батып қанға,
Тыныштық тапты асау жан да.*

Өмір – дала, ақын – бала қаңғырған,
Жан сусынын көз жасымен қандырған.
Ақын – бөбек, өмір – көбік, тылсым-ды
Ойнап, арбап, бөбекті естен тандырған.

Күңіренеді кеңес айтып қария,
Әлдеқайда жер шетінде дария:
Тұңғиықтың түбі толған тамаша,
Дарияның сыры жоқ қой жария.

Дарияның астында – алпыс ақ отау,
Ақ отаулар алтын уық, жібек бау.
Отау сайын судай сұлу толқын шаш,
Толқын тербеп: «Әлди, әлди!» – дейді бау.

Әлди, әлди, тербеледі ордалар,
Ордаларда өңшең сұлу ән салар.
Сұлу жанның күлкісі де сиқыр ғой,
Күлкілері көбік болып жорғалар.

Көрінсе егер сонау күміс күлкілер,
Жас ұланның жүрегін жүз тілгілер.
Шерлі ұланның көріп суға шомғанын,
Мылқау жартас: «Жынды ма әлде?!» – деп күлер.

Кеңес айтып күңіренеді бір күні,
Есімде жоқ, әйтеуір бір күні:
Майдан құрып, қарсыласқан екі жау,
Таудай мылқау, бірінің де жоқ үні.

Екі жаудың біреуі – өлім, бірі – өмір,
Бір-біріне қайрасады тіс шықыр.
Бір мезгілде жаны жалын жас ұлан
Әлдеқайдан қан майданға келіп тұр.

Жап-жас бала келе сала, қабағын
Түйіп, тартқан екі жаққа садағын.
Тастан қайтқан оғы тиіп өзіне,
Қан майданда қайтыс болған қарағым!

Ұлан өлген, мұны көрген екі жау:
«Мына ұланның емес, сірә, дені сау, –
десті дағы, ішегі қатып күлісті,-
Әй, есалаң!.. Ха-ха, ха-ха, ха-ха-ау!»

Жаны жалын, жаны шерлі жеткіншек,
Күлсін саған, сөксін мейлі көк есек.
Мен сөкпеймін, сен сонау толқынмен
Қан майданға неге ғана кірдің деп.

Мен күңіренем, улы ойлар кеп басыма,
Жырласаң ед шомылып көз жасыңа:
Тұңғиықтың түбіндегі тамаша
Өзі-ақ көшіп келмес пе еді қасыңа...

Өмір, өлім – мәңгі аңдысқан екі жау,
Екі жауды бауыр қылар жыр бар-ау.
Сол жыр таппай, садақ тартпай, сабыр ғып,
Қан майданда күңіренсең еді, сор бала-ау!

Ойлаймын да, өкінемін ғапылдығыңа,
Жаным сеніп еді жақындығыңа...
Жастай сөнген жалын жанды жеткіншек,
Күнәнді ауыр, кештім ақындығыңа.

Өмір – дала, ақын – бала қаңғырған,
Жан сусынын көз жасымен қандырған.
Ақын – бөбек, өмір – көбік, тылсым-ды
Ойнап, арбап, бөбекті естен тандырған.

ЕҢБЕК – ӨЛІМ ЖАН ҚАНАТЫН ҚИЯТЫН

Еңбек – өлім жан қанатын қиятын,
Еңбек – өлім жанды ашудан тыятын.
Еңбек деген – еңбектеген мылқау дию,
Жаншып, жанның сұлу сынын жоятын.

Езеді еңбек, от жүректі жерлейді,
Жанға аспанға өрлеуге ерік бермейді.
Еңбек езіп, соқыр қоңызға айналып,
Сорлы адамзат көкте күнді көрмейді.

Еңбек – қарғыс, адамға ашу Алладан,
Адамзатқа – «Еңбек қыл» деп қарғаған.
Мәңгі байрам жұмағынан айрылып,
Адам баста «Раббана» деп зарлаған.

Өткен заман – малғұн еңбек билеген,
Адамзаттың ой-қиялын илеген.
Сол еңбектен қарын тойып кампиған,
«Тәңірің – мен...»,– деп жерге, көрге сүйреген.

Мәңгі байрам, көктегі жұмақ ұмтылған,
«Забур», «Тәурат», «Інжіл»,
«Құран» жыртылған.
Идеал өлген, Айса, Мұса – келемеж,
Жалғыз ғана қарын қалған кампиған...

Құлдық сіңген адамзаттың бойына,
Мәңгі байрам келмейді оның ойына.

«Жаса, еңбек!» деп жазып алған туына,
Даярлаған азаттықтың тойына.

Еңбек осы – ой-қиялды байлайтын,
Еңбек осы – қартқа қол сап айдайтын.
Сүйреп жүріп лағынаттың қамытын,
Заман қайда мәңгі байрамды ойлайтын?!

Адамзаттың тәні түгіл, жаны – құл,
Адамзаттың ой-иманы, ары – құл.
Азған адам қолын ұрмақ құлдыққа,
Адамзаттың бәрі – еңбекшіл, бәрі – құл.

Келер ме күн еңбек малғұн өлетін,
Ит қарынды қорылдатып көметін,
Қиялдың ақ қанатына қонып ап,
Мәңгі байрам дүниесіне кіретін?

Келсе сол күн, мен Күн болып күлер ем,
Келсе сол күн, жүйрік желдей жүрер ем...
Келсе сол күн, о, дариға, жұртыма
Судай сұлу жырлар жырлай білер ем.

СЫРДАҒЫ АЛАШҚА

Атаң отқа табынған,
Өзің пірге бағынған,
Тәңірің – отың боп ұмыт.
Атаң отқа табынған,

Жан ба еді ол жауға жалынған?!
Бір бола ма пір мен от?

От дегенің – аспан ғой,
Аспан жерді басқан ғой...
Төменге ылғи төнген ол.
Пір дегенің – жер ғой ол,
Жер дегенің – көр ғой ол,
Көрді сүйген, өлген ол.

Атаң отқа май салған,
Жан ба еді жыннан тайсалған?
Жауын шапқан «Алаштап!»
Жанын жасып, кірлеген
Отпен аспанға өрлеген
Алады екен аластап...

Сәлде салған Сырдағы ел,
Көрге мүлгіп болма қол,
Атаң сүйген отты сүй!
Шабынбағанға шаң жұқпас,
Шаппағанға қан жұқпас,
Күйдірем десең, өзің күй.

Отқа табын, Тәңірің – от,
Оттан басқа Тәңірі жоқ.
Сөзім – Сырдағы алашқа:
Жаның жасып, кірлеген,
Отпен аспанға өрлеген
Жаныңды, алаш, аласта...

АРХИМЕД ПЕН БІЗДІҢ БАТЫР

(Қазақтың оңай олжашыл
тапаншалы тентектеріне)

Ертеде өткен Архимед,
Бір күн отырып депті дейд:
 «Білек емес, білім – күш.
Білімнің күшін байқар ең,
Мынау жерді шайқар ем,
 Тіреу берсең жерден тыс».

Сорлы ақкөңіл Архимед,
Білек демей, білім деп,
 Құр қиялмен не тапқан,
Жер қалыпты шайқалмай.
Есерлерге тайтаңдай,
 Басу үшін жалпақтан.

Жыл артынан жыл қуды,
Бізден де бір бек туды.
 «Білім емес, білек – күш,
Білектің күшін байқар ең,
Елді ойран ғып шайқар ем,
 Тіреу тапсам елден тыс», –

Деп қаранды қалаға,
Артық туған балаға
 Қала пірі дем берді.

Қыл мойыны қылтиып,
Бөксе жағы бұлтиып,
Тапанша деген дер келді.

Келіп бекке қосылды,
Жол жоса боп жосылды.
Салды екеуі елге ойран,
Патыр-пұтыр тапанша,
Шатыр-шұтыр тапанша.
Бек: «һы-һа-һа», ел – қайран.

Сөйтіп біздің бегіміз.
Кереметін көріңіз.
Шу шығарды артынан
Бұған енді не айтасың?
Асып түсті қайтесің,
Архимедтей қартыңнан.

ШОЙЫН ЖОЛ

Бір қаладан шығарып,
Азғантай елді қақ жарып,
Шойын жол сала бастап ед.
Өтіп кетті талай жыл,
Бітті ме екен сонау жол?
Пұл жетпей баста тастап ед.

Өтінішім, інішек,
Со жаққа барсаң несіп боп,
Елге де барып қайтарсың.

Басқан анау жол жайын,
Басылған анау ел жайын,
Әдейі көріп, айтарсың.

Қаншама пұл төгіліп,
Неше мың жан жегіліп,
Бастаған жол бітіп пе?
Қара айғыры ырсылдап,
Қара қабан қорсылдап,
Елді басып өтіп пе?

Солқылдатып белдерін,
Толқындатып көлдерін,
Ұшқын бүркіп кетіп пе?
Бұла қырдың бұланы,
Қазағымның құланы –
Жылқы үркіп кетіп пе?

Ұрандасып Зеңгі ата
Ежелден-ақ әңгі ата,
Өкіріп пе жиылып?
Құлақтары делдиіп,
Құр аңырып ербиіп,
Қой тұрып па үйіліп?

Өзі ыржаңдап, айқайлап,
Көк шолағын борбайлап,
Қойшы қатар шауып па?
Шапқан күйде ыржиып,
Ат-матымен тырқиып,
Топырақты қауып па?

Азан-қазан ауыл жақ,
Қыз-қатыны дабырлап,
Бірін-бірі түртіп пе?
«Сұмдық екен, ойбай-ау,
Ойбай, көтек, бетім-ау!» –
деп беттерін жыртып па?

Салынғанға сонау жол
Болып енді біраз жыл,
Ел үйреніп кетіп пе?
Сұраған сенен бір тілек –
Көзіңмен көр, інішек,
Үйренгенде нетіпті?

Кеселді болмай аяғы,
Баяғы байлық – баяғы
Қолында мал бар ма екен?
Болмаса: «Оны ит жеген»,– деп,
Өшпес байлық егін»,– деп,
Қабы толған дән бе екен?

Екеуінің бірі жоқ,
Қалың қайғы, ойға тоқ...
Қайран ел тозып жүр ме екен?
Кемпір, шал, бала, азамат
Станса біткенді аралап,
Көзін сүзіп жүр ме екен?

Сұр кетіп қарттың жүзінен,
Сары қымыз көзінен
Бір-бір ұшып жүр ме екен?

Қымызды «Жасық су ғой...» – деп,
Ендігі жас жеткіншек
Ащы су ішіп жүр ме екен?

Кешегі маңғаз бәйбіше,
Қолында құрттай бір кесе,
Қатық сатып тұр ма екен?
Сорлының жанын жаралап,
Саудалап тұрған бір сар ит
Қалжыңдап, шатып тұр ма екен?!

Алпыстағы Аналық,
Сатарына заты жоқ,
Көзін сатып жүр ме екен?
Көзін сатса, дариға,
Жанында бір қыз бала...
Қызын сатып жүр ме екен?

Өтінішім, інішек,
Бара қалсаң несіп боп,
Елге де барып қайтқайсың.
Басқан анау жол жайын,
Басылған анау ел жайын,
Әдейі көріп, айтқайсың.

ТІРІ БОЛ

Сүмбіл шашы,
Сылқым жасы,
Отағасы
Кәріңе.

Сөкпе, жаным,
Қатты қаным,
Бітті иманым
Бәріңе.

Жаның ұсақ
Қоңызға ұсап,
Құшақ, құшақ
Өсек көп.

Шын жаныңмен,
От қаныңмен,
Иманыңмен
Ісің жоқ...

Қыбыр-қыбыр,
Жыбыр-жыбыр,
Сыбыр-сыбыр
Мінезің.

Шық, бері шық,
Кенелсін жұрт,
Неге жырқ-жырқ
Күлесің?

Кесек-кесек
Артқан өсек
Бір көк есек,
Көнбейсің!..

«Баспын» дейсің
«Жаспын» дейсің,

«Қаспын» дейсің,
«Мен!» дейсің.

Бірін боқтап,
Бірін мақтап,
«Алла – хақ...» деп,
Жалпылдап,
Ел дегенің,
Қам жегенің,
Мен білемін –
Бір атақ...

Жылмаң, жыртаң,
Бұртаң-тыртаң,
Бұртаң-тыртаң,
Сор өмір...

Соныменен,
Алда-ай, сенен...
«Мен!» – дейсің. «Мен!»
Эх, ты дур!..

Мейлі құрсын,
Бәрі құрсын,
Жолың болсын,
Ізгі жол...

Мен не дейін?
«Сен» демейін,
«Өл» демейін,
Тірі бол!..

ТҰРАННЫҢ БІР БАУЫНДА

(Сурет)

Ай туды, күңгірт кеш еді, алтын табақ,
Ару ғой Ай дегенің алтын қабақ.
Жүзінен сол сұлудың нұр төгілді,
Жапырақ – суда ойнаған алтын шабақ.

Жапырақ сәуле сүйіп дірілдеген,
Жел шіркін жаны күйіп күбірлеген.
Жерде су сылдыр қағып сүйінгендей,
Кей кезде күйік кернеп күрілдеген.

Ай қалқыды, сәуле аспаннан сорғалады,
Ағаштар ерке арудай ырғалады,
Арудың аққу мойны бұрылғанда,
Жұлдыздай жарқ-жүрқ етіп сырғалары.

Бөрік киген бұйра сеңсең қара ағашы,
Алқызыл алқа киер алма ағашы.
Бөленген сары алтынға тапал інжір,
Басына ақық сепкен тағалшасы.

Шиесі мөлтілдеген маржан екен,
Маржаны жерде жатар арзан екен.
Жамбыдай жақұты көп анар байғұс,
Тырбиып неліктен ол азған екен!?

Тізілген түйме меруерт тұтқа қаптап,
Жантардай жарқыраған тәп-тәтті пәк.

Жас өрік ай нұрында ақ алтындай,
Жас үзім – зүбәржаттан тізген шашақ.

Көк сұлтан, қызыл сұлтан – сұлтан егіз,
Бірі көк, бірі қызыл тәжі – жеміс.
Жан-жағың жемісті ағаш, аяқ астың –
Жайнаған феруза гүл ұшан-теңіз.

Сыр сөйлеп сол гүлдерге сылдыр қағып,
Жатқаны тарам-тарам сулар ағып.
Теректің мінсіз, түзу өн бойына
Қойған ба біреу әдей күміс жағып?

Сәуле орғып талдың сұлу саласынан,
Неге ұзақ бұйра бұлттың арасынан
Алтын Ай – ерке сұлу шықпай қалды,
Арылмай жүрек анық жарасынан?

Бір жым-жырт басты неге баудың ішін?
Құлпырып, неге өзгертті гүлдер түсін?
Мынау жыр – шер жыры емес, хор жыры ғой!
Жыр қайдан? Өң бе бұл, әлде түсім?

Бұл – бұлбұл! Бұлбұл екен сиқыр көмей,
Не дейін, сонша сұлу, сиқыр демей!
Басында балбыратты, елжіретті,
Біраздан жаным дауыл алай-түлей!

Ертеден сені іздеген мен едім ғой,
Тұранға бір сені іздеп кеп едім ғой!..

Ширази, шейх Сағди, Хайямдардың
Өртеген өзектерін сен едің ғой!..

Жүректе, мені де өрте, бір күл қалсын,
Жүректе, жоқ, күл емес, мың гүл қалсын...
Сайрарға өмір бойы судай сұлу,
Жанымда сиқыр жырлы бұлбұл қалсын...

Беу қағып, басты бұлбұл тербеткендей,
Тербетіп арсы аспанға өрлеткендей.
Ессіз боп бұлбұл құстың сиқырымен,
Кетті алып асау жүрек ырыққа көнбей.

Бергенде көтеріле от боп жанып,
Қиялдың толқындары алды қағып.
Толқыннан улы балды жұта бердім,
Кетпес-ау, мен танбасам, толқын танып.

Жұтсам да, жүзе бердім, сусын қанбай,
Қысылды кейде жаным шошынғандай.
Арылып бар күнәдан асау жаным,
Тәңірінің дәрғаһына бас ұрғандай.

Жүрек те арылғандай жарасынан...
Сонда Ай да бұйра бұлттың арасынан
Жарқырап шыға келіп, ақ жүзінен
Төкті нұр талдың сұлу саласынан.

Жан-жақта көлеңкелер көлеңдеді,
Көзіме әлденелер елеңдеді.

Жүрегім дүрс-дүрс соғып, айта бердім,
Айтқаным аят па еді, өлең бе еді...

Білмеймін, көктен кәусар нұр құйылды,
Неге екен, көзіме ыстық жас жиылды.
Жоқ, әлі улы балға қанбадым ғой,
Бұлбұлым, әнің неге тез тыйылды?

Дариға, аяқталмай, үзілді жыр,
Сұм жүрек жалын болып қалды ғой құр.
Бұлбұлдың әнін үзген не болды екен?
Мынау не: көлдің беті жыбыр-жыбыр?

Көл беті жыбыр-жыбыр, бақа: «Бақ-бақ».
Сайрасын енді қалай бұлбұл бейбақ?
Өмірдің өзгермейтін құрсын заңы –
Бір жақтан бұлбұл шықса, бақа шықпақ.

Жыршы құс бақырайған бақа көрсе,
Бақылдап тырбық бақа әнін бөлсе,
Ойласаң, таң қаларлық дәнеңе жоқ,
Құсадан акын бұлбұл үнсіз өлсе...

Түн өтті. Бозарғандай шығыс жағы,
Бақаның бітпек пе бір «Бақ-бақ-бағы?»
Бұлбұлға сыйға тартқан сол сәулесін
Арсыз Ай бақаға да төкті тағы...

АЛАТАУ

Оранып өмір бойы көк мұнарға,
Аспанды алып Ала³ емген арда.
Айбынды Аспан-ана алып туған
Бөбегін бөлеп қойған меруерт қарға.

Шыңдары арсыменен араласқан,
Тәңірі тақ қылғандай тарғыл тастан.
Күңіреніп қоңыраулы қара нардай,
Қап-қара қорғасындай бұлты басқан.

Иірілген айдаһардай ашулы асқар,
Томсарған туғаннан-ақ тарғыл тастар.
Құздарды мәңгі меңіреу мәңгі басқан
Жауһардай жарқыраған аппақ шаштар.

Түк басып, тұла бойы толған кесте,
Қарағай, арша біткен өрлей төске,
Қарағаш, тал-тобылғы, шелпі-шетен,
Қарақат, жиде, шие маржан түсті.

Сан шөптің түгесерсің атап қайсын:
Шымшуыр, көкемарал, уқорғасын.
Аһ ұрған Алатаудағы арулардың
Уымен тыяды екен ыстық жасын.

Жануар бұғы, марал көз адасқан,
Ойнаған ешкі, теке орғып тастан.

³ Алатау дегені.

Аланың еркелері – арқар, құлжа,
Құлдырап оқтай күлік елік қашқан.

Сары аю ойнайды екен таспен атып,
Бөрісі бөкен жортқан түнде қатып.
Топ шөйім бір құлжаға жабылмақшы –
Қозыны жібергендей жамыратып.

Құздарда найза қия құстар шулар,
Төменде тасты сабап толқын тулар.
Аланың ақ төсінен орғып түсіп,
Сайларда салар ойнақ асау сулар.

Беттерін солтүстікке түзеп алып,
Шуласып, «Алатаулап» ұран салып,
Еліріп екпіндеген асаулардың
Құм қапқан көбі бірақ шөлде талып.

Бір шетте жынды Қошқар Шуға шапқан,
Сусамыр арқасында сылдыр қаққан.
Арасан әулиенің ыстық жасын
Жиып ап, Ыстық Атада үйір ыққан.

Алатау – алып ана көкпен талас,
Арда емген сол ананы тентек Талас.
Қырғызға қасиетті Талас суын
Ертеде қоныс қылған батыр Манас.

Шыңдарын Алатаудың жел жайлаған,
Жел емес, қалың қырғыз ел жайлаған.

Желменен, желден жүйрік аңдарменен
Құздардан бірдей орғып, бірге ойнаған.

Сайларда сарқыраған селі ме екен?
Күңіреніп көшкен қырғыз елі ме екен?
Алаштың қайсар ұлы – қайратты елдің
Манасы ел қорғаған ері ме екен?

Көп жылдар желдей заулап есті ме екен,
Алатау өсті ме екен, өшті ме екен?!
Қияның қыранындай қайсар елдің
Басынан күңгірт күндер кешті ме екен?!

Қарлы асқар, мәңгі мұнар барлы ма екен?!
Қайратты ел қайғы жұтып, зарлы ма екен?
Шер басып, алып азып, ерлер жасып,
Манас та ұмыт болып қалды ма екен?!

Жоқ әлі! Қарлы Алатау қалыбында,
Толқындар тулайды әлі шапшып шыңға.
Көзінен – от, сөзінен уыт жоймай,
Қайсар ел ұмытқан жоқ алыбын да.

Алатау өспейді екен, өшпейді екен,
Ауыздан алып аты түспейді екен.
Кәрілер: «Киелі ер-ай!» – деп күрсініп,
Жастары: «Ер ұрпағы – біз», – дейді екен.

Ақындар мұңды қияқ шалады екен,
От болып көптің көзі жанады екен!..

Жұмықшы «Манасты» айтып жорғаласа,
Кәрі-жас көзіне жас алады екен.

Алашқа қайсар қырғыз бала ма екен,
Қайғымен қайсар жаны жара ма екен?!
Жаралы ел көшкен күнін жоқтай, жылай,
Құл болып, жасық жаспен қала ма екен?!

Тау өшпес аспан төніп, еміренген,
Сел солмас қарлы құз бен көк мұзды емген.
Ерлерін ел қорғаған есте тұтып,
Ел бітпес кеңес қылып күңіренген!..

Алаштың қайсар қырғыз баласына
Қосылса жара жаның жарасына,
Жас төкпей, өрлеп өрттей Талас бойын,
Тәуап қыл Манасыңның моласына...

Р...ға

Сенсің досым, жібек мінез жібегім,
Сені ғана сүйем, куә жүрегім.
Суық жолдан сақтайтын сен – періштем,
Сен болмасаң, азып-тозып өлемін.

Түрлі жерде, түрлі шақта таңымыз
Атса дағы, сүйіспеп пе еді жанымыз?
Бізді жан ғой жақын қылған, жібегім,
Бастаған жоқ ессіз ыстық қанымыз.

Есіңде ме? Бір жыл... күздің күні еді,
Күзді күннің салқыншалау түні еді.
Жарың тастап, түнде мені бақшаға
Көру үшін іздеп келген кім еді?

Ол түннен соң талай-талай жыл озды,
Ессіз жарың Айға қолын көп созды.
Аспанға өрлеп, талай құлап, мерт болдым,
Заман озды, жүрек сөнді. Жан тозды.

Өмір – жапан. Арып, шаршап жүргенім,
Ессіз едім, оңды-солды көрмедім.
Тоғыз жолдың торабында тұрғанда,
Жылы – былтыр, сені тағы көргенім.

Көрдің де сен, аштың таза құшағың,
Құшағыңда жас балаға ұсадым.
Сол кезімде бар күнәдән пәк болып,
Дегенім рас: «Сенсің – жарым, қосағым».

Сол күннен соң тағы біраз күн өтті,
Ұмытқандай болдым сені – жібекті.
Сен сөзіме, жан-жүрегім, жібегім,
Тоқтата алмай қалып едім жүректі.

Сен жыладың, көзің жасын көрмедім,
Зарладың сен, зарың құлаққа ілмедім.
Мен жел едім, кеттім сонда жел қуып,
Көз жасыңнан садақа болып өлмедім.

Айлар өтті, ай көрінді, өлді жын,
Айлар өтті, айырылды күн мен түн.
Айлар өтті, ішкен удан айныдым,
Айқын болды ақырында жалған, шын.

Білдім: маған жар екенсің сен ғана,
Білдім: саған жар екенмін мен ғана.
Соңғы кезде сені көрмей, жібегім,
Ашып көрші, жүрегімде мың жара.

Сені көрмей, көзім көрге айналды,
Жүрегіме сансыз қасірет байланды.
Көп күн енді көрінбейсің, қашасың,
Жүрегіңнің махаббатын кім алды?

Ессіз жарың зарлап енді қалар ма?
Зарлай-зарлай қара жерге барар ма?
Бір жыл бойы теңіз болып төгілген
Көз жасынан жібегім де танар ма?!

ТҮРКІСТАН

Түркістан – екі дүние есігі ғой,
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған
Түріктің Тәңірі берген несібі ғой.

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,
Тұранда ер түрігім туып-өскен.

Тұранның тағдыры бар толқымалы,
Басынан көп тамаша күндер кешкен.

Тұранның тарихы бар отты желдей,
Заулаған қалың өрттей аспанға өрлей.
Тұранның жері менен суы да жат,
Теңіздей терең, ауыр ой бергендей.

Тұранның егі-шексіз шөлі қандай,
Теңіздей кемері жоқ көлі қандай!
Тұранның дария аталған өзендері
Тасыса, шөлді басқан селі қандай!

Тұранның таулары бар аспанға асқан,
Мәңгіге басын аппақ шаштар басқан.
Бауырында ерке бұлақ салады ойнақ,
Жаралып таудан аққан салқын жастан.

Шөлдер бар жел де жүрмес, сап-сары құм,
Моладай ешбір үн жоқ мәңгі тып-тын.
Болмақ па жан-жануар шексіз шөлде,
Сар құмда салар ойнақ пері мен жын.

Тұранның теңіз дерлік көлдері бар,
Шалқыған егі-шексіз Теңіз, Арал.
Бір шетте қасиетті Ыстықкөлдің
Бауырында дүние көрген түрік көкжал.

Ертеде Оқыс, Яқсарт – Жейхун, Сейхун,
Түріктер бұл екеуін дария дейтін.

Киелі сол екі су жағасында
Табасың қасиетті бабаң бейітін.

Тұранның Тянь-Шаньдай тауы қалай,
Пар келмес Тянь-Шаньға таулар талай!
Еріксіз ер түрікті ойға аларсың
Көкке асқан Хантәңіріге қарай-қарай.

Балқашты бауырына алған Тарбағатай,
Жоталы, жер кіндігі – Памир, Алай.
Қазығұрт қасиетті тау болмаса,
Топанда Нұқ кемесі тоқтар қалай?

Тұранның жері де жат, елі де жат,
Құйындай бастан кешкен күні де жат!
Тұранды түгелімен билеп тұрған
Ертеде ертегі хан Афрасияб.

Ежелден жер емес ол қарапайым,
Білесің, тарихты ашсаң, Тұран жайын.
Тұранға қасиетті құмар болған
Ертеде Кей-Қысырау мен Зұлқарнайын.

Тұранға жер жүзінде жер жеткен бе?
Түрікке адамзатта ел жеткен бе?
Кен ақыл, отты қайрат, жүйрік қиял,
Тұранның ерлеріне ер жеткен бе?!

Тумайды адамзатта Шыңғыстай ер,
Данышпан, тұңғыық ой, болат жігер.

Шыңғыстай арыстанның құр аты да
Адамның жүрегіне жігер берер.

Шыңғыстан Шағатай, Үкітай, Жошы, Төле –
Атаға тартып туған бәрі бөрі.
Шыңғыстың қол бастаған екі көзі –
Жолбарыс Сұпытай мен көкжал Жебе.

Тұранның билері бар Тарағайдай,
Сол биден Темір туған от боп ойнай.
От шашып жер жүзіне Ақсақ Темір,
Жарқ етіп өте шыққан нажағайдай.

Тұранды мақтамаймын тіпті текке,
Онсыз-ақ Тұран таныс талай шетке.
Сырласқан үйде отырып аспан-көкпен
Білгіш аз жеткен жүйрік Ұлықбекке.

Асыл қан – қасиетті түрік қаны,
Сол қаннан – Ибн-Сина Әбуғали.
Молдығы білімінің сиқыр дерлік,
Дүниеге мұндай адам туды ма әлі?

Түріктің кім кеміткен музыкасын,
Фараби тоғыз ішекті домбырасын
Шерткенде тоқсан тоғыз түрлендіріп,
Жұбанып, кім тыймаған көздің жасын?!

Тұранда түрік ойнаған ұқсап отқа,
Түріктен басқа от болып жан туып па?

Көп түрік енші алысып тарасқанда,
Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?

Арыстан елге Отан болған Тұран,
Тұранда қазағым да хандық құрған.
Қазақтың қасқа жолды Қасым ханы
Тұранның талай жерін билеп тұрған.

Әділ хан аз болады Назардайын,
Алашқа Есім ханның жолы дайын.
Тәукедей данышпан хан құрған екен
Басында Күлтөбенің Құрылтайын.

Бұл Тұран – ежелден-ақ алаш жері,
Тұрансыз тарқамаған алаш шері.
Тұранның топырағында тыныштық тапқан
Алаштың арыстаны – Абылай ері...

Тұраннан Сарыарқаны бөлек деме,
Түркістан алты алашқа болған Кебе.
Тұранның топырағын құшып жатыр
Кешегі ердің ері көкжал Кене.

Шер батса – кім іздемес туған елін,
Тұлпар да көксемей ме туған жерін?
Арқаның ардагері – қалың алаш,
Тұран да, біле білсең, сенің жерің!

Қырағы Тянь-Шань мен Памир, Алай,
Күтеді көптен сені қарай-қарай.

Кене мен Абылайдың жолын қумай,
Жапанда жайылудың мәні қалай?!

Ертеде Оқыс, Яқсарт – Жейхун, Сейхун,
Түріктер бұл екеуін дария дейтін.
Киелі – сол екі су жағасына,
Болмаса, барсаңшы іздеп бабаң бейітін!

СӘРСЕМБАЙДЫҢ ЖЫРЫ

Домбырам басы бал құрай,
Басына қонар бозторғай.
Қалампырлы насыбай,
Насыбайды атпасам,
Ауырар менің басым-ай!

Домбырам менің екі ішек,
Күңіренеді еңіреп.
Мен де бірге күңіренем,
Көзіме ыстық жасым кеп.

Ай, албар-ды, албар-ды!
Сәрсембайда зар бар-ды.
Зардан басқа не болсын,
Шықпаған құр жан қалды.

Бетегелі барқыттай
Белес-белден айрылдым.
Балдан қалған сарқыттай
Күміс көлден айрылдым.

Ай мүйізді ақ қошқар,
Ақтылы қойды бөрі алды.
Шұрқыраған жануар
Жылқыларымды ұры алды.

Ұры алмады, түн алды,
Түн алмады, жын алды.
Жаяу қалдым әйтеуір,
Біле алмаймын, кім алды?!

Домбырамның құлағын
Бостау қылып бұрадым.
Жылқымның жөнін сілтеші,
Өркенің өссін, шырағым!

Домбырам менің қарағай,
Қылдың-ау, шіркін заман-ай!
Жат бауыр болған жас шіркін,
Кеткенің бе қарамай?!

Домбырам менің зарлайды,
Зарламайды, қарғайды.
Мен де бірге зарлаймын,
Көзімнен жас парлайды.

Домбырам басы бал қурай,
Қалампырлы насыбай.
Насыбайды атқан соң,
Жазылар менің басым-ай!
Жазылса да бас шіркін,
Тыйылмайды жасым-ай!..

ЖАРЫМ

Кердең-кердең жүресің сен, не таптың?
Мен айтайын – айнымайтын жар таптым.
Күндіз-түні жар қойнында жатамын,
Естімеймін уын-шуын жан-жақтың.

Қанша құшсам-дағы сусын қанбаған,
Жан жарым бар, неге керек мал маған!
Жұрттың бәрі-ақ: «Оңбаған жан!» – дей берсін,
Жан жарым бар, неге керек ар маған?!

Жарым күншіл, көз салдырмайд жан-жаққа,
Жібермейді жұмысқа да мансапқа.
Сондай ерке, оны құшып, керіліп,
Күндіз-түні күңірене бер, тек жат та.

Әкем маған: «Сауда кылып, мал тап!» – дейд,
Жарым маған: «Мал деген не, тек жат!» – дейд.
Елім маған: «Елге еңбек қыл!» – дегенде,
Жарым маған: «Жатқан адам – бекзат!» – дейд.

Жар айтқан соң, жаннан жақын көрген жар,
Жардың тілін алмауға не дәтім бар?!
Тілін алдым – үйден, елден айрылдым,
Бірі де жоқ – мал да, ел де, намыс, ар.

Жар жат дейді, жатамын да жатамын,
Мас адамдай бос ойға ылғи батамын.
Ашылғанда ұйқыдан көз, бар ісім –
Қылжаландап, жоқты-барды шатамын.

Әрине, енді мені мақтар пенде жоқ,
«Жап-жақсы еді, жар аздырды-ау!» – дейді көп.
Жұрт сөзі не? Жан жарымның қойнында
Жата берем: «Жаным, жаным, жарым!» – деп.

Бұл жарым кім? Тапшы кәне. – «Денсаулық?»
Сен дейсің ғой: «Алма бетті ақжаулық...»
Жоқ, жолдасым, адасасың, айтайын:
Жарым менің – атышулы жалқаулық!

ӘЖЕ

Сығырайған көзі көрінбей
Томар-томар былшықтан,
Отырса, бойы аспайды
Қолындағы ұршықтан.
Алдындағы көженің
Білінбес беті қылшықтан.
Көжесін татпай әженің,
Жан болмайды құр шыққан.
Көжесін қойшы, кеңесін
Тыңдамай үйден кім шыққан?!
Сендер де тыңда, тентектер,
Тыйылып біраз шолжақтан.

Ертегі айтса, ұршығын
Ұмытып әжең кетеді.
Жерде жатқан жүнді алып,
Қайта-қайта түтеді.
Су сепкендей сап болып,

Тоқтай қалад сонда жөтелі.
Былшықтан көзі жылтырап,
Ту арқаңнан өтеді.
Ал кіріссе ертекке,
Басы қалт-қалт етеді:
«Ертек-ертек, ерте екен...» –
Аузы балп-балп етеді.

«Ертек, ертек, ерте екен...
Тында енді ал, шырақ!
...Сұр мергенде болыпты
Сүліктей бедеу бір сұр ат...»
Қоя қойды Кенжебай
Жылаған жаңа нан сұрап.
Тындап отыр тентектер
Алма беті албырап,
Ауыздары аңқиып,
Сілекейі салбырап.
Қалғып бірақ барады
Кенжебай тентек маужырап.

ЖЫЛҚЫШЫ

Бораны – бөрі ұлып тұр,
Төбеттей тынбай үріп тұр,
Жын қағылды қаңтарға.
Аман ба екен жылқышы,
Аман ба екен жылқысы,
Малға барған жан бар ма?

Түтінді жерге тығатын,
Түкіріктен түйме тағатын,
Аяз мынау шатынаған.
Хабар бар ма, мал қалай,
Малдағы жалғыз жан қалай,
Адам бар ма қатынаған?

Боран мынау қабандай
Арсылдаған шаба алмай,
Түбі қайыр болса игі.
Аяз анау жер тілген,
Ұша алмай анау құс өлген,
Жылқышы қасқа не күйде?

Бір бұта жоқ – айдала,
Аппақ кебін айнала,
Қалтиып қос тұр ма екен?
Құрт көжені сіміріп,
Тұмақты қойып жымырып,
Қасқиып қасқыр жүр ме екен?

Ойнақ салған құр аттай,
Шұнаңдаған лақтай
Орғыса да аяз өкіріп,
Қозғап қойып арқаны,
Ермек қылып малтаны,
Тұр ма екен шырт-шырт түкіріп?

Бораны әлде даланың
Бейітіндей баланың
Қосын басып, жығып па?

Қайран қасқыр-жылқышы,
Ығып кетіп жылқысы,
О да бірге ығып па?

Долы, пері, жын боран,
Сумандаған сұм боран
Құлақ-мұрнын қарып па,
Күші кете беріп пе,
Үмітпен түнге төніп пе?
Бір малта жоқ-ау ғарыпқа!

Жеңе ме, дүние-ай, тілсіз жау,
Алдыңда бір сай бар еді-ау,
Сол сайдан аман өтіп пе?
Құлап әлде тап соған,
Қарқ-қарқ күліп, басынан
Боран жүріп кетіп пе?

Алас ұрып, ісініп,
Есі кетіп шешініп,
Есіл ер үсіп өліп пе?
Ердің солай өлгенін,
Қардың қалай көмгенін
Құзғыннан басқа көріп пе?

Боран мынау қабандай
Қатуланған қаба алмай,
Түбі қайыр болса игі.
Басында, өлсе, сайғақ жоқ,
Өліміне айғақ жоқ,
Жылқышы сорлы не күйде?

АЛАТАУДА

АЛАТАУ

Иір-иір Алатау
Бұйра-бұйра жал ма екен?
Қарасам көзім талады-ау
Қияңа, асқар Алатау.
Бөлек-бөлек бала тау
Етекте шөккен нар ма екен?
Желкендегі, ару Алатау,
Жәуһардан тізген жал ма екен?

ҚҰЗДАР МЕН ҚЫЗДАР

Алатаудың құздары
Аспанның сырын ұрлайды.
Жылытып жырмен мұздарын,
Күңіреніп таудың құздарын,
Қырғыздың ару қыздары
«Зекенбайды» ырлайды.
Алатаудың құздары
Қырғыздың сырын ұрлайды.

ҚОҚИ МЕН ҚАРТОЗ

Тұлымдары сүліктей
Селкілері бар болсын!..

Едірейіп еліктей,
Селкілері сүліктей.
Қоя-ақ қойды елікпей,
Көрініп қоқи қартозым.
Сымбаттары сүліктей,
Селкілері бар болсын!

ТОҚПАҚ ПЕН СОҚПАҚ

Қоқилад қырғыз кезесің
Алматы, Біспек, Тоқпағын.
Сіміріп сарттың көжесін,
Солбырап қырғыз кезесің.
Кетіпті ұшып шөп өсіп,
Жортатын тауда соқпағың.
Қоқилад қырғыз кезесің
Таптап па ең Тоқпақ тоқпағын?

ТАУДЫҢ ТОЛҒАУЫ

Ай шырайлы аяшың
Күң болып күйіп, солмасын.
Бозаға толып шанашың,
Күң болып күйіп аяшың,
Семетей менен Манасың
Қысыр бір қисса болмасын.
Айшөрекетей аяшың
Күң болып күйіп, солмасын.

ҮЙДІҢ ЕРІ

Тырнала, қырғыз, танабың,
Ел болмайсың оқымай.
Мола жұтсын манабың,
Тастапсың адыра танабың,
Боза бопты шалабың.
Атаң көрі, қоқи-ай...
Тырнала, қырғыз, танабың,
Ел болмайсың оқымай.

ҚОҢЫР ЖЫР

1. ТІЗІЛГЕН ТОЛҚЫН

Тізілген толқын – меруерт,
Толғанып оқы, тербетер.
Күңіренер оймен кім білед
Тізілген – толқын меруерт.
Оқи білсең күңіреніп,
Ойыңның бойын өрлетер.
Тізілген толқын – меруерт,
Толғанып оқы, тербетер.

2. ШЕШЕМ

Жерге сауып емшегін,
Шешем қайғы жей ме екен?

Орамал қылып кең жеңін,
Жерге сауып емшегін,
Теріп жүріп шөпшегін,
«Құлыным қайда?»— дей ме екен?
Жерге сауып емшегін,
Шешем қайғы жей ме екен?

3. АНА МЕН БАЛА

Бөбектің балғын білегін
Анасы сорып сүйеді...
Көміп жерге тілегін,
Қарғап талған білегін,
Таяныш қып күрегін,
Баласы оймен күйеді...
Бөбектің балғын білегін
Анасы сорып сүйеді...

4. ҮМІТ

Әлдеқайда бір қара
Елбең-елбең етеді.
Айды күткен жас бала,
Әлдеқайда бір қара.
Күте-күте жан жара...
Дариға, қашан жетеді?!
Әлдеқайда бір қара
Елбең-елбең етеді!

5. ӨМІР

Өмір – түлкі, сен – төбет,
Арсаландап келесің.
Тақымда тез, дөңгелет,
Өмір – түлкі, сен – төбет.
Артыңнан андып кім келед,
Түлкінді соған бересің...
Өмір – түлкі, сен – төбет,
Арсаландап келесің...

6. «КҮНӘ» АЙТҚЫЗДЫ

«Тәңірі» де жоқ, «тәубе» жоқ,
Жаным қалай тазарсын?
Тұрмыста нәпсіз сәуле жоқ,
«Тәңірі» де жоқ, «тәубе» жоқ.

Өмір деген – шірік шөп,
Қай үмітпен қазарсың?
«Тәңірі» де жоқ, «тәубе» жоқ,
Жаным қалай тазарсын?

7. ТҮН АЙТҚЫЗДЫ

Тауда түнде үн берген
Тәңірі ме, әлде байғыз ба?
Үн іздеп, жаным күңіренген.
Тауда түнде үн берген

Тәңірі болсаң, кел бермен,
Қолымды желге жайғызба!
Тауда түнде үн берген
Тәңірі ме, әлде байғыз ба?

8. «КЕЛЕШЕК», «КЕШЕ», «БҮГІН»

«Келешек» пенен «кеше» – анық,
«Бүгін» деген бір бу ғой.
Бұрылтпас бетің нұрланып,
«Келешек» деген күн анық.
Өткен «кеше» ұрланып,
Естен кетпес бір у ғой.
«Келешек» пенен «кеше» – анық,
«Бүгін» деген бір бу ғой.

АСЫҚ ИРҮ

Сынайын бір сақаны,
Иірейін құрғырға.
Айттырғанға қалқаны
Толды ма екен он жылға?..

Алшы түссең – болғаның,
Тәйке түссең – тәуекел.
Бүге түссең – ұрғаның,
Шіге түссең – ит боп үр.

Таңмын өзім, ой, Алда,
Өсіп қапты, апыр-ай,
Мен баяғы қалпымда.
Әй, қыз деген кәпір-ай!..

Алсам биыл... күрке аулақ,
Жатар ек-ау екеуміз...
Бір аяқ қатық тастап ап,
Қойға кетем мен күндіз.

Қойды айдасам түс ауа,
Ырғала басып, ыңыранып,
Қатыным шықса қой сауа,
Сусынға қойса қымыран ғып...

Күркеге барсам, жайланып:
«Әй, қатын, бері кел!» – десем,
Бірдеңеге айналып,
Ол кешігіп, келмесе.

Қайта шығып күркеден,
Қатынға барсам тістеніп.
Отырған жерде желкеден
Теуіп-теуіп қалсам кеп.

Ол көзіне жас алып:
«Адыра қал, – десе, – адыра қал!..
Ал, асықты байқалық,
Не дер екен біздің бал?

Алшы түссе, алақай!
«Түс, – дегенде, – түс, құрғыр!»
Қырыққа келген «балақай»,
Тәйке түсті-ау! Тәуекел!

ЖЕРДІҢ ЖҰМЫРЛЫҒЫ

Курстан қайтты жас Сапар,
Төрде отырған ақсақал
Орын берді қасынан.
– Не білдің, балам? Не хабар?
Жұлып алды жас Сапар
Тақияны басынан:

– Тындаңыз, міне, қария!
Жер деген – мынау тақия,
Тап осындай жұп-жұмыр.
Екі басы сопақ па?
Қараңыз енді Күн жаққа:
Лампы мынау – Күнің тұр.

Домалай ма? Домалайд!
Құламай ма? Құламайд!
Бұл осымен болды ма?...
– Тоқтат мынау шіркінді!
Басы жұмыр пенде енді
Жерді де жұмыр қылды ма?

– Жоқ, ата, жағырапия,
Міне, сізге тақия...

Сенбеуіңіз жарамайд.
Домалай ма? Домалайд.
Құламай ма? Құламайд,
Тап осылай домалайд!
– Мынанды қалай жүптейміз:
Біз неге құлап кетпейміз?
– Домаланса, мұнысы не?
Сөздің қарашы қатасын!
Құласаң, құлап жатасың!
Жердің онда жұмысы не?!

ІҢІРДЕ

Амандасып өріне,
Кіреріне көріне
 Күңіреніп күн жетті,
Сұр бұлтпен бүркеніп,
Өлгеніне өртеніп,
 Көк жүзіне қан септі.

Қас қарайды. Балқыды Ай,
Жыртылған жұқа шарбыдай
 Бұлт ыдырап тарады...
Желбіреген желегі,
Күңгірлеген шелегі,
 Келіншек көлге барады.

Желкілдеп қамыс желектей,
Көл қалғыған бөбектей,
 Бетін жарға соғады.

Желдің қоңыр күбірі...
Іңірі құрсын, іңірі,
Көзге ыстық жас тығады.

Келіншек шешіп кебісін,
Батырды суға шөмішін,
Шимай ойнай жүгірді.
Су құйылды шелекке,
У құйылды жүрекке,
Бір қоңыр үн төгілді.

Бұл – іңірдей қоңыр ән,
Бір мұңды жан шығарған
«Елім-ай» деген бір ән ғой.
Күліп жатыр көл-бөбек,
Сыңсып отыр келіншек,
Қаптай берді қоңыр ой...

Аулы түскір тиіп тұр,
Енесі түскір тыста жүр.
Естілді оған «Елім-ай».
«Қоңыр іңір бейуақта,
Біздің әлгі бетпақ па,
Күңіренген қай сұмырай?

Кім болушы еді, сен ғой қар!
Өлмес пе күліп күң мұндар?!
Күңіренші енді, көрейін!
«Елім-айшыл» қар неме,
Ұмытылмас елі бар неме,
Бетінді бетпақ тілейін!...»

Тырс-тырс қағып таңдайын,
Соғып жарға маңдайын,
Қалғып кетті көл-бөбек.
Ұншықтырып дыбысын,
Іле салып кебісін,
Келеді ұшып келіншек.

Үйге кеп бір-ақ дем алды,
Ақ ит, қара ит қарсы алды.
Келіннен қайдан шықсын сөз?
Желкілдеген желегі,
Көлкілдеген шелегі,
Мөлтілдеген екі көз.

ЕСКІ ТҮРКІСТАН

(«Түркістан» деген өлеңдер тобынан)

1. ЕСКІ ШАҒАР

Ескі шаһар – таң дүние,
Салар болсаң назарың,
Не көресің?
Көресің –
Майдан сайын мазарын.
Мазар сайын мың сопы
Саулатып тұрған ғазалын.
Не көресің?
Көресің –
Мөлиген мешіт ажарын.

Мешіт сайын сан молда
Аңыратып тұрған азанын.
Не көресің?
Көресің –
Ыңыл-жыңыл базарын
Бүлкілдетіп әр жерде,
Қайнатып жатқан қазанын.
Не көресің?
Көресің...
Тоқтайын, талар назарың!

2. АРБАКЕШ

Ыңылдайды арбакеш,
Арбаңдайды арбасы.
Ырғалады ол, ырғалад
Астындағы жорғасы.
Қойнында бар қауыны,
Қолында қызыл алмасы.
Құлаққа гүл қыстырған,
Берген шығар қарғасы.
Сағыздай созар сәлемін,
Қарсы келсе молдасы.
Мешіт көрсе, мөлиед,
Тұрғандай төніп Алласы.
Өте берсе орыстың
Бүлкіл бөксе маржасы –
Ыңылдайды арбакеш,
Арбаңдайды арбасы!

3. ӘЙЕЛ

Пәренжі үсте – бітеу қап,
Бетінде перде – шімбеті.
Шімбетінің астында –
Гүл шырайлы шын беті.
Желпіне алмай, жамылып,
Быршып тұрған тер беті.
Шаңырақ сырға құлақта,
Мөлт-мөлт еткен меруерті.
Зәмзәм құйған құтыдай
Домаланған келбеті.
Тарта беру тымпиып –
Көшеде оның міндеті.
«Ағузы біллаһи, әйелге
Мұтлақ харам ер беті».
Түркістанның тақыры-ай,
Құдіреттен күшті-ау құдіреті!

ҚЫРҒЫЗ, ҚАЗАҚҚА

(«Қосшы» ұйымының тобы туралы)

Арқар менен құлжадай
Қойындасқан ежелден.
Екі тентек тетелес
Сойылдасқан екі елден.

Түн заманды төңкерген
Топан-заман не күтед?

Қырғыз – таудың тарпаңы,
Қазақ – қырдың құланы.
Екеуіңе топанның
Тартқан мынау ұраны:
Екі тарлан табысып,
Шұрқырасқай деп күтед.

Алатау, Арқа күңіренген
Күні кеше зарыңнан.
Сендерді солай сорлатқан,
Албастыдан арылған.
Бүгінгі тұңғыш тойыңа
Той ұласқай деп күтед.

Енді алдым ашық деп,
Ілгері басқай деп күтед.
Елмен қатар елдіктен
Үмітті болғай деп күтед.
Ұйымдарың сол жолда
Ұйытқы болғай деп күтед.
Соққы жеген жетім ел
Балаулы болғай деп күтед.
Сондықтан қызыл жалындай
Жалаулы болғай деп күтед.

ҚЫЗЫЛ ЖАЛАУ

*Иш. Ішіңдер,
Бұл қымыз.
Бұл қымыздың арғы атасын сұрасаң,
Құлаша қулық-бие сүті еді.
Томсарған ер қазақтың асы еді.
Бұл қымызды кім ішсін?*

*Бұл қымызды:
Аязды күні айналған,
Бұлтты күні толғанған,
Құрығын қу найзадай таянған,
Томсарған ер қазақтың өзі ішсін.*

Ежелгі жыр

- Жалынды жалау кімдікі?
- Тұрағы тарғыл тас қия,
Арбаңдаған Азия –
Жалындай жалау соныкі,
Ендеше, қазақ, сенікі!
- Қызыл шоқ жалау кімдікі?
- Кімде-кім: «Тәңірім – от,– десе,–
Басқа Тәңірім жоқ»,– десе,
Қызыл шоқ жалау соныкі,
Ендеше, қазақ, сенікі!
- Қызыл шоқ жалау кімдікі?
- Кімде-кім шикі қан жұтса,

Қан аңсап жүріп, шаң жұтса –
Қызыл қан жалау соныкі,
Ендеше, қазақ, сенікі!

– Қанды жас жалау кімдікі?
– Кімнің ұлы құл болса,
Тұлымдысы тұл болса –
Қанды жас жалау соныкі,
Ендеше, қазақ, сенікі!

– Өртенген жалау кімдікі?
– Кім өртенген гүлдемей,
Кім таланған, кім кедей –
Өртенген жалау соныкі,
Ендеше, қазақ, сенікі!

– Азаттық жалау кімдікі?
– Көре алмаса кім теңдік,
Тепкі көрсе кім кемдік –
Азаттық жалау соныкі,
Ендеше, қазақ, сенікі!

НЕМЕРЕ МЕН ӘЖЕСІ

– Айтшы, әжетай, көк деген не?
Теңбіл-теңбіл көктеген бе?
Жұлдыз көзін жымыңдатад,
Ай-әжесі: «Тек!» – деген бе?
Бұлттар бөрте ешкідей ед
Мана тізген көп көгенге.

Қазір көкте шұбырып барад,
Ағытып біреу: «Шек!» – деген бе?
– Қой, құлыным, обал, обал,
Молда оқытар, мектепке бар.

– Әже-ау, біздің Лұқбек айтад:
«Жер – ойнайтын доп, – деп айтад.
Тағы алыста теңіз бар дейд,
Тіпті түбі жоқ! – деп айтад.–
Шөл деген бір жер болад дейд, –
Ылғи қызыл шоқ!» – деп айтад.
Айтшы, әже, әже, әже!
Рас па сол?.. Айтсаң қайтед?
– Мен білем бе, мен – бір надан,
Ертең сұра, бар, молдадан!

– Айтшы деймін, айтшы, әжекем,
Теңіз деген сұйық па екен?
Алыста өскен тау бар дейді,
Басы көкке тиіп пе екен?
Тау жағындағы әлгі жүйрік
Қоян ба екен, киік пе екен?
Аю деген біздің мынау
Көк бұқадан биік пе екен?
– Тек! – деп ем ғой, – тентек, тентек,
Мұны айтатын мектеп, мектеп!

ҚОЙШЫ БАЛА МЕН КҮШІК

Бір бағланды сойғызып,
Іргеге жастық қойғызып,
 Үйіне болыс кеп отыр.
Құйрыққа бауырды астарлап,
Пыс-пыс етіп қос қолдап,
 Сылқылдатып жеп отыр.

Қасындағы хатшысы,
Алаңғасар атшысы
 Олар да асап жатыр-ау.
Поштабайың – пақырың,
(Асасаңшы ақырын!)
 Қақалдың ғой, батыр-ау!

Бәйбіше мен бай да тоқ,
Қонақтан күтіп пайда жоқ.
 Өз табағы өзінде...
Бір бала отыр анадай,
Беті-қолы қара май,
 Көзі болыс көзінде.

Қатқан тоны қаудырап,
Табаққа көзі жаудырап,
 Отыр бала есікте.
Аузы толған түкірік,
«Кет!» – деп қояды жекіріп
 Қатар тұрған күшікке.

Бір мезгілде хатшы Иван,
Бір жілік ап атшыдан,
Есікке қарай лақтырды.
Жілік жерге жалп берді,
Жалп бергенде, тап берді,
Тап бергенде, шап берді.

Кім? Дейтін не? Күшікті.
Тістей салып, есіктен
Сып етіп шықты далаға.
Күшікке қайнап зығыры,
Артынан шықты жүгіре
Іле-шала бала да.

Қойшы да болса, бала еді...
Баланы не деп болады?!
Көңіліне қатты алғаны.
Шынымен көзге жас алып,
Үйді барып тасалап,
Күшікті теуіп қалғаны.

Үйде отырған бәйбіше:
«А, жүгірмек, қой десе!..» –
Деп балаға жекірді.
Сонда болыс бір ыңқ деп,
Үйдің ішін мұңкітіп,
«Әуп!» деп бір кекірді.

ЕДІЛДЕ

1

Бүктетіліп жатқан бел
Сүтке тойған марқадай.
Бұйра қою қарағай
Белге біткен шалқалай.
Су жеп қойған жұмыр тас
Түйір-түйір малтадай.
Арнада өзен қылықты
Қылмандаған қалқадай.
Тайызға біткен құба тал
Мойындағы алқадай.
Жер еркесі жер мынау,
Шер қалар ма тарқамай?!

2

Түсте толқын еліріп,
Абыржып еді ойнақтай.
Кешке толқын тып-тыныш,
Қабыржыған қаймақтай.
Түсте толқын тулап ед
Ойнақтаған тайлақтай.
Кешке толқын тынып тұр
Қоңыр іңір бейуақтай.
Түскі толқын тек тентек,
Бойлауық, көзсіз қайрандай.
Кешкі толқын тұңғыық,
Тек қоймас терең ойлатпай.

3

Тізілген толқын – меруерт
Бір-біріне тағылып,
Шұбырған толқын шуменен
Ағытқан қойдай ағылып.
Күңіренген толқын долданып,
Көпіріп жарға қағылып.
Жағада бұйра бала тал
Таң болып тұр аңырып.
Толқынға қарап мен тұрмын
Қоңыр оймен қамығып.
Сарыарқам қайда? Алыста!
Жүрмін мен мұнда нағылып?!

4

Ерте күнде Еділдің
Ертегі деген тоғайын,
Дүлей тоғай ішінде
Орманбеттің ноғайын.
Арқада жатқан алты алаш
Ол кезде деген ағайын.
Жорығы, жолы – бәрі ортақ,
Бірге де жеген уайым.
Өткен айқын, ұғымды,
Мынаны не деп ұғайын:
Дүлей тоғай тұлданған,
Танып болмайд ноғайын.

5

Ойнап тұрған оқадай,
Еділдің беті ақ ала.
«Ақ аласы не?» – десем:
Ылғи шаңқан шағала.
Суды сүйген сары алтын
Сәуле ме деп ем бағана.
Кемеміз көлбеп келеді
Жібектей жасыл жағаға.
Шөккен бұйра бұлттай
Астархан жатыр сағада.
Көрген соң оны, ой көшті
Ертедегі Асан ағаға.

6

Асан Қайғы салдырған
Астарханға жетейін.
Қайғысыз хандар күмбезін
Әдейі аттап кетейін.
Асанның тауып моласын,
Соған тәуап етейін.
Моласына түнейін,
Ақ батасын күтейін.
«Жолым қу!» – десе болғаны,
Басқа жолды не етейін.
Өз Жәнібек сендер бол,
Мен Асан боп өтейін!

ЕДІЛДІҢ САҒАСЫНДА

1

Араладым біраз күн
Еділдің саға өлкесін.
Қазақты көрдім қуарған
Жүк тасып, тескен желкесін.
Балық аулап бозарып,
Жайлау қылған көл төсін.
Селеңдейтін селенге
Мұжықтың аңдып бөлкесін.
Сөз сөйлесе, сабайтын
Орыстың «сапсем...», «толькесін...»
Ойланбаса, мынау күй
Келтірер кімнің күлкісін?!

2

Салалы сонау сағада
Біраз ел бар Байұлы.
Жорғасы мен жүйрігі –
Қалтылдаған қайығы.
Құрық салған құлыны –
Тулатып шанышқан жайыны.
Қалағындай қайықтың
Сіріңке қара зайыбы.
Қара су, балық – қорегі,
Жоқтықтан жоқ-ау айыбы.
Бұл күйге түспей, құтылар
Қазағыңның қай ұлы?!

3

Ауылға жеттік қайықпен
Көгім кіре күн бата.
Бір лашықтың тұсына
Тұра қалдық үн қата.
«Қош келдің!» – деп қарсы алды
Ақ сақалды бір ата.
Бес бекіресін секіртіп,
Алып кеп, деді: «Ал, бата!»
Бекіресін жеп шүкір ғып,
Біз де жаттық Ай бата.
Ай бата деген жай бір сөз,
Жанға бір ауыр ой бата!

4

Бір ауыл беріш ішінде ек
Қонған өзек бойына.
Күн шықты, құрман мейрамы
Басталды құрман сойыла.
Біраздан біткен бозбала
Тойып ап құрбан қойына,
Шөмеледей шаштары,
Күйектей кесет мойында,
Дүркіресіп жөнелді
Селенге Сергей тойына...
Еліңнің жайы осылай,
Келе ме еш зат ойыңа?

Бағлан жейтін қарт, мейлі,
Балық жеп кірсін көріне.
Аллашыл, айтшыл молдасы
Шықсын-ақ жұмақ төріне.
Қалада жүрген інішек,
Қайыс буған беліне –
Көз қырынды сала гөр
Қазақтың қыршын төліне.
Мақсатың болса шерлі елді
Шығару өмір өріне,
Қаш қаладан, қарағым,
Еліңе қайт, еліңе!

СӘЛЕМ ХАТ

Сәлем сөзім алыстағы еліме,
Алыстағы ақ селеулі беліме.
Айдан да айқын сендерді іздеп қайтуым
Күнім бітіп, кіргенімше көріме.

Қар қаланың тастап қызыл-жасылын,
Сар даланың аңсап жусан, сасырын,
Қайтуым хақ бір күн қоңыр іңірде
Қар қаладан қашып шығып жасырын.

Тор іздеген құшып жолын Мұсаның,
Құшқаным рас Тор деп қала құшағын.

Енді қайту құр бос айту емес қой,
Құшағында көрдім қанды пышағын.

Түкпір еді тұрған ұзақ үй қылып,
Көп кітапты көп тезектей үйдіріп,
Бір шетінен лауылдатып от қойып,
Кетермін-ау бәрін күл ғып күйдіріп.

Кітап күл боп, өлер оттың жалыны...
Көкті басар қара бұлттың қалыңы...
Тап сол сағат құлағыма келмей ме
Қоңыр жел мен сары белдің зар үні.

Зар үн қоймас жанға бойлап жүгірмей,
Сол іңірде ақырын сөнген өмірдей.
Арқамды аңсап, қар қаладан шығармын,
Қоңыр жырмен сонау қоңыр іңірдей.

Мен қайтармын, болмақ үшін елмен ел,
Ел бел асса, аспақ үшін бірге бел.
Азғана елдің өмірі құрғыр – қалтылдақ,
Ел шер тартса, тартпақ үшін бірге шер.

Қайтуым хақ, белді будым тас қылып,
«Кет!» деме, елім, енді мені басқа ұрып.
Дейтін болсаң: «Қой жырыңды, жырауым!»
Қобызымды қиратармын тасқа ұрып.

Сөзім осы алыстағы еліме,
Алыстағы ақ селеулі беліме.
Жатсың демей, өзімсің деп баурыңа ал,
Қолың беріп мендей саяқ серіңе.

ҰЛБОСЫН

Бауырсақ мұрны пұштиып,
Бесікте жатты Ұлбосын.
Әкесінің ойында:
«Ұлбосыным пұл босын!..»

Тышқан көзі сықсиып,
Ойнап жүрді Ұлбосын.
Әкесі енді жиірек
Ойлап жүрді: «Пұл босын!..»

Бүйрек беті бұлтиып,
Шолпы тақты Ұлбосын.

Күлім қақты әкесі,
Ойға батты: «Пұл босын!..»

Салмақты қыз боп ақылды,
Он бірге жетті Ұлбосын.
Мал алуға әкесі
Құдаға кетті: «Пұл босын!..»

Бауырсақ мұрын, бүйрек бет
Он беске келді Ұлбосын.
Әкесі ойды иректейд:
«Отыра түссін, пұл босын!..»

Ирек боп қалды-ау ой шіркін,
Пұл болмады-ау Ұлбосын.
Ұлбосын биыл естіпті:

«Енді әйелге жол босын...»
Естіпті де досына:
«Мән-жай мынау... ал досым...»,—
Депті. Сөйтіп, сол түнде-ақ
Кетіп-ақ қалған Ұлбосын.

Бұрқырап отыр әкесі:
«Күл болмаса, бұл босын!»
Мен не деймін, қалқам-ау,
Жол босын деймін, жол босын.

ЖЫЛҚЫШЫНЫҢ ҮЙІНДЕ

(Қысқы түнде шеше мен бала)

— Түн түнерді, ұйықтады ауыл,
Сорлы бейбақ, атаң қайда?..
— Боран мынау, долы дауыл,
Апатайым, атам қайда?..

— Сорлы бейбақ, атаң қайда?
Көр үңгірді боран көмді!..
— Апатай-ау, атам қайда?
Әйнек сынды, білте сөнді...

— Көр үңгірді боран көмді,
Көмді ме екен атаңды әлде?..
— Әйнек сынды, білте сөнді,
Сөнді ме екен атам да әлде?..

– Көмді ме екен атаңды әлде?
Қалқам, қандай күйге түстік?..
– Сөнді ме екен атам да әлде?
Апа-ау, мұнша жасың ыстық!..

– Қалқам, қандай күйге түстік?
Жаным – жара, көңілім – қаяу!..
– Төкпеші, апа, жасыңды ыстық!
Байқашы өзің: боран баяу!

– Жаным – жара, көңілім – қаяу,
Аман ба екен бейбақ атаң?
– Жел де бәсең, боран баяу,
Қарашы, әне, ағарды таң!..

– Аман ба екен бейбақ атаң?
Құлыншағым, қорғаным – сен!
– Міне, атты таң! Аман атам!
Қапа болма, қорғаның – мен!..

ҚОЙШЫНЫҢ ӘЛӘУЛӘЙ

Әләуләй-лэй, әләуләй-лэй, әләуләй!
Шулай берме, шопан ата, шэй-шэй-шэй.
Қойды бастап құлдыр құлақ кебенек
Қылдың-ау сен, қап, тұра тұр, бәлем-ай.

Әләуләй-лэй, әләуләй-лэй, әләуләй!
Сиса көйлек киер біздің қалқатай.
Тоқымды бір шешіп қарап алайын,
Құжынаған битің қара, апырмай.

Әләуләй-ләй, әләуләй-ләй, әләуләй!
Түс боп қалды, тұрды ма екен біздің бай!
Бай не тұрсын, пыр-пыр ұйықтап жатуы ғой,
Былшық сары Сағиласын құшақтай, құшақтай!

Сағиласы осы... көзін маған салады!
Неге десең, мені ол нұқып қалады.
Нұқу түгіл, кейде өліп «әдіралап»,
Санымнан да шымшып-шымшып алады!

А, ha-ha-ha, ой, бұзылған соққан-ай,
Бұл ісінді, бәлем, егер білсе бай,
Айдап шығар екеумізді қосақтап,
Қой, жарамас, масқара ғой, қой, ойбай!

Қой демекші, қойым қайда, жатыр ма?
Кебенек-ай, тартқан екен татырға.
Күннің өзі ысып кетті-ау, айдайын,
Ақсақ қойға қиын болды-ау, пақырға!

Әләуләй-ләй, әләуләй-ләй, әләуләй!
Ылғи ет жеп жүреді елде болысың-ай,
Құйрық пенен бауыр ғана жер ем-ау,
Егер ғана мен де болыс болсам, уа, дүние-ай.

Мынау қолдың саласынан май тамад,
Қымыз деген ішіп болмай жай қалад.
Болыс болсам арманым не, уа, шіркін!
Бірақ онда... байдың қойын кім бағад?

Шұрай, жануар, шұрай-шұрай, шәй, шәй, шәй,
Түс болды ғой, тұрған шығар енді бай.
Сағила бүгін тұщы қатық берсе игі еді,
Әләуләй-ләй, әләуләй-ләй, әләуләй!

ҚАРЫНДАСТАР

1. ҮЙДЕГІ ҮНСІЗ ҚАРЫНДАС

Қарындасым, салмақтым –
Қорғасын құйған асықтай.
Былқ-сылқ етіп басқаның –
Молдалар жазған машықтай.
«Шүкір» деп шапшаң айтпайсың,
«Үш-ш-ш» дейсің асықпай.
Жуырда жауап бермейсің,
Жігерді жүн ғып жасытпай.
Берсең жауап балбырап,
Су татыған жасықтай.
Күңіренгенің – күлгенің,
Көздің жасы білгенің,
Ашуды у ғып ашытпай.
Қайтейін сені, бауырым,
Тым тұйық, бұйық баласың.
Әкеңменен қол соғып,
Алады-ау сатып сасық бай.

2. БҰЛҚЫНЫП, БҰҒАУ ҮЗГЕН ҚАРЫНДАС

Қорғасын құйған сақадай –
Сәулем менің салмақты.
Салыстырсам салмағын –
Қала қызы қаңбақ-ты...
Менің бауырым сызылып,
Сәндеуші еді салмақты...
Сол салмағы сор болып,
Таласта талай қор қылып,
Тістетіп еді бармақты.
Сол бауырым бұл күнде
Құр салмақпен қалмапты.
Ұшан дария ақылдым
Азаттық ұранды аңдапты.
Аңдаған соң, бұлқынып,
Мал бергенге бармапты.
Көндірем деп еппенен,
Аға, жеңге арбапты...
Ақ батаны бұздың деп,
Ата-анасы қарғапты.
Қара ормандай қайраттым
Қайыспапты қарғысқа...
Арбауға құлақ салмапты.
«Мен енді азат адам,– деп,–
Сүйгеніме барам»,– деп,
Тас түлектей талпынып,
Өзіне теңді таңдапты.
Бергелі жауап жарымен
Бұрала басып, майысып
Мекемеге кіргенде,

Сызылып сөйлеп салмақтым,
Бір сөзінен танбапты.
Хабарыңды естіп осынау
Бұғау үзіп босанған,
Сүйгеніңе қосылған,
Қуаныш сыймай қойнына,
Тарту қылып тойыңа,
Уыстап шашқан шашудай
Ағаң өлеңді аңдатты...

3. ОҚУДАҒЫ ҚАРЫНДАС

Бауырсақ мұрын, бүйрек бет,
Қаймақ қабак, қара қыз
Камзолының төсіне
Қадап алып ай, жұлдыз,
Жылы былтыр бой жеткен,
Боп қара қыз майысқан.
Биыл баста көн шәпке,
Камзол киген қайыстан.
Күздігүні келіп ед,
Тебініп қатпа түйесін.
Көрдім кеше: үңіліп,
Оқиды «тұрмыс жүйесін».
Оқиды, көзін алады,
Ойлап тұрад, пікірлейд.
«Есен бе, шырақ?» – деп едім,
«Үш-ш-ш» демейді, «шүкір» дейд.
Сөйлесіп ем, тезірек
Сөзді бұрды ауылға.

Неліктен мұнша ауылшыл?
Апасы қапты-ау ауылда...

4. ЖОЛҒА ШЫҚҚАН ҚАРЫНДАС

Құшақтап сүйіп сіңлісі
Тетелес туған әпкесін,
Киді жолға шықпақ боп
Көн шапан мен шәпкесін.
Баяғының киімі
Жасқа қайдан шақ келсін.
«Теңдік» деген ұранға
Толтырды қолда пәпкесін.
Көндірді де, сендірді:
«Келем, күт!» – деп әпкесін.
Торсық бетті борсық бай
Қақалсын мейлі, «Қап!» десін,
Қарындасқа жол шыққан
Біз жолдаспыз айнымас.
Азаттықты аңсаған
Әпкесіне ап келсін.

5. ҚЫЗМЕТТЕГІ ҚАРЫНДАС

Торғайдай таңмен оянды,
Оянған соң жатпады.
Азаттық іздеп шарқ ұрды,
Тұрмыста тұщы татпады...
«Бұзылған бала» атанды,

Басында жұртқа жақпады.
Бықсық, сасық өсекті
Табанға салды, таптады...
Бой бақпады, ой бақты...
Бетіне бояу жақпады.
Шұбалтып ұзын шаш қойып,
Шылдырлап шолпы тақпады.
Шәпке киіп, пәпке алып,
Баяндама жаттады.
Орынбор, Мәскеу аралап,
Жазы-қыс дамыл таппады.
Арып-ашып ел кезіп,
Қайғылыны хаттады.
Күң боп езіліп, егіліп,
Жылағанды жақтады.
Суырылып топта сөз сөйлеп,
Әйел мұңын жоқтады.
Қысқасы, әйел жынысына
Қара ормандай қызмет қып,
Өркені өскір қарындас
Ақтады үмітті, ақтады.

СЫЛДЫРМАҚ

Бүлдірген беті бөбектің,
Қолында отыр сылдырмақ,
Өзі сақ-сақ күледі,
Сылдырмақтай сылдырлап.

Тоқтап тыңдап тұрад та,
Сөйлеп қояд былдырлап,
Секіріп-секіріп түседі
Шұнаңдаған құлдыр лақ.
Атасы қарқ-қарқ күледі:
«Құр, құлыным, құр-құрлап»,
Бөбектің егер қолынан
Түсе қалса сылдырмақ.
Әлімжан аға болмысы
Сылдырмақты сыйдырмақ,
Ең болмаса «байқаусыз»
Басып кетіп сындырмақ.

САЛ-САЛ БІЛЕК, САЛ БІЛЕК

Сал-сал білек, сал білек,
Балдан тәтті бал білек,
Мектепке бар бір мезгіл,
Әжеңнің тілін ал, білек,
Сал-сал білек, сал білек,
Сабағыңа бар, білек,
Қыдыра берме қалтиып,
Етегіңмен қар күреп.
Сал-сал білек, сал білек,
Сұлу талдай тал білек,
Оқып-оқып бір асқан
Әлім болып қал, білек.

АНА

Үйдің іші ұйқыда,
Түн ортасы шамасы.
Бесікте бөбек ауру,
Тербетіп отыр анасы.

Үнсіз, меңіреу, ұзын түн,
Жел азынап тұр есіктен.
Шөкип ана отыр,
Көзін алмай бесіктен.

Бөбек жатыр албырап,
Демігіп, қызып, қысылып,
Ауық-ауық селк етіп,
Әлденеден шошынып.

Селк етсе бөбек, ананың
Өзіне ажал жеткендей,
Жүрегіне біреу біз
Сұғып алып кеткендей.

Үнсіз, меңіреу, ұзын түн
Шөккен қара бір нардай,
Сарғайып, ана сарылып
Шөкип отыр дем алмай...

Таң алдында қара бұлт
Күңіреніп көкті жабады.
Бөбегінің бетіне
Ананың жасы тамады.

БӨБЕКТИҢ ТІЛЕГІ

Тоқтышағым, тоғыз тап,
Саулық қойым, сегіз тап.
Сегізін де семіз тап.
Құла бием, құлын тап,
Құлын тапса, құнан тап,
Құнан тапса, егіз тап.

Бөкен жүнді бөрте ешкім,
Төрт айда бол төрт ешкім,
Төртеуің де бөрте бол.
Өлмей, жітпей есен боп,
Қой алдында көсем боп,
Төртеуің де серке бол.

Әукем, бұзауды алты тап,
Әукелері салпылдап,
Өгіз болсын атандай.
Бақайлары майысып,
Елемесін қайысып,
Адам мінсе де атамдай.

АҚҚАЛА

Ауылдың алды омбы қар,
«Не бар? Қолың домбығар!» –
Шешелері десе де,
Томпандап бір топ бала,
Соқпақ болып аққала,
Кіріп кетті кесеге.

Беті ойнаған оқадай,
Оппа қарға опадай,
Күп берісті топырлап,
Топырлап, шулап, соқтыға,
Тоғытқан бейне тоқтыдай
Жапырласты шөпірлеп.

Күміс қарға көбіктей,
Сүңгіп алып сүліктей,
Топырлаған топ бала,
Қарақшыдай қалқиып,
Қарындары шартып,
Бастады соға аққала.

Қарды соғып төрт бұрыш,
Төрт бұрышты қып кірпіш,
Үй іргесін қаласты.
«Мен оям!» – деп, біреуі,
«Мен қоям!» – деп, біреуі,
Терезеге таласты.

Терезелер ойылды,
Қардан құрсау қойылды.
Шаттықтың енді шегі жоқ.
Беттері болды бүлдірген,
Сар даланы күлдірген,
Күлкілері меруерт.

Қатар-қатар тізілді үй.
«Алақай», айғай, күлкі ылғи.
Күлді бірге аққала.

Ерінбесең, бар, қара:
Күліп жүріп көп бала
Салып қойды аққала.

АТА, БАТА

Мектептен (қайтты) Мәрияш,
«Әліппесі» қолында.
Шақырады оны атасы:
«Кел, құлыным, кел мұнда»,
Мәрияш:
«Ата, ата!» – дегенде,
Атасы:
«Құлыным ата дейді ғой!»

Мәрияш:
«Бата, бата!» – дегенде,
Атасы:
«Құлыным бата дейді ғой!
«Бата» десең, қарт атаң
Айналсын сендей ботасын!
Оқы, құлыным, әлім бол,
Атаң берді батасын!»

СҰР ҚҰЛЫН

Жазды күні сұр құлын
Сұлу еді сүліктей.
Құрық көрсе құлдырап,
Жытушы еді еліктей.

Алдауға түсіп ұсталып,
Тұрғанда құлын байланып,
Жүруші еді Әлжан жанында
Сылап, сипап, айналып.

Қыс түсті, аяз, үскірік,
Көк мұздай бұлтсыз аспаны.
Отарда жатқан жылқыдан
Арық та келе бастады.

Топырлаған арықпен
Сұр да келді тыртыып.
Құлыншағын көргелі
Шыға келді Әлжан құнтыып.

Сұр құлын жоқ алдында
Жалбыраған жабағы:
Томпиды аузы Әлжанның,
Салбырады қабағы.

КЕЙІН ТАБЫЛҒАН
ӨЛЕҢДЕРІ



ҚАЗАҚ ҚЫЗЫНА ӨЗІЛ

Шолақ айдар, шөп желке,
Бауырсақ мұрын, бүйрек бет,
Былқ-сылқ етіп жүргенде,
Ойламайсың ба үйрек деп?!

Өзім қазақ болған соң,
Бауырсақ мұрын, бүйрек бет,
Басқа айтпайды, мен айтам:
«Сендей сұлу сирек», – деп.

СЫРЫҚ МОЙЫН, БІЗ МҰРЫН

Сырық мойын, біз мұрын,
Шіркін, тұздай көзіңіз.
Қыт-қытындай тауықтың
Құйылып тұр сөзіңіз.
Кірпішеткенің ұнындай
Опа басқан жүзіңіз,
Жүз төңкеріп көзіңіз,
Жақындайсыз өзіңіз,
Сізге кім ғашық болмасын?
Мәселен, біз өзіміз...

БОТАМДЫ КӨРДІМ ТҮСІМДЕ

Ботамды көрдім түсімде
Қырмызы моншақ тағынған.
Ботамды көрдім түсімде
Атасын боздап сағынған.

Апасы құшып еркесін,
Көзінен меруерт ағызған.
Мен сендерден садаға,
Бөбегім, жарым – жанымнан!..

БІР КЕЗДЕ ІШТІК АРАҚТЫ

Бір кезде іштік арақты
Асқардан асқар аспаққа.
Ішеміз енді арақты
Қайғы мен қасірет баспаққа.
«Баспаққа» деген жай бір сөз,
Көз көмілді қаспаққа.
Четушкалап арақты
Жастайтын болдық бас жаққа.

ЖІГЕР, ШІРКІН, ЖЕЛІНДІ

Жігер, шіркін, желінді
Болат жеген қайрақтай.
Мешеу болды жүйрік ой
Кететін орғып айдатпай.

Қолды қардан оқ үзді,
Ордаға байрақ байлатпай.
Өлер өмір, сөз қалар
Молаға қойған сайғақтай.

ӨЗЕННІҢ СУЫН ЖЕЛ ТЕРБЕП

Өзеннің суын жел тербеп,
Ақ төсін керіп шайқалад.
Біресе ауыр күрсініп,
Біресе тынып жай табад.
Жағаға біткен кербез тал
Ақ төсін керіп шайқалад.
Мінезіне кербездің
Кім бәлен деп айта алад.
Суға бетін сүйсін деп,
Бір беріп, тағы қайта алад.

ЕСЛАМ ҚАЗАСЫНА КӨҢІЛ АЙТУ

Сонау Еслам үздік туған бала екен,
Байтақ елге асқар таудай пана екен.
Сол панадан, сол баладан айрылып,
Жалпақ Жауар⁴ жүрегінде жара екен.

Көлі кетіп, шөлге айналса, жер жетім,
Ері кетіп, шер байланса, ел жетім.

⁴ Жауар – Қарауыл руының бір атасы.

Білдім анық жастың үздік туғанын,
Көрмесем де, көргеннен соң ел шетін.

Білдім жастың асып туған бағасын,
Жас та болса, байтақ елге ағасын.
Қалың Жауар үстіндегі қамқаның
Тағдыр тартып жыртқан екен жағасын.

Есін жия ел деп құлаш сермепті,
Ағайынның бірін де жат көрмепті.
Ер азамат бір нақақтан қысылса,
Қорғау бопты, бірін қолдан бермепті.

Тартыпты ылғи тура жолға, мақұлға,
Асқар таудай пана бопты жақынға.
«Халық айтса, қалт айтпайды» деген ғой,
Ие бопты байтақ терең ақылға.

Ажал – бір жол, аттап өтпек айла жоқ,
Өткен адам қайта келмес, қайла жоқ.
Солай, Зеке, елге тоқтау айтқан жөн,
Оймен азып, жасығаннан пайда жоқ.

Солай, Зеке, ой сабырмен басылар,
Өзіңдей ағасы бар, жасы бар.
Жақсы туған ер азамат жоқ емес,
Ел асқар ғой, талай қымбат тасы бар.

Сол сұңқарды кім ұмытар, кім қиып,
Кетіпті өлім ел ойына у құйып.

Бірақ ақыл жеңгені жөн сол ойды,
Ой деген – бір дария ғой тұңғиық.

Ой деген – бір терең дария тұңғиық,
Ой қажытар бір қайғы, бір нұр құйып.
Ой деген – сел, онда құлан қағы жоқ,
Ой дегенің – таусылмайтын кермиық.

Жүрген жері сауық-думан базардай,
Ажал шіркін қаратпайды ажарға-ай.
Жолаушымын, уақытым тар болмаса,
Жігіт екен арнап сөздер жазардай.

Жігіт екен кемеліне келе алмай,
Арманда өткен толық жеміс бере алмай.
Кемеріне келіп толса сонау жас,
Ел қалар ма ед ер жемісін тере алмай.

Тауда тас көп, тас ішінде тас болар,
Елде жас көп, жас ішінде жас болар.
Сақа құймас қолайына жақпаса,
Асыл туған жас байтаққа бас болар.

Мүше келсе, «Ат боларлық құлын» дер,
Жақсы туса, сонда «Мынау – ұлым» дер.
Сол ұлынан ерте айырылса саналы ел,
Үзілгендей болды, дүние, жолым дер.

Солай, Зеке, қайысса да қабырға,
Болсын байтақ енді миға, сабырға.

Өлім – жол ғой, ел – жолаушы сол жолда,
Енді қарай бермегейсің қабырға.

Ғибрат алып ақынның бұл хатынан,
Қайғыңды азайт көкіректен атылған.
Тар жолдарда жолдас болған жолдасым,
Кішілік айттым Зылиқаның да атынан.

ЖАМБЫЛҒА

... Жан аға! Шықтым елімнен,
Халімді менің көрсейші.
Жаның нұрға көмілген,
Нұрыңнан ұшқын берсейші!...

ҚАЛАМЫМА

...Енді, бетім, елді көр еңбек емген,
Басында бағы жанып, күнде күлген,
Қомданып, қас қырандай қаруланып,
Алыста орағытқан жауға төнген.

Осы бетім – ақ ниетім елге ере алсам,
Гүлденген өмірге үндес жыр бере алсам,
Социалды Отанды қанмен қорғап,
Керек болса, кезінде жан бере алсам.

Осы бетім – ақ ниетім, келдім бастап,
Жанымнан бар жараны сылып тастап.

Еңбекші ел, ашуы ұшан, мейірімі мол,
Жанымды тартты саған жалаңаштап.

ЖАС МАҒЖАНҒА

Мағжан депті біздің Бәкең баласын,
Қарашығым, бүлдірген бөбек, адасым!
Сұрайсың ғой: «Қайдан келдің, аға?— деп,—
Енді қайда жол тартып сен барасың?»

Бұл сөзіңе мен айтамын, қарағым,
Ойдан шықтым, ойға тағы барамын.
Көптен өзін ұстамап ем қолыма,
Тотыққандай болды мынау қаламым.

Оқасы жоқ, тотықса, енді ашылар,
Қаламымнан тағы сөзім шашылар.
Сен, бөбегім, ержетерсің, өсерсің,
Толқындар да толқып-толқып басылар.

«Мен туғанда ақын ағам келді»,— де,
«Келіп, маған ақ батасын берді»,— де.
Өс, бөбегім, жас балауса құрақтай,
Өмір – керуен, бір сәт тоқтап көрді ме?!

ЖАУАРДЫҢ АЗАМАТТАРЫНА

Сағада сіз, байтаққа аға Зәкең бар,
Қарағашта хатқа жүйрік Бәкең бар.

Ғабдолла бар атқа мініп алысқан,
Елге сыйлы, байыпты сөз Шәкең бар.

Қалидан да естідім сөз орынды,
Жекемұрат жүйрік жігіт көрінді.
Аз сөзінен алғырлығы байқалады,
Ақылына тілі серік, порымды.

Әлімжан да алғыр құсқа меңзеген,
Сөзді жиып, тізгін тартып, тежеген.
Мұхаметжан, Сыздық – екі азамат
Ешбір жаннан беті қайтып көрмеген.

Әркім жүр ғой әрбір түрлі халменен,
Біреулер жүр күнделікті сәнменен.
Араңызда бізден екі бала жүр:
«Ризық тартса, теріп же де, дәмменен».

Екеуі де ес иесі, есінде,
Тартса ризық, еркін теріп жесін де.
Ойнар, ойлар, құрбысымен теңдесер,
Үйде отырып, түзде жүрмін десін бе?!

Олай болса, артық сөз ғой деменіз,
Өмір – теңіз, су үстінде кемеміз.
Басар аяқ нық болғанда, ақыл жөн,
Аяқ асты тайғақ болсын деменіз.

Солай, Зәке, бір себептен келіп ем,
Өмір – бір жол, адам – көшкен керуен.
Ес білгелі шетте жүрген жәйім бар,
Сергелденде – серуен де сергелдең!

НАҒАШЫЛАРҒА

Бір себеппен келіп қалдым бұл жаққа,
Дәм жазбады, бара алмадым ол жаққа.
Көрмесем де, көп кішілік сәлемім
Нағашымыз Махаң менен Қожаққа.

Аралап ем шығыс, батыс арасын,
Ертіс, Еділ, Сырдария даласын.
Дәм жазбады бүгінгі күн көруге
Ел-жұртымыз Баян – Шақа баласын.

Сол Шақада қажы Жүсіп дер еді,
Жақып пенен Өсіп те бар деп еді.
Ұл боп туып, тартып мінген ат жалын
Орда иесі Хасен де бар деп еді.

Жиеніңіз – қажы Жұмабай әкем де,
Одан туған Нұрмағамбет, Бекен де.
Сол екеуден жеті-сегіз біз бармыз,
Бәрі – жиен, бәрі сізге бөтен бе?!

Бәрі жиен, бәрі сіздің қаныңыз,
Бәрі сіздің шашқан тұқым-тарыңыз.
Дәм жазбады, бара алмадым бұл жолы,
Сәлемімді қабыл көріп алыңыз.

Сәлемнен соң, нағашы жұрт ағамыз,
Кіші болса, көзі ашық данамыз,
Баршаңызға тапсырғаным менің де,
Қолымызда Мұхамеджан балаңыз.

Есі бар ед байқағандай парықты,
Онды-солды, қараңғыны, жарықты.
Күн туған соң, етігімен су кешіп,
Ел-жұртым деп сіздерді іздеп барыпты.

Барып, сізді асқар пана қылыпты,
Панаңызда бала тұрмыс құрыпты.
Өз балаңыз, ақылыңызды айтыңыз,
Албырт еді, ерке бала қылықты.

Жиеніңіз қажы Жұмабай құтты еді,
Әкем Бекен – Атығайға тұтқа еді.
Тұтқа десем, сөйлеу болар асыра,
Деуші болар: «Басқа тұтқа жоқ па еді?»

Не жоқ болсын, Шахаң – елге аға еді,
Үздік туған, жанат тонға жаға еді.

Ел ағасы Исекең анау, қайраным,
Өрге бастап, төрге тартқан тайлағын.
Өрісін кең тарылтпайтын аз елдің,
Атығайдың алып жүр ғой байрағын.

Жиеніңіз ес білгеннен ел деген,
Өрге ұмтылған, өрге қарай өрлеген.
Кім ұшырамас алыс жолда шалысқа,
Күн де болды қолды қате сермеген.

Нағашы жұрт, сізге дұғай сәлемім,
Өзім жолда, барсын сізге қаламым.
Амандықпен көріскендей күн болсын,
Қоштық айтам, Қызылжар жүріп барамын.

ӨМІРІМЕ ӨКПЕМ

Сұм өмір, сұлу дүние, алдадың ба?
Тән арып, тамырда қан қалмадың ба?
Жалған үшін жан қиып, жапа шектім,
Еңбегім, екі болып, жанбадың ба?
Жайшылықта жан қиған, жақын дүние,
Талып тұрсам, назарың салмадың ба?
Ортекедей орғытып, оққа жығып,
Жалмауыз, жауыз жалған, жалмадың ба?
Арсыз нәсіп, армансыз алдадың ба?
Қайырымсыз қанжығанды қандадың ба?
Қомағай қорқау ажал, қойның ашып,
Қапа мен қайғыға қол жалғадың ба?
Алдандым, алжастырдың, аңғырттандым,
Ақылсыз аңқау басым, аңдадың ба?

Қимас дос, қыспақта боп, жылаттың ба?
Қайғымен қан жұтқызып, сұлаттың ба?
Қасіретті қасапшының ешкісіндей
Құрым іліп, құдыққа құлаттың ба?
Құбылдың, құйқылжыдың, құртқа дүние,
«Қызықпаймын» десем де, шыдаттың ба?
Ар-ұят, адамдықты арам қылып,
Бәрін саған жұмсадым, қуанттың ба?
Сен үшін жақынымды жат қылып ем,
Қайырылып, қам көңілімді жұбаттың ба?

.....

Мелшиген, мейірімсіз, меңіреу дүние,
Алдап ап, айызыңды қандырдың ба?

Қазынаны ұрлаған қарақшыдай,
Бас салып, басқа бұғау салдырдың ба?
Жау тонаған адамдай жәудіретіп,
Адамзаттық арымды алдырдың ба?

.....
Кетеріңе келгенде, кәззап дүние,
Түлкідей құйрығыңды шалдырттың ба?
Қапаста қан азайып, қажыр мұқап,
Қалашының итіндей қаңғырттың ба?

Өзелде алысқа ұшқан дәм мен тұзым,
Тәуекел, тасқа қондым, Тәңірім сақтар.
Жерлерге топырақ тартқан сан айналдым,
Деген жанмын: «Құнымды Құдай жоқтар!»
Адам басы – Алланың добы болса,
Тағдырдан табандатып тиді шоқпар.

Жалындым, жанталастым, жалбарындым,
Тимеді ешбір рақым Тәңірім жақтар.
Махпуздың тақтайына жазған жұмыс
Бұйрықты жерлеріне барып тоқтар.
Басқадан менің жаным бағалы ма,
Талай жан тап жолында болды көкпар!

Қиядан сөз табатын ақыл бар ма,
Тыңдайтын бойым балқып нақыл бар ма?
Есіл сөзім есепсіз босқа кетсе,
Обалы жаулығы жоқ қатындарға!

ЭПИГРАММАЛАР

Әліби Жангелдинге

Отағасы
Істің басы –
Жас тоқал.
Кеткен соң қар,
Меккеге бар,
Сәлде сал.

Мадиярға

Жолдан азып,
Закон жазып,
Майқы боп.
Ақын Мәкең
Отыр ма екен
Қайқиып?

Мұстафаға (Шоқаев)

Шоқай, Шоқай
Қай жерде?
Қай?
Айнама-ай!
Көкек демей,
Секектемей,
Қайтшы елге
Ойнамай.

Уалитхан Танашевқа

Қазақ ұлы,
Татар құлы –
 Уалит ер,
Қи, қи, қи, қи,
Ол – форменный
 Саудагер.

Айдархан Тұрлыбаевқа

Ертек,
Ертек,
 Ерте екен.
Жуан қарын
Айдарханы
 Қырт екен.

Асылбек Сейітовке

Бір-екі-үш ай
Шапты да тай,
 Басылды...
Шорман биге
Тарттық сыйға,
 Асылды.

Мұсылманбек Сейітовке

Мұсылманбек –
Мұрты тіп-тік
Судья.
Очень лестно,
Ну, конечно.
Ну, ну, я...

Асфандияр Шормановқа

Асфандияр,
Граф Диуар,
Қайдасың?
Баю, баю,
Поздравляю,
Мещанин!

Шайбай Аймановқа

Айман, Шайбай,
Қайда, ойбай,
Гүләйман?
Шу, Шорман дүр,
Сен құрбан дүр,
Жылайман.

Смағұл Қазыбековке

Қазыбегім,
Қазақ елін
 Ұрайын!..
Пошел, пошел.
Я сам дошел.
 Құдайым!

Әлімхан Ермеков пен Халел Ғаббасовқа

Әлімге Ермек
Оқуға өрнек,
 Жел есер...
«Халел, Халел»
Деп те елдің
 Бойы өсер.

Нәзір Төрекұловқа

Жас марксшіл,
Тағы бір «шіл» –
Төрекұл.
Я капитал,
Мәзірімді ал,
 Қабыл қыл!

Хайреддин Болғанбаевқа

Бұртаң бала,
Бүгін қара,
Кәрі тай.
Бір кемі жоқ,
Бір теңі жоқ
Болғанбай.

Мұсылманбек Мейрамовқа

Арақ та жоқ,
Қарақ та жоқ,
Мейрам жоқ,
Кетті қаңғып,
Басы даң боп,
Колесо боп дөңгелеп.

Омартай Жәнібековке

Есек, есек,
Қатын өсек
Жәнібек.
Жүр ғой өзі
«Шілдің боғы –
Дәрі!» – деп.

Тел Жаманмұрыновқа

Жаны – жамау,
Таңқы танау
Тел қайда?
Елді жесе,
«Шілмін» десе,
Сол пайда...

Иса Қашқынбаевқа

Шірік сиса,
Доктор Иса,
Қашқынбай!
Іздеп мола,
Сен біржола
Қаштың ба-ей?

Бақытжан Қаратаевқа

Сөнген айым,
Қаратайым,
Бақытсыз.
Жүріп күшке,
Арақ іш те,
Жаз арыз.

Мырзалиевке

Сасай азбан
Жерді қазған
Мырзамыз.
Дуайт-тралайт,
Мырзамызға
Ризамыз.

Асхат Сайдалинге

Көкек, көкек,
Менмен есек
Идейный.
Асхат, Асхат,
Үйіңде жат
Ереймей.

Сатылған Сабатаевқа

Зиялы адам,
Қиялы арам –
Сатылған.
Достан құрып,
Бостан жүріп,
Атылған.

Әбілқайыр Досовқа

Бетім-бетім,
Құдіретім,
Не дейін?!
Ел биледі-ау,
Сөз сөйледі-ау
Әбіл жын!..

Райымжан Мәрсековке

Қарны ысылып,
Жаны қысылып
Рай-Мәрсек,
Қашқар барды,
Сәлде салды,
Мінді есек.

Жүсіпбек пен Мұхтарға

Жүсіп жарқын
«А» деп жарқын
Жат еді-ау!..
Жас бала – мас,
Астында ағаш
Ат еді-ау!
Қазір Жүсіп
Артын қысып,
Қашып па?

Мұхтар, Мұхтар,
Ол да тоқтар,
Асықпа...

Әбдірахман Байділдинге

Чик-чик,
Колокольчик
Дин, дин, дин.
Сылдыр-сылдыр,
Былдыр-былдыр
Байділдин.

Жұмағали Тілеулинге

Көкшетаулық,
Денге саулық,
Ақ жаулық.
Жерді шарлап,
Жыладым зарлап,
Ғали жоқ.

Сәкенге (Сейфуллинге)

Фуллин Сәкен,
Кекең-кекең,
Футурист.

Бала ақмақ,
Қожа, ташмай
Басын кес.

Мұхтар Саматовқа

Күрейт,
Күрейт,
Наркомпрод Саматов,
Азық-түлік,
Жина мүлік
Жайнатып.

Біркей (Бірімұхамбет) Айбасовқа

Біркей, Біркей,
Шыбын-шіркей
Молада.
Анда-санда
«Мен мұнда»
Деп жылама.

**Жаһанша Досмұхамедов пен
Халел Досмұхамедовке**

Қайда екі дос?
Орал боп-бос...
Қайда олар?

«Алла – хақ», – деп,
«Біз – нахақ», – деп
Жүр бұлар.

Ахмет Байтұрсыновқа

Ақаң, Ақаң,
Тілек-батаң
Аққа жақ.
«Я, Жаппар хақ,
Мен – шын нахақ», –
Де де жат.

Ережеп Итбаевқа

Қотыр торы ат
Құтырып жүр
Итбаев,
Семейіңе –
Көмейіңе
Кет тайып.

Сейтқали Меңдешевке

Қазақстан,
Солдатстан,
Тар балақ.

Құжынаған құрт,
Быжынаған бит,
Жорғалап.

Мұқанбетжан Тынышбаевқа

Ескі кебіс,
Собакевич,
Жаны кер.
Весьма тупой,
Член Думы,
Инженер.

Әлиханға

Ел ағасы,
Елдің басы
О, Әли!
Есенбісің,
Көсембісің,
О, пәли!

Мұханбетжан Бейсеновке

Мен,
Мен, мен!
Единый мен – коммунист.
Елден,

Жерден
Алып жүрмін көп үлес.

Мағжан Бекенұлына

I

Қайда Мағжан?
Мағжан мынау:
Самолүб,
Очень ленив,
Упрямый паренек;
Көрсө әйел,
Көзі жоқ ол
Көбелек.
Я писал бы,
Не бросал бы
Карандаш,
Зато менің
Постоянно қарным аш.

Баю, баю,
Орманда аю,
Баю, бай.
Баю, баю,
Орманда аю,
Қой, ойбай!

II

Қайда, ойбай,
Мағжан?
Сөзге күймес,
Қалам тимес
 Қандай жан?
Есінен де,
Күшінен де
 Сөзі көп.

Очень ленив,
Самолюбив
 Паренек.
Көрсө әйел,
Көзі жоқ ол
 Көбелек.

Не зеваю,
И бросаю
 Карандаш.
Не бросал бы,
Я писал бы,
 Қарным аш...

ФАКСИМИЛЕЛЕР



ҚОСЫМШАЛАР



ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕР

Жатыр. Ақын отаршылдық қысымындағы туған елінің ауыр тағдырын, қиын жағдайын ашып суреттеген. Алғаш «Айқап» журналының 1911 жылғы 2-санында (14-15-б.), сосын 1912 жылғы «Шолпан» жинағында (4-6-б.) жарияланған. Кейін 1989 (15-16-б.), 1995 (34-б.), 2008 (5-б.), 2013 (8-б.), 2018 (127-128-б.) жылғы басылымдарға енген.

Өлеңнің бірінші шумағының екінші тармағы араб әрпінде басылған 1911, 1912 жылғы мәтіндерде: «*Kілітін* өнер-білім ашып жатыр» болса, 1989 жылғы басылымда: «Кілтін де өнер-білім ашып жатыр» болып, «де» жалғаулығы қосылған. 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Кілтін өнер-білім ашып жатыр»;

5-шумақтың 3-тармағы 1911, 1912, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Астана, жұрт билеген адамдарды» болса, 1989 жылғы басылымда: «Әуелде жұрт билеген адамдарды» деп өзгертілген.

1912 жылғы «Шолпан» жинағында:

*«Біреулер оқып төре болып жатыр,
Шен алып, бақыт құсы қонып жатыр.
Ұмытып өзін-өзі бұл сабазың,
Жұртына қарсы таяқ соғып жатыр»*

деген 6-шумақ 1911 жылғы «Айқап» журналында жарияланған мәтінде кездеспейді.

1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда курсивпен көрсетілген «сабазың» деген сөз 1989 жылғы басылымда «сабаздар» деп берілген.

7-шумақтың 2-тармағы 1911, 1912, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Қайдағы ескі нұсқа көріп жатыр», 1989 жылғы басылымда: «Айтысып молдалармен іріп жатыр»;

Сондай-ақ 1989, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Жас қызын малға, шалға беріп жатыр» деген 8-шумақтың 2-тармағында тыныс белгі қате қойылған, барыс септік тұлғалы есім сөзден кейін үтір қою дұрыс емес. Бұл жерде қыздарын теңіне емес, мал-дүние үшін кәрі адамға беретіні айтылған.

8-шумақтың 4-тармағы 1911 жылғы «Айқапта», 1989, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Қармаққа талай жасты *іліп* жатыр», 1912 жылғы «Шолпан» жинағында: «Қармаққа талай жасты *алып* жатыр»;

9-шумақтың 2-тармағы 1911 жылғы «Айқапта»: «Дін десе бар тілі де құрып жатыр», 1912 жылғы «Шолпан», 1989, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы жинақтарда: «Өзара талас-тартыс болып жатыр»;

Тыныс белгісін қоюда араб әрпінде басылған мәтінде кейбір ерекшеліктер бар екені байқалды. Мысалы, 1912 жылғы басылымда «Кешегі шешек жарған «қазақ» гүлі» деген 9-шумақтың 3-тармағында эндоэтноним тырнақшаға алынған. Бұл жинақта қазіргі емле заңдылығы сақталды.

Соңғы, 10-шумақтың 3-тармағы 1912, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы жинақтарда: «Сезінбей *өз өлгенін*, өзінікін» деп берілсе, 1989 жылғы басылымда: «Сезінбей *өзгенікін*, өзінікін» болып өзгертілген.

Өлең бұл жинаққа «Айқап» журналының 1911 жылғы 2-санында (14-15 б.) жарияланған мәтін бойынша берілді.

Шын сорлы. Өлеңде әлеуметтік мәселелер, әйел теңдігі тақырыбы сөз болады. Алғаш «Айқап» журналының 1911 жылғы № 9 санында (15-17-б.), сосын 1912 жылы «Шолпан» жинағында (22-24-б.), 1923 жылғы басылымда (106-108-б.) жарық көрген. Кейін 1989 (16-17-б.), 1995 (35-36-б.), 2008 (6-7-б.), 2013 (10-11-б.), 2018 (285-286-б.) жылғы басылымдарға енген.

2-шумақтың 3-тармағы «Айқап» журналында: «Ақтарып астын үс қып *бар нәрсенің*», 1912, 1923, 1989 жылғы басылымдарда: «Ақтарып астын үс қып, *гулеп соғып*», 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Ақтарып астын үст қып, *гу-*

леп соғып»; осы өлеңде 7-шумақтың 4-тармағында «Дүрілдеп, астын үст қып борай кетті» деп берілген, сол себепті бір өлеңнің ішінде екі түрлі жазылған сөздің «үс» емес, «үст» тұлғасы алынды: «Ақтарып астын үст қып бар нәрсенің».

7-шумақтың 3-тармағы «Айқап» журналында: «Ішінен өшіккендей тасбауыр жел», 1912, 1923, 1989, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Әдейі өшіккендей тас бауыр жел»;

8-шумақтың 2-тармағы «Айқап» журналында, «Шолпан» жинағында, 1923 жылғы басылымда: «Көз алды даулап кетті от боп күйіп», 1989, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Көз алды дулап кетті от боп күйіп».

«Айқап» журналында және «Шолпан» жинағында:

*«Қазақта сорлы ұрғашы
Ерден теңдік көрер ме?
Тыйылып, құрғап көз жасы,
Бірге дәурен сүрер ме?!»*

деген ой қорытынды есепті соңғы шумақ 1923 жылғы Ташкент басылымында кездеспейді, 1989, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда көрініс таппаған.

Өлең бұл жинаққа «Айқап» журналының 1911 жылғы № 9 санындағы мәтін бойынша берілді.

Жазғытұры. 1912 жылғы «Шолпан» жинағында (21-22-б.), «Айқап» журналында (1912, № 4 саны, 93-б., №5, 113-115-б.), 1923 жылғы жыр жинағында (21-22 б.) жарияланған. Кейін 1989 (17-б.), 1995 (36-37-б.), 2008 (7-8-б.), 2013 (46-47-б.), 2018 (109-110-б.) жылғы басылымдарға енген.

Бұл өлең төрт шумақтан тұрады. 1989 жылғы басылымда өлең шумаққа бөлінбеген, 1995 жылғы басылымнан бастап үш шумаққа бөлінген.

1912 жылғы «Шолпан» жинағында:

*«Жетті апрель, су ақты қырдан ойға,
Арық-тұрық секіріп кетті тойға», –*

деген өлеңнің алғашқы екі жолы 1923 жылғы жыр жинағында:

*«Су ақты, жетті апрель, қырдан ойға,
Секіріп арық-тұрық кетті тойға», –*

болып екі өлең тармағындағы төрт буынды бунақтар үш буынды бунақтармен орыны ауыстырылған. Ырғақ ерекшелігіне қарай өлең жолындағы бунақтар орнын ауыстырып отыруы мүмкін.

«Айқап» журналында:

*«Жетті апрель, сулар ақты қырдан ойға,
Арық-тұрақ секіріп кетті тойға», –*

деп берілген.

1989, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Су ақты, жетті апрель қырдан ойға» болып, айдың атауы кеңес кезеңінде қолданыста болған жылдың төртінші атауына өзгертілген, 1995 жылғы басылымда: «Су ақты, жетті сәуір қырдан ойға».

1-шумақтың 6-тармағы «Айқапта», «Шолпан» жинағында: «Қайғы-мұңдық қалмады ешбір ойда», 1923, 1989, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Қалмады қайғы-уайым ешбір ойда» болып өзгертілген.

1-шумақтың 7-жолы «Шолпан» жинағында: «Нұрлы күн алтын нұрын шаша бастап», «Айқап» журналында: «Нұрлы күн алтын нұрын шаша бастар»;

2-шумақтың 3-7- тармақтары «Айқап» журналында:

*Түрлі әнмен жаңа келген жылдың құсы
Тұрғандай зікір айтып, күнге бағып.
Ұлы бай жылқы қамар, қыл күзетіп
Белсенген жылқышыға ноқталатып.
Балалар етек түріп, зыр жүгірер.*

1912 жылғы «Шолпан» жинағында:

*«Ұлы бай жылқы қамар, қыл күзеуге
Белсенген жылқышыға ноқталатып.
Балалар етек түріп, зыр жүгіріп,
Батпаққа бірін-бірі домалатып,
Қырағы жылқышылар ұйқы көрмес» –*

деген 2-шумақтың 6-9-тармақтары 1923 жылғы жыр жинағында:

*«Ұлы бай жылқы қамап, қыл күзетер
Белсенген жылқышыға ноқталатып.
Балалар етек түріп, зыр жүгірер,
Батпаққа бірін-бірі домалатып,
Қырдағы жылқышылар ұйқы көрмес».*

2-шумақтың 4-тармағы «Айқап» журналында: «Тұрғандай зікір айтып, күнге бағып», 1912, 1923, 1989, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Тұрғандай қобыз ойнап, әнге салып».

1989 жылғы басылымда: «Бай аулы жылқы қамап, қыл күзетер» деп өзгертілген, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Ұлы бай жылқы қамап, қыл күзетер» болып түпбасылым негізінде дайындалған.

3-шумақтың 1-тармағы «Айқапта», 1912, 1923, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Май кірді, жер құлпырды, гүлдер жайнап», 1989 жылғы басылымда: «Май келді, жер құлпырды, гүлдер жайнап» болып өзгертілген.

3-шумақтың 2-тармағы «Айқапта», 1912, 1923, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Жібектей көкорайлар жатқан жайрап», 1989 жылғы басылымда: «Жібектей көкорайлар жатқан жайнап»;

3-шумақтың 3-тармағы 1989 жылғы басылымда: «Сұлудай бұраңдаған бұтақтар да», 1995 жылғы басылымда: «Сұлудай бұраңдаған бұтақтарда»;

3-шумақтың 4-тармағы 1912 жылғы басылымда, «Айқапта»: «Ән қосып һәр түрлі құс тұрған сайрап», 1923, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Ән салып әр түрлі құс тұрған сайрап», 1989 жылғы басылымда: «Ән салса әр түрлі құс тұрған сайрап»;

3-шумақтың 6-тармағы 1912 жылғы басылымда, «Айқапта»: «Тіріліп, қанат қағып, быз-быз қайнап», 1923, 1989, 1995, 2008,

2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Тіріліп, қанат қағып, быж-быж қайнап»;

«Айқап» журналында «Аспанда күн күркіреп, от жарқылдап, Жылы жел қара бұлтты тербеп айдап» деген жолдардан кейінгі төрт жол, яғни 4-шумақтың 5-8-тармақтары басқа басылымдарында кездеспейді:

*«Көкорай жапырақтың арасынан
Құс-құрттар баласына ұя сайлап.
Жүн-жұрқа, ескі-құсқы нәрсе тасып,
Бауыр еті балаға орын жайлап».*

4-шумақтың 13-тармағы «Айқапта», 1912, 1923, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Жаратқан жанға рахат жазғытұрды», 1989 жылғы басылымда: «Жаратқан жанға рақат жазғытұры».

Академиялық жинақта «Айқап» журналында (1912, № 4 саны, 93-б., №5, 113-115-б.) жарияланған мәтін негізге алынды.

Бұлбұл. Алғаш «Айқап» журналының 1912 жылғы 7-санында (105-108-б.) жарияланған. Одан соң 1912 жылғы «Шолпан» (45-47-б.), 1923 жылғы Ташкент (37-38-б.) жинағында жарық көрген. Кейін 1989 (18-б.), 1995 (37-38-б.), 2008 (8-9-б.), 2013 (40-41-б.), 2018 (89-90-б.) жылғы басылымдарға енген.

Бұл өлең туралы Қошке Кемеңгеров былай деп жазды: «Мағжанның ақын болатындығы «Шолпандағы» «Бұлбұл» деген өлеңінде көрінген» («Еңбекші қазақ», 1926, 1 желтоқсан).

1-шумақтың 3-тармағы «Шолпан» жинағында: «Суытасың денені, ысытасың», 1923, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Денені суытасың, ысытасың», 1989 жылғы басылымда: «Денені ысытасың, суытасың»;

2-шумақтың 2-тармағы «Шолпан» жинағында: «Тұрады жан-жануар *демін* жұтып», 1923, 1989, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Тұрады жан-жануар *дәмін* жұтып»;

2-шумақтың 4-тармағы «Шолпан» жинағында: «Ұялған әлдеқайда кеткен жытып», 1923, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы

басылымдарда: «Ұялып әлдеқайда кеткен жытып», 1989 жылғы басылымда: «Ұялып әлдеқайда кеткен зытып» болып өзгертілген. Осы басылымда «Ұялып әлдеқайда кеткен жытып» болып берілді.

4-шумақтың 1-2-тармағы 1912, 1923, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Бұлбұл құс! Көзімде жас, кеудемде от Болып, мен саған келдім, ішімде шоқ». 1989 жылғы басылымда: «Бұлбұл құс! Көзімде жас, кеудемде от, Толып, мен саған келдім, ішімде шоқ»;

4-шумақтың 4-тармағы «Шолпан» жинағында: «Анық білдім, басқадан неш пайда жоқ», 1923, 1989, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Басқадан, анық білдім, еш пайда жоқ»;

5-шумақтың 1-тармағы 1912 жылғы «Шолпан» жинағында: «Бұ жерден ұшып кетші сәулем жаққа», 1923, 1989, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Бұл жерден ұшып кетші сәулем жаққа»;

5-шумақтың 3, 4-тармағы «Шолпан» жинағында: «Ашындырып сөйле оған менің жайым, Елжіретпей көңілін қанат қақпа!» 1923, 1989, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Сөйле оған ашындырып менің жайым, Көңілін елжіретпей қанат қақпа?!»;

6-шумақтың 1-тармағы 1912, 1923, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымда: «Жүз құбылт даусыңды, өрте өзегін», 1989 жылғы басылымда: «Жүз құбылтып даусыңды, өрте өзегін». Қазақ тілінің орфоэпия заңдылығы бойынша «дауысыңды» болып оқылады, жазылғанда 1-буыннан кейінгі «ы» дыбысы жұтылып қалады. Осы ерекшелікті ескермеген құрастырушы -ып деген көсемшенің жұрнағын жалғап жіберген.

6-шумақтың 2-тармағы «Шолпан» жинағында: «Суындыр жата алмасын ол төсегін», 1923, 1989, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Өртенсін, қызыл жалын қыл төсегін»; Осы академиялық басылымда «Суындыр, жата алмастай қыл төсегін» деп берілді.

Соңғы, 7-шумақтың 1-тармағы «Шолпан» жинағында: «Тез, бұлбұл, мұңды дауыс, өткір тілдім», 1923, 1989 жылы басылымда: «Тез, бұлбұл, мұңды дауыс, сиқыр тілдім». Осы басылымда «сиқыр тілдім» болып берілді.

Бұл академиялық басылымда мәтін 1912 жылғы «Шолпан» жинағы негізінде дайындалды.

Өлең. Абайдың «Сегізаяқ» өлеңінің өлшемімен жазылған. Алғаш рет 1912 жылы «Шолпан» жинағында (2-б.) басылған. Ақынның 1922 және 1923 жылғы жыр жинағына еңбеген. 1989 (19-б.), 1995 (38-б.), 2008 (9-б.), 2013 (12-б.), 2018 (215-216-б.) жылғы басылымдарында жарияланған.

2008 жылғы басылымдағы «Түсініктерде»: «1989 жылғы және 1995 жылғы басылымдарындағы: Естісе сені – жан ұйыр, – деген жол «Шолпан» жинағы бойынша – Естісе сені – жан иір болып өзгертілді» деп берілген [2008, 190]. Дегенмен мағынасы жағынан «жан ұйыр» деп алынғаны жөн болады.

Өлеңнің соңғы жолы 1912 жылғы басылымда: «Бағаң білмес көп сиыр!» болса, 1989 жылғы басылымда: «Бағаңды білмес көп сиыр!» болып өзгеріске түскен.

Өлең бұл жинаққа 1912 жылғы «Шолпан» жинағы бойынша берілді.

Ләззат қайда? 1912 жылғы «Шолпан» жинағында (3-4-б.) басылған. Кейін 1989 (19-20-б.), 1995 (38-39-б.), 2008 (9-10-б.), 2013 (12-13-б.), 2018 (189-190-б.) жылғы басылымдарда жарияланған.

1989 жылғы басылымда түпнұсқа мәтіннен ауытқыған, өзгеріс енгізген тұстар кездеседі: 1-шумақтың 3, 4-тармақтары 1912 жылғы «Шолпан», 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы жинақтарда: «Қайдасың ләззат, рахат?» деп, Таппады сал боп неш мұны» болса, тек 1989 жылғы басылымда: «Ләззатты, достық, рақатты, Шаттыққа толы күлкіні», – деп өзгертілген.

2-шумақтың 2-тармағы 1912, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы жинақтарда: «Қайғыланған ойда ма?», тек 1989 жылғы ба-

сылымда: «Қайғылы ауыр ойда ма?» деп өзгертілген.

3-шумақтың 1, 2, 3-тармақтары 1912, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы жинақтарда: «Байлықта ма, беклікте Бетіне шірігі шықпаған – Ас, ат беріп, жұрт аузын», 1989 жылғы басылымда: «Байлықта ма балқыған, Бетінен шірі шықпаған – Ас, ат беріп, жұрт өзін».

1912, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы жинақтардағы:

*«Ләззатты іздеп, көңілім
Аласұрған шарқ ұрып.
Біреуін де осы деп,
Қалмай жүрген бір торып.*

*Баяулады жалғыз-ақ,
Мінеки деп тұрақтап.
Ләззаттанып сөзіне,
Қолына кітап, Құранды ап», –*

деген 4-5-шумақтардың мағынасы 1989 жылғы басылымда:

*«Ләззатты іздеп, көңілім
Шарқ ұрып аласұрады.
Қиялым көлбеп қияда,
Сауық пен сайран құрады.*

*Ләззатты көктен іздемен,
Ләззат алда тұр аңдап.
Жүйрік мініп, ит ертіп,
Кетемін қолға қыранды ап», –*

болып түбегейлі өзгеріске түскен.

6-шумақтың 1-тармағы 1912, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы жинақтарда: «Айтар сөзім ендігі», 1989 жылғы басылымда: «Шынында қорек болмас бұл» болып өзгертілген.

Өлең бұл жинаққа 1912 жылғы «Шолпан» жинағы бойынша берілді.

Жазғы таң. 1912 жылғы «Шолпан» (6-7-б.), 1923 жылғы Ташкент жинағында (12-13-б.) жарияланған. Кейін 1989 (20-21-б.), 1995 (39-б.), 2008 (10-11-б.), 2013 (14-15-б.), 2018 (106-107-б.) жылғы басылымдарына енген.

1-шумақтың 3-тармағы 1912, 2008, 2013, 2018 жылғы жинақтарда: «Саф күмістей жалтырап», 1923, 1989, 1995 жылғы басылымдарда: «Саф күмістей жарқырап»;

5-шумақтың 1-тармағы 1912, 2008, 2013, 2018 жылғы жинақтарда: «Таң алдында жалбарып», 1923, 1989, 1995 жылғы басылымдарда: «Таң атқанда жалбарып» болып өзгертілді.

6-шумақтың 1-тармағы 1912 жылғы «Шолпан» жинағында: «Күн тұрмады, таң атты», 1923, 1989, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Міне, алтын таң атты»;

7-шумақтың 2-тармағы 1912, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Бұл екеуінсіз жоқ сәні», 1923, 1989, 1995 жылғы басылымдарда: «Екеуінсіз жоқ сәні» деп берілген.

2008 жылғы басылымдағы «Түсініктерде»: «1995 жылғы 1-томында бірқатар қате бар. Шумақтардың орны ауысып кеткен. Бірінші шумақтың үшінші жолындағы «жарқырап», бесінші шумақтың бірінші жолындағы «таң атқанда» деген сөздер тиісінше «жалтырап», «таң алдында» болып түзетілді. Жетінші шумақтың екінші жолы «Бұл екеуінсіз жоқ сәні» деп берілді. 1923 жылғы жинақта солай екен» деп жазылған [2008, 191]. Дегенмен 1912 және 1923 жылғы жинақ арасындағы мәтіндік айырымдар ашып көрсетілмеген, сол себепті оқырманның жаңсақ түсінуіне жол берілген. 1989 және 1995 жылғы басылымдарда өлең мәтіні 1923 жылғы басылым негізінде дайындалғаны ескерілмеген.

Сонымен қатар 2008 жылғы басылымдағы «Түсініктерде»: «Шолпан» жинағында осы өлең:

*Көңілде қайғы қалдырмас,
Қандай да болса үш нәрсе.
Көкорай, шалғын, аққан су,
Көрнекті жарың әсіресе, –*

деген шумақпен түйінделіпті. Сірә, баспахана кінәсінен жаңсақ қосылса керек. Өйткені бұл 1912 жылы «Шолпан» жинағына енген аударма өлең (арабтан) екені анықталып отыр. Сол себепті алынып тасталды (1923 жылғы Ташкент басылымында жоғарыдағы төрт жол жоқ)», – деген анықтама жазылған [2008, 191].

Өлең бұл жинаққа 1912 жылғы «Шолпан» жинағы бойынша берілді.

Жас келін. 1912 жылғы «Шолпан» (8-9-б.), 1923 жылғы Ташкент жинағында (108-109-б.) жарық көрген. Кейін 1989 (21-б.), 1995 (40-б.), 2008 (11-б.), 2013 (15-16-б.), 2018 (124-б.) жылғы басылымдарға енген.

4-шумақтың 3-тармағы «Шолпан» жинағында: «*Ә деп ың шығармай*» деп курсивпен көрсетілген сөздер 1923, 1989, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы жинақтарда: «Ләм деп бір сөз шығармай» болып өзгертілген.

5-шумақтың 2-тармағы 1989, 1995 жылғы басылымдарда «Қараңғыда кездескен» болып өзгеріске түскен, ал 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда «Шолпан» және 1923 жылғы басылым негізінде «Қараңғыда көздескен» болып түзетілген.

Өлең бұл жинаққа 1912 жылғы «Шолпан» жинағы бойынша берілді.

Атақты ақын – сөзі алтын хакім Абайға. Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлын Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханұлынан бастап Алаш қайраткерлері түгел рухани ұстаз ретінде аса жоғары бағалағаны мәлім. Бұл өлеңді Мағжан Уфадағы «Ғалия» медресесінде оқып жүргенде жазған.

Алғаш 1912 жылғы «Шолпан» жинағында (9-10-б.) басылған. Кейін 1989 (22-б.), 1995 (40-41-б.), 2008 (12-б.), 2013 (16-17-б.), 2018 (74-б.) жылғы басылымдарға енген.

1989 жылғы басылымда өлеңнің тақырыбынан алдыңғы үш сөз түсіп қалып, «Алтын хакім Абайға» болып өзгеріске түскен, шумаққа бөлінбеген.

1912, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы жыр жинақтарында: «Қарадан хакім болған сендей жанды Дүние қолын жайып енді күтпес» деген жолдар 1989 жылғы басылымда: «Қарадан хакім болған сендей жанның Әлемнің құлағынан әні кетпес!» болып өзгертілген.

Өлеңнің 6-жолы 1912, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы жинақтарда: «Қисайып, қыңырайды жұртың иттес!»; 1989 жылғы басылымда: «Қисайып, қыңырайды жұртың ниеттес!»;

3-шумақтың 3, 4-тармағы 1912, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы жинақтардағы: «Артыңда қазақтың жас балалары Сөзіңді көсем қылып жүрер жөнге!» деген жолдар 1989 жылғы басылымда: «Артыңда қазақтың жас балалары мен Сөзіңді көсем қылып жүрер жеңге!» болып мағыналық өзгеріске түскен.

5-шумақтың 4-тармағы 1912, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы жинақтарда: «Жүйрік өлсе, артында сөзі қалар», ал 1989 жылғы басылымда: «Шешен өлсе, артында сөзі қалар»;

«Шолпанда» соңғы екі шумағы тақырыпша орнына қойылған сызық арқылы бастапқы шумақтардан ажыратылып, бөлек туынды түрінде берілген.

Бұрынғы (2002-2008) басылымдардағы түсініктерде: «Біз 1923 жылғы нұсқаны негізге алдық» деп жазылған [2008, 1992]. 1995 жылғы басылымда 1912 жылғы түпбасылым негізге алынған.

Өлең бұл жинаққа 1912 жылғы «Шолпан» жинағы бойынша берілді.

Сорлы қазақ. Алғаш 1912 жылғы «Шолпан» жинағында (10-11-б.) басылған. Кейін 1989 (22-23-б.), 1995 (41-б.), 2008 (12-13-б.), 2013 (17-б.), 2018 (238-б.) жылғы жыр жинақтарына енген.

Өлеңнің 1-жолы 1912, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы жинақтарда: «Сорлы қазақ жан алқымға тығылып», 1989 жылғы басылымда: «Сорлы қазақ жаны алқымға тығылып»;

1-шумақтың 3-тармағы 1912, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы жинақтарда: «Алға баспай, біткен ісі кер кетіп», 1989 жылғы басылымда: «Алға баспай, барлық ісі кер кетіп»;

Өлеңнің 3-шумағы 1912, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда:

*«Қозғал, қазақ, білімге жүгір, кез келді,
Қылышын алып, надандық саған кезденді.
Шетке лақтыр, тұмақтай алып, тұра кеп,
Ертеңді-кеш басыңа мініп езгенді!»*

1989 жылғы басылымда:

*«Қозғал, қазақ, білім іздер кез келді,
Қылышын алып, надандық саған кезденді.
Шетке лақтыр, тымақтай алып, елден қу,
Ертелі-кеш басыңа мініп езгенді!»*

4-шумақтың 4-тармағы 1912, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Жер жүзі бір адамзаттың ұлына», 1989 жылғы басылымда: «Қосыл бірдей адамзаттың тобына» деп өзгертілген.

Өлеңнің соңғы, 5-шумағының 2-тармағы 1912, 2008, 2013, 2018 жылғы жинақтарда: «Көңілі түсіп, білім мойнын бұрар ма?» 1989 жылғы басылымда: «Көңілі түсіп, білімге мойын бұрар ма?» 1995 жылғы басылымда: «Көңлі түсіп, басы-мойнын бұрар ма?»;

5-шумақтың 3-тармағы 1912, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Күні туып оң жағынан, солдан – Ай», 1989 жылғы басылымда: «Күні туып оңынан – Күн, солдан – Ай» болып берілген.

Өлең бұл жинаққа 1912 жылғы «Шолпан» жинағы бойынша берілді.

Өнер-білім қайтсе табылар. 1912 жылғы «Шолпан» жинағында (11-13-б.) жарияланған. Кейін 1989 (23-24-б.), 1995

(41-42-б.), 2008 (13-14-б.), 2013 (18-19-б.), 2018 (219-220-б.) жылғы жыр жинақтарына енген.

2-шумақтың 3-тармағы 1912, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Тынықпай, дамыл алмай, ерте де кеш», 1989 жылғы басылымда: «Тынықпай, дамыл алмай, ертелі-кеш»;

4-шумақтың 2-тармағы 1912 жылғы басылымда: «Естілсе, ұялғаннан бетін басса», 1989, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Естісе, ұялғаннан бетін басса»;

7-шумақтың 2-тармағы 1912, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Мылқау, меңіреу, *наданды* қас деп білсе», 1989 жылғы басылымда курсивпен көрсетілген есім сөзді «адамды» деп өзгерткен.

7-шумақтың 4-тармағы 1912, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «*Ұжмақта* хорлар тіккен қос деп білсе», 1989 жылғы басылымда курсивпен көрсетілген сөз «жұмақта» болып өзгертілген.

8-шумақтың 1-тармағы 1912, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «*Білімсіз* – қатқан жансыз тас деп білсе», 1989 жылғы басылымда курсивпен көрсетілген сөз «наданды» деп алмастырылған: «Наданды қатқан жансыз тас деп білсе»;

8-шумақтың 3-4-тармағы 1912, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Дүниенің теңізінде адасқанға Тура жол көрсететін, бас деп білсе!» 1989 жылғы басылымда: «Дүниенің теңізінде адасқанға Тура жол көрсетейін, бас!» – деп білсе»;

Соңғы, 9-шумақтың 4-тармағы 1912, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Бір жетер, жалықтым деп тастамаса», 1989 жылғы басылымда: «Іздесе оны талпынып, бос қалмаса!».

Өлең бұл академиялық басылымға 1912 жылғы «Шолпан» жинағы бойынша берілді.

Толған ай. 1912 жылғы «Шолпан» жинағында (13-14 б.), 1923 жылғы жыр жинағында (28-б.) басылған. Кейін 1989 (24-б.), 1995 (42-43-б.), 2008 (14-б.), 2013 (19-20-б.), 2018 (250-б.) жылғы басылымдарға енген.

Өлеңнің алғашқы жолы 1912, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Тұрасың, мейірімді Ай, нұрың шашып», 1989 жылғы жинақта: «Тұрсың сен, мейірімді Ай, нұрың шашып»;

Өлеңнің 6-жолы 1912, 1923 жылғы басылымдарда: «*Әгарда* жазатайым жүрсе адасып» деген тармақтағы курсивпен көрсетілген сөз кейінгі басылымдарда «Егерде» болып жазылған.

Өлеңнің 10-жолы 1912, 1923, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Жалғанда тіпті кетпес көркі асып», 1989 жылғы басылымда: «Жалғанда кетпес сенен көркі де асып»;

1912 жылғы жинақта өлеңнің 12, 13-жолдары дыбыстық алмасуға ұшыраған: «*Теңіздер* жан теңгермес жатқан тасып. *Мәз-мейрам* көкте қатар жүргеніне», курсивпен көрсетілген сөздер «деңіздер», «мәз-мейран» болып жазылған. 1923 жылғы басылымда «мәз-мейран» формасы сақталған.

Өлеңнің соңғы жолы 1912, 1923 жылғы басылымдарда: «Айрылар бір аздан соң амандасып», 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Айрылар біраздан соң амандасып».

2008 жылғы басылымда: «ТОЛҒАН АЙ» – «Шолпаннан» бастап, барлық жинақтарында басылған. Бірлі-жарым грамматикалық қателерді айтпағанда, бұрынғы жарияланымдарынан өзгешелігі жоқ» деген мазмұнда түсінік берілген [2008, 193].

Өлең 1912 жылғы «Шолпан» жинағы бойынша берілді.

Зарлы сұлу. Өлеңде сүйгеніне қосыла алмай ғашықтық дертіне ұшыраған жас сұлудың басындағы қайғылы хал суреттеледі. Өлең Мағжанның немере қарындасы Нұрмағамбетқызы Шолпанға арналған. Ата-анасы атастырып қойған жерге барғысы келмеген сұлу қыз құсаланып, кейін есінен адасқан деген дерек айтылады.

Алғаш «Жас қыз» деген тақырыппен 1912 жылғы «Шолпан» жинағында (14-15-б.) жарияланған. 1923 жылғы жыр жинағында (103-104-б.) өлеңнің тақырыбы да өзгерген, бірнеше шумақ қайта жазылған. Кейін 1989 (24-25-б.), 1995 (43-б.), 2008 (15-б.), 2013 (20-21-б.), 2018 (154-155-б.) жылғы басылымдарына енген.

Өлеңнің 2-шумағының 2-тармағы 1912, 1923, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Өзіңді өзің жылаттың», ал 1989 жылғы басылымда: «Уһіледің, жыладың» болып өзгертілген. 2013 жылғы басылымында – «Өзіңді-өзің жылаттың» деп дефис қойылған.

3-шумағы, яғни 9-12-жолдары «Шолпан» жинағында:

*Көп ойладың тынышымай,
Түнде де кірпік қақпастан.
Көзге ұйқы тығылып,
Таң жарық боп атпастан.*

1923 жылғы басылымда:

*Көп ойладың тынышымай,
Түнде де кірпік бір қақпай.
Талмай көзің жұмбайсың,
Ағарып сүттей таң атпай.*

1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдардағы осы шумақ 1923 жылғы басылым негізінде дайындалған.

4-шумағы немесе 15-16-жолдары 1912, 1923 жылғы басылымдарда: «Жастық қызығын көрместей, Неге де сынды сағың да?» 1989, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Жастық қызығын көрместей, Неге сынды сағың да?» Курсивпен көрсетілген сұрау есімдігіне «де» шылауы қосылып, сөздің экспрессивті мәні күшейе түскен, бұл жайт кейінгі басылымдарда ескерілмеген.

5-шумағы, 17-20-жолдары 1912 жылғы жинақта:

*Қайғыға салды кім сені
Тыныштық жүзін көрместен?
Өмір бойы бітпестей,
Ажал жетпей өлместен.*

1923 жылғы басылымда:

*Қайғыға салды кім сені
Тыныштық жүзін көрместей?
Өмір бойы бітпестей,
Зарың мәңгі сөнбестей.*

1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдардағы осы шумақ 1923 жылғы басылым негізінде дайындалған.

Соңғы, 6-шумағының 1 және 2-тармағы 1912 жылғы жинақта:

*Ерніңді қозғалтып қайғымен,
Қай жауызды қарғайсың?*

1923, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда:

*Ерніңді қозғап қайғымен,
Қай жауызды қарғайсың?*

1989 жылғы басылымда:

Ернің қозғап қайғымен

Өлеңнің соңы қарғыс мәндегі оймен аяқталады:

*«Сені бүйткен бейбақтың
Санадан жүзі сарғайсын!»*

Жинаққа енген мәтін 1923 жылғы басылым негізінде дайындалды.

Туған жерім – Сасықкөл. Туған жер, атақоныс туралы толғаныс. 1912 жылғы «Шолпан» жинағында (15-17-б.), 1923 жылғы өлеңдер жинағында (161-162-б.) жарық көрген. Кейін 1989 (25-26-б.), 1995 (43-44-б.), 2013 (4-5-б.), 2018 (256-257-б.) жылдары жарияланды.

Өлеңнің екінші шумағының үшінші тармағы 1912 жылғы «Шолпан» жинағында: «Көз салып *ернеуіңе*, мұңға батып» деп берілсе, 1923, 1989, 1995, 2013, 2018 жылғы жинақтарда: «Көз салып *жалтырыңа*, мұңға батып» деп өзгертілген.

3-шумақтың 2-тармағы 1912 жылғы «Шолпан» және 1923 жылғы жыр жинағында: «*Һәр* жанды мөлдіріңнен суарған көл».

Көне түркілік «һәр» формасы кейінгі басылымдарда «әр» тұлғасында алынған. 2018 жылғы жинақта: «Әр жанды *Мөлдіріңнен* суарған көл» деген жолдағы курсивпен белгіленген сөз бас әріппен қате жазылған.

7-шумақтың 2-тармағы 1912, 1923, 1989, 1995, 2013 жылғы жинақтарда: «Құрбымен ойнап-күліп, кел дескен көл», 2018 жылғы басылымда: «Құрбымен ойнап-күліп, кел дескен кел» деп қате терілген.

8-шумақтың 1-тармағы 1912 жылғы жинақта: «Қайран көл, ата қоныс, құт болған көл», 1923, 1989, 1995, 2013 жылғы жинақта: «Айдын көл, ата қоныс, құт болған көл». 2018 жылғы басылымда 8-шумақ қысқарып қалған.

Өлең мәтіні бұл академиялық басылымға 1912 жылғы «Шолпан» жинағы бойынша берілді.

Балалық шағы. Алғаш 1912 жылғы «Шолпан» жинағында (17-20-б.) жарық көрген. Кейін 1989 (26-27-б.), 1995 (44-46-б.), 2008 (15-16-б.), 2013 (21-22-б.), 2018 (79-80-б.) жылғы басылымдарына енген.

1989 жылғы басылымда өлеңнің тақырыбы «Балалық шақ» деп берілген.

Өлеңнің 1-шумағының 3-тармағы 1912, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы жинақтарда: «Ала алмас оны бағалап», 1989 жылғы басылымда: «Тіл жетпес оны бағалап»;

1-шумақтың 8-тармағы 1912, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы жинақтарда: «Білмесең жанға қастық та!» 1989 жылғы басылымда: «Білмей өс жанға қастық та!»;

2-шумақтың 1, 2-тармағы 1912, 2008, 2013, 2018 жылғы жинақтарда: «Білімге жүгір, Жоқ ойдан түңіл», 1989 жылғы басылымда: «Білімге көңіл Жоқ үйден түңіл», 1995 жылғы басылымда: «Білімге шөгір Жоқ үйден түңіл» болып берілген.

2-шумақтың 4, 5, 6-тармақтары («Қайтпас уақыт, Қал дәмін татып, Бос өткізбе еркелеп!») 2018 жылғы басылымда түсіп қалған.

3-шумақтың 5-тармағы 1912, 1989, 2008, 2013, 2018 жылғы жинақтарда: «Бел бекем буып», 1995 жылғы басылымда: «Бел бекем буым»;

5-шумақтың 8-тармағы 1912, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы жинақтарда: «Мейірімі көп, етек – кең!» 1989 жылғы басылымда: «Мейірімі көп, өзі – кең!»;

5-шумақтың 8-тармағы 1912, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы жинақтарда: «Сыбаға сақтаулы», 1989 жылғы басылымда: «Сыбаға үлкен сақтаулы»;

Соңғы, 6-шумақтың 8-тармағы 1912, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы жинақтарда: «Білімі – мал, бұйым-ды», 1989, 1995 жылғы басылымдарда: «Білімі мол – бұйымды!» деп өзгертілген.

Өлең бұл жинаққа 1912 жылғы басылым бойынша берілді.

[Тіршіліктің көркі – ерік]. Алғаш 1912 жылғы «Шолпан» жинағында (20-б.) жарық көрген. Кейін 1989 (27-б.), 1995 (46-б.), 2008 (16-б.), 2013 (22-б.), 2018 (271-б.) жылғы басылымдарға енген.

Бұл шығарма 1912 жылы «Балалық шағы» өлеңінің соңында сызық арқылы ажыратылып, тақырыпсыз басылған. 1989 жылғы басылымда жұлдызша арқылы осы ретпен берілген, ал 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда өлеңнің бастапқы жолы тақырып ретінде алынған.

Жинаққа енген мәтін 1912 жылғы «Шолпан» жинағы негізінде дайындалды.

Қазағым. Алғаш 1912 жылғы «Шолпан» жинағында (24-26-б.) жарық көрген. Кейін 1989 (28-б.), 1995 (46-47-б.), 2008 (17-18-б.), 2013 (23-24-б.), 2018 (167-168-б.) жылғы басылымдарға енген.

3-шумақтың 3-тармағы 1912, 1995, 2018 жылғы жинақтарда: «Мың-мыңнан төгілуі жетер енді», 1989, 2008, 2013 жылғы басылымдарда: «Мың-мыңның төгілуі жетер енді».

4-шумақтың 2-тармағы 1912, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы жинақтарда: «Хохолдар алып қала салып жатыр», 1989 жылғы басылымда: «Біреулер алып қала салып жатыр»;

5-шумақтың 3, 4-тармағы 1912, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы жинақтарда: «Мың жылғы өткен қуам деп ата заңды, Өнерден кеш қалармыз, ойланайық», 1989 жылғы басылымда: «Мың жылғы өткен қумай ата-заңды, Өнерден кеш қалмайық, ойланайық»;

6-шумақтың 3-тармағы 1912, 1989, 1995 жылғы жинақтарда: «Ауыл болсаң – қоғам бол» деген сөзбен», 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Ауыл болсаң – қоғам бол» деген сөзден»;

7-шумақтың 3-тармағы 1912, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы жинақтарда: «Мектеп, медреселер көп салынып», 1989 жылғы басылымда: «Мектеп пен медреселер көп салынып».

Өлең 1912 жылғы «Шолпан» жинағы бойынша берілді.

Мысық пен ет. Алғаш 1912 жылғы «Шолпан» жинағында (29-б.) жарық көрген. Кейін 1989 (28-29-б.), 1995 (47-б.), 2008 (18-б.), 2013 (25-б.), 2018 (201-202-б.) жылғы басылымдарға енген.

1989 жылғы басылымда өлең шумаққа бөлінбеген.

1-шумақтың 2-тармағы 1912 жылғы жинақта: «Қарады тіміскілеп *һәрбір* жерді» курсивпен көрсетілген сөз кейінгі басылымдарда «әрбір» деп жазылған.

2-шумақтың 4-тармағы 1912, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы жинақтарда: «Алар ем деп бұл етті ағаш атып!» 1989 жылғы басылымда: «Алар едім бұл етті ағаш атып!»;

4-шумақтың 2-тармағы 1912 жылғы жинақта: «Естісе, *бұ* қылығың көпке ұнамас» курсивпен көрсетілген сілтеу есімдігі кейінгі басылымдарда «бұл» деп жазылған.

4-шумақтың 4-тармағы 1912, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы жинақтарда: «Ханзада, жегеніңмен, ішке ұнамас», 1989 жылғы басылымда: «Қаншама жегеніңмен, ішке ұнамас».

Өлең бұл жинаққа 1912 жылғы «Шолпан» жинағы бойынша берілді.

Сүйгеніме. Алғаш 1912 жылғы «Шолпан» жинағында (30-31-б.) жарық көрген. Кейін 1989 (29-30-б.), 1995 (47-48-б.), 2008 (19-б.), 2013 (26-27-б.), 2018 (242-243-б.) жылғы басылымдарына енген.

1-шумақтың 2-тармағы 1912 жылғы жинақта: «*Һеш* жанға сенен басқа көңіл бермей» курсивпен көрсетілген болымсыздық есімдігі кейінгі басылымдарда «еш» болып жазылған.

3-шумақтың 4-тармағы 1912, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы жинақтарда: «Сүюдің қолына ен тигенімді», 1989 жылғы басылымда: «Сүюдің қолына енді тигенімді»;

4-шумақтың 1-тармағы 1912, 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарда: «Күні-түн сені іздедім, қайғы жедім», 1989 жылғы басылымда: «Күн-түні сені іздедім, қайғы жедім», 2018 жылғы басылымда: «Күні-түні сені іздедім, қайғы жедім»;

5-шумақтың 3-тармағы 1912, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы жинақтарда: «Шырылдап көз алдында отта жандым», 1989 жылғы басылымда: «Шырылдап көз алдында оттай жандым»;

2-шумақтың 3-тармағы 1912 жылғы жинақта: «Маған енді *о жармен* тыныш, рақат», курсивпен көрсетілген сөз кейінгі басылымдарда «ол жармен» деп жазылған.

2-шумақтың 4-тармағы 1912, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы жинақтарда: «Бәрібір жазы-күзі жауса да қар», 1989 жылғы басылымда: «Бәрібір жазы-қысы жауса да қар».

Өлең бұл жинаққа 1912 жылғы «Шолпан» жинағы бойынша берілді.

Бір күні. Алғаш 1912 жылғы «Шолпан» жинағында (31-33-б.) жарық көрген. Кейін 1989 (30-31-б.), 1995 (49-б.), 2013 (5-6-б.), 2018 (45-б.) жылдардағы ақынның жыр жинақтарында жарияланды.

3-шумақтың 1-тармағы 1912, 1995 жылғы басылымдарда: «Япырмай, осындай-ау адам дағы», 1989, 2013, 2018 жылғы жи-

нақтарда: «Япыр-ай, осындай-ау адам дағы»;

3-шумақтың 4-тармағы 1912, 1995 жылғы басылымдарда: «Дүние де жамандықтан аман дағы», 1989, 2013, 2018 жылғы жинақтарда: «Дүние де жақсылықтан аман-дағы»;

4-шумақтың 4-тармағы 1912, 1995 жылғы басылымдарда: «Керек десе, тәнінде жалғыз жан жоқ!», 1989, 2013, 2018 жылғы жинақтарда: «Керек десе, тәнінде жалғыз қан жоқ!»;

5-шумақтың 4-тармағы 1912 жылғы «Шолпан» жинағында: «Ноқта әпер, неғып тұрмай, жатып едің?» 1989, 1995, 2013, 2018 жылғы жинақтарда: «Ноқта апар, нағып тұрмай, жатып едің?»;

6-шумақтың 2-тармағы 1912, 1995 жылғы басылымдарда: «Ноқта алып, желі басына қарай жүрдім», 1989, 2013, 2018 жылғы жинақтарда: «Ноқта алып, желі жаққа қарай жүрдім»;

Соңғы, 7-шумақтың 1, 2 және 4-тармақтары 1912, 1995, 2013 жылғы басылымдарда: «Қыздырып Күн, ойлауға ерік бермеді, Мал шулап, ойларымды еп көрмеді. Таста енді жоқ ойды деп қол сермеді». 2018 жылғы басылымда: «Қыздырып Күн, ойлауға ерік бермеді, Мал шулап, ойлауымды еп көрмеді. «Таста енді жоқ ойды», – деп қол сермедім. 1989 жылғы жинақта: «Қыздырып күн, ойлауға ерік бермей, Мал шулап, бөлді ойымды ырық бермей – Дедім де, жөнелдім мен қолым сермей!»

Өлең бұл басылымға 1912 жылғы «Шолпан» жинағы бойынша берілді.

Құр қалыппын. 1912 жылғы «Шолпан» (33-б.), 1923 жылғы Ташкент (38-б.) жинағында жарияланған. Кейін 1989 (31-б.), 1995 (49-50-б.), 2008 (20-б.), 2013 (27-б.), 2018 (185-б.) жылғы басылымдарға енген.

1-шумақтың 1-тармағы 1912, 1923, 1989 жылғы басылымдарда: «Сұлу қыз анадайда сылаңдайды», 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Сұлу қыз анадайдан сылаңдайды» деп берілген.

2-шумақтың 2-тармағы «Шолпан» жинағында: «Ең сүйгені болуға жақын қапты», 1923, 1989, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы

басылымдарда: «Болуға ең сүйгені жақын қапты» болып өзгертілген.

2-шумақтың 3-тармағы 1912, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Не қылсын өзінің қолы жеткеннен соң», 1923, 1995 жылғы басылымдарда: «Не қылсын өз қолы жеткеннен соң», 1989 жылғы басылымда: «Не қылсын өзі қолы жеткеннен соң»;

3-шумақтың 2-тармағы «Шолпан» жинағында: «Таң атса да сөз қатпай құр жатыппын», 1923, 1989, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Сөз қатпай, таң атса да, құр жатыппын».

«Шолпан» жинағында өлең соңында қалың сызық белгісімен дараланып, ой қорытындысы ретінде жеті жол өлең берілген:

*«Қажытты ғой күндіз-түні күйөім,
Оның қалай ойлауында ісім жоқ.
Бұрынғыдан мың есе артты сүйөім.
Айрылам деп алып па едім есіме,
Амал каниша әзелдегі кесімге?!
Тәңірі Ием, ұйқы берші тезірек,
Жан жарымды бір сүйейін түсімде!»*

Бұрынғы жинақтарға жазылған түсініктерде «Ташкент нұсқасында мұны ақынның өзі алып тастаған болуы керек» деген қорытынды жасалған, алайда автордың ғұмырнамалық шығармашылығын жан-жақты талдау барысында нақты тұжырымдауға болады.

Жинаққа енген мәтін 1912 жылғы басылым негізінде дайындалды.

Жоғалған алтын. 1912 жылғы «Шолпан» жинағында (33-35-б.) басылған. Ақынның 1922 жылғы Қазан, 1923 жылғы Ташкент жинақтарына енбеген. Кейін 1995 (50-51-б.), 2008 (20-21-б.), 2013 (28-29-б.), 2018 (142-143-б.) жылғы басылымдарына енген.

4-шумақтың 1-тармағы «Шолпан» жинағында: «Аяқ басып қотанда, жүгірген күн», 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Аяқ басып қотанды, жүгірген күн»;

4-шумақтың 4-тармағы «Шолпан» жинағында: «Кім озды» деп, атаға жүгінген күн», 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Кімді озды» деп, атаға жүгінген күн».

Өлең 1912 жылғы «Шолпан» жинағы бойынша берілді.

Оразада. Алғаш 1912 жылғы «Шолпан» жинағында (35-36-б.) жарық көрген. Кейін 1989 (31-32-б.), 1995 (51-б.), 2008 (21-б.), 2013 (29-30-б.), 2018 (206-207-б.) жылғы басылымдарға енген.

2-шумақтың 3-тармағы 1912, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Ойға кірер – «Кешікпен», 1995 жылғы жинақтарда: «Ойға кірер есіктен», 1989 жылғы басылымда: «Далаға шығып есіктен»;

3-шумақтың 1, 2-тармағы 1912, 1995 жылғы жинақтарда: «Ауыз алып, қол салып Ашылмай жөнді де көзі», 1989 жылғы басылымда: «Қайтып тез үйге оралып Ашылмай оң мен сол көзі». 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Ауыз ашып, қол салып Ашылмай жөнді де көзі».

6-шумақтың 3-тармағы 1912, 2008, 2013, 2018 жылғы жинақтарда: «Іш, той, ындыңды жарыт», 1995 жылғы жинақта: «Іш, той, ындыңды жарт», 1989 жылғы басылымда: «Той, аштықты тойтарып».

7-шумақтың 3, 4-тармағы 1912, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы жинақтарда: «Еріксіз жүрмей азапта, – Пайданы ойла, қам ет, қой», 1989 жылғы басылымда: «Еріксіз жүру азапта – Әдет боп келген нәлет қой».

2008 жылғы басылымдағы «Түсініктерде»: «Ақынның дәстүрге «нәлет» айтуы мүмкін емесі анық. Басқа да өзгерген жолдар калпына келтірілді» деп жазылған.

Өлең 1912 жылғы «Шолпан» жинағы бойынша берілді.

Қарағым. 1912 жылғы «Шолпан» жинағында (36-37-б.) жарық көрген. Кейін 1989 (32-б.), 1995 (51-52-б.), 2013 (7-б.), 2018 (172-173-б.) жылдары жарияланды.

1-шумақтың 2-тармағы 1912, 1995 жылғы басылымдарда: «Ойынға, құр қаларсың, көңіл *берме*», 1989, 2013, 2018 жылғы жинақтарда: «Ойынға, құр қаларсың, көңіл бөлме»;

2-шумақтың 1-тармағы 1912, 1995 жылғы басылымдарда: «Кідірме, аяңдама, алға ұмтыл», 1989, 2013, 2018 жылғы жинақтарда: «Кідірме, аяңдама, алға ұмтыл»;

2-шумақтың 3-тармағы 1912, 1995 жылғы басылымдарда: «Қарманған қарап қалмас» деген рас сөз», 1989, 2013, 2018 жылғы жинақтарда: «Қарманған қарап қалмас!» – деген рас»;

2-шумақтың 4-тармағы 1912, 1995 жылғы басылымдарда: «Тоқтамай істе болсаң батып терге», 1989 жылғы жинақта: «Тоқтамай істей білсең батып терге», 2013, 2018 жылғы жинақтарда: «Тоқтамай істер болсаң батып терге»;

3-шумақтың 3, 4-тармақтары 1912, 1995, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Білімсіз құр қалтақтап жүргенменен, Ерте өлген, көмілулі қара жерге» деген екі жол 1989 жылғы жинақта қысқартылған.

Өлең бұл жинаққа 1912 жылғы «Шолпан» жинағы бойынша түпбасылым негізінде дайындалды.

Тілегім (Қыздың зары). 1912 жылғы «Шолпан» жинағына (37-38-б.), 1922 жылғы Қазан (51-52-б.), 1923 жылғы Ташкент жинағына (110-111-б.) енген. Кейін 1989 (32-33-б.), 1995 (52-б.), 2008 (22-б.), 2013 (30-31-б.), 2018 (269-б.) жылғы басылымдарда жарық көрген.

«Шолпан» жинағында өлеңнің қосымша тақырыбы жақшаға алынып, «Қазақ қызы аузынан» деп жазылса, 1923 жылғы Ташкент жинағында «Қыздың зары» болып өзгертілген.

3-шумақтың 3-тармағы 1912 жылғы жинақта: «Бірақ білгін, солай қылған Тәңірі ие», 1923, 1989, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Бірақ білген, солай қылған Тәңірі ие»;

3-шумақтың 4-тармағы 1912 жылғы жинақта: «Мен де көндім, басым бүктім алдында», 1923 жылғы басылымда: «Мен де көндім, басым идім алдында», 1989, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Мен де көндім, басымды идім алдында»;

4-шумақтың 2-тармағы 1912, 1923 жылғы жинақтарда: «Маған жолдас о мал болмас, ер болар!», 1989, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Маған жолдас ол мал болмас, ер болар!»;

4-шумақтың 2-тармағы 1912, 1923 жылғы жинақтарда: «Құр қызықсаң ата заты, тегіме», 1989, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Құр қызықсаң ата заты, тегіне».

1995 жылғы басылымда соңғы шумақтың алдына жұлдызша белгісі қойылған.

Өлең 1923 жылғы Ташкент басылымы бойынша берілді.

Күз. Алғаш «Шолпан» жинағында (38-40-б.) жарық көрген. Кейін 1923 (156-157-б.), 1989 (33-34-б.), 1995 (52-54-б.), 2008 (22-23-б.), 2013 (31-32-б.), 2018 (161-162-б.) жылғы басылымдарға енген.

2-шумақтың 1-тармағы 1912 жылғы басылымда: «Көрік жоқ ойда шығып жүрсең», 1923 жылғы жинақта: «Көрік жоқ қырда-ойда шығып жүрсең», 1989, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Көрік жоқ ойда-қырда шығып жүрсең»;

2-шумақтың 2-тармағы 1912, 1923, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы жинақтарда: «Естілмес құс, құрт даусы құлақ түрсең», 1989 жылғы басылымда: «Естілмес құстар даусы құлақ түрсең»;

6-шумақтың 3-тармағы 1912 жылғы жинақта: «Өнерленген дүниеге ұстаз болған», 1923, 1989, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Өнерленген дүниеге ұстад болған».

1923 жылғы жинақта алты шумақтан кейін сызықша, 1995 жылғы басылымда жұлдызша белгісі қойылған, екі өлең сияқты берілген.

Өлең бұл жинаққа 1923 жылғы Ташкент басылымы бойынша берілді.

Осы күнгі күй. Алғаш «Шолпан» жинағында (41-42-б.) жарық көрген. Кейін 1989 (34-35-б.), 1995 (54-б.), 2008 (24-б.), 2013 (33-б.), 2018 (211-212-б.) жылғы жинаққа енді.

1-шумақтың 2-тармағы 1912 жылғы жинақта: «Сөз ұқпас мылқау, меңіреу, жүрген *жаңғыз*», 1989, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Сөз ұқпас мылқау, меңіреу, жүрген *жалғыз*»;

2-шумақтың 1-тармағы 1912 жылғы жинақта: «Тақаулы тамағымда өткір пышақ», 1989, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Тақаулы тамағында өткір пышақ»;

4-шумақтың 3, 4-тармағы 1912, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы жинақтарда: «Өзіндей адамзаттар неғып жатыр, Бос жүрсің баспанасыз, үйген тамсыз?» 1989 жылғы басылымда: «Түн басталды, не болмақ алда күнің, Бос жүрсің еш панасыз, үйсіз, тамсыз?»;

Бесінші, соңғы шумақтың 3-тармағы 1912 жылғы жинақта: «Білместің ит надандық жеңгені ме?» 1989, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Білімсіз ит надандық жеңгені ме?».

Өлең 1912 жылғы «Шолпан» жинағы бойынша берілді.

Қазақтың кешегі күйі. 1912 жылы «Ызың» атты (14-19-б.) жинақта жарияланған (Бірнеше ақындардың өлеңдері қамтылған бұл жинақ Алаш қайраткерлері Елеусіз Бұйрин мен Ғұмар Қараш Орал қаласында шығарған «Қазақстан» газетінің баспаханасында басылған), «Мағжан Жұмабайұлының өлеңі» деп көрсетілген.

Өлеңнің тақырыбы да, мазмұны да өзгеріп, «Өткен күн» деген атпен 1922 жылғы Қазан (41-44-б.), 1923 жылғы Тәшкент (169-173-б.) басылымдарында жарық көрген. Осы өлең ақынның 1989 (65-67-б.), 1995 (84-85-б.), 2013 (43-45-б.), 2018 (222-224-б.) жылғы басылымдарына енген.

1912 жылғы «Ызың» атты жинақтағы өлеңнің көптеген өзгерістермен жарияланып келе жатқаны бірнеше деректерде айтылады, мысалы, 1989 жылғы «Жұмабаев М. Шығармалары» жинағының «Түсініктерінде»:

«Алғашқы варианты «Қазақтың кешегі күйі» деген атпен 1913 жылы «Қазақстан» газеті (Орал) шығарған «Ызың» деген әр түрлі ақындардың өлеңінен құралған жинақта жарық көрген. Кейін Мағжан өлеңді мейлінше қайта түзетіп, кей жерін алып тастап, жаңа жолдар қосып, жеке сөздерді өзгертіп, мүлде жаңа өлең жасаған. Біз 1922 жылғы Қазан вариантын ұсынып отырмыз», – деп көрсеткен [433].

Ал 1995 жылғы үштомдық шығармалар жинағының (1-том) «Түсініктерінде» алдыңғы ақпаратты қайталай келе:

«1989 жылғы басылымда:

*Қонысы – жібек ну тоғай,
Айдын шалқар көл еді.
Есіл менен Нұрадай
Екі енеге телі еді...»*

шумағынан соң жырланатын:

*«Қой үстінде бозторғай,
Жұмыртқалап ол күнде.
Жарлы жан жоқ алашта,
Бай пейілі кең еді», –*

деген төрт жол алынып қалған. Редактор «Жарлы жан жоқ алашта» деген сөзден қашқан болуы керек» деп жазылған [237]. Осылайша екі басылымның да құрастырушысы, әрі түсініктердің авторы Б. Дәрімбетов мәтіннен төрт жолдың алынып қалуы, орынсыз редакторлық түзетудің орын алуы 1989 жылғы жинақтың редакторы Мақсұт Неталиевтің тарапынан болғанын айғақтайды.

Академиялық басылымда 1912 жылғы «Ызың» жинағына енген «Қазақтың кешегі күйі» мен 1922 жылғы Қазан басылымындағы «Өткен күн» өлең мәтіндеріне алғаш рет толық текстологиялық салыстыру жұмыстары жасалды. Өлеңнің жол саны «Ызың» жинағы бойынша белгіленді.

5-жол «Ызың» жинағында: «Осы төрт су арасы», 1922 жылғы Қазан басылымы: «Осы бес су арасы» деп курсивпен көрсетілген сандық көрсеткіште айырма орын алған.

«Ызың» жинағындағы:

*«Жан-жағына қысылмай,
Еш адамнан қымсынбай,
Ұшқан жылдың құсындай
Еркінде жүрген ел еді», –*

деген өлеңнің 11-14-жолдары 1922 жылғы басылымда қысқарған.

15-жол «Ызың» жинағында: «Қонысы қырат, бел еді», 1922 жылғы Қазан басылымы: «Қонысы – жібек ну тоғай» болып өзгерген.

16-21-жолдар «Ызың» жинағында:

*«Мұнарланып шалқыған,
Ақ күмістей балқыған,
Меруерт көбік қалқыған,
Айдын шалқар көл еді.
Талай жерді жайнатқан,
Дөңінде тай ойнатқан», –*

деп берілсе, 1922 жылғы ақынның өлеңдер жинағында «Айдын шалқар көл еді» деген бір ғана жол (19-жол) қамтылған.

22-жол «Ызың» жинағында: «Қайран Есіл, Нұрадай», – деп туған жерге деген сағыныш, қимастық сезімі суреттелсе, 1922 жылғы басылымда: «Есіл менен Нұрадай», – болып берілді.

24-28-жолдар «Ызың» жинағында:

*«Шу-шулеп жылқы айдаған,
Қара құрттай қайнаған,
Жас құлынды шыңғыртып,
Бозбаллар ұстап байлаған,
Үйдің арты желі еді», –*

деп берілген. Қазақ даласындағы дәстүрлі тұрмыс-тіршілікті суреттейтін осы көрініс 1922 жылғы басылымда:

*«Қой үстінде бозторғай
Жұмыртқалап ол күнде,
Жарлы жан жоқ алашта,
Бай пейілі кең еді», –*

болып өзгертілген.

«Ызың» жинағында:

*«Қайырымы көп ағайын,
Кедейде жоқ уайым –
Керек болса, бір тайын
Сұрамай ұстап мінеді», –*

деген 29-32-жолдарда курсивпен белгіленген сөздер 1922 жылғы Қазан басылымында «қайыры», «сұраусыз» болып ауыстырылған.

«Ызың» жинағында:

*«Кіріп келсе, сұрау жоқ,
Бір аяқ асқа жылау жоқ», –*

деген 33-34-жолдар 1922 жылғы басылымда:

*«Болсын жаты, жақыны,
Жоқ асынан тартыну», –*

болып өзгертілген.

«Ызың» жинағында: «Қабағы ашық бәйбіше», – деген 35-жолдағы курсивпен көрсетілген анықтауыш сын есім 1922 жылғы басылымда: «Жылы жүзді бәйбіше», – болып ауысқан.

39-жол «Ызың» жинағында: «Ұзап кетпес – артық іс», 1922 жылғы басылымда: «Ұзап кетпек – артық іс» болып өзгертілген.

43-жол 1912 жылғы «Ызың» жинағында: «Алдында жайрап жатқан соң», 1922 жылғы басылымда: «Алдында сайрап жатқан соң» деген ж-с дыбыс алмасуы орын алған.

«Ызың» жинағында: «Туралық, шындық – екі атты» деген 48-жол 1922 жылғы басылымда: «Туралық, шындық – екеуін» болып жинақтық сан есімге алмастырылған.

«Ызың» жинағындағы: «Ақназар сынды әділ хан» деген 50-жолдың алдына 1922 жылғы басылымда: «Сол екеуі алдында Бір бұлтармай жүреді» деген екі жол қосылған.

«Ызың» жинағында: «Кене сынды балуан» деген 51-жол 1922 жылғы басылымда: «Абылай сынды ер сұлтан» болып ауысқан, тарихи тұлғаның есімі өзгертілген.

58-жол «Ызың» жинағында: «Қара балуан Жәнібек», ал 1922 жылғы басылымда: «Қара палуан Жәнібек» болып курсивпен көрсетілген сөзде дыбыстық алмасу орын алған.

61-жол «Ызың» жинағында: «Жан пар келмес Наурызбай», курсивпен көрсетілген анықтауыш сөз 1922 жылғы басылымда: «Жанақ, Біржан, Наурызбай» болып кісі есімдерімен толыққан.

«Ызың» жинағында: «Бәрі ақын, сері еді» деген 63-жолдың алдына 1922 жылғы басылымда: «Алты алашқа атақты» деген өлең жолы қосылған.

66-жол «Ызың» жинағында: «Ат-айғырға мініп ап», 1922 жылғы басылымда: «Ат-айғырға мінісіп» болып ортақ етіске ауысқан.

79-жол «Ызың» жинағында: «Жас келіншек пен қыз баллар», 1922 жылғы басылымда: «Жас келіншек пен жас қыздар» болып өзгеріске түскен.

81-83-жол «Ызың» жинағында: «Бәлду-бәлду, бәрі өтірік бұ күнде, Болды деп сені ер қазақ Тап осы күні сені кім ойлар»

84-88-жол «Ызың» жинағында:

*«Бұ бір сондай ел еді,
Қатар жатқан халықпен
Терезесі тең еді.
Артыма оймен қарасам,
Зейін тиегін бұрасам» деп берілсе,*

1922 жылғы басылымда:

*«Үйден-үйге жүрісіп,
Өткен күнді ойласам,
Ойға терең бойласам»*

болып жазылған.

90-91-жол «Ызың» жинағында: «Сәулеті менен дәулеті», 1922 жылғы басылымда: «Сәулеті мен дәулеті» болып ыңғайлас жалғаулық шылау өзгеріске түскен.

«Ызың» жинағында: «Көз алдыма келеді» деген 91-жолдан кейін нүкте қойылса, 1922 жылғы басылымда көп нүкте таңбасы берілген.

97-жол «Ызың» жинағында: «Арысланым, сұңқарым», 1922 жылғы басылымда: «Арыстаным, сұңқарым» болып л-т дыбыс алмасуы жасалған.

100-101-жол «Ызың» жинағында: «Батқан екен бір күнің, Жеткен екен бұ түнің», 1922 жылғы басылымда: «Батқан екен ол күнің, Жеткен екен бұл түнің» болып басылған.

Өлеңнің көлемі «Ызың» жинағында – 107 жол болса, 1922 жылғы басылымда – 95 жол. Екі жинақта да 67 өлең жолы өзгеріссіз қайталанады.

Бұл жинаққа енген мәтін 1913 жылғы «Ызың» өлеңдер жинағы бойынша дайындалды.

Мен сорлы. Алғаш 1912 жылғы «Шолпан» жинағында (42-43-б.) жарық көрген. Кейін 1989 (35-б.), 1995 (54-б.), 2008 (24-25-б.), 2013 (34-б.), 2018 (195-б.) жылғы жинаққа енген.

1989 жылғы басылымда «Шәкірттің зары» дейтін жақша ішіндегі тақырыпша алынып тасталған.

2-шумақтың 4-тармағы 1912, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы жинақтарда: «Алла-ау, көрсеттің қысым», 1989 жылғы басылымда: «Көрсеттің, алла, сен қысым»;

5-шумақтың 3-тармағы 1912, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы жинақтарда: «Оқуға бермей – тыйғанын», 1989 жылғы басылымда: «Оқуға ақша қимадың».

Өлең 1912 жылғы «Шолпан» жинағы бойынша берілді.

Әдемі қыз. 1912 жылғы «Шолпан» жинағында (44-45-б.) жарық көрген. 1923 жылғы басылымда «Алданған сұлу» болып тақырыбы өзгертілген (109-110-б.). Кейін 1989 (36-б.), 1995 (55-б.), 2008 (25-б.), 2013 (35-б.), 2018 (68-69-б.) жылғы басылымдарға енген.

1-шумақтың 3-тармағы 1912 жылғы жинақта: «Мап-майда қолға жұмсақ мінсіз денең», ал 1923, 1989, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Мап-майда мамық қардай мінсіз денең» болып берілген.

3-шумақтың 1-3-тармақтары 1912 жылғы жинақта: «Аһ, бүгін ол көріктің бәрі де жоқ, Ақсаған аяғыңа дәл тиген оқ. Өкіндің, жастық, мастық ісін етті» болса, 1923, 1989, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Ал бүгін ол көріктің бәрі де жоқ, Ақ марал, аяғыңа дәл тиген оқ. Өкіндің, жастық, мастық ісің өтті» деп өзгертілген. 1995 жылғы үштомдықта «өкіндің» сөзінің орнына «өкіндік» болып жіктік жалғауының жекеше 2-жағынан 1-жақтың көпше түріне ауысқан.

4-шумақтың 3-тармағы 1912 жылғы жинақта: «Таза ат, жақсы көрік – бәрі кетіп», ал 1923, 1989, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Тап-таза ат, көркем көрік – бәрі кетіп» боп өзгертілген. Келесі өлең жолындағы «*Ғұмырыңша* құтыла алмас отта қалдың» деген тармақтағы курсивпен көрсетілген сөз «*Өміріңше*» болып түзетілген.

5-шумақтың 3-тармағы 1912 жылғы жинақта: «Күні-түн о да, бұ да соны айтар», 1923, 1989, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Ызындап ол да, бұл да сол сөзді айтар» делінген.

Өлең соңындағы

*«Естілер бұ жаман ат қосағыңа,
Қайнатар кінә сақтар ошағында.
Шірірсің ғұмырыңша тепкі астында,
Бір кірмес шын елжіреп құшағыңа.*

* * *

*От алып ұшқан жастық шақ,
Көздеймін соны – қайсы жақ»*

деген алты жол 1912 жылғы «Шолпан» жинағында ғана бар.

2008 жылғы басылымдағы «Түсініктерде»: «Ташкент басылымында бұл жолдарды ақын өз қолымен өңдеген. «Шолпан» жинағындағысынан гөрі Ташкент басылымы көркемірек көрінді» деген кесімді пікір жазылған.

Өлең бұл жинаққа 1912 жылғы «Шолпан» жинағы бойынша берілді.

Туған жер. Алғаш «Қазақ» газетінде (1913, 9 наурыз, №5) жарияланған. 1922 жылғы Қазан (52-53-б.), 1923 жылғы Ташкент (160-б.) жыр жинақтарында басылған. Кейін 1989 (36-37-б.), 1995 (55-56-б.), 2008 (26-б.), 2013 (47-б.), 2018 (255-265-б.) жылғы басылымдарға енген.

Өлеңнің «Бұл жарыққа аяқ басып туған жер» деген алғашқы жолындағы сілтеу есімдігі 1913 жылғы «Қазақ» газетінде «бұ» тұлғасында берілген.

2-шумақтың 1-тармағы 1913 жылғы «Қазақ» газетінде, 1922 жылғы басылымда: «Жаратылған балшығыңнан, сен – түбім», 1923, 1989, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Жаратылдым топырағыңнан, сен – түбім» болып өзгеріске түскен. Құран Кәрімнің кейбір аяттарында «Адамды топырақтан, ал кейбірінде балшықтан жаратылды» делінген. Адамның жаратылуында топырақты алып, сумен араластырып, балшыққа айналдырғаны айтылады.

3-шумақтың 1-тармағы 1913, 1922, 1923 жылғы басылымдарда: «Тәтті суың дәмі аузымнан *heш* кетпес» деген курсивпен берілген көне түркілік болымсыздық есімдігі 1989, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда «еш» болып өзгертілген. Осы жинақта да қазіргі сөз қолданысы сақталды.

5-шумақтың 4-тармағы 1913, 1922, 1923 жылғы басылымдарда: «*Әй, туған жер*, сені тастап басым жас» деген курсивпен

берілген ауызекі сөз қолданысы 1989, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда «туған жерім» болып өзгертілген.

1913 жылғы «Қазақ» газетінде: «Қалай қуса, *мойындамақ* сорлы бас» деген 5-шумақтың 2-тармағындағы курсивпен берілген етістік 1922 жылғы басылымда: «Қалай қуса, солай жүрмек сорлы бас», 1923, 1989, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Қалай қуса, солай кетпек сорлы бас» болып өзгертілген.

Өлең бұл жинаққа «Қазақ» газетінде (1913 жылғы 9 наурыз, №5) жарияланған мәтін бойынша берілді.

Орал тауы. Алғаш «Қазақ» газетінде (1913, 9 наурыз, №5) жарияланған. Өлеңнің астына «Мағжан Жұмабайв» деп жазылған. Одан соң 1922 (19-21-б.), 1923 жылғы (182-184 б.) жинақтарда басылған. Кейін 1995 (56-57-б.), 2013 (41-42-б.), 2018 (208-209-б.) жылғы басылымдарға енген.

2-шумақ «Қазақ» газетінде былай берілген:

*Жіп-жіі, шытырманды түрлі ағаш,
Тұрғаны мұнарланып өсіп жалғас.
Қарағай, шырша-батыр бір қалыпта:
Шілде, жаз, қысын, күзін есіне алмас!*

1922, 1923 жылғы жинақта осы бір шумақ өлеңге екі жол қосылған: «Ішінде аю, қасқыр, түрлі аң толған, Адамзат батып жалғыз аяқ салмас».

1995, 2013, 2018 жылғы басылымдарда алты жолдан тұратын осы шумақта алғашқы екі тармақтың орны ауыстырылған:

*Тұрғаны мұнарланып өсіп жалғас.
Жіп-жіі, шытырманды түрлі ағаш,
Қарағай, шырша-батыр бір қалыпта –
Шілде, жаз, қысын, күзін есіне алмас!
Ішінде аю, қасқыр, түрлі аң толған,
Адамзат батып жалғыз аяқ салмас.*

3-шумақтың 2, 3-тармағы «Қазақ» газетінде: «Орнығып көшіп-қонып жүріп еді, Қайтпайтын таудан, тастан батыр түрік» болса, 1922, 1923, 1995, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Орын ғып көшіп-қонып жүріп еді, Қорықпайтын таудан, тастан батыр түрік» деп өзгертілген.

4-шумақтың 4-тармағы «Қазақ» газетінде: «Іргесі, жел-күн тимес, берік еді», 1922, 1923 жылғы басылымдарда: «Іргесі, жел-күн тимей, берік еді».

5-шумақтың 1-тармағы «Қазақ» газетінде: «Тұрақсыз бұ жалғанда опа бар ма», 1922, 1923, 1995, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Тұрақсыз бұл жалғанда опа бар ма»;

5-шумақтың 3-тармағы «Қазақ» газетінде: «Жан досың бүгінгі күн болып жүріп», 1922, 1923, 1995, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Бүгінгі күн жан досың болып жүріп»;

6-шумақтың 1-2-тармағы «Қазақ» газетінде: «Көз салшы төңірекке мойның бұрып, Бойында Алтай, Орал тұрған түрік», 1922, 1923, 1995, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Қарашы төңірекке мойның бұрып, Алтай, Орал бойында тұрған түрік»;

7-шумақ «Қазақ» газетінде:

*«Оралдай атаң туған жерлеріне,
Көмілген сүйектері көрлеріне.
Шет елдер жайыменен ие болған,
Төр түгіл, есік те жоқ ерлеріне»,*

1922 жылғы жинақта:

*«Оралдай атамекен жерлеріне,
Қасиетті атаның көрлеріне.
Аузы түкті шетелдер ие болып,
Көрсетіп тұр қысымды ерлеріне»,*

1923, 1995, 2013, 2018 жылғы басылымдарда:

*«Осындай атамекен жерлеріне,
Қасиетті атаның көрлеріне.*

*Аузы түкті шетелдер ие болып,
Көрсетіп тұр қысымды ерлеріне.*

«Қазақ» газетіндегі:

*«Хазине алтын сауһар алып жатыр,
Бұлақтан ішіп әбден қанып жатыр.
Бытырап ер түріктің балалары,
Бейнетке қайда көрсек жанып жатыр»*

деген 8-шумақ 1923, 1995, 2013, 2018 жылғы басылымдарда кездеспейді.

Соңғы шумақтың 3, 4-тармағы «Қазақ» газетінде: «Жан ұшыр батыр түрік балалары, Таптатпа, тізгініне белден орал», 1923, 1995, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Қосылып батыр түрік балалары, Таптатпа, жолын кесіп, тізгінге орал»;

1922 жылғы жинақта «Орал тауы» өлеңінің соңында жұлдызшамен белгіленіп берілген «Жер жүзін топан басса екен» өлеңі 1923 жылғы басылымда жеке тақырыппен жарияланған.

Өлең бұл жинаққа «Қазақ» газетінде (1913, 9 наурыз, №5) жарияланған мәтін бойынша берілді.

Көңіл. «Қазақ» газетінің 1915 жылы 8 сәуірдегі № 117 санында, 1922 жылғы Қазан (138-б.), 1923 жылғы Ташкент (216-б.) басылымында жарияланған. Кейін 1989 (38-б.), 1995 (57-б.), 2008 (26-27-б.), 2013 (58-59-б.), 2018 (159-160-б.) жылғы басылымдарға енген.

1-шумақтың 2, 4-тармағы 1915, 1922, 1923, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Тез жанад да, тез сөнед. Оған басқа ой келед», 1989 жылғы басылымда: «Тез жанар да, тез сөнер. Оған басқа ой келер».

5-шумақтың 3-тармағы 1915 жылғы басылымда: «Бүгін мұнда, ертең онда», 1922, 1923, 1989, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Бүгін мұнда, ертең анда».

Өлең бұл жинаққа «Қазақ» газетінде (1915 жылғы 8 апрель, №117) жарияланған мәтін бойынша берілді.

Жарыма. Алғаш «Қазақ» газетінің 1915 жылы 22 сәуірдегі № 121 санында жарияланған. 1922 жылғы Қазан (121-122-б.), 1923 жылғы Ташкент (116-117-б.) жыр жинақтарында басылған. Кейін 1989 (38-39-б.), 1995 (57-58-б.), 2008 (27-б.), 2013 (59-60-б.), 2018 (123-124-б.) жылғы басылымдарға енген.

4-шумақтың 3-тармағы 1915, 1922, 1923, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Кім білед, қуат құрып, арып-талып», 1989 жылғы басылымдарда: «Кім біледі, қуат құрып, арып-талып»;

5-шумақтың 2-тармағы 1915, 1922, 1923, 1989, 1995 жылғы басылымдарда: «Жасытпа, жолым бастап, алдыма жүр», 2008, 2013, 2019 жылғы басылымдарда: «Жасытпа, жолым бастап, алдымда жүр».

Өлең бұл жинаққа «Қазақ» газетінде (1915 жылғы 22 апрель, №121) жарияланған мәтін бойынша берілді.

Есімде ... тек таң атсын! «Қазақ» газетінде (1915 жылғы 25 июнь, №138), 1922 жылғы Қазан (44-46-б.), 1923 жылғы Ташкент (173-176-б.) жыр жинақтарында басылған. Кейін 1989 (39-41-б.), 1992 (76-78-б.), 1995 (58-59-б.), 2013 (56-58-б.), 2018 (55-57-б.) жылғы басылымдарға енген.

1-шумақтың 4-тармағы 1915, 1922, 1923, 1989, 1992, 1995, 2018 жылғы басылымдарда: «Керілген кербез сұлу ақ төсіне», 2013 жылғы басылымда: «Керілген кербез сұлу ақ төсіңе»;

2-шумақтың 4-тармағы 1915 жылғы басылымда: «Арқаның суы күміс, жібек қыры», 1922 жылғы басылымда: «Арқаның суы – күміс, жібек қыры», 1989, 1995, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Арқаның суы – күміс, жібек – қыры», 1923, 1992 жылғы басылымда: «Арқаның суы күміс, жібек қыры»;

6-шумақтың 3-тармағы 1915 жылғы басылымда: «Ауыздан аһ дегенде жалын шығып», 1922, 1923, 1992 жылғы басылымда: «Ауыздан а дегенде жалын шығып», 1989, 1995, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Ауыздан «а» дегенде жалын шығып»;

9-шумақтың 1-тармағы 1915 жылғы басылымда: «..... еркетайы, ардақтысы», 1922, 1923, 1989, 1992, 1995 жылғы ба-

сылымдарда: «Еріктің еркетайы, ардақтысы», 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Еліктің еркетайы, ардақтысы»;

9-шумақтың 2-тармағы 1922, 1995, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Алтайдың ақиығы – алғыр құсы», 1915, 1923, 1989, 1992 жылғы басылымдарда: «Алтайдың ақ иығы – алғыр құсы»;

10-шумақтың 4-тармағы 1915, 1922, 1923, 1989, 1995, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Жақындап барып қапты Күн батуға», 1992 жылғы басылымда: «Жақындап батып қапты Күн батуға»;

12-шумақтың 4-тармағы 1915, 1922, 1923 жылғы басылымда: «Кетіппіз бір азғана біз де қалғып», 1989, 1995, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Кетіппіз біраз ғана біз де қалғып», 1992 жылғы басылымда: «Кетіппіз бір аз ғана біз де қалғып»;

1989 жылғы басылымда жол астындағы сілтемеде «Алаш» этнониміне «Алаш – қазақ деген мағынада» деген түсінік жазылған.

Өлең бұл жинаққа «Қазақ» газетінде (1915 жылғы 25 июнь, №138) жарияланған мәтін бойынша берілді.

Ж. Рақыш

Төбет. Бұл өлең 1915 жылы «Қазақ» газетінің 140-санында жарық көрді. Одан кейін ақынның шығармалар жинағының 1922, 1923 жылдарғы басылымында жарияланды. 1995 жылдан бастап барлық жинақтарға еніп келеді. Мәтін бұл жинаққа «Қазақ» газеті бойынша берілді.

Т. Әкімова

Зар. Алғаш «Қазақ» газетінің 1915 жылы 22 қазандағы №154 санында жарияланған. 1922 жылғы Қазан (114-115-б.), 1923 жылғы Ташкент (62-63-б.) жыр жинақтарында басылған. Кейін 1989 (41-42-б.), 1992 (47-49-б.), 1995 (60-61-б.), 2008 (28-29-б.), 2013 (60-61-б.), 2018 (153-154-б.) жылғы басылымдарға енген.

1-шумақтың 2-тармағы 1915 жылғы басылымда: «Алтын күн нұры кеміп, салқын тартса», 1922, 1923, 1992, 1989, 1995, 2008,

2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Алтын күн нұры кеміп, салқын артса»;

2-шумақтың 3-тармағы 1915 жылғы басылымда: «Әлсіреп, бұлғақтаған бұтақтарда», 1922, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Әл кетіп, бұлғақтаған бұтақтарда», 1923, 1989, 1992 жылғы басылымдарда: «Әл кетіп, бұлғақтаған бұтақтарда»;

2-шумақтың 4-тармағы 1922, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Жапырақ: «Ал өлдік!» – деп сыбырласа», 1915, 1923, 1989, 1992 жылғы басылымдарда: «Жапырақ: «Ал өлдік!» – деп сыбырласа»;

3-шумақтың 2-тармағы 1915 жылғы басылымда: «Есіл жаз бір күнгідей өтті екен деп», 1922, 1923, 1989, 1992, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Есіл жаз бір күндей боп өтті екен деп»;

3-шумақтың 4-тармағы 1915, 1922, 1923, 1992 жылғы басылымда: «Жолымен Барса-келмес кетті екен деп», 1989, 1995, 2008, 2013, 2018 басылымдарда: «Жолымен «Барсакелмес» кетті екен деп»;

4-шумақтың 3-тармағы 1922 жылғы басылымда: «Теңіздей толқынданған шалқар көлде», 1915, 1923, 1989, 1992, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Теңіздей толқындаған шалқар көлде»;

7-шумақтың 1-тармағы 1915 жылғы басылымда: «Жоғалды, батты сәулем, алтын Күнім», 1922, 1923, 1989, 1992, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Жоғалды, батты, кетті сәулем-Күнім»;

8-шумақтың 2-тармағы 1915 жылғы басылымда: «Өмірде енді болмас жылы жазым», 1922, 1923, 1989, 1992, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Өмірімде енді болмас жылы жазым»;

8-шумақтың 3-тармағы 1915 жылғы басылымда: «Енді бір мейлі жүрем, мейлі өлем», 1922, 1923, 1989, 1992, 1995, 2008,

2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Енді бір өлгенім де, жүргенім де»;

1915 жылғы басылымда өлеңнің соңында жұлдызшамен мынадай өлең жолдары берілген:

*Көңіліңді ашар,
Жалынды басар,
Жоқ жаныңда жолдасың.
Отырсаң аулақ,
Дерт басса қаулап,
Жұбатар қиял мұңдасың.
Бейне хор жүзі,
Бейне бал сөзі,
Жан-жарыңмен тұрасың.
Құшақтап белден,
Жалындап тілден,
Сүйіскендей боласың.*

Өлең бұл жинаққа «Қазақ» газетінде (1915 жылы 22 қазан, № 154) жарияланған мәтін бойынша берілді.

Дін үйреткенге. Алғаш «Қазақ» газетінің 1916 жылдың 9 маусымындағы № 184 санында жарияланған. 1922 жылғы Қазан (26-27-б.), 1923 жылғы Ташкент (176-177-б.) жыр жинақтарында басылған. Кейін 1989 (42-43-б.), 1992 (78-79-б.), 1995 (61-62-б.), 2008 (29-30-б.), 2013 (69-70-б.), 2018 (93-94-б.) жылғы басылымдарға енген.

3-шумақтың 3-тармағы 1916, 1922, 1923, 1989, 1992, 1995 жылғы басылымдарда: «Жүректі жолбарысты қайраты мол», 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Жүректі жолбарыстай қайраты мол»;

Соңғы, 8-шумақтың 1-тармағы 1916, 1922, 1923, 1989, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Міне, Күн! Сәулесі алтын жерді құшты» деп берілген. Мағынасы жағынан және

қазіргі емле ережесін ескеріп, осы жинақта: «Міне, Күн сәулесі алтын жерді құшты» болып жазылды.

Бұл жинаққа 1916 жылы «Қазақ» газетінде (9 маусым, № 184 санында) жарияланған мәтін негізге алынды.

Орамал. Өлең Ресей патшасының 1916 жылғы июнь жарлығынан кейін жазылған. Қазақ поэзиясында солдат сағынышының символына айналған «орамал» екінші дүниежүзілік соғыс туралы жазылған өлеңдерде қайталанды. Алғаш «Қазақ» газетінің 1917 жылдың 16 ақпанындағы № 218 санында жарияланған. 1922 жылғы Қазан (67-69-б.), 1923 жылғы Ташкент (119-121-б.) басылымына енген. Кейін 1989 (43-44-б.), 1992 (62-64-б.), 1995 (62-б.), 2008 (30-31-б.), 2013 (71-73-б.), 2018 (209-211-б.) жылғы басылымдарға енген.

5-шумақтың 4-тармағы 1917, 1922, 1923 жылғы басылымда: «Түсірмес жарық қимасы», 1989, 1992, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымда: «Түсірмес жарық қиясы».

Өлең бұл жинаққа «Қазақ» газетінің 1917 жылдың 16 ақпанындағы санында жарияланған мәтін бойынша берілді.

Ж. Рақыш

Гүлсімге. 1920 жылдардың басында Қызылжар қаласында мұғалімдер курсына ақынмен бірге қызмет еткен Гүлсім атты татар қызына арналған өлеңдердің бірі. Алғаш рет 1922 және 1923 жылғы жинақтарда басылған. Кейіннен бұл өлең 1989, 1995, 2005, 2013 жылғы басылымдарда жарияланды.

«Өлді сұлу – бітті жырлар» деп жарияланып келген өлең жолы 1922 жылғы жинақта «Өлді сұлу – тынды жырлар» деп берілген. 1923 жылғы басылымда қаламмен үстінен «бітті» деп түзеген.

«Түсіп келе жатып зорға» деген жол 2005, 2013 жылғы басылымдарда «Түсіп келе жатып орға» деп берілген.

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

Т. Әкімова

От. Орыстың символист ақыны Д.С. Мережковскийдің «Дети ночи» (1896) деген өлеңіне жауап ретінде жазылған. Бірінші дүниежүзілік соғыс басталған жылдары батыс ойшылдары Еуропа тағдырына алаңдап, адамдардың моральдік қасиеттерінің төмендегеніне пессимистік көзқарастағы пікірлер айтыла бастаған. Сол тұста философ Освальд Шпенглердің «Закат Европы» кітабы Ресейде танымал болатын.

1922 жылғы Қазан (7-10-б.), 1923 жылғы Ташкент (194-198-б.) жыр жинақтарында басылған. Кейін 1989 (49-50-б.), 1992 (85-87-б.), 1995 (66-68-б.), 2013 (48-50-б.), 2018 (212-215-б.) жылғы басылымдарға енген.

1-шумақтың 5-тармағы 1922, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Сөзім, қысық көзім де – от», 1923, 1989, 1995 жылғы басылымдарда: «Сөзім, қысық көзімде – от», 1992 жылғы басылымда: «Көзім қысық, сөзімде – от» деп берілген.

2-шумақтың 1-тармағы 1922, 1923, 1995 жылғы басылымдарда: «Тілімен жұмсақ сүйеді», 1989, 1992, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Жалынмен жұмсақ сүйеді»;

2-шумақтың 3-тармағы 1922, 1923, 1989, 1995, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Жымыып өзі жорғалар», 1992 жылғы басылымда: «Жымыып өзі жоғалар»;

2-шумақтың 8-тармағы 1922, 1923, 1992 жылғы басылымдарда: «От, сен – Тәңірім, табынам», 1989, 1995, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «От – сен, тәңірім, табынам»;

3-шумақтың 1-тармағы 1922, 1923, 1989, 1992, 1995, 2018 жылғы басылымда: «Әдемі отпен аспаның», 2013 жылғы басылымда: «Әдемі отпен – аспаның»;

6-шумақтың 3-тармағы 1922, 1992 жылғы басылымдарда: «Қараңғылық дұспаным», 1923, 1989, 1995, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Қараңғылық – дұспаным»;

1989 жылғы жинақта 1923 жылғы басылымдағы:

*«Әлпіге барам Алтайдан,
Балқанға барам Қытайдан», –*

деген 6-шумақтың 7-8-жолдарынан кейінгі үш шумақ қысқарып қалған.

1922, 1923 жылғы басылымдарда жол астындағы түсінікте: «Альпі – асқар таудың аты», ал 1992 жылғы басылымда: «Альпі – асқар таудың аты (М. Ж.)», 1989, 1995, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Альпі – асқар таудың аты (М. Жұмабаевтың ескертпесі)» деп жазылған.

7-шумақтың 2-тармағы 1922, 1923, 1992, 1995 жылғы басылымдарда: «Әлпіден *асқар асқанда*», 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Әлпіден әрі асқан да»;

7-шумақтың 4-тармағы 1922, 1923, 1992 жылғы басылымдарда: «Мен едім *тағы барғанда*», 1995, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Мен едім. Тағы барғанда»;

7-шумақтың 6-тармағы 1922, 1923, 1992 жылғы басылымдарда: «Жолбарыс, Жошы, *Сұнытай* ер», 1995, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Жолбарыс Жошы, Сүбітай ер».

1992, 1995 жылғы басылымдарда «Алла» деген сөз кіші әріппен жазылған.

1922 жылғы жинақтағы соңғы шумақтың алдындағы бір шумақ 1923 жылғы басылымда қысқартылған:

*«Жауыздықты жамылған,
Қарынға құл боп табынған.
Қорсылдаған доңыздай,
Көкті көрмей көр болған,
Сүйгені сасық жер болған,
Соқыр сасық қоңыздай.
Күнбатысқа жүрейін,
Күн нұрына көмейін».*

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы Қазан басылымы бойынша берілді.

Пайғамбар. 1922 жылғы Қазан (11-13-б.), 1923 жылғы Ташкент (198-201-б.) жыр жинақтарында басылған. Кейін 1989 (51-

52-б.), 1992 (87-90-б.), 1995 (68-70-б.), 2013 (51-53-б.), 2018 (225-227-б.) жылғы басылымдарға енген.

1922, 1923 жылғы басылымдарда: «Мережковский», ал 1989, 1992, 1995, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Д.С. Мережковский» деп жазылған.

4-шумақтың 1-тармағы 1922, 1923, 1992 жылғы басылымдарда: «Түн баласы түн жолына түскен ол», 1989, 1995, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Түн баласы... Түн жолына түскен ол».

4-шумақтың 4-тармағы 1922, 1923, 1989, 1995 жылғы басылымдарда: «Тітіркенбей ұрттап қанын ішкен ол», 1989, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Тітіркенбей ұрттап қанын ішкен ол...» деп көп нүкте қойылған.

1923 жылғы басылымда:

*«Күнбатысты қараңғылық қаптаған,
Жалғыз жан жоқ қараңғыда лақпаған.
Білген емес – иман деген не нәрсе,
«Қарын» деген сөзді ғана жаттаған», –*

деген 3-шумақ пен

*«Түн баласы түнерген түн жамылған,
Аллаға емес, әзәзілге табынған.
Інжілді өртеп, табанға сап Құранды,
Әділдікті күткен ессіз қарыннан», –*

деген 5-шумақ қысқарған.

5-шумақтың 3-тармағы 1922 жылғы Қазан басылымында: «Інжілді өртеп, табанға сап Тәуратты», 1989, 1992, 1995, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Інжілді өртеп, табанға сап Құранды»;

1923, 1989, 1995, 2013, 2018 жылғы басылымдарда 9-шумақ:

*«Қап-қара түн. Түн баласы күңіренед,
Күңіренумен бір-біріне үн беред.
Сөгінеді, сүрінеді, жығылад,
Қара түнде көр көзімен не көред?!»*

1992 жылғы басылымда тармақ соңындағы етістіктер: «күңіренеді, үн береді, жығылады, не көреді» болып толымды тұлғада берілген. 1922, 1995 жылғы басылымдарда 2-тармағында: «Күңіренеді – бір-біріне үн береді».

1989 жылғы жинақта «Пайғамбар» өлеңінен екі шумақ: 10-және 13-шумақ қысқарған.

10-шумақтың 1-тармағы 1922, 1923, 1992, 1995 жылғы басылымдарда: «Қап-қара түн. Толқынданған қара қан», 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Қап-қара түн. Толқындары қара қан»;

10-шумақтың 4-тармағы 1922 жылғы Қазан басылымында: «Ентелеген кәдімгі Иуан есалаң», 1923 жылғы Ташкент басылымында: «Ентелеген кәдімгі Ибан есалаң», 1992 жылғы басылымда: «Ентелеген кәдімгі айуан-есалаң», 1995, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Ентелеген кәдімгі Иван есалаң»;

13-шумақтың 1-тармағы 1922, 1923, 1992 жылғы басылымдарда: «Ерте күнде жоқ бар еді, түн туған», 1995, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Ерте күнде жан бар еді түн туған»;

13-шумақтың 3-тармағы 1922, 1923, 1992, 1995 жылғы басылымдарда: «Отты Күннің сәулесінен от алтын», 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Отты Күннің сәулесінен от алып»;

16-шумақтың 4-тармағы 1922, 1989, 1992, 1995 жылғы басылымдарда: «Күт сен мені, лахаулаңды оқи бер», 1923, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Күт мені сен, «лахаулаңды» оқи бер»;

17-шумақтың 2-тармағы 1922, 1923, 1989, 1995, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Көк күңіренед: мен де көктей күңіренем», 1992 жылғы басылымда: «Көк күңіренеді: Мен де көктей күңіренем»;

1922, 1923 жылғы басылымдарда жол астындағы түсінікте: «Гун – түрік елінің арғы атасы», ал 1992 жылғы басылымда: «Гун – түріктің арғы атасы (М. Ж.)», 1989, 1995, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Гун – түріктің арғы атасы (М. Жұмабаевтың ескертпесі)» деп жазылған.

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы Қазан басылымы бойынша берілді.

Күншығыс. 1922 жылғы Қазан (14-15-б.), 1923 жылғы Ташкент (192-194-б.) жыр жинақтарында басылған. Кейін 1989 (36-37-б.), 1992 (83-85-б.), 1995 (70-72-б.), 2013 (54-55-б.), 2018 (165-167-б.) жылғы басылымдарға енген.

1989, 1992, 1995, 2013, 2018 жылғы басылымдарда күннің шығатын және бататын тұсы бас әріппен жазылған: «Қысық көзді Күншығыс», «Жақын қалды Күнбатыс».

Бұл жинаққа 1922 жылғы Қазан басылымы бойынша берілді.

Ж. Рақыш

Алыстағы бауырыма. 1919 жылы Мұстафа Кемал Ататүрік бастаған түрік ұлт-азаттық күресіне арнап жазған өлеңі. 1922 және 1923 жылғы жинақтарда басылған. Кейіннен бұл шығарма 1989, 1995, 2005, 2013 жылғы басылымдарға енген.

1922, 1923, 1995 жылдары жинақтарда – «Өміріңше жапа көрген жаттан бауырым» жолы 1989, 1995, 2005 жылдары «Өміріңше жапа шеккен шеккен жаттан бауырым» деп берілген.

1922, 1923 жылғы жинақтарда «Сылдырап сылқ-сылқ күліп таудан құлап» жолы «Сылдырап сылқ-сылқ таудан құлап» деп берілген, 1923 жылы қаламмен «күліп» деген сөзді қосқан. Бұл жолды кейінгі түзетілген нұсқа бойынша қалдырдық.

«Ардақтап шын жібектей арайға орап» жолындағы «шын» сөзі 2005, 2013 жылдары «шым» деп басылған.

1922, 1923, 1995 жылдары «Лайық па құл боп тұру? Кел, кетелік» – 1989, 2005, 2013 жылдары «Лайық па құл боп тұру? Жүр, кетелік» деп берілген.

Жинаққа енген мәтін 1922 жылғы басылым негізінде дайындалды.

Т. Әкімова

Орал. М. Жұмабайұлының 1922, 1923 жылғы жинақтарында басылған. 1989 жылғы жинаққа енген. 1992, 1995, 2008, 2013 жылғы басылымдарға енген.

Өлеңнің 1922, 1923 жылғы жинақтардағы «Арғы жағы – көк көзді жын ұясы» деген жолындағы *көк* сөзі 1922, 1923 жылғы жинақтарда *көп* болып басылып кеткен. 1923 жылғы жинақтың соңында берілген «Жаңылыстары» деген бөлімде көп сөзінің *көк* болып түзетіліп оқылуы керек екені ескертілген.

1922 жылғы басылымда берілген өлеңнің «Келіп ем алыбымды аңсап-жоқтап» деген жолындағы *алыбымды* сөзі 1923 жылғы жинақта *елімді* болып өзгертілген.

Бұл жинаққа 1922 жылғы басылым негізінде берілді.

Жер жүзін топан басса екен. 1923 жылғы өлеңдер жинағынан алынды. 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарға енген. Бұл жинақтардағы мәтіннің 1923 жылғы басылымдағы мәтіннен айырмашылығы жоқ.

Н. Сәрсек

Ақсақ Темір сөзі. Алғаш 1922, 1923 жылғы ақынның шығармалар жинағына енді. Одан кейін 1992, 1995, 2008 жылғы басылымдарда жарияланды.

Өлең жинаққа 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

Т. Әкімова

Тез барам. Патшалық Ресейдің отарлау саясатына қарсы жазылған. Алғаш 1922 (22-б.), 1923 жылғы (178-179-б.) жыр жинақтарында басылған. Кейін 1989 (55-56-б.), 1992 (80-81-б.), 1995 (74-75-б.), 2013 (61-62-б.), 2018 (249-б.) жылғы басылымдарға енген.

1-шумақтың 3-тармағы 1922, 1923, 1989, 1992, 1995 жылғы басылымдарда: «Еркін дала ардақтысы, еркесі», 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Еркін дала ардақтысы, еркесі – »;

2-шумақтың 1, 2-тармағы 1922, 1923, 1992 жылғы басылымдарда: «Асқан алып, ата затым сұрасаң, Асқан дана, ана затым сұрасаң», 1989, 1995, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Асқан алып – ата затым сұрасаң, Асқан дана – ана затым сұрасаң»;

4-шумақтың 2-тармағы 1922, 1923, 1992 жылғы басылымдарда: «Тазартайын Сары Арқамның топырағын», 1989, 1995, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Тазартайын Сарыарқамның топырағын»; Осы академиялық жинақта «Сарыарқамның» деп жазылды.

Соңғы, 5-шумақтың 2-тармағы 1922, 1923, 1995 жылғы жинақтарда: «Алып ата құды жолын ер балаң», 1989, 1992, 2013, 2018 жылғы басылымда: «Алып ата, құды жолың ер балаң».

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы жыр жинағы бойынша берілді.

Жаралы жан. 1922 жылғы Қазан (23-26-б.), 1923 жылғы Ташкент (142-145-б.) жыр жинақтарында басылған. Кейін 1989 (56-58-б.), 1995 (75-77-б.), 2008 (33-36-б.), 2013 (63-66-б.), 2018 (118-121-б.) жылғы басылымдарға енген.

11-шумақтың 1-тармағы 1922 жылғы басылымда: «Қарағаш қайран жарым-ай», 1923, 1989, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Қара шаш қайран жарым-ай»;

14-шумақтың 4-тармағы 1922, 1923 жылғы басылымдарда: «Салсайшы құлақ зарыма!», 1989, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Салсаңшы құлақ зарыма!»

Өлең бұл жинаққа 1923 жылғы Ташкент басылымы бойынша берілді.

Ж. Рақыш

Балапан қанат қақты. 1922 жылғы жинақтан алынды. 1923, 1989, 1992, 1995, 2008 жылғы басылымдарға енген. Алғашқы жинақтардағы тақырыптан кейін берілген «Қара сөзбен жазылған өлең, «Балапан» журналына арналған» деген сөйлем 1989, 1992 жылғы басылымдарда «Балапан» журналына арналып қара сөзбен жазылған өлең» деп өзгертілген. Аталған жинақтардағы мәтінде бұдан өзге айырмашылық кездеспейді.

Н. Сәрсек

Қазақ тілі. 1922 (29-б.), 1923 жылғы Ташкент (180-б.) жыр жинақтарында басылған. Кейін 1989 (59-60-б.), 1995 (78-79-б.), 2013 (62-63-б.), 2018 (169-170-б.) жылғы басылымдарға енген.

3-шумақтың 1-тармағы 1922, 1923, 1995 жылғы басылымдарда: «Бірлік, елдік, ерлік, қайрат, бақ, ардың –», 1989, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың –»;

4-шумақтың 3-тармағы 1922, 1923, 1995, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Таралған түрік балаларын бауырыңа», 1989 жылғы басылымда: «Тарап кеткен балаларыңды бауырыңа».

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

Жер жүзіне... 1922 (29-30-б.), 1923 жылғы Ташкент (181-б.) жыр жинақтарында басылған. Кейін 1989 (60-б.), 1992 (81-82-б.), 1995 (79-б.), 2013 (63-б.), 2018 (139-б.) жылғы басылымдарға енген.

2-шумақтың 1, 2-тармағы 1922, 1923, 1989, 1995, 2013 жылғы басылымдарда: «Еркін ырғып шыққам асқар Алтайға, Қырда тұрып садақ тартқам Қытайға», 1992 жылғы жинақта екінші тармақтың 2-3-бунағының орнына көп нүкте қойылған: «Еркін ырғып шыққан асқар Алтайға, Қырда тұрып»;

3-шумақтың 3-тармағы 1922, 1923, 1989, 1995, 2013 жылғы басылымдарда: «Бір барқылдақ жалпылдаған төбеттен Қорқар болсам, жұтсын мені қара жер!», 1992 жылғы жинақта: «Бір барқылдақ жалпылдаған төбеттен Қорқақ болсам, жұтсын мені қара жер!»

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы Қазан басылымы бойынша берілді.

Ж. Рақыш

Жауға түскен жанға. Ақынның 1922, 1923 жылғы өлең кітаптарында басылған.

1922 жылғы жинақтағы «Бұлт басса да, өткір күн» деген жол 1923 жылғы басылымда «Бұлт басса да, алтын күн» болып өзгертілген.

1922 жылғы жинақтағы «Алдағы күнде қағазға» деген жол 1923 жылғы жинақта «Келешек күнде қағазға» деп берілген.

Кейіннен бұл өлең 1989, 1995, 2008, 2013 жылғы басылымдарға енген. 1989 жылғы жинақта «Қайғырма, рақат анық біл» деген жол «Еш қайғырма, рақат анық біл» деп берілген.

Бұл жинаққа 1923 жылғы нұсқасы берілді.

Тұтқын (М.Д.-ға хат). 1922 жылғы жинақтан алынды. 1923, 1989, 1992, 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарда басылған.

1922 жылғы жинақтағы «Жанында жоқ жаны ашитын жақын жүз» деген жол 1923 жылғы жинақта «Жақында жоқ жаны ашитын жақын жүз» деп берілген.

1922, 1923 жылғы басылымдардағы өлеңнің «Сабан төсек, дым, қараңғы жатағы» деген жолы 1992 жылғы жинақта «Сабан төсек, тым қараңғы жатағы» деп берілген.

М. Д. абақтыдан шыққанда. 1922 жылғы жылғы өлеңдер жинағынан алынды. 1923, 1989, 1992, 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарға енген.

1922 және 1923 жылғы жинақтардағы өлеңнің «Тәңірі қабыл, мейірім ғып, еткеніне» деген жолы 1989 жылғы басылымда «Тәңірі қабыл, мейірім еткеніне» деп, 1992 жылғы кітапта «Тәңірім, қабыл мейірім ғып еткеніне» деп берілген.

Н. Сәрсек

Мен жастарға сенемін. 1922 жылғы Қазан (37-38-б.), 1923 жылғы Ташкент (203-204-б.) жыр жинақтарында басылған. Кейін 1989 (63-64-б.), 1995 (82-83-б.), 2013 (67-68-б.), 2018 (192-193-б.) жылғы басылымдарға енген.

7-шумақтың 1-тармағы 1922 жылғы басылымда: «Алаш атты ұраны», 1923, 1989 жылғы басылымдарда: «Алаш айбынды ұраны», 1995, 2013, 2018 жылғы басылымдарда қазіргі емле ережесіне сай сызықша қойылған: «Алаш – айбынды ұраны»;

8-шумақтың 3-тармағы 1922 жылғы басылымда: «Шығарар ол бір таңда», 1923, 1989, 1995, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Шығарар олар бір таңда»;

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы Қазан басылымы бойынша берілді.

... ға. 1922 жылғы Қазан (38-39-б.), 1923 жылғы Ташкент (167-168-б.) жыр жинақтарында басылған. Кейін 1989 (64-65-б.), 1995 (83-б.), 2013 (68-69-б.), 2018 (288-289-б.) жылғы басылымдарға енген.

Өлең алты шумақтан тұрады, он бір буынды қара өлең ұйқасымен жазылған; алғашқы шумақ он тармақтан, қалған шумақтар төрт тармақтан құралған.

3-шумақтың 3-тармағы 1922, 1923, 1989, 1995 жылғы басылымдарда: «Қасіретті қара күнді жанды сүйген», 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Қасіретті, қара күнде жанды сүйген» болып өзгерген.

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы Қазан басылымы бойынша берілді.

Ж. Рақыш

Жазды күні қалада. Алғаш рет 1922, 1923 жылғы ақынның шығармалар жинағына енді. Кейіннен 1995, 2008 жылғы басылымдарда жарияланды. Жинақтарға енген мәтіннің ешбір айырмашылығы жоқ.

Жинаққа мәтін 1923 жылғы басылым бойынша берілді.

Шын айт. Өлең 1922, 1923 жылғы ақынның шығармалар жинағында жарияланды. Кейіннен 1995, 2008 жылғы басылымдарда жарияланды.

Бұл жинаққа мәтін 1923 жылғы басылым бойынша ұсынылды.

Т. Әкімова

Айға. Алғаш 1922 жылғы Қазан жинағында (47-б.) жарық көрген. Кейін 1989 (67-68-б.), 1992 (68-69-б.), 1995 (86-87-б.), 2013 (36-37-б.), 2018 (58-60-б.) жылғы жыр жинақтарына енген.

4-шумақтың 1-тармағы 1922, 1992, 1995, 2013, 2018 жылғы жинақтарында: «Кім білед, өткен күнің алтын шығар», 1989 жылғы басылымда: «Кім білсін, өткен күнің алтын шығар»;

10-шумақтың 4-тармағы 1922 жылғы басылымда: «Болайық екі мұңдық біз де бірге», 1989 жылғы басылымда: «Болайық екі мұңдық біздер бірге».

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы Қазан басылымы бойынша берілді.

Ж. Рақыш

Тәңірі. Алғаш рет ақынның 1922, 1923 жылғы шығармалар жинағына енді. Кейіннен 1989, 1995, 2008 жылғы басылымдарда жарияланды. Жинақтарға енген мәтіннің ешбір айырмашылығы жоқ.

Жинаққа мәтін 1923 жылғы басылым бойынша берілді.

Т. Әкімова

Тілегім. Ақынның 1922, 1923 жылғы жинақтарында басылған. Бұл екі жинақтағы өлең мәтінінде айырмашылық жоқ. Кейіннен өлең 1989, 1995, 2008, 2013 жылғы басылымдарға енген.

1989 жылғы басылымда «Қазағыма – қалқама!» деген жолдағы *қазағыма* сөзі *қарағыма* деп берілген. Бұл жол 1922, 1923 жылғы екі басылымда «Қазағыма – қалқама» деп берілгендіктен, бұл жинақта да осы күйінде қалдыру жөн көрілді.

Н. Сәрсек

Қазақ азаматы. Алғаш рет 1922, 1923 жылғы ақынның шығармалар жинағына енді. Кейіннен 1992, 1995, 2008 жылғы басылымдарда жарық көрді. Жинақтарда жарияланған мәтіннің ешбір айырмашылығы жоқ.

Бұл жинаққа мәтін 1922 жылғы басылым негізінде берілді.

Жұмбақ. Алғаш рет 1922 және 1923 жылғы жинақтарда басылған. Бұл шығарма онан соң 1989, 1995, 2005, 2013 жылғы басылымдарға енген.

1989 жылғы басылымда «Жел есед...Кім шешед?» деген жолдар «Жел есті...Кім шешті?» деп берілген.

Жинаққа енген мәтін 1922 жылғы басылым негізінде даярланды.

Т. Әкімова

Айда атыңды, Сәрсембай. 1922 жылғы Қазан (54-56-б.), 1923 жылғы Ташкент жинағында (164-166-б.) жарық көрген. Кейін 1989 (71-72-б.), 1995 (90-91-б.), 2013 (38-39-б.), 2018 (35-36-б.) жылғы жыр жинақтарына енген.

Өлең тоғыз шумақтан тұрады, әр шумақ -а, -а, -б, -в, -в, -б түріндегі шалыс ұйқасқа құрылған – 1-ші мен 2-тармағы, 4-ші мен 5-тармағы және 3-ші мен 6-тармағы өзара ұйқасады. Ақын алғашқы тармақ пен алтыншы шумақтың 6-тармағында «Айда атыңды, Сәрсембай», ал үшінші және тоғызыншы шумақтың 6-тармағында «Айдашы атты, Сәрсембай» деген сөйлеммен өлеңді бастайды да, осы сөйлеммен аяқтайды.

1989 жылғы басылымда өлең шумаққа бөлінбеген, ал 1995 жылғы басылымда 9 шумаққа бөлінген. 2018 жылғы басылымда алты тармақтан тұратын шумақтардың алғашқысы 4-5-жолдары қосылып бес тармаққа айналған.

2-шумақтың 3-тармағы 1922, 1923 жылғы басылымда: «Қала бір жатқан диу-пері», 1989 жылғы басылымда: «Қала бір жатқан дәу пері»;

1989 жылғы басылымда тырнақшаға алынған сөздер («перілер», доңыздар») одан кейінгі басылымдарда өзгеріссіз берілген.

6-шумақтың 3-тармағы 1922 жылғы басылымда: «Күліп қана жүзер ай», 1923 жылғы басылымда: «Күліп қана жүзед ай», 1989 жылғы басылымда: «Күліп қана жүзеді ай»;

8-шумақтың 5-тармағы 1922, 1923 жылғы басылымдарда: «Тәтті, кеусер көлінің», 1989, 1995, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Тәтті, кәусар көлінің» болып берілген.

Өлең бұл жинаққа 1923 жылғы Ташкент басылымы бойынша берілді.

Ж. Рақыш

Бесік жыры. Алғаш рет ақынның 1922 жылы Орынбордан шыққан «Педагогика» еңбегінде жарияланды. 1922 және 1923 жылғы жинақтарда басылған. Кейіннен бұл өлең 1989, 1995, 2005, 2013 жылғы басылымдарда жарық көрді.

1922 жылғы «Педагогика» еңбегінде мына шумақтар жоқ:

*«Қызық іздеп,
Қыздар көздеп,
Елдер кезерсің.
Тарлан шүйіп,
Сұлу сүйіп,
Үйден безерсің».*

1922, 1923, 1989 жылғы жинақтарда «Бәрі-ақ ұйқыда» – 1995, 2005, 2013 жылдары «Бәрі де ұйқыда» деп басылған.

«Бәу, бәу, бөпем» жолы 1989 жылғы жинақта «Беу, беу, бөпем» деп берілген.

Бұл жинаққа өлең 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

Т. Әкімова

Ұлан. 1922 жылғы басылымнан алынды. Бұл шығарма 1923, 1989, 1992, 1995, 2008, 2013 жылдары басылған жыр жинақтарына енген.

1922 жылғы кітаптағы өлеңнің «Неге ойлысың, құлыншағым?» деген алғашқы жолы 1989 жылғы басылымда «Нені ойлайсың, құлыншағым?» деп жазылған, ал 1992, 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарда бұл жол «Неге ойлайсың, құлыншағым?» деп берілген.

1922 жылғы жинақта «Неге ойлысың, ерке марқам» деп келетін жол 1989, 1992 жылғы кітаптарда «Неге ойлайсың, ерке марқам» деп кеткен.

«Қарт күнімде сенсіз, сәулем» деген жолдағы *сенсіз* сөзі 1989, 1992 жылғы кітаптарда *сенсің* болып жазылған.

Жауынгердің жыры. Ақынның 1922 жылғы өлең кітабынан алынды. 1923, 1989, 1992, 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарға

енген. 1922 жылғы жинақтағы өлеңнің «Ұлт дегенде көпіріп» деген жолындағы *ұлт* сөзі 1989 жылғы басылымда *ел* сөзімен алмастырылған. «Ұлтымнан мен садаға» деген жолдағы *ұлтымнан* сөзі *халқымнан* болып өзгертілген.

Батқан күн, атқан таңның жыры. 1922, 1923 жылғы жинақтарда басылған. Кейіннен 1989, 1995, 2008, 2013 жылғы басылымдарға енген. Бұл жинақтардағы мәтін арасында айырмашылық жоқ дерлік, тек 1922 және 1923 жылғы жинақтардағы «Судай сұлу сәулетай» деген жол 2008, 2013 жылғы басылымдарда «Сондай сұлу сәулетай» деп берілген.

Бұл жинаққа 1922 жылғы басылым негізінде берілді.

Н. Сәрсек

Сүйемін. Алғаш рет ақынның көзі тірісінде 1922 және 1923 жылғы жинақтарында басылды. Кейіннен бұл шығарма 1989, 1995, 2005, 2013 жылғы басылымдарға енді.

1922, 1923, 1995 жылғы басылымдарда «Сағым сайран құрады» 1989, 2005, 2013 жылдары «Сағымы сайран құрады» деп басылған.

«Мәңгі өлік сахарасы» жолы 2005, 2013 жылдары «Мәңгі өлік сахарасы» деп берілген.

Жинаққа енген мәтін 1922, 1923 жылғы басылымдар бойынша әзірленді.

Мен кім? 1922 және 1923 жылғы жинақтарда басылған. Бұл өлең кейінгі жинақтардың барлығына еш өзгеріссіз енді.

Жинаққа енген мәтін 1922 жылғы басылым негізінде дайындалды.

Мешіт һәм абақты. Алғаш рет ақынның 1922, 1923 жылғы жинақтарына енді. Одан кейін 1992 жылғы жинақтан басқаларының барлығында жарық көрді.

1995 жылғы басылымда мына жолда «һәм» сөзі қосылған, басқа жинақтарда жоқ: «Сасық та, қараңғы да, аш һәм ауру».

1989 жылғы жинақта: «Есалаң малданып жүр: «Қиялды ұстап» жолында «есалаң» сөзі «есі ауыс» сөзіне өзгертілген.

Мәтін жинаққа алғашқы басылым бойынша берілді.

Т. Әкімова

Мағарри сөздер. Алғаш 1922 жылғы жинақта жарияланған. 1923, 1989, 1995, 2008 жылғы жинақтарда басылған.

1923 жылғы жинақтағы мәтіннің «Мінберлерде үгіт айтқан молдалар» деген жолындағы *мінберлерде* деген сөз 1989, 1995, 2008 жылғы жинақтарда *мінбелерде* болып жазылған.

«Бөрік киіліп, сандықта қап сәлделер» деген жолдағы «бөрік киіліп» тіркесі 1989 жылғы басылымда «бөрік киіп» деп берілген.

«Әдейі қойсаң онан да» деген жол 1989 жылғы жинақта «Әдепті болсаң онан да» деп өзгертілген.

Бұл жинаққа 1923 жылғы басылым негізінде беріліп отыр.

Қараңғы дауылды түн. Ақынның 1922 жылғы өлеңдер жинағынан алынды. 1923, 1989, 1995, 2008, 2013 жылғы басылымдарға енген. 1922, 1923 жылғы жинақтардағы өлеңнің «Соқса да жел долданып, өршеленіп» деген жолындағы *долданып* сөзі 2008, 2013 жылғы кітаптарда *жынданып* деп берілген.

Көбелек. 1922 жылғы жинақтан алынды. 1923, 1989, 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарға енген. 1922 жылғы жинақтағы өлеңнің «Жүрер де, бір уақ ол қонар» деген жолы 1923 жылғы басылымда «Жүрер де, бірақ ол қонар» деп берілген.

1922 және 1923 жылғы жинақтардағы «Желімен кетсек қанаттың» деген жол 1989 жылғы басылымда «Желмен кетсек қанатты» болып жазылған.

Н. Сәрсек

Ескендірдің екі мүйізі. Ескендір туралы көп аңыздардың бірінің желісі бойынша жазылған өлең. Алғаш рет 1922 және 1923 жылғы жинақтарда басылған. Кейіннен бұл шығарма 1989, 1995, 2005, 2013 жылғы басылымдарға енді.

Барлық жинақтардағы:

*Заманында Ескендір
Жеті ықылымды билеген, –*

деген өлең жолы 1989 жылғы басылымда:

*Заманында Ескендір
Жеті әлемді билеген, –*

деп берілген.

«Күндерде бір күн Ескендір» жолы 1989 жылғы жинақта «Күндерде бір Ескендір» деп «күн» сөзі түсіп қалған.

«Жалпылдап шашы өсіпті» жолы 1989, 2005, 2013 жылдары «Жалпылдап шаш өсіпті» деп өзгерген.

1922, 1923 жылдары «Сына жазды бұраң бел», 1989 жылы «Сына жаздап бұраң бел», 1995, 2005, 2013 жылдары «Сына жаздад бұраң бел» деп берілген.

Жинаққа енген мәтін 1922 жылғы басылым негізінде дайындалды.

Өткен – аяулы. 1922 және 1923 жылғы жинақтарда басылған. Кейіннен бұл шығарма 1989, 1995, 2005, 2013 жылғы басылымдарға енген.

Соңынан санағандағы үшінші: «Жаңаны мақтар санаулы» жолы 1922 жылғы басылымда көп нүктемен берілген.

Жинаққа мәтін 1923 жылғы басылым бойынша әзірленді.

Құрбым. 1922 және 1923 жылғы жинақтарда басылған. Кейіннен бұл шығарма 1989, 1995, 2005, 2013 жылғы басылымдарға енген.

«Қорықпа, ұмтыл, соқса дауыл, ескегіңді ес» өлең жолы 1989 жылғы жинақта «Қорықпа, соқса дауыл, ескегіңді ес» деп қысқарған.

1989 жылғы басылымдағы «Құрғақта қайық жүрмес, үмітіңді кес» жолы «Құрғақта қайық жүрмес, үмітің кес» деп өзгерген.

Жинаққа енген мәтін 1922 жылғы басылым негізінде дайындалды.

Т. Әкімова

Адастым. 1922 жылғы өлеңдер жинағында жарық көрген. 1992, 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарға енген.

1922 жылғы басылымдағы «Өлденені бөлісед» деген жолдағы *бөлісед* сөзі 1992, 1995 жылғы жинақтарда *бөлісіп* болып берілген. Сол секілді «Ыржиысад, күлісед» деген жол да 1992, 1995 жылғы жинақтарда «Ыржиысып күлісіп» деп өзгертілген.

«Жел ұлиды, өкіред» және «Жындар жалп-жалп секіред...» деген жолдардағы *өкіред, секіред* сөздері 1992 жылғы жинақта *өкіріп, секіріп* болып жазылған.

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы басылымдағы мәтін негізінде берілді.

Бостандық. Өлең 1922 және 1923 жылғы жинақтарда басылған. 1923 жылғы жинақта өлеңнің тақырыбына қатысты М. Жұмабайұлының «1918 жылы Сібірде реакция дәуірінде жазылған» деген ескертпесі берілген. Бұл шығарма 1989, 1992 жылғы жинақтарға енген. 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарда берілген. 1922 және 1923 жылғы жинақтардағы мәтінде «Ғарыш нұры жүзі бар» деп келетін жолдағы *нұры* сөзі кейінгі үш жинақта (1995, 2008, 2013) *нұрлы* болып берілген.

Бұл жинаққа өлең 1922 жылғы мәтін негізінде берілді.

Н. Сәрсек

Заманымыздың ақыны. Алғаш рет ақынның 1922, 1923 жылғы шығармалар жинағына енді. Кейіннен 1995, 2008 жылғы басылымдарда жарияланды. Жинақтарға енген мәтіннің ешбір айырмашылығы жоқ.

Бұл жинаққа мәтін 1923 жылғы басылым бойынша ұсынылды.

Бір биге. Өлең Алаш қайраткері, заңгер Ғалиолла Ғалымжановқа арналған. 1922, 1923 жылғы жинақтарда жарық көрді.

Одан кейінгі 2013 жылдағыдан басқа барлық басылымдарда жарияланып келді.

Көк теке. 1922 және 1923 жылғы жинақтарда жарық көрді. Бұл шығарма 1989 жылдан бастап 1992 жылғы басылымнан басқа жинақтардың бәріне енген.

Жинаққа өлең 1922 жылғы басылым негізінде даярланды.

Төбет. Ең алғаш 1922 және 1923 жылғы жинақтарда жарияланды. Кейіннен бұл шығарма 1989, 1995, 2005, 2013 жылғы басылымдарға енді.

«Жуан қарын сызып жер» өлең жолы 1989 жылғы жинақта «Жуан қарын сырып жер» деп өзгерген.

«Дамыл алмай барқылдап» 1989 жылы «Дамыл алмай тарқылдап» деп берілген.

Жинаққа енген мәтін 1922 жылғы басылым негізінде дайындалды.

Т. Әкімова

Жолдасқа. 1922 жылғы жинақтан алынды. 1995, 2008 жылғы жинақтарға енген. Бұл жинақтардағы өлең мәтінінде айырмашылық жоқ.

Тоқаевқа еліктеу. Алғаш 1922 жылғы жинақта басылған. 1923, 1995, 2008 жылғы басылымдарға енген. 1989 жылғы жинақта берілмеген.

1922 және 1923 жылғы жинақтардағы өлең мәтінінде айырмашылық жоқ.

Өлеңнің екінші жолындағы *тәжуид* сөзі 1995 жылғы басылымда *таспих* деп берілсе, 2008 жылғы жинақта *жуид* деп жазылған.

Өлеңнің ұйқасы. 1922 жылғы жинақтан алынды. 1923, 1989, 1995, 2008 жылғы жинақтарға енген. Бұл жинақтардағы өлең мәтінінде айырмашылық жоқ.

Достық һәм көз жасы. Алғаш 1922 жылғы жинақта басылған. 1989, 1995, 2008 жылғы жинақтарға енген. Бұл жинақтардағы өлең мәтінінде айырмашылық жоқ.

Татар саудасы. 1922 жылғы жинақта басылған. 2008, 2013 жылғы жинақтарға енген. Бұл жинақтардағы өлең мәтінінде айырмашылық жоқ. 1922 жылғы жинақтың қолымызда бар фотокөшірмесінің сапасы төмен болғандықтан, кирилл әрпімен жазылған бесінші жолдың бастапқы жағы мен алтыншы жол оқылмады.

Қазан. 1922 жылғы жинақта басылған. 2008, 2013 жылғы жинақтарға енген. Бұл жинақтардағы өлең мәтінінде айырмашылық жоқ. 1922 жылғы жинақтың қолымызда бар фотокөшірмесінің сапасы нашар болғандықтан, соңғы екі жолы оқылмады.

Н. Сәрсек

Бүгінгі күн өмір, өлім – менікі. 1922 және 1923 жылғы жинақтарда басылды. Кейіннен бұл өлең 1989, 1992, 1995, 2005, 2013 жылғы басылымдарға енді.

1922 жылғы жинақта алғашқы жолы «Жас сайран, сұм жалғанның соңы – ойран» деп басылған, 1923 жылдан бастап «Басы – сайран, сұм жалғанның соңы – ойран» деп жарияланып келеді. «Жындандырад мені сұлу көркі» өлең жолы 1989 жылғы жинақта «Жындандырад мені сұлу нұр көркі» деп толықтырылған.

«Не қылса да, өлімнің өз еркі» жолы 1989 жылғы басылымда «Не қылса да, ол өлімнің өз еркі» деп берілген.

Жинаққа шығарма 1923 жылғы басылым бойынша берілді.

Сырым. 1922 және 1923 жылғы жинақтарда басылған. Кейіннен бұл шығарма 1989, 1995, 2005, 2013 жылғы басылымдарға енген.

1923 жылғы басылымда «Қысып сүйіп құшағымда өлген-

ше» жолы кейінгі жинақтардың барлығында «Қысып сүйем құшағымда өлгенше» деп берілген. 1922 жылғы алғашқы жинақта «Қысып сүйем құшағымда өлгенше» делінген.

1922, 1923 жылы – «Әйел өледі, мен де бірге өлемін», 1989 жылы – «Өледі әйел, мен де бірге өлемін», 1995, 2005, 2013 жылдары – «Өлед әйел, мен де бірге өлемін» деп берілген.

Өлеңнің соңғы «Ерінің күлкі келді-ау, қыртылым» жолы 1989 жылы «Ерінің күлкі келді-ау, жарқыным» деп өзгерген.

Бұл жинаққа мәтін 1922 жылғы басылым негізінде әзірленді.

Сүй, жан сәулем. Гүлсім Камаловаға арналған өлеңдердің бірі. 1922 және 1923 жылғы жинақтарда басылды. Кейіннен бұл шығарма 1989, 1992, 1995, 2005, 2013 жылғы басылымдарға енді.

Жинаққа енген мәтін 1922 жылғы басылым негізінде дайындалды.

Төгілген шашы. Ең алғаш рет 1922 жылғы жинақта тақырыпсыз жарық көрді. 1923 жылғы басылымда «Төгілген шашы» деген атаумен жарияланды. Кейіннен бұл шығарма 1989, 1995, 2005, 2013 жылғы басылымдарға енген.

Жинаққа енген мәтін 1923 жылғы басылым негізінде дайындалды.

Күміс нұрлы ай. 1922 және 1923 жылғы жинақтарда басылған. Кейіннен бұл шығарма 1989, 1992, 1995, 2005, 2013 жылғы басылымдарға енген. Еш өзгеріссіз жарияланған.

Өлең 1922 жылғы басылым негізінде даярланды.

Шолпы. 1922 және 1923 жылғы жинақтарда басылған. Кейіннен бұл шығарма 1989, 1992, 1995, 2005, 2013 жылғы басылымдарға енген. Ешқандай өзгеріссіз жарияланған.

Жинаққа енген мәтін 1922 жылғы басылым негізінде дайындалды.

Т. Әкімова

Сен сұлу. 1922 жылғы жинақтан алынды. 1923, 1989, 1992, 1995 жылғы жинақтарға енген. Бұл жинақтардағы өлең мәтінінде айырмашылық жоқ.

Н. Сәрсек

Біраз Фетше. 1922 және 1923 жылғы жинақтарда басылған. Кейіннен бұл шығарма 1989, 1995, 2005, 2013 жылғы басылымдарға енген. Он тоғызыншы жолдағы «Сылдыр» сөзі 1989 жылғы жинақта «Белдер» деп өзгертілген.

Жинаққа енген мәтін 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

Н...ға. Қызылжар қаласындағы Қуанышев Дәули деген байдың қызы Жәмилаға арналған. 1922 және 1923 жылғы жинақтарда басылған. Кейіннен бұл шығарма 1989, 1995, 2005, 2013 жылғы басылымдарға енген.

«Өмірде ащы-тұщыны ерте білген» жолы 2005, 2013 жылдардағы жинақтарда «Өмірде тұщы-ащыны ерте білген» деп өзгерген.

«Қыс бойғы хаттардағы сөздерді аштық» өлең жолы 1989, 2005, 2013 жылдары «Қыс бойы хаттардағы сөздерді аштық» деп берілген.

1922, 1923, 1995 жылдары «Кім білед» – 1989, 2005, 2013 жылдары «Кім білсін» деп басылған.

«Карпатқаша», яғни Карпатқа шейін дегенді білдіретін сөз тіркесі 1995 жылдан бастап «Карпат қаша» деп берілген.

1922, 1923, 1995 жылдардағы «Көшесін күзетуші ед таң атқанша» өлең жолы басқа басылымдарда «Көшесін күзететін таң атқанша» деп, «Сырт тұрсын көз алдында көлбеңдеген» «Сырт тұрсын көз алдында көлбеңдейді» деп берілген.

«Ұмытып кете жаздым ғой «Мүйіз» ішін» 1989 жылы «Ұмытып кете жаздадым «Мүйіз» ішін» деп өзгерген.

«Жаншылып» деген сөздің әйтеуірі

Он үште астын сызып қоюы рас, – деген өлең жолдарындағы «жаншылып» сөзіне М.Жұмабаевтың ескертуі бар: «Салмағыңнан жаншылып, қалсын құмар бір қанып».

Жинаққа енген мәтін 1922 жылғы басылым негізінде дайындалды.

Т. Әкімова

Ес кірген соң. Алғаш 1922 жылғы жинақта басылған. 1923, 1989, 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарға енген. Бұл жинақтардағы мәтінде айырмашылық кездеспейді.

Сүйгенім анық. 1922 және 1923 жылғы жинақтарда басылған. Бұл екі жинақтағы өлең мәтіні арасында айырмашылық жоқ. Бұл жинаққа өлең осы екі басылымдағы мәтін негізінде берілді.

Кейіннен 1989, 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарға енген.

1922 жылғы жинақтағы өлеңнің «Айрылдым естен» деген жолындағы *айрылдым* сөзі 1989, 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарда *айрылдың* болып берілген.

Н. Сәрсек

Хор сипатты қарындас. Өлең 1922 жылғы ақынның жинағында тақырыпсыз берілген. Одан кейінгі 1923 жылғы жинақта «Хор сипатты қарындас» атауымен басылған. Кейіннен бұл шығарма 1989, 1995, 2005, 2013 жылғы басылымдарда жарияланды.

Жинаққа мәтін 1923 жылғы басылым негізінде әзірленді.

Жас сұлуға. Алғаш рет 1922 және 1923 жылғы жинақтарда басылған. Кейіннен бұл шығарма 1989, 1995, 2005, 2013 жылғы басылымдарда жарияланды.

Жинаққа енген мәтін 1922 жылғы басылым негізінде дайындалды.

Г...ге. Ақынның Гүлсім Камаловаға арнаған көп өлеңдерінің бірі. 1922 және 1923 жылғы жинақтарда басылған. Кейіннен бұл шығарма 1989, 1995, 2005, 2013 жылғы басылымдарға енген.

Т. Әкімова

Көңіліңді ашар. 1922 жылғы жинақтан алынды. 1923, 1989, 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарға енген.

1922 жылғы жинақтағы өлеңнің «Көңіліңді ашар» деген тақырыбы мен алғашқы жолы 1989 жылғы жинақта «Көңілді ашар» деп жазылған. Сонымен бірге 1923 жылғы жинақта «Бейне хор жүзі» деген жол екі рет қайталанған.

Сәуле. 1922 және 1923 жылғы өлеңдер жинақтарында басылған. Кейіннен 1989, 1995, 2008, 2013 жылғы басылымдарда берілген. Бұл жинақтардағы өлең мәтінінде айырмашылық жоқ.

Жәмила. 1922 және 1923 жылғы жинақтарға енген, 1989, 1995, 2008, 2017 жылғы басылымдарда басылған.

1922 жылғы жинақтағы «Жұлдыздар неге санайсың?» деген жол 1989 жылғы кітапта «Жұлдызды неге санайсың?» болып берілген.

Бұл жинаққа 1922 жылғы басылымдағы мәтін негізінде берілді.

Қайғылы сұлуға. 1922 және 1923 жылғы жинақтарда басылған. 1989, 1995, 2008, 2017 жылғы басылымдарда берілген.

1922 және 1923 жылғы жинақтардағы «Жанашыр ата-ана һәм ыңғайын» деген жол 1989 жылғы басылымда «Жанашыр ата-ана һәм ағайын» болып жазылған.

«Қара жер, көкті ойлама, орның, – деді» деген жолдағы және осы шумақтағы екінші, төртінші жолдардағы *деді* сөзі 1989 жылғы басылымда *дейді* болып берілген. Бұл жинақта осы айтылған өзгертулер түзетіліп, өлең 1922 жылғы басылымдағы мәтін негізінде берілді.

Н. Сәрсек

Гүлсім ханымға. Гүлсім Камаловаға арналған алғашқы өлең. 1922 және 1923 жылғы жинақтарда жарияланған. Кейіннен бұл шығарма 1989, 1992, 1995, 2005, 2013 жылғы басылымдарға енді.

1922, 1923 жылғы басылымдарда екінші жол «Әр жерде өткізсең де өмір таңын» деп берілсе, қалған жинақтарда «Әр жерде өткізсек те өмір таңын» деп жарияланып келді. 1923 жылғы жинақта араб жазуындағы «ң» әрпінің үстіндегі нүктелер анық көрінбей тұр, сондықтан оның «к» деп оқылуы да әбден мүмкін.

Мәтін бұл жинаққа 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

...ға. Өлең ақ патшаға қарсы жазылған шығармалар қатарына жатады. 1922 және 1923 жылғы жинақтарда басылған. Кейіннен бұл шығарма 1989, 1992, 1995, 2005, 2013 жылғы басылымдарға енген.

1922, 1923, 1995 жинақтардағы «Жан-денемді жылан, шаян шаққан күн» деп басылған жол басқа кітаптарда «Жан-тәнімді жылан, шаян шаққан күн» деп берілген.

Шығарма 1922 жылғы басылым негізінде әзірленді.

Домбыра. 1922, 1923 жылғы ақынның шығармалар жинағында жарық көрді. Кейіннен 1992, 1995, 2008 жылғы басылымдарға енді.

1922, 1923 жылғы жинақтарда: «Кейде домбыра ауру адамдай ыңырсыған сықылды да болады» деген сөйлемдегі «ыңырсыған» сөзі кейінгі жинақтарда «ыңыранған» деп өзгертілген.

«Өзеннің қараңғы түнде салмақпен сылдыр қағып аққанындай, жаздың желді түнінде көлдің қамыстарының қорыққаны секілді біріне бірі тығылысып сыбырласқанындай» сөйлеміндегі «тығылысып» сөзі 1995 жылғы жинақта «тығылып» деп берілген.

Мәтін бұл жинаққа 1923 жылғы басылым негізінде әзірленді.

Т. Әкімова

Түн еді. Бұл өлең 1922, 1923 жылғы жинақтарда басылған. Кейіннен 1989, 1995, 2008, 2013 жылғы басылымдарға енген.

1922 жылғы жинақтағы «Ашу кернеп, амалсыз, жанып іштен» деген жол 1923 жылғы кітапта «Ашу кернеп, уланып,

жанып іштен» деп жазылған. Кейінгі жинақтарда да 1923 жылғы басылымдағыдай берілген.

«Мынау ту кімнің туы? Әйел туы!» деп басталатын шумақтың екінші жолы 1922 жылғы басылымда «Мынау шу кімнің шуы, әйел шуы!» деп берілсе, 1923 жылғы жинақта «Енді әйел азат ұшқан көлдің қуы» деп өзгертілген.

1922 және 1923 жылғы жинақтардағы өлеңнің «Жел жылап, долы дауыл ұлып тұрды» деген жолы 1989 жылғы басылымда «Жел жылады, долы дауыл ұлып тұрды» болып жазылған. «Тырп етпе, жылама да, күнім!- деді» деген жолдағы *күнім* сөзі 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарда *күнім* деп берілген.

1922 және 1923 жылғы жинақтардағы өлеңнің «Отырушы еді қолына алып кесте» деген жолы 1989 жылғы басылымда «Қолына отыратын алып кесте» деп өзгертілген.

Бұл жинақта өлең мәтіні 1923 жылғы басылым бойынша берілді.

Н. Сәрсек

Қарындасқа. 1922 және 1923 жылғы жинақтарда басылды. Кейіннен бұл өлең 1989, 1996, 2008, 2013 жылғы басылымдарға енді.

1922 жылғы басылымдағы «Аз өмірде ойын-қырын, көрдім бар» жолы кейінгі жинақтарда «Аз өмірде ойын-қырын, көрдім жар» деп жарияланды.

1922, 1923, 1995 жылдары «Асты үс болып, топан неге болмайды» деп басылған өлең жолы 1989, 2005, 2013 жылғы жинақтарда «Асты үс болып, топан неге баспайды» деп берілді.

1922 жылғы жинақта өлеңнің соңғы «Ойла, күнім, келе ме екен ретке» жолындағы «күнім» сөзінің орнына көп нүкте берілген.

Мәтін бұл жинаққа 1922 және 1923 жылғы басылымдар негізінде дайындалды.

Т. Әкімова

Р... альбомына. Ақынның 1922 және 1923 жылғы жинақтарында басылған. 1989, 1992, 1995, 2008, 2013 жылғы ба-

сылымдарға да енген. 1989, 1992 жылғы басылымдарды 1922 жылғы жинақпен салыстыру кезінде өзгерістер бары анықталды.

1922 жылғы жинақтағы:

*Ай аппақ қой, сізге көңілім айдай ақ,
Сізге деген жүректе жоқ жалғыз тап.
Адал ниет, ақ көңілімді бетке ұстап,
Ақылсымақ сөз айтайын азырақ. –*

деген шумақ 1989, 1992 жылғы басылымдарда былайша өзгертіліп берілген:

*Ай аппақ қой, Сізге өзім де айдаймын,
Арамдарға түнгі нажағайдаймын.
Адал ниет, ақ көңілді жан көрсем,
Жалындаймын, жадыраймын, жайнаймын.*

1989 жылғы жинақта өлеңнің қайдан алынғаны айтылмайды. 1992 жылғы басылымда да қайдан алынғаны айтылмайды, тек алғаш рет 1923 жылғы жинақта жарық көргені және өлеңнің Рабиға Мәдиқызына арналғаны жайында мәлімет берілген.

«Альбом – жүрек, уақыты жетпей ашпаңыз» деген жолдағы *уақыты* сөзі 1989, 1992, 2008, 2013 жылғы басылымдарда *уақыт* деп жазылған. Сол секілді «Уақыты жетсе, өзі-ақ бір күн ашылар» деген жолдағы *уақыты* сөзі 1989, 1992 жылғы жинақтарда *уақыт* болып берілген.

«Альбом – жүрек, жақын достар қолға алар» деп басталатын шумақтың соңғы жолы 1922 және 1923 жылғы жинақтарда «Надан жандар кетпес қара тап салар» деп берілсе, 1989, 1992 жылғы басылымдарда «Шимайласа, жүрекке лас жол қалар» болып өзгертілген.

1922 және 1923 жылғы жинақтардағы өлеңнің «Таза жүрек меруерттен теріңіз» деген жолындағы *меруерттен* сөзі 1989, 1992 жылғы басылымдарда *меруерттей* болып берілген.

Бұл жинаққа өлең 1923 жылғы басылымдағы мәтін негізінде берілді.

Н. Сәрсек

Ж...ға. Тастемірова Жамал Жақияқызына арналған өлең. Алғаш рет 1922 және 1923 жылғы жинақтарда басылды. Кейінгі басылымдардың барлығына енді.

1922, 1923 жылы «Өмір – көпір, от үстіне салынған» алғашқы жолы басқа жинақтарда «Өмір – көпір, от үстінде салынған» деп өзгерген.

1922, 1923, 1995 жылғы басылымдарда «Жақын жан сол – жақын болсын жаныңа» деп берілсе, басқа жинақтарда «Жақын жан сол – жақын болсын жаныңда» деп басылған.

Жинаққа енген мәтін 1922 жылғы басылым негізінде дайындалды.

Ф...ға. 1922 және 1923 жылғы жинақтарда басылған. Кейіннен бұл шығарма 1989, 1995, 2005, 2013 жылғы басылымдарға енген.

1922 және 1923 жылғы жинақтардағы «Жұлдыздар да жымыңдады» деген жол басқа басылымдарда «Жұлдыздар да жымыңдайды» деп берілген.

1922, 1923, 1995 жылы «Сәулесімен жерді сүйіп Күн күлмек» деп басылған өлең жолы 1989, 2005, 2013 жылдары «Сәулесімен жерді сүйіп Күн келмек» деп берілген.

Соңғы шумақтың екінші жолындағы «есіңе» сөзі 1989 жылдан бастап «еске» деп берілген.

Өлең 1922 жылғы басылым негізінде әзірленді.

Т. Әкімова

Ғазизаға. 1917 жылы 19 қазанда Омбыда «Үш жүз» партиясының басшылары облыстық қазақ комитетінің мүшелері Сейітұлы мен Жұмабайұлын тұтқынға алады, сол кезде түрмеде отырғанда жазылған. Ғазиза – Мағжанның туған нағашысы Әшірбектің немере інісі Ғазизбайдың қызы, қыздар гимназиясында оқыған.

1922 жылғы Қазан (134-135-б.), 1923 жылғы Ташкент (99-100-б.) жыр жинақтарында басылған. Кейін 1989 (118-б.), 1992

(60-61-б.), 1995 (134-б.), 2013 (73-74-б.), 2018 (50-51-б.) жылғы басылымдарға енген.

8-шумақтың 3-тармағы 1922, 1923 жылғы басылымдарда: «Тәңіріден ерте-кеште тілей гөр», «Тәңіріден ерте-кеш те тілей гөр».

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы Қазан басылымы бойынша берілді.

Ж. Рақыш

Зуһра. 1922 және 1923 жылғы жинақтарда басылған. 1923, 1989, 1995, 2008, 2013 жылғы басылымдарға енген. «Көз ашқанда Зуһра қыз» деп басталатын шумақтағы «Төкпейді бірақ нұр күндіз» деген соңғы жол 1922 жылғы басылымда бар, ал 1923 жылғы жинақта жоқ. 1995 жылғы жинақта да осы жол берілмеген, қалған жинақтарда бар.

1989 жылғы жинақта «Көз ашқанда Зуһра қыз» деген жолдағы *ашқанда* сөзі *ашқаниша* болып жазылған.

1989 жылғы жинақта өлеңнің қайдан алынғаны айтылмайды, тек «Бұл өлең де Ғазизаға арналған» деген мәлімет берілген.

Бұл жинаққа өлең 1922 жылғы басылымдағы мәтін негізінде берілді.

Жан жарымды бір сүйейін түсімде. 1922 және 1923 жылғы жинақтарда басылған. Бұл жинақтардағы өлең мәтінінде айырмашылық кездеспейді. Кейіннен 1989, 1992, 1995, 2008, 2013 жылғы басылымдарға енген. Бұл жинақтарда берілген өлең мәтінінде айырмашылық жоқ. 1989, 1992 жылғы жинақтарда берілген түсінікте бұл өлеңнің «Үш жүз» түрмесінде жазылғаны туралы мәлімет беріледі. «Ақын өлеңді бірінші жары Зейнепке арнаған болуы мүмкін» деген де болжам айтылады.

Әйел. 1922 және 1923 жылғы жинақтарда басылған. 1989, 1995, 2008, 2013 жылғы басылымдарда берілген.

1923 жылғы жинақтағы «Көктегі жұмақ сағынып» деген жол 1989 жылғы кітапта «Жұмағын көкте сағынып» деп берілген.

1923 жылғы жинақтағы:

*«Жауыздың жасы жалған ба ед?
Жауыздық оған арман ба ед?»*

деген жолдар 1989 жылғы басылымда:

*«Жауыздың жасы жалған!» – деп,
«Жауыздық оған арман!» – деп –*

болып өзгертілген. Бұл жинаққа 1923 жылғы басылым негізінде берілді.

Н. Сәрсек

3-ға. Жан жары Зейнепке арналған өлең. Шамамен 1919 жылы жазылған. Алғаш рет 1922, 1923 жылғы жинақтарда басылған. Бұл шығарма кейінгі басылымдардың барлығына енген.

Бірінші шумақтың үшінші жолы 1922, 1923, 1995 жылғы басылымдарда «Есейіп бірте-бірте ес кірген сайын» делінсе, басқа жинақтарда «Есейіп бірте-бірте ес кірген соң» деп берілген.

«Сонда да үмітіңді үзбей, қарай-қарай» жолы 1989, 1992, 2005, 2013 жылдардағы басылымдарда «Сонда да үміт үзбей, қарай-қарай» деп басылған. 1922, 1923 жылдары «Жан жарым, жоқ екенің жаңа білдім» деп басылған жол кейінгі жинақтардың бәрінде «Жан жарым жоқ екенін жаңа білдім» деп берілген.

1922, 1923, 1995 жылдары «күнәлі» деп жазылған сөз басқа басылымдарда «кінәлі» деп берілген.

«Кейде у, кейде кәусар суын беріп» жолы 1922 жылғы басылымда «Кейде у, кейде шербет суын беріп» деп берілген.

1922 жылғы жинақта соңғы екі шумақтың алдындағы мына шумақ 1923 жылғы басылымда алып тасталған, басқа жинақтарға да енбеген:

*Күнәсіз ауыр азап шеккен, жарым,
Сарғайып күте-күте кеткен, жарым.
Ант ішем, міне Құран, міне иман,
Жалғанда сені ұмытып кетпен, жарым.*

Жинаққа енген мәтін 1922 және 1923 жылғы басылымдар негізінде дайындалды.

Анама. Ең алғаш 1922 және 1923 жылғы жинақтарда басылды. Кейіннен өлең 1989, 1992, 1995, 2005, 2013 жылғы басылымдарда жарияланды.

«Тыныш ұйықтасын деп, аз сөйлесіп, аз күлдің» жолы 1989, 1992, 2005, 2013 жылғы жинақтарда «Тыныш ұйықтасын деп, аз сөйлеп, аз күлдің» деп берілген.

Жинаққа енген мәтін 1922 жылғы басылым негізінде дайындалды.

Т. Әкімова

Түс. 1922, 1923 жылғы жинақтарда басылған. 1989, 1995, 2008, 2013 жылғы басылымдарға енген.

1922 жылғы жинақтағы «Ұйқы тілеп, көзді зорға жұмамын» деген жол 1923 жылғы кітапта «Ұйқы тілеп, көзді зорлап жұмамын» деп берілген. Бұдан басқа айырмашылық кездеспейді.

Бұл жинаққа 1923 жылғы басылым негізінде берілді.

Н. Сәрсек

Қараңғылық қоюланып келеді. Ақын табиғат пен өмір қараңғылығы қоюланып келе жатқанын меңзейді. 1923 жылғы Ташкент (78-79-б.) жыр жинағында басылған. Кейін 1989 (125-б.), 1995 (141-б.), 2013 (74-б.), 2018 (174-б.) жылғы басылымдарға енген.

1-шумақтың 3, 4-тармағы 1923, 1995, 2013, 2018 жылғы басылымдарда: «Қызық көріп жанымдағы жас бала Сөнген шоқты үреді де, күледі», 1989 жылғы жинақта: «Күлімсіреп жанымдағы жас бала Қызық көріп сөнген шоқты үреді».

Өлең бұл жинаққа 1923 жылғы Ташкент басылымы бойынша дайындалды.

Ж. Рақыш

Сарғайдым. 1922 және 1923 жылғы жинақтарда басылған. 1989, 1992, 1995, 2008, 2013 жылғы басылымдарға да енген.

1989, 1992 жылғы жинақтарда берілген түсінікте бұл шығарма ақынның «Үш жүз» түрмесінде отырғанда жазған өлеңі екені жайлы мәлімет берілген.

«Қозғалып, сөйлеп, ойлап, тірі жатып» деген жолдағы *ойлап* сөзі 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарда *ойнап* деп берілген. «Тазартып, енді оны қан етем деме» деген жолдағы *тазартып* сөзі 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарда *тазарып* болып жазылған. Бұл жинаққа 1923 жылғы басылымдағы мәтін негізінде берілді.

Жел. 1922 және 1923 жылғы жинақтарда басылған. 1989, 1992, 1995, 2008, 2013 жылғы басылымдарда берілген. Бұл жинақтардағы мәтіндерде айырмашылық жоқ.

Н. Сәрсек

Сағындым. Өлең Омбы түрмесінде жазылған. Алғаш рет 1922 және 1923 жылғы жинақтарда басылған. Кейіннен бұл шығарма 1989, 1992, 1995, 2005, 2013 жылғы басылымдарда жарияланған.

1922, 1923, 1995 жылдары «Желдей заулап кеткен күнді сағындым» деген жол 1989, 1992, 2005, 2013 жылғы басылымдарда «Желдей зулап кеткен күнді сағындым» деп өзгертілген.

1922, 1923, 1995 жылдары «Тәңірі ие, таңың дағы атпады» жолы қалған басылымдарда «Тәңірі ием, таңың дағы атпады» деп берілген.

1922, 1923, 1995 жылғы жинақтарда:

*Келешекке бірге план құрысып,
Сырласатын жан достарды сағындым, –*

болса, қалған басылымдарда:

*Келешекке бірге план құрысқан,
Сырласатын жас достарды сағындым, –*

деп басылған.

«Сарғайдым ғой, сар даламды сағындым» деген жолдар

1989, 1992, 2005, 2013 жылғы басылымдарда «Сарғайдым ғой сар даланы сағындым» деп берілді.

Бұл жинаққа мәтін 1922 жылғы басылым негізінде дайындалды.

Т. Әкімова

Жел. 1922 және 1923 жылғы жинақтарда басылған. 1989, 1995, 2008, 2013 жылғы басылымдарға енген.

1922 жылғы басылымда алғашқы жолы «Жел – ойыншы бір бала» деп берілсе, 1923 жылғы жинақта «Жел – тым тентек бір бала» болып өзгертілген.

1923 жылғы жинақтағы өлеңнің «Кейде аң боп өкіред» деген жолы 1989 жылғы басылымда «Кейде өгіз боп өкірер» болып берілген. Сонымен бірге «Сақ-сақ күліп секіред», «Әдейі бетке түкіред» деген жолдардағы *секіред*, *түкіред* сөздері 1989 жылғы жинақта *секірер*, *түкірер* болып өзгертілген. «Деді де, сүйіп көзінен» деген жолдағы *dedi* сөзі 1989 жылғы жинақта *дейді* болып жазылған. 1989 жылғы жинақтан өзге басылымдардағы өлең мәтінінің 1923 жылғы жинақтағы мәтіннен айырмашылығы жоқ.

Бұл жинаққа 1923 жылғы басылымдағы мәтін негізінде берілді.

Н. Сәрсек

Баланың қабір тасына. Азамат соғысы кезінде туғандықтан Граждан деп атаған тұңғыш ұлы анасының өлімінен соң, көп ұзамай, бір жасында қайтыс болған. Ұлына арнап жазған өлеңі. 1922, 1923 жылғы жинақтарда басылған. Кейіннен бұл шығарма 1989, 1995, 2005, 2013 жылғы басылымдарға енген.

Өлеңнің алғашқы жолы 1922 жылы «Қайғырмаңдар бұл сәбиді өлді деп» деп берілсе, 1923 жылғы жинақта «Қайғырмаңдар бұл бөбекті өлді» деп өзгерген. Бұдан кейін 1995 жылғы басылымнан өзгесінде «сәби» деп берілген.

Бұл өлең 1923 жылғы жинақ негізінде даярланды.

Т. Әкімова

Өмір. 1922 және 1923 жылғы жинақтарда басылған. Кейіннен бұл шығарма 1989, 1995, 2005, 2013 жылғы басылымдарға енген.

«Денесін дал-дал қылар қия тастар» жолы 1989, 2005, 2013 жылғы жинақтарда «Денесін дал-дұл қылар қия тастар» деп берілген.

Өлең 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

Өмір. 1922 және 1923 жылғы жинақтарда басылған. 1989, 1992, 1995, 2008, 2013 жылғы басылымдарға да енген.

1922 жылғы басылымдағы өлеңнің «Көз ашқанда аспанда жарқылдап от» деген жолындағы *ашқанда* сөзі 1923 жылғы жинақта *ашқаниша* болып өзгертілген. Бұл жинаққа 1922 жылғы жинақтағы мәтін негізінде берілді.

Н. Сәрсек

Толқындап ойнап. 1922 және 1923 жылғы басылымдарға енген. Кейіннен бұл шығарма 1989, 1995, 2005, 2013 жылғы жинақтарда жарияланған.

1922 жылы «Тұңғиық дария түбі жоқ» жолы 1923 жылы «Тұңғиық теңіз түбі жоқ» деп өңделген, кейінгі жинақтарда да осылай жарияланып жүр.

Мәтін жинаққа 1923 жылғы басылым негізінде әзірленді.

Т. Әкімова

Сағат. 1922 және 1923 жылғы жинақтарға енген. 1989, 1995, 2008, 2013 жылғы басылымдарға енген. Өлеңнің «Бұл сағат деп: «Шық-шық!» деген жолындағы *сағат* сөзі 1989 жылғы басылымда *саған* деп берілген. Бұл жинаққа 1923 жылғы басылым негізінде берілді.

Ауру. 1922 және 1923 жылғы жинақтарда басылған. 1989, 1995, 2008, 2013 жылғы басылымдарға енген. 1922 және 1923 жылғы жинақтардағы «Уланды жүрек, жан күйед» деген жолдағы *күйед* сөзі 1989 жылғы басылымда *күйді* болып берілген. Бұл жинаққа 1923 жылғы басылым негізінде берілді.

Н. Сәрсек

Жұлдыздарға. 1922 және 1923 жылғы жинақтарда жарық көрді. Одан кейін бұл шығарма 1989, 1995, 2005, 2013 жылғы басылымдарға енді. Барлық жинақтарда бірдей, еш өзгеріс жоқ.

Бұл жинаққа өлең 1922 жылғы басылым бойынша берілді.

Жазғы түнде. Алғаш рет 1922 және 1923 жылғы жинақтарда басылды. Кейіннен өлең 1989, 1995, 2005, 2013 жылғы басылымдарда жарық көрді.

1922, 1923 жылғы жинақтарда «Баққа аяқты батыр бас» деп берілген, басқа жинақтарда «Баққа аяқты батыл бас» деп өзгертілген. Алғашқы нұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Көкшетау. Мағжан 1922 жылы жазда Көкшетауға барып, Бұрабайды аралайды. Сол кезде жазылған өлеңі. 1922 және 1923 жылғы жинақтарда басылған. Бұл шығарма 1989, 1992, 1996, 2008, 2013 жылғы басылымдарға енген.

Өлеңнің ең соңғы жолы 1922, 1923 жылғы жинақтарда «Тәңірімнің тілін ұғамын» деп берілгендіктен қалпына келтірілді. Кейінгі жинақтардың барлығында «Тәңірінің тілін ұғамын» деп басылған.

Мәтін 1922 жылғы жинақ бойынша берілді.

Толқын. Ақынның 1922 және 1923 жылғы өлең жинақтарында жарияланды. Бұл шығарма кейіннен 1989, 1992, 1995, 2005, 2013 жылғы басылымдарда жарық көрді.

Жинаққа енген мәтін 1922 жылғы басылым негізінде дайындалды.

Т. Әкімова

Қайың. 1922 жылғы жинақтан алынды. 1923, 1989, 1992, 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарға енген. Бұл жинақтардағы өлең мәтінінде өзгеріс жоқ.

Қысқы жолда. Бұл туынды ақынның 1922, 1923 жылғы кітаптарында жарияланған. 1989, 1992, 1995, 2013 жылғы жинақтарға енген.

1922, 1923 жылғы жинақтардағы «Екі иінінен дем алып» деген жолдағы *иінінен* сөзі 1992 жылғы басылымда *иіннен* деп берілген. 1922, 1923 жылғы жинақтардағы «*Асығып-сасып сыбырлап*» деген жол 1989, 1992, 2013 жылғы жинақтарда «*Асып-сасып сыбырлап*» болып жазылған. 1995 жылғы жинақта «*Асығып-сасып сыбырлап*» деп берілген. Бұл жинақта «*Асып-сасып*» деп беру жөн көрілді. 1922, 1923 жылғы жинақтардағы «Боранын Тәңрім ашпады» деген жолдағы *Тәңрім* сөзі 1989, 1992, 2013 жылғы басылымдарда *Тәңір* деп берілген.

Бұл жинаққа өлең 1922 және 1923 жылғы басылымдар негізінде берілді.

Жазғы жолда. 1922, 1923 жылғы басылымдарда жарияланған. Кейіннен 1989, 1992, 1995, 2013 жылғы жинақтарда басылған. 1989, 1992 жылғы жинақтарда «Жол жыландай иірілед, / Шаң ерініп үйірілед» деген жолдардағы соңғы сөздер *иірілген, үйірілген* болып берілген. «Алыстан ақырын Күн күлед» деген жолдағы *күлед* сөзі *күлер* деп, ал «Сүйемін деп күйдіред» деген жолдағы *күйдіред* сөзі *күйдіредер* деп берілген. «Суға – айнаға қаранып» деген жолдағы *айнаға* сөзі 1992 жылғы жинақта *айнала* болып берілген.

1995 және 2013 жылғы жинақтардағы мәтіннің 1923 жылғы басылымнан айырмашылығы жоқ.

Өлең бұл жинаққа 1922 жылғы басылымдағы мәтін негізінде берілді.

Жазғытұрым. 1922 жылғы жинақтан алынды. 1923, 1989, 1995, 2013 жылғы жинақтарға енген. Бұл жинақтардағы мәтіннің 1922 жылғы басылымнан айырмашылығы жоқ.

Жаз келеді. 1922 жылғы басылымнан алынды. 1923, 1989, 1992, 1995, 2013 жылғы жинақтарға да енген.

1922 жылғы басылымдағы өлеңнің «Қалғып қана тербелед» деген жолындағы *тербелед* сөзі 1989, 1992 жылғы жинақтарда *тербелер* деп, «Жібек қанат жаз келед» деген жолдағы *келед*

сөзі *келер* деп берілген. Ал үшінші және соңғы шумақтардағы «жаз келед», «шаш беред», «тербелед» деген тіркестер де дәл осылай «жаз келер», «шаш берер», «тербелер» болып өзгертілген. Сол секілді 10-шумақтағы «Жұмақ нұрлы жаз келед» жолы 1989, 1992 жылғы жинақтарда «Жұмақ нұрлы жаз келмек» деп, «Ағаштар ақырын теңселед» деген жол «Ағаштар ақырын теңселмек» болып жазылған. «Төкпе жасың, аһ ұрма» деген жол 1989, 1992 және 2013 жылғы жинақтарда «Төкпе жас көзден, аһ ұрма» деп берілген.

Сең. Ақынның 1922 және 1923 жылдары жарық көрген жинақтарында басылған. 1989, 1992, 1995, 2008, 2013 жылғы басылымдарға енген. Бұл жинақтардағы өлең мәтінінде айырмашылық жоқ.

Жиіленді қара орман. Алғаш 1922 жылғы жинақта басылған. 1923, 1989, 1992, 1995, 2013 жылғы басылымдарға енген. 1922 және 1923 жылғы жинақтардағы өлең мәтінінде айырмашылық жоқ.

Өлеңнің екінші шумағындағы «Мылқау орман түс көред» және «Әпсүн оқып үшкіред» деген жолдардағы *түс көред* тіркесі мен *үшкіред* сөзі 1989, 1992 жылғы басылымдарда *түс көрер*, *үшкірер* болып өзгертілген. Үшінші шумақтағы *түс көред* және *ой келед* тіркестері де осы аталған екі жинақта *түс көрер*, *ой келер* болып берілген.

Бұл жинаққа 1922 жылғы басылым негізінде беріліп отыр.

Махаббат не? 1922, 1923 жылғы жинақтарда жарияланған. Кейіннен 1989, 1995, 2013 жылғы басылымдарға енген. Бұл басылымдардағы мәтіндерде өзара еш айырмашылық жоқ.

Н. Сәрсек

Шылым. Өлең 1922, 1923 жылғы ақынның шығармалар жинағында жарияланды. Кейіннен 1989, 1995, 2005 жылғы басылымдарда жарияланды.

1989, 1995, 2005 жылғы жинақтарда «Ұмытып су ішемін» деп басылған өлең жолы 1922, 1923 жылғы басылымдарда «Ұмытып у ішемін» деп берілген.

Бұл жинаққа мәтін 1923 жылғы басылым бойынша ұсынылды.

Александр Блок. 1921 жылы А.Блок қайтыс болғанда жазған өлеңі. 1922 және 1923 жылғы жинақтарда басылған. Кейіннен бұл шығарма 1989, 1995, 2005, 2013 жылғы басылымдарда жарияланды.

Жинаққа енген мәтін 1922 жылғы басылым негізінде дайындалды.

Т. Әкімова

Н... альбомына. Бұл өлең 1922, 1923 жылғы жинақтарда басылған. Кейіннен 1989, 1992, 1995, 2013 жылғы басылымдарға енген.

1989, 1992 жылғы жинақтарда өлеңнің тақырыбы «... альбомына» деп берілген. Осы екі жинақта «Бота көзді» деген жолдағы *көзді* сөзі *көздім* деп, «Жібек сөзді ғарышқа» деген жолдағы *сөзді* сөзі *сөздім* болып өзгертілген. «Зарды құшып алыста» деген жолдағы *алыста* сөзі *алысқа* болып берілген.

2013 жылғы жинақта «Жер жыламас, / Жел жыламас, ел жылар» деген екі жолдағы жер және жер сөздерінің орны ауысқан. Ал 1992 жылғы басылымда «Бітеді жыр. Жүрек – күл» деген жолдағы *күл* сөзі *құл* болып берілген.

Бұл жинаққа 1923 жылғы басылым негізінде берілді.

Алдамшы өмір. Ақынның 1922, 1923, 1989, 1992, 1995, 2013 жылғы өлең жинақтарына енген.

1922 жылғы жинақтағы өлеңнің «Үміт өледі, мен де ұзамай өлемін» деген жолы 1923 жылғы басылымда «Өледі үміт, мен де ұзамай өлемін» деп өзгертілген. 1923 жылғы басылымдағы

өлеңнің дәл осы жолындағы *өледі* деген сөз 1989, 1992 жылғы жинақтарда *өлді* деп жазылған.

Сонымен бірге 1923 жылғы басылымдағы «Өмір сөнед, үміт өлед, не қалды?» деген жол 1989, 1992 жылғы жинақтарда «Өмір сөнсе, үміт сөнсе, не қалды?» деп өзгертілген. 1995, 2013 жинақтардағы мәтіннің 1923 жылғы басылымнан айырмашылығы жоқ.

Бұл жинаққа өлең 1923 жылғы басылым негізінде берілді.

Н. Сәрсек

Айрылғанда. Гүлсім Камалова көшіп кеткен соң жазылған өлең. Алғаш рет 1922 және 1923 жылғы жинақтарда басылған. Одан кейінгі жинақтардың барлығына еш өзгеріссіз енді. Атауындағы «Г...ге» 1923 жылғы жинақтан бастап қосылды.

Жинаққа шығарма 1923 жылғы басылым бойынша әзірленді.

Т. Әкімова

Күзді күні. Ақынның 1922, 1923 жылдары жарық көрген өлең кітаптарында басылған. 1989, 1995, 2013 жылғы басылымдарға да енген. Бұл басылымдар арасындағы мәтінде айырмашылық кездеспейді. 1923 жылғы жинақта сол кездегі жазу үлгісіне сәйкес *еешкім* деп берілген сөз бүгінгі жазу ережесіне сай *ешкім* деп жазылды.

«Болса гүлсіз...» Алғаш 1922 жылғы жинақта басылған. 1989, 1995, 2013 жылғы жинақтарға енген. Бұл жинақтардағы өлең мәтінінде айырмашылық жоқ.

Ой. Алғаш 1922 жылғы жинақта жарық көрген. 1923, 1989, 1995, 2013 жылғы жинақтарда басылған.

1922 және 1923 жылғы жинақтардағы «Ауызға алсаң, қандырад», «Жанды есінен тандырад» деген жолдардағы *қандырад*, *тандырад* сөздері 1989 жылғы басылымда *қандырар*, *тандырар* болып өзгертілген. Сол сияқты екінші шумақтағы *тебіренед*, *күңіренед* деген сөздер де 1989 жылғы басылымда *тебіре-*

нер, күңіренер деп берілген. «Толқынданад, күңіренед» деген жол 1989, 2013 жылғы басылымдарда «Толқындана күңіренер» деп жазылған.

Бұл жинаққа өлең 1922 жылғы басылымдағы мәтін негізінде берілді.

Н. Сәрсек

Жан сөзі. Өлең 1920 жылы жазылса керек. 1922 және 1923 жылғы жинақтарда жарияланды. 1989, 1995, 2005, 2013 жылғы басылымдарға енді. 1922 жылғы басылымда:

*«От та еді, дауыл да еді, құйын да еді,
Тұншығып, жат ақыным, деп күлер ме?!»*

деп берілген өлең жолдарын 1923 жылы:

*«Ойы жоқ, ессіз отты Тәңірі көрген,
Тұншығып жат, есерім!» – деп күлер ме?! –*

деп өзгерткен.

1923, 1995 жылдары «Ес білгелі алысам өмірменен» деп басылған өлең жолы, 1989, 2005, 2013 жылдары «Ес білгелі алыстым өмірменен» деп берілген.

Өлең бұл жинаққа 1923 жылғы басылым бойынша берілді.

Мені де, өлім, әлдиле. Алғаш рет 1922 және 1923 жылғы жинақтарда жарық көрді. Ақынның трагедиялық өлеңдерінің бірі. Бұл шығарма 1989, 1996, 2008, 2013 жылғы басылымдарда жарияланды.

Бірінші шумақтағы «тербелед, күңіренед» сөздері 1989 жылы «тербелген, күңіренген» деп өзгерген. «Сұлу көп жас төгіпті» жолы 2005, 2013 жылдары «Сұлу көз жас төгіпті» деп берілген.

«Жаңа піскен балдырған» жолы 1989 жылы «Жаңа біткен балдырған» деп берілген.

Жинаққа мәтін 1922 жылғы жинақ бойынша берілді.

Тірілдім. Өлең 1920 жылы жазылған. Гүлсім Камаловаға арналған өлеңдердің бірі. 1922 және 1923 жылғы жинақтарда жарық көрді. Бұл шығарма 1989, 1995, 2005, 2013 жылғы басылымдарға енген.

Жинаққа енген мәтін 1922 жылғы басылым негізінде дайындалды.

Жұлдызды жүзік, Айды алқа ғып берейін. Алғаш «Сана» журналында (1923, №1) жарық көрді. Онан соң 1923 жылғы жинақта басылды. Кейіннен бұл өлең 1989, 1992, 1995, 2005, 2013 жылғы басылымдарға енді. «Сана» журналы мен 1923 жылғы басылымдағы мәтінде еш айырмашылық жоқ. Кейінгі жинақтарда «Баттым улы зарыма» жолы «Батты улы зарына», «Ұмтылғанды орамалмен қағып ал» жолы «Ұмтылғанда орамалмен қағып ал» деп, «Кел, жұлдызым, жылжып қана жібектей» «Жет, жұлдызым, жылжып қана жібектей» деп өзгертілген. Тек 1995 жылғы жинақта алғашқы нұсқалар бойынша түзетілген.

Жинаққа өлең алғашқы нұсқалар негізінде дайындалды.

Т. Әкімова

Өлең. 1913 жылы жарық көрген «Шолпан» жинағының мұқабасында берілген өлең. 1923 жылғы жинақта «Өлең» деген атпен жеке шығарма ретінде басылған. 1913 жылғы басылымдағы «Көңіл ашар, кеудеме жан кіргізер» деген жол 1923 жылғы жинақта «Көңіл ашып, кеудеме жан кіргізер» деп берілген. Бұл жинаққа өлең 1923 жылғы басылым негізінде берілді.

Н. Сәрсек

Жәй әншейін ойын ғой. Өлең «Ақжол» газетінің 1923 жылғы 25 қаңтардағы санында жарық көрді. Кейіннен 1989, 1995 жылғы жинақтарда жарияланды.

Өлеңнің бірінші жолы 1989, 1995 жылғы басылымдарда: «Айт! Құйт! Ха, ха, ха-ау!» деп берілген, ал «Ақжол» газетінде 1989 жылғы жинақта өлеңнің екінші жолы «Бітір бер Мәскеу»

деп беріліпті, негізінде «Ақжолда» «Айт! Қит! Хе, хе, хе-еу!» деп басылған. «Петербор, Мәскеу» деп жазылған. 1995 жылғы жинақта бұл қателік қалпына келтірілген. 1923 жылғы газетте «Арақ ішсең май керек» деген өлең жолы кейінгі басылымдарда «Арақ ішсең асыңа май керек» деп өзгертілген.

1989 және 1995 жылғы жинақтарда «Жорта тұр! Уайдай!» деп берілген өлең жолы «Ақжол» газетінде «Шу да ту! Уайдай!» деп басылған. «Вся Россия наша!» өлең жолы газетте кирилл әрпінде жазылған.

1989 жылғы жинақта:

«Ой, Иван, аламан,

Мені өйт, атаман!» , – деп, ал 1995 жылғы басылымда:

«Ой, Иван, аламан,

Мен бит, атаман!», – деп берілсе, 1923 жылғы «Ақжол» газетінде:

«Ой, айуан, аламан,

Мен ведь атаман» деп басылған.

1989 жылғы басылымда: «Туған елін биледі. Қызыл ерін – мен, – деді» деген өлең жолдары 1995 жылғы жинақта «Туған елін биледі. Қызыл ерен – мен, – деді» делінсе, «Ақжол» газетінде: «Туған елін иледі. Қызыл ермін – мен, – деді» деп басылған.

Бұл жинаққа мәтін 1923 жылғы «Ақжол» газетіне шыққан нұсқа негізінде дайындалды.

Т. Әкімова

Берниязға. «Ақ жол» газетінің 1923 жылы 22 ақпандағы санында жарияланған. 1989, 1992, 1995, 2013 жылғы жинақтарға енген.

Өлең қазақтың жас ақыны Бернияз Күлеевтің өліміне арнап жазылған. 1923 жылы 29 қаңтарда Бернияз Күлеев өзін-өзі атып, қайтыс болады. «Ақ жол» газетінің 1923 жылғы 22 ақпандағы санында Мағжан Жұмабайұлының осы өлеңімен қоса «Бернияз Күлеев» атты қазанамасы да басылған. Онда Бернияз Күлеевтің өміріне қатысты мәлімет беріп, шығармашылығы туралы да айтып өтеді.

Ақын бұл өлеңге эпиграф ретінде өзінің «Ұлан» өлеңінің:

*«Ұлан өлді батып қанға,
Тыныштық тапты асу жан да»*

деген соңғы екі жолын берген.

«Ақ жол» газетінде басылған мәтіндегі «Есімде жоқ, әйтеуір бір күні» деген жол 1992, 1995, 2013 жылғы жинақтарда «Есімде жоқ, әйтеуір сол бір күні» деп берілген.

«Ақ жол» газетінде басылған мәтіндегі «десті дағы, ішегі қатып күлісті» деген жол 1992, 1995, 2013 жылғы жинақтарда «деді дағы, ішегі қатып күлісті» деп жазылған.

«Ақ жол» газетінде басылған мәтіндегі «Күнәнді ауыр кештім ақындығыңа» деген жол 1992, 1995, 2013 жылғы жинақтарда «Күнәң ауыр, кешем ақындығыңа» деп берілген.

Бұл жинаққа «Ақ жол» газетіндегі мәтін негізінде берілді.

Н. Сәрсек

Еңбек – өлім, жан қанатын қиятын. Өлең алғаш «Ақжол» газетінің 1923 жылғы №271 санында жарық көрді. Одан кейін 1995 жылғы жинақта жарияланды.

Өлеңнің 2-шумағының алғашқы жолы 1995 жылғы жинақта «Ерді, еңбек, от жүректі жерлейді» деп берілген, ал «Ақжол» газетінде «Езеді еңбек, от жүректі жерлейді» деп басылған. «Ақжолда» «Адам баста «раббана» деп зарлаған» деген өлең жолы 1995 жылғы басылымда «Адам баста «дүние» деп зарлаған» деп өзгертілген. 1923 жылғы газетте «Мәңгі байрам, көктегі жұмақ ұмтылған» деп берілген өлең жолы 1995 жылғы жинақта «Мәңгі байрам, көктегі жұмақ ұмытылған» деп басылған. Жинақта «Идеал үлкен, Айса, Мұса – келемеж» деп берілген өлең жолы газетте «Идеал өлген, Айса, Мұса – келемеж» деп басылған.

Мәтін жинаққа 1923 жылғы «Ақжол» газетінде басылған нұсқа бойынша әзірленді.

Т. Әкімова

Сырдағы алашқа. «Ақ жол» газетінің 1923 жыл, 13 мамырдағы 302-санында жарияланған. 1989, 1992, 1995, 2013 жылғы жинақтарға енген.

«Ақ жол» газетіндегі «Өзің пірге бағынған» деген жолдағы *пірге* сөзі 1989, 1992, 1995, 2013 жылғы жинақтарда *бірге* болып жазылған.

«Тәңірің отың боп үмыт» деген жол осы аталған жинақтарда «Тәңірің – оттан боп үміт» деп өзгертілген.

Газеттегі «Бір бола ма пір мен от?» деген жол жоғарыда аталған жинақтарда «Сыр бола ма жыр мен от?» деп берілген.

«Ақ жолдағы» «Төменге ылғи төнген ол» деген жолдағы *ылғи* сөзі жоғарыда аталған жинақтарда *алып* болып берілген.

Газетте «Пір дегенің – жер ғой ол» деп берілген жолдағы *пір* сөзі жоғарыдағы жинақтарда *бір* болып жазылған.

Газеттегі «Жауын шапқан «Алаштап!» деген жол жоғарыда аталған жинақтарда «Жаһұт жапқан ажыдан» деп өзгертілген.

«Ақ жол» газетіндегі «Сәлде салған Сырдағы ел» деген жолдағы *сәлде* сөзі жоғарыда аталған жинақтарда *салық* болып жазылған.

«Ақ жол» газетінде басылған мәтіндегі «Күйдірем десең, өзің күй» деген жолдағы *күйдірем* сөзі 1992 жылғы басылымда *күйдірме* деп берілген.

Бұл жинаққа өлең «Ақ жол» газетінде жарияланған мәтін негізінде әзірленді.

Архимед пен біздің батыр. Бұл өлең «Ақ жол» газетінің 1923 жылғы 345-санында басылған. Мағжанның «Мыж мыж мыж» деген бүркеншік атымен жарияланған. Бұған дейінгі жинақтарға енбеген. Бұл өлең «Ақ жол» газетінің кітап болып басылған көптомдығының 12-томында (Нұр-Сұлтан, 2020, 353-354-бб.) берілген.

Алғашқы шумақтың «Тіреу берсең жерден тыс» деген жолындағы *тіреу* сөзі көптомдықтың 12-томында *ғұмыр* деп жазылған. Ал «Білек демей, білім деп» деген жолдағы *білек* сөзі *тілек* деп берілген. «Жыл артынан жыл куды» деген жолдағы

қуды сөзі көптомдықтың 12-томында *құрды* деп берілген. «Тапанша деген дер келді» деген жолдағы *дер* сөзі *дау* болып жазылған. «Бұған енді не айтасың?» деген жолдағы *бұған* сөзі көптомдықтың 12-томында *оган* деп берілген. «Архимедтей қартыннан» деген соңғы жолдың алдындағы «Асып түсті қайтесің» деген жол көптомдықтың 12-томында түсіп қалған.

Бұл жинаққа өлең «Ақ жол» газетінде жарияланған мәтін негізінде берілді.

Шойын жол. «Ақ жол» газетінің 1924 жылғы 410-санында жарияланған. 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарда басылған. Осы жинақтарда өлеңнің «Елге де барып қайтарсың» деген 9-жолындағы *қайтарсың* сөзі *қайтқайсың* деп, «Әдейі көріп, айтарсың» деген 12-жолындағы *айтарсың* сөзі *айтқайсың* деп берілген.

«Ұрандасып Зеңгі ата» деген жолдан кейінгі «Ежелден-ақ әңгі ата» деген жол 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарда түсіп қалған.

«Сұр кетіп қарттың жүзінен» деген жолдағы *қарттың* сөзі 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарда *жұрттың* болып жазылған.

Бұл жинақта өлең «Ақ жол» газетіндегі мәтін негізінде берілді.

Тірі бол. «Ақ жол» газетінің 1923 жылғы 311-санында жарияланған. 1989, 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарда басылған. Өлеңнің алғашқы шумағындағы *кәріңе* деген сөз 1989, 1995 жылғы басылымдарда *кәріге* деп жазылған. Газетте жарияланған мәтіндегі «Қатты қаным» деген жол 1989, 1995 жылғы басылымдарда «Тәтті қаным» болып өзгертілген. Сондай-ақ «Бітті иманым» деген сөйлемдегі *иманым* сөзі осы жинақтарда *иман* болып берілген.

Үшінші шумақтағы «Кенелсін жұрт» деген жолдағы *кенелсін* сөзі 1989, 1995 жылғы жинақтарда *кінәлайсың* деп берілсе, бесінші шумақтағы *жалтылдап* сөзі осы басылымдарда *жалпаңдап* болып жазылған.

Алтыншы шумақтағы *сор өмір* тіркесі 1989, 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарда *сұм өмір* болып өзгертілген. Осы шумақтағы «Эх, ты дур!» деген жолдың алдындағы «Мен!» – дейсің. «Мен!» деген жол 1989, 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарда түсіп қалған.

Соңғы шумақтағы «Жолың болсын» деген сөйлем 1989, 1995, 2008, 2013 жылғы басылымдарда «Бүлік болсын» деп өзгертілген. Ал «Өл» демейін» деген жолдағы *өл* сөзі *ол* болып берілген.

Бұл жинаққа өлең «Ақ жол» газетіндегі мәтін негізінде берілді.

Тұранның бір бауында. «Ақ жол» газетінің 1923 жылғы 318-санында жарияланған. 1989, 1995, 2013 жылдары жарық көрген жинақтарға енген.

«Ақ жол» газетінде басылған мәтіндегі «Бөленген сары алтынға тапал інжір» деген жолдағы *інжір* сөзі 1989, 1995, 2013 жылғы жинақтарда *інжу* болып жазылған.

«Тізілген түйме меруерт тұтқа қаптап» деген жолдағы *қаптап* сөзі жоғарыда айтылған жинақтарда *таптап* деп берілген.

«Теректің мінсіз, түзу өн бойына» деген жол 1989, 1995, 2013 жылғы жинақтарда «Тереңдік – мінсіз кезу, өн бойына» деп өзгертілген.

«Біраздан жаным дауыл алай-түлей!» деген жол жоғарыда айтылған жинақтарда «Біраздан жанымды ол, алай-дүлей!» деп берілген.

«Тербетіп арсы аспанға өрлеткендей» деген жолдағы *арсы* сөзі 1989, 1995, 2013 жылғы жинақтарда *ырыс* деп жазылған.

«Кетпес-ау, мен танбасам, толқын танып» деген жолдағы *танбасам* сөзі 1989, 1995, 2013 жылғы жинақтарда *татпасам* деп берілген.

«Айтқаным аят па еді, өлең бе еді» деген жол жоғарыда айтылған жинақтарда «Айтқаным: «Аят бер»-ді, өлең бер»-ді» болып өзгертілген.

Өлең бұл жинаққа «Ақ жол» газетінің 1923 жылғы 318-санында жарияланған мәтін негізінде берілді.

Алатау. «Ақ жол» газетінің 1923 жылғы 13 қыркүйектегі санында жарияланған. 1989, 1995, 2013 жылғы жинақтарда басылған.

1989 жылғы жинақта берілген түсінікте «Мағжан 1923 жылы жаз кезінде екі айдай Пішпектен 78 километр жердегі Ыстық-Ата демалыс үйінде тынығады. Осында жүріп «Алатау» циклін, «Қырғыздың шежіресі» деген мақаланы жазады» деген мәлімет берілген. 1995 жылғы жинақтағы түсініктерде де осы дерек айтылады. Бірақ екі жинақта да бұл мәліметтің қайдан алынғаны көрсетілмеген.

«Аһ ұрған *Алатаудағы арулардың*» деген жол 1989, 1995, 2013 жылғы жинақтарда «Аһ ұрған *Алатауда аруларың*» деп берілген.

«Аланың еркелері – арқар, құлжа» деген жол 1989, 1995, 2013 жылғы жинақтарда «Даланың еркелері – арқар, құлжа» деп берілген.

«Құм қапқан көбі бірақ шөлде талып» деген жолдағы *қапқан* сөзі 1989, 1995, 2013 жылғы жинақтарда *жапқан* болып берілген.

1989, 1995, 2013 жылғы жинақтарда «Басынан күңгірт күндер кешті ме екен?!» деген жолдағы *кешті* сөзі *көшті* болып жазылған.

«Жұмықшы «Манасты» айтып жорғаласа» деген жолдағы жұмықшы сөзі 1989, 1995, 2013 жылғы жинақтарда жұмбақшы деп жазылған. Мұндағы «жұмықшы» сөзі қырғызшада «жыршы» деген мағынаны береді. «Жомок – былина, произведение богатырского эпоса»; «Жомокчу (см. ырчы) – творец и сказитель эпоса» (К. Юдахин, 1 том, 259-бет).

«Жас төкпей, өрлеп *өрттей* Талас бойын» деген жол 1989, 1995, 2013 жылғы жинақтарда «Жас төкпей, өрлеп, *өрлей* Талас бойын» деп берілген.

Бұл жинаққа өлең «Ақ жол» газетінде басылған мәтін негізінде берілді.

Р...ға. 1923 жылғы жинақтан алынды. 1989, 1992, 1995, 2008, 2013 жылғы басылымдарға енген.

1992 жылғы жинақта «Алғаш жарияланғанда өлеңнің тақырыбы қате кеткен болса керек» деген пікір айтылады. 1992 жылғы басылымда берілген түсінікте құрастырушылар: «Бұл өлеңнің «Р-ға» деген атында қателік бар сияқты, өйткені өлеңнің мазмұнына қарағанда, ол Мағжанның екінші әйелі – Зылиқаға арналған тәрізді. Онда «Жарын тастап түнде мені бақшаға көру үшін іздеп келген кім еді?» және «Жылы былтыр тағы сені көргенім» деген жолдар бар. Бұның бәрі өлеңнің Зылиқаға арналғанына дәлел. Зылиқаның Мағжанға дейін Хасан деген күйеуі болатын. Ол өлгеннен кейін Зылиқа Мағжанға шығады. Шама-сы кітапты терген кезде «З» әрпінің үстіндегі ноқат (кітап араб әрпімен терілген ғой) ұшып кетіп, «Р»-ға айналса керек. Бұл – жорамал ғана» деген жорамал ұсынады (262-б.).

2008 жылғы жинақта да осы ой айтылып, өлеңге берілген сілтемеде ақынның қызы Ұ. Жұмабаеваның айтқан сөзі келтіріледі: «Мағжанның қызы Ұ. Жұмабаеваның: «Бұл өлеңді папаң маған үйленердің алдында шығарған еді. Алғашқы жарияланғанда үстіндегі бір нүктесі түсіп қалғандықтан арабша «З» әрпі «Р» болып кеткен» деп анам Зылиқа өлеңді жатқа айтып отыратын» деген ескертпесін, зерттеушілердің назарын аудару үшін, бұрынғы тақырыбын өзгертпесек те, қоса ұсынып отырмыз (Баспагер)» (78-б.).

1923 жылғы жинақтағы өлеңнің «Атса дағы, сүйіспеп пе еді жанымыз?» деген жолы 1989 жылғы кітапта «Атса дағы, сүймес пе еді жаныңыз?» деп ал, 1992 жылғы басылымда «Атса дағы, сүймес пе еді жанымыз?» деп берілген.

«Зарладың сен, зарың құлаққа ілмедім» деген жол 1989 жылғы басылымда «Зарладың сен, зарыңа құлақ ілмедім» деп, 1992 жылғы жинақта «Зарладың сен, зарың құлақ ілмедім» болып жазылған.

Түркістан. 1923 жылғы өлеңдер жинағынан алынды. Кейіннен бұл өлең 1989, 1995, 2013 жылғы жинақтарға енген.

«Тұранның егі-шексіз шөлі қандай», «Шалқыған егі-шексіз Теңіз, Арал» деген жолдардағы *егі-шексіз* тіркесі 1989, 1995 жылғы жинақтарда *егі-шексіз* деп, 2013 жылғы жинақта *шетсіз-шексіз* деп берілген. 1923 жылғы жинақта *ешбір* сөзі *heшбір* деп жазылған, бұл жинақта қазіргі жазу ережесіне сәйкес *ешбір* деп берілді.

1923 жылғы жинақтағы «Тұранда түрік ойнаған ұсап отқа» деген жол 1989, 1995 жылғы басылымдарда *ешбір* өзгеріссіз берілсе, 2013 жылғы жинақта «Тұранда түрік ойнаған ұсап отқа» деп жазылған.

1989 жылғы жинақта шығарманың соңғы жағындағы екі шумағы қысқарған. Атап айтқанда:

*Тұраннан Сарыарқаны бөлек деме,
Түркістан алты алашқа болған Кебе.
Тұранның топырағын құшып жатыр
Кешегі ердің ері көкжал Кене –*

деген және

*Қырағы Тянь-Шань мен Памир, Алай,
Күтеді көптен сені қарай-қарай.
Кене мен Абылайдың жолын құмай,
Жапанда жайылудың мәні қалай?! –*

деген шумақтар берілмеген.

1995, 2013 жылғы жинақтарда шығарма толық басылған.

Өлең бұл жинаққа 1923 жылғы басылымдағы мәтен негізінде берілді.

Сәрсембайдың жыры. Өлең 1923 жылғы жинақта басылған. Кейіннен 1989, 1995, 2013 жылғы жинақтарға енген. Бұл жинақтар арасындағы мәтіндерде еш айырмашылық жоқ. Тек 1989 жылғы жинақта «Сәрсенбай» деп берілсе, 1995 және 2013 жылғы жинақтарда Сәрсембай деп жазылған. 1923 жылғы

жинақта өлең тақырыбы «Сәрсенбайдың жыры» деп берілгенмен, мәтін ішінде «Сәрсембайда зар бар-ды» деген жолда «Сәрсембай» деп жазылған.

Бұл өлең «Сана» журналының 1923 жылғы 1-санында басылған. Онда тақырыпта да, мәтінде де «Сәрсембай» деп берілген. Журналдағы мәтін мен 1923 жылғы жинақтағы өлең мәтінінде аздаған айырмашылық кездеседі. 1923 жылғы басылымда өлең мына жолдармен аяқталады:

*Домбырам басы бал құрай,
Қалампырлы насыбай.
Насыбайды атқан соң,
Жазылар менің басым-ай!
Жазылса да бас шіркін,
Тыйылмайды жасым-ай!..*

«Сана» журналындағы мәтінде:

*Қалампырлы насыбай.
Насыбайды атқан соң,
Жазылар менің басым-ай!»*

деген үш жол жоқ. Оның орнына «Атып аңы насыбай» деген жол беріліп, өлең былайша аяқталған:

*Домбырам басы бал құрай,
Атып аңы насыбай,
Жазылса да бас шіркін,
Тыйылмайды жасым-ай!..*

Бұл жинаққа өлең 1923 жылғы басылым негізінде берілді.

Н. Сәрсек

Жарым. Өлең 1923 жылғы басылымға енген. Одан кейін 1989, 1992, 1995 жылғы жинақтарда жарияланған. «Жарым күншіл, көз салдырмайд жан-жаққа» деген үшінші шумақтың

бірінші жолындағы «көз салдырмайд» тіркесі 1989 жылғы жинақта «бұрылтпайды» деп берілген.

Өлең бұл жинаққа 1923 жылғы жинақ бойынша даярланды.

Т. Әкімова

Әже. «Ақ жол» газетінің 1924 жылы шыққан 404-санында жарияланған. 1989, 1995, 2013 жылғы жинақтарға енген. Осы жинақтардағы мәтінді «Ақ жол» газетінің 1924 жылғы санында жарияланған мәтінмен салыстырғанда кейбір өзгерген сөздер бары белгілі болды.

Газетте «Сығырайған көзі көрінбейд» деген жолдағы *көрінбейд* деп берілген сөз 1989, 1995, 2013 жылғы жинақтарда *көрінбей* деп берілген.

Газеттегі «Білінбес беті қылшықтан» деген жол жоғарыда аталған жинақтарда «Көрінбес беті қылшықтан» деп жазылған.

«Тоқтай қалад жөтелі» деген жол 1989, 1995, 2013 жылғы жинақтарда «Тоқтайды сонда жөтелі» деп берілген.

Газетте «Ертек, ертек, ерте екен» деп келетін жол жоғарыда айтылған жинақтарда «Ерте, ерте, ерте екен» деп жазылған.

«Қоя қойды Кенжебай», «Кенжебай тентек маужырап» деген жолдардағы *Кенжебай* аты 1989, 1995, 2013 жылғы жинақтарда *Кенжесетай* деп берілген. Бұл жинаққа өлең «Ақ жол» газетіндегі мәтін негізінде берілді.

Жылқышы. «Ақ жол» газетінің 1924 жылғы 408-санында жарық көрген. 1989, 1995, 2013 жылдардағы жинақтарға енген.

«Ақ жол» газетінде басылған мәтіндегі «Жын қағылды қаңтарға» деген жол 1989, 1995, 2013 жылғы жинақтарда «Сын тағылды қаңтарға» деп берілген.

Газетте басылған мәтіндегі «Есі кетіп шешініп» деген жол жоғарыда айтылған жинақтарда «Есі кетіп жығылып» деп жазылған. Бұл жинаққа «Ақ жолдағы» мәтін негізінде берілді.

Н. Сәрсек

Алатауда. 1924 жылы «Ақжол» газетінің №409 санында жарық көрді. Одан кейін 1989 және 1995 жылғы жинақтар-

да жарияланды. «Алатау» цикліне кіретін өлең алты бөлімнен тұрады. Бірақ 1989, 1995 жылғы басылымдарда «Тоқпақ пен соқпақ» атты төртінші бөлімі басылмаған. Бұл жинақта осы олқылық қалпына келтіріліп, мәтін газет бойынша даярланды.

Т. Әкімова

Қоңыр жыр. «Ақ жол» газетінің 1924 жылғы 413-санында басылған. 1989, 1995, 2008 жылғы жинақтарға енген. Бұл шығарма шағын сегіз өлеңнен тұрады. «Тізілген толқын» деген алғашқы өлеңнің және «Үміт» атты төртінші өлеңнің тақырыптары жоғарыда аталған жинақтарда берілмеген.

Бірінші өлеңдегі «Оқи білсең күңіреніп» деген жолдағы күңіреніп сөзі 1995, 2008 жылғы басылымдарда күңіrentіп деп жазылған.

Жетінші өлеңдегі «Үн іздеп, жаным күңіренген» деген жол 1989, 1995, 2008 жылғы жинақтарда «Үнді естіп, жаным күңіренген» деп берілген. Осы өлеңдегі «Қолымды желге жайғызба» деген жолдағы *желге* сөзі осы аталған үш жинақта да *көкке* болып өзгертілген.

Н. Сәрсек

Асық піру. Асық ойнап құр қиялмен уақыт өткізіп жүрген жалқау жігіт туралы өлең. «Қалтақбастың қиялы» деген ертегімен сарындас. «Ақжол» газетінің 1924 жылғы №415 санында жарияланған. Кейін 1989 (184-185-б.), 1995 (197-б.), 2008 (84-б.), 2018 (72-73-б.) жылғы басылымдарға енген. Сонымен қатар 2020 жылы «Ақ жол» газетінің көптомдық жинағының 15-томында (283-284-б.) жарық көрген.

Өлең төрт тармақты тоғыз шумақтан тұрады, бұрынғы басылымдарда шумаққа дұрыс бөлінбеген.

2-шумақтың 3-4-тармақтары 1924 жылғы «Ақжол» газетінде, 2020 жылғы жинақта: «Бүге түссең – ұрғаның, Шіге түссең – ит боп ұр», 1989, 1995, 2008, 2018 жылғы басылымдарда: «Бүге түссең – құрығаның, Шіге түссең – ұрғаның»;

3-шумақтың 1-тармағы 1924 жылғы «Ақжол» газетінде: «Таңмын өзім, ой, алда», 1989, 1995, 2008, 2018 жылғы басылымдарда: «Таңмын өзім, ой, алда-ай», 2020 жылғы жинақта: «Таң мен өзім, үй алда»;

3-шумақтың 3-4-тармақтары 1924 жылғы «Ақжол» газетінде, 2020 жылғы жинақта: «Мен баяғы қалпымда. Әй, қыз деген кәпір-ай!...», 1989, 1995, 2008, 2018 жылғы басылымдарда түп-басылымдағы екі жолдың орны ауысқан: «Әй, қыз деген кәпір-ай! Мен баяғы қалпымда»;

4-шумақтың 1-2-тармақтары 1924 жылғы «Ақжол» газетінде: «Алсам биыл... күрке аулақ, Жатар ек-ау екеуміз...» деп көп нүктемен берілген, 1989, 1995, 2008, 2018 жылғы басылымдарда, 2020 жылғы жинақта: «Алсам биыл, күрке аулақ, Жатар ек-ау екеуміз»;

4-шумақтың 4-тармағы 1924 жылғы «Ақжол» газетінде: «Қойға кетем мен күндіз», 1989, 1995, 2008, 2018 жылғы басылымдарда: «Қойға кетсем мен күндіз», 2020 жылғы жинақта: «Қойға кетем мен күндіз» болып берілді.

Өлең бұл жинаққа «Ақжол» газетінің 1924 жылғы №415 санында жарияланған мәтін бойынша дайындалды.

Жердің жұмырлығы. «Ақжол» газетінің 1924 жылғы №416 санында (3-б.) жарияланған. Кейін 1989 (185-186-б.), 1995 (197-198-б.), 2008 (85-86-б.), 2018 (140-б.) жылғы басылымдарға енген. Сонымен қатар 2020 жылы «Ақ жол» газетінің көптомдық жинағының 15-томында (304-305-б.) жарық көрген.

Өлең алты тармақты бес шумақтан тұрады, бұрынғы басылымдарда шумаққа дұрыс бөлінбеген.

1-шумақтың 1-тармағы 1924 жылғы «Ақжол» газетінде: «Күрстан қайтты жас Сапар», 1989, 1995, 2008, 2018 жылғы басылымдарда, 2020 жылғы жинақта: «Оқудан қайтты жас Сапар»;

4-шумақтың 1-тармағы 1924 жылғы «Ақжол» газетінде: «Жоқ, ата, жағырапия», 1989, 1995, 2008, 2018 жылғы ба-

сылымдарда: «Жоқ, ата, бұл – жағырафия», 2020 жылғы жинақта: «Жоқ, ата, жағырафия»;

4-шумақтың 6-тармағы 1924 жылғы «Ақжол» газетінде: «Тап осылай домалайд!», 1989, 1995, 2008, 2018 жылғы басылымдарда: «Тап осындай домалайд!» 2020 жылғы жинақта: «Тап осындай домалайды!»;

5-шумақтың 1-тармағы 1924 жылғы «Ақжол» газетінде: «Мынаңды қалай жүптейміз», 1989, 1995, 2008, 2018 жылғы басылымдарда: «Мынаны қалай жүптейміз», 2020 жылғы жинақта: «Мынаңды қалай жөн дейміз» болып берілді.

Өлең бұл жинаққа «Ақжол» газетінің 1924 жылғы №416 санында жарияланған мәтін бойынша дайындалды.

Ж. Рақыш

Іңірде. Бұл өлең «Ақ жол» газетінің 416-санына қосымша ретінде шыққан «Сәуле» журналының №3 санында жарияланған. Бұған дейін жарық көрген жыр жинақтарының ешқайсына енбеген.

Ескі Түркістан. «Ақ жол» газетінің 1924 жылғы 435-санында жарық көрген. 1989, 1992, 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарға енген.

1989 жылғы жинақта «Арбакеш» атты 2-өлеңнің соңына қарай келетін:

*Өте берсе орыстың
Бүлкіл бөксе маржасы, –*

деген екі жолы қысқартылған. Осы екі жолдан басқа жоғарыда айтылған басылымдардағы мәтіннің «Ақ жол» газетіндегі мәтіннен айырмашылығы жоқ. Басқа жинақтарда өлең толық басылған.

Қырғыз, қазаққа. «Ақ жол» газетінің 1924 жылғы 445-санында жарық көрген. 1989, 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарға енген. Бұл басылымдардағы мәтіндердің «Ақ жол» газетіндегі мәтіннен айырмашылығы жоқ.

Қызыл жалау. «Ақ жол» газетінің 1924 жылғы 452-санында жарияланған. 1989, 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарға енген. «Ақ жол» газетінде өлеңнің бас жағында эпиграф ретінде екі шумақ өлең берілген, соңына «Ежелгі жыр» деп жазылған:

*«Іш. Ішіндер,
Бұл қымыз.
Бұл қымыздың арғы атасын сұрасаң,
Құлаша құлық бие сүті еді.
Томсарған ер қазақтың асы еді.
Бұл қымызды кім ішін?
Бұл қымызды:
Аязды күні айналған,
Бұлтты күні толғанған,
Құрығын қу найзадай таянған,
Томсарған ер қазақтың өзі ішін.
Ежелгі жыр»*

Бұл екі шумақ жыр 1989, 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарда «Ал ішіндер, бұл қымыз» деген тақырыппен жеке өлең ретінде берілген. 1989 жылғы жинақтың түсінігінде «Әзірге бұл өлеңнің қайда жарияланғаны туралы дерек жоқ» деп айтылған (437-б.). 1995, 2008 жылғы жинақтардың түсінігінде 1989 жылғы ба-сылымнан алынғаны көрсетілген.

Газетте берілген мәтіндегі «Іш, ішіндер бұл қымыз» деген жол 1989, 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарда «Ал ішіндер, бұл қымыз» деп берілген. Газеттегі мәтіннің «Аязды күні айналған» деген жолындағы *аязды* сөзі жоғарыда айтылған жинақтарда *айлы* болып өзгертілген.

Алғаш 1924 жылы «Ақ жол» газетінде жарияланған «Қызыл жалау» өлеңіне эпиграф ретінде алынғандықтан, бұл жинаққа да жеке өлең ретінде емес, газеттегі тәртіппен беру жөн көрілді.

Н.Сәрсек

Немере мен әжесі. «Ақжол» газетінің 1924 жылғы № 459 са-нында жарияланған. Кейін 1989 (189-190-б.), 1995 (200-201-б.),

2008 (89-90-б.), 2018 (204-205-б.) жылғы басылымдарға енген. Сонымен қатар 2020 жылы «Ақ жол» газетінің көптомдық жинағының 15-томында (304-305-б.) жарық көрген.

Өлең он тармақты үш шумақтан тұрады, бұрынғы басылымдарда шумаққа дұрыс бөлінбеген.

1-шумақтың 3-тармағы 1924 жылғы «Ақжол» газетінде: «Жұлдыз көзін жымындатад», 1989, 1995, 2008, 2018 жылғы басылымдарда: «Жұлдыз көзін жымындатса»;

1-шумақтың 5, 6, 7-тармақтары 1924 жылғы «Ақжол» газетінде: «Бұлттар бөрте ешкідей ед Мана тізген көп көгенге. Қазір көкте шұбырып барад», 1989, 1995, 2008, 2018 жылғы басылымдарда: «Бұлттар бөрте ешкідей дәл Мана тізген көк көгенге. Қатар көкте шұбырып барад»;

2-шумақтың 2-тармағы 1924 жылғы «Ақжол» газетінде: «Жер – ойнайтын топ, – деп айтад», 1989, 1995, 2008, 2018 жылғы басылымдарда: «Жер – ойнайтын доп, – деп айтад» болып жазылған, дегенмен осы жинақта қазіргі емле заңдылығына сәйкес «доп» деп берілді;

2-шумақтың 3-тармағы 1924 жылғы «Ақжол» газетінде: «Тағы алыста теңіз бар дейд», 1989, 1995, 2008, 2018 жылғы басылымдарда: «Тағы алыс теңіз де бар»;

2-шумақтың 5-тармағы 1924 жылғы «Ақжол» газетінде: «Шөл деген бір жер болад дейд», 1989, 1995, 2008, 2018 жылғы басылымдарда: «Шөл деген бір жер бар, – дейді».

2020 жылғы жинақта: «Жұлдыз көзін жымындатады», «Бұлттар бөрте ешкідей еді Мана тізген көп көгенге. Қазір көкте шұбырып барад», «Жер – ойнайтын доп, – деп айтады», «Тағы алыста теңіз бар дейді», «Шөл деген бір жер болад, – дейді»,

Өлең бұл жинаққа «Ақжол» газетінің 1924 жылғы №459 санында жарияланған мәтін бойынша берілді.

Ж.Рақыш

Қойшы бала мен күшік. «Ақ жол» газетінің 1924 жылғы 460-санында жарияланған. 1989, 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарға енген.

Газетте жарияланған мәтіндегі «Кім? Дейтін не? Күшікті» деген жол жоғарыда айтылған жинақтардың барлығында «Не күтіп болар күшіктен?» деп берілген.

Газеттегі «Сонда болыс бір ыңқ деп» деген жол жоғарыда айтылған басылымдарда «Сонда болыс ыңқ етіп» деп өзгертілген.

«Әуп!» деп бір кекірді» деген жолдағы «Әуп!» одағайы «Өһ!» деп жазылған.

Өлең бұл жинаққа «Ақ жол» газетінде жарияланған мәтін негізінде берілді.

Еділде. «Ақ жол» газетінің 1924 жылғы 462-санында жарияланған. Кейіннен ақынның 1989, 1992, 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарына енген.

«Ақ жол» газетінде басылған мәтіндегі «Түскі толқын тек тентек» деген жол 1989, 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарда «Түскі толқын теп-тентек» деп берілген.

«Бойлауық, көзсіз қайрандай» деген жолдағы *қайрандай* сөзі 1989, 1992, 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарда *қайраттай* болып жазылған.

«Ақ жол» газетіндегі мәтінде «Ол кезде деген ағайын» деп келетін жол жоғарыда айтылған жинақтардың барлығында «Ол күнде болған ағайын» деп өзгертілген.

«Ақ жол» газетіндегі «Сәуле ме деп ем бағана» деген жол осы жинақтардың барлығында «Сәуле ғой сүйген бағана» деп берілген.

Бұл жинаққа «Ақ жол» газетінде жарияланған мәтін негізінде берілді.

Еділдің сағасында. Алғаш «Ақ жол» газетінің 1924 жылғы 472-санында жарияланған. Ақынның 1989, 1992, 1995, 2008, 2013 жылғы өлең жинақтарында басылған.

«Көгім кіре күн бата» деген жол жоғарыда айтылған жинақтардың барлығында «Көкжиекке күн бата» деп берілген. Сонымен бірге «Алып кеп, деді: «Ал бата!» деген жолдағы «Ал бата» тіркесі «Ақ бата» болып жазылған.

«Ақ жол» газетіндегі өлеңде *құрбан* сөзі *құрман* болып жазылған. Кейінгі жинақтарда *құрбан* болып өзгертілген. Бұл жинақта «Ақ жол» (1924, №472) газетінде алғаш жарияланған нұсқадағыдай *құрман* деп қалдыру жөн көрілді.

Сәлем хат. Алматы облыстық «Тілші» газетінің 1924 жылғы 148-санында басылған. 1992, 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарға енген.

«Тілші» газетінде басылған өлең мәтініндегі «Құшағында көрдім қанды пышағын» деген жол 1992, 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарда «Құшағында көрдім қанды бейшағым» деп берілген. «Көкті басар қара бұлттың қалыңы» деген жолдағы *кекті* сөзі 1992 жылғы жинақта *кекті* болып жазылған.

Бұл жинаққа «Тілші» газетіндегі мәтін негізінде берілді.

Ұлбосын. «Еңбекші қазақ» газетінің 1925 жылғы 9 қарашадағы санында жарияланған. 1989, 1995, 2008, 2013 жылғы басылымдарға енген. Бұл жинақтардағы өлең мәтінінде айырмашылық жоқ.

Жылқышының үйінде. Бұл өлең «Жаңа мектеп» журналының 1926 жылғы 6-санында жарияланған. 1989, 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарға енген.

Бұл жинақтардағы мәтіннің «Жаңа мектеп» журналында басылған мәтіннен айырмашылығы жоқ дерлік. Тек «Боран мынау, долы дауыл» деген жол 1989, 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарда «Боран мынау, туды дауыл» деп берілген. «Қалқам, қандай күйге түстік?» деген жолдағы *түстік* сөзі 1989, 1995 жылғы жинақтарда *түстің* болып жазылған.

Бұл жинаққа «Жаңа мектеп» журналында басылған мәтін негізінде берілді.

Н. Сәрсек

Қойшының әләуләйі. Қой баққан қойшының орындалмас арман-қиялына құрылған өлең. «Ақжол» газетінің 1923 жылғы № 296 санында жарияланған. Кейін 1989 (207-б.), 1995 (215-б.),

2008 (105-106-б.) жылғы басылымдарға енген.

Өлең төрт тармақты тоғыз шумақтан тұрады, 1989, 1995, 2008 жылғы басылымдарда шумаққа дұрыс бөлінбеген, бір-неше жолдар қысқартылған. 1989 жылғы жинақтың «Түсініктерінде»: «1974 жылы қазақтың актері Серке Қожамқұловтан жазып алынған» деп көрсетілген [437-б.].

Бірінші, екінші, үшінші және жетінші шумақтың 1-тармағы мен 9-шумақтың 4-тармағында қайталанып отыратын «Әләуләй-ләй, әләуләй-ләй, әләуләй!» деген он бір буынды өлеңнің қайырмасы 1989, 1995, 2008 жылғы жинақтарда: «Әләуләй, әләуләй, әләуләй!» болып тоғыз буынға қысқарған.

Алғашқы екі шумағы 1989, 1995, 2008 жылғы басылымдарда көрініс таппаған, тек «Шулай берме, шопан ата, шәй-шәй-шәй» деген 1-шумақтың 2-тармағы 1989, 1995, 2008 жылғы басылымдарда өлеңнің соңына қойылған:

*«Әләуләй-ләй, әләуләй-ләй, әләуләй!
Шулай берме, шопан ата, шәй-шәй-шәй.
Қойды бастап құлдыр құлақ кебенек
Қылдың-ау сен, қап, тұра тұр, бәлем-ай.*

*Әләуләй-ләй, әләуләй-ләй, әләуләй!
Сиса көйлек киер біздің қалқатай.
Тоқымды бір шешіп қарап алайын,
Құжынаған битің қара, апырмай».*

3-шумақтың 2-3-тармақтары 1923 жылғы «Ақжол» газетінде: «Түс боп қалды, тұрды ма екен біздің бай! Бай не тұрсын, пырпыр ұйықтап жатуы ғой», 1989, 1995, 2008 жылғы басылымдарда: «Түс боп қапты, тұрған шығар біздің бай! Бай не тұрсын, быр-быр ұйықтап жатыр-ай»;

4-шумақтың 1-3-тармақтары 1923 жылғы «Ақжол» газетінде: «Сағиласы осы... көзін маған салады! Неге десең, мені ол нұқып қалады. Нұқу түгіл, кейде өліп «әдіралап», 1989, 1995, 2008 жылғы басылымдарда 4-шумақтың соңына «-ай» күшейт-

пелі демеулік шылауы жалғанған: «Сағиласы маған көзін салады-ай! Неге десен, мені түртіп қалады-ай, Түрту түгіл, кейде нұқып: «адыралай».

Өлеңнің 5-шумағы 1923 жылғы «Ақжол» газетінде былай берілген:

*«А, ha-ha-ha, ой, бұзылған соққан-ай,
Бұл ісіңді, бәлем, егер білсе бай,
Айдап шығар екеумізді қосақтап,
Қой, жарамас, масқара зой, қой, ойбай!»*

1989, 1995, 2008 жылғы басылымдарда:

*«Ой-қой, ой-қой, ой, бұзылған соққан-ай,
Мына ісіңді егер білсе бәлем бай,
Екеумізді айдап шығар қосақтай,
Қой, бұзылған, қой, жолама, қой, ойбай!»*

болып өзгеріске түскен.

Өлеңнің 6-шумағы 1923 жылғы «Ақжол» газетінде былай берілген:

*«Қой демекші, қойым қайда, жатыр ма,
Кебенек-ай тартқан екен татырға.
Күннің өзі ысып кетті-ау, айдайын,
Ақсақ қойға қиын болды-ау пақырға!»*

1989, 1995, 2008 жылғы басылымдарда:

*«Қой демекші, қойым қайда, тәңір-ай?
Тапқан ба екен кебенегі тақыр жай?
Күннің көзі ысып кетті-ау, апырм-ай,
Қиын болды-ау ақсақ қойдай пақырға-ай!»*

Өлеңнің 7-шумағы 1923 жылғы «Ақжол» газетінде былай берілген:

*Әләуләй-ләй, әләуләй-ләй, әләуләй!
Ылғи ет жеп жүреді елде болысың-ай,
Құйрық пенен бауыр ғана жер ем-ау,
Егер ғана мен де болыс болсам, уа, дүние-ай.*

1989, 1995, 2008 жылғы басылымдарда өлеңнің алғашқы шумағы төмендегідей жазылған:

*Әләуләй, әләуләй, әләуләй!
Ылғи ет жеп жүреді елде болысың-ай,
Ылғи ғана құйрық пен бауыр жер едім,
Егер ғана мен де болсам ауылнай, ауылнай.*

Өлеңнің 8-шумағы 1923 жылғы «Ақжол» газетінде былай берілген:

*Мынау қолдың саласынан май тамад,
Қымыз деген ішіп болмай жай қалад.
Болыс болсам арманым не, уа, шіркін!
Бірақ онда... байдың қойын кім бағад?!*

1989, 1995, 2008 жылғы басылымдарда өлеңнің екінші шумағы осылай жазылған:

*Мына қолдың саласынан май тamar,
Ішіп болмай қымыз деген жай қалар.
Болыс болсам арманым не, уа, шіркін!
Бірақ мына қойды кім бағар, кім бағар?*

Өлеңнің 9-шумағы 1923 жылғы «Ақжол» газетінде былай берілген:

*Шұрай, жануар, шұрай-шұрай, шәй, шәй, шәй,
Түс болды зой, тұрған шығар енді бай.
Сағила бүгін тұщы қатық берсе игі еді,
Әләуләй-ләй, әләуләй-ләй, әләуләй!*

1989, 1995, 2008 жылғы басылымдарда өлеңнің соңғы шумағы төмендегідей жазылған:

*Сағила бүгін тұщы қатық берсе егер,
Жарар еді-ау, апырм-ай, апырм-ай!
Шулай берме, Шопан ата, шәй, шәй, шәй!*

Өлең бұл жинаққа «Ақжол» газетінің 1923 жылғы № 296 санында жарияланған мәтін бойынша берілді.

Ж. Рақыш

Қарындастар. «Әйел теңдігі» журналының 1926 жылғы 6-санында жарияланған. Бұл шығарма 1. «Үйдегі үнсіз қарындас», 2. «Бұлқынып, бұғау үзген қарындас», 3. «Оқудағы қарындас», 4. «Жолға шыққан қарындас», 5. «Қызметтегі қарындас» деп аталатын бес өлеңнен тұрады. Шығарма 1989, 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарда басылған.

1. «Үйдегі үнсіз қарындас» өлеңіндегі «Был-сылқ етіп басқаның» деген жолдағы *басқаның* сөзі 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарда *басқаны* болып жазылған.

2. «Бұлқынып, бұғау үзген қарындас» деген өлеңдегі «Сән-деуші еді салмақты» деген жолы 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарда «Сәнденуші еді салмақты» деп берілген. «Ұшан дария ақылдым» деген жолдағы *ақылдым* сөзі 1989, 1995 жылғы жинақтарда *ақылым* деп, ал 2008 және 2013 жылғы жинақтарда *ақылы* деп жазылған. «Сүйгеніңе қосылған» деген жолдағы *сүйгеніңе* сөзі 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарда *сүйгеніне* болып берілген.

3. «Оқудағы қарындас» өлеңіндегі «Тебініп қатпа түйесін» деген жол 1989, 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарда «Тебініп қап түйесін» деп өзгертілген.

«Оқиды, көзін алады» деген жол 2008, 2013 жылғы жинақтарда «Оқиды, көзін ашады» болып жазылған.

«Ойлап тұрад, пікірлейд» деген жолдағы *тұрад* сөзі 1989, 1995 жылғы жинақтарда *тұрды* деп, ал 2008, 2013 жылғы жинақтарда *түрлі* деп берілген.

Бұл жинаққа өлең «Әйел теңдігі» (1926, №6) журналындағы мәтін негізінде берілді.

Н. Сәрсек

Сылдырмақ. «Балаларға тарту» атты оқу құралының 1926 (6-б.), 1927 жылғы (5-б.) басылымдарында жарияланған. Кейін 1989 (202-203-б.), 1995 (213-б.), 2008 (102-103-б.), 2018 (245-б.) жылғы басылымдарға енген.

«Балаларға тарту» атты оқу құралы «Жаңа мектеп» журналының 6-санына тегін қосымша ретінде 1926 жылы Қызылорда қаласында жарық көрген. «Сөз басы орнына» деген кітаптың аңдатпасын «Жаңа мектеп» журналының шығарушысы Жолдыбайұлы Молдағали мен алқа мүшесі Шонанұлы Телжан 1926 жылы наурызда жазған. Жинақ 1927 жылы ел астанасы Қызылордада ҚазАССР мемлекеттік баспасынан екінші рет басылым көрген, «Оқу құралы орнына. 1 жыл оқу кітабы орнына арналған» деген жазуы бар.

Түпнұсқалық басылымда: «Шұнаңдаған құлдыр лақ» деп жарияланған.

Өлең бұл жинаққа 1926 жылғы «Балаларға тарту» атты оқу құралында жарияланған мәтін бойынша берілді.

Сал-сал білек, сал білек. «Балаларға тарту» атты оқу құралының 1926 (6-б.), 1927 жылғы (5-б.) басылымдарында жарияланған. Кейін 1989 (203-б.), 1995 (213-б.), 2008 (103-б.), 2018 (231-232-б.) жылғы басылымдарға енген.

Өлеңнің соңғы тармағы 1926, 1927 жылғы басылымдарда: «Әлім болып қал, білек», 1989, 1995, 2008, 2018 жылғы басылымдарда: «Әлімі болып қал, білек».

Өлең бұл жинаққа 1926 жылғы «Балаларға тарту» атты оқу құралында жарияланған мәтін бойынша берілді.

Ана. «Балаларға тарту» атты оқу құралының 1926 (7-8-б.), 1927 жылғы (6-7-б.) басылымдарында жарияланған. Кейін 1989 (202-б.), 1995 (212-б.), 2008 (102-б.), 2013 (197-198-б.), 2018 (71-б.) жылғы басылымдарға енген.

1926 жылғы басылымда өлеңнің мәтіні жеті жолдан екі бағанға бөлініп басылған. Ал 1927 жылғы басылымда «Үйдің іші ұйқыда, Түн ортасы шамасы» деген алғашқы екі жолдан кейін «Көзін алмай бесіктен. Бөбек жатыр албырап» деген 8-9-жолдар қойылып, өлеңнің жолдары ауысқан, осылайша 1926 жылғы басылымға қарағанда басқа ретпен берілген.

1989 жылғы жинақ 1926 жылғы басылымды негізге алған, бірақ өлеңге біршама редакция жасалған. 1995 жылғы жинақ 1927 жылғы басылымды негізге алған, ал 2008, 2013 және 2018 жылғы басылымдарда өлең 1995 жылғы жинақ бойынша берілген.

Осы академиялық жинақта өлең шумаққа бөлініп берілді.

2-шумақтың 2-тармағы немесе 6-жол 1926, 1927 жылғы басылымдарда: «Жел азынап тұр есіктен», 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда 8-жолда берілген, 1989 жылғы басылымда: «Азынап жел есіктен»;

2-шумақтың 3-тармағы немесе 7-жол 1926, 1927 жылғы басылымдарда: «Шөкііп ана отыр», 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда 9-жолда берілген, 1989 жылғы басылымда: «Шоқиып отыр анасы»;

1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда өлең жолдарының берілу реті ауысып кетуіне байланысты бес жол алға жылжыған, сол себепті 1926 жылғы басылымдағы 15-19-жолдар 1927 жылғы басылымдағы 10-14-жолдарға орналасқан:

*«Жүрегіне біреу біз
Сұғып алып кеткендей.*

*Үнсіз, меңіреу ұзын түн,
Шөккен қара бір нардай,
Сарғайып, ана сарылып»*

1926, 1927 жылғы басылымдарда 9-жол, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда 4-жол: «Бөбек жатыр албырап», 1989 жылғы басылымда 9-жол: «Бөбек жатыр балбырап»;

1926, 1927 жылғы басылымдарда 9-жол, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда 4-жол: «Шөкііп отыр дем алмай...», 1989 жылғы басылымда 9-жол: «Шоқиып отыр дем алмай...»;

1995, 2008, 2013, 2018 жылғы басылымдарда араб әрпіндегі мәтінді дұрыс оқымаудан өлеңнің құрылымы бұзылған.

Өлең бұл жинаққа 1926 жылғы «Балаларға тарту» атты оқу құралында жарияланған мәтін бойынша берілді.

Бөбектің тілегі. «Балаларға тарту» атты оқу құралының 1926 (11-б.), 1927 жылғы (10-11-б.) басылымдарында жарияланған. Авторы «Жәжеке» деп көрсетілген. Кейін 1989 (203-204-б.), 1995 (213-б.), 2008 (103-б.), 2018 (89-б.) жылғы басылымдарға енген.

Өлең бұл жинаққа 1926 жылғы «Балаларға тарту» атты оқу құралында жарияланған мәтін бойынша берілді.

Аққала. «Балаларға тарту» атты оқу құралының 1926 (23-б.), 1927 жылғы (22-б.) басылымдарында жарияланған. Кейін 1989 (200-201-б.), 1995 (211-212-б.), 2018 (61-62-б.) жылғы басылымдарға енген.

Өлең бұл жинаққа 1926 жылғы «Балаларға тарту» атты оқу құралында жарияланған мәтін бойынша берілді.

Ата, бата. «Балаларға тарту» атты оқу құралының 1926 (22-б.), 1927 жылғы (21-б.) басылымдарында жарияланған. Кейін 1989 (201-202-б.), 1995 (212-б.), 2008 (101-б.), 2018 (73-б.) жылғы басылымдарға енген.

Өлеңнің 1-жолы 1926, 1927 жылғы басылымдарда: «Мектептен Мәрияш», 1989, 1995, 2008, 2018 жылғы басылымдарда: «Мектептен (қайтты) Марияш».

1-шумақтың 3-тармағы 1926, 1927 жылғы басылымдарда: «Шақырды оны атасы», 1989, 1995, 2008, 2018 жылғы басылымдарда: «Шақырады оны атасы»:

Өлең бұл жинаққа 1926 жылғы «Балаларға тарту» атты оқу құралында жарияланған мәтін бойынша берілді.

Сұр құлын. «Балаларға тарту» атты оқу құралының 1926 (24-б.), 1927 жылғы (23-б.) басылымдарында жарияланған. Кейін 1989 (205-б.), 1995 (214-б.), 2008 (104-б.), 2018 (239-б.) жылғы басылымдарға енген.

2-шумақтың 3-тармағы 1926, 1927 жылғы басылымдарда: «Жүруші ед Әлжан жанында», 1989, 1995, 2008, 2018 жылғы басылымдарда: «Жүруші еді Әлжан жанында».

Өлең бұл жинаққа 1926 жылғы «Балаларға тарту» атты оқу құралында жарияланған мәтін бойынша берілді.

Ж. Рақыш

КЕЙІН ТАБЫЛҒАН ӨЛЕҢДЕРІ

Қазақ қызына әзіл. 1989 жылғы жинақтан алынды. 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарда да басылған. 1989 жылғы жинақтың түсінігінде: «Бұл өлең туралы да дерек жоқ» делінген (437-б.) 1995 (247-б.), 2008 (198-б.) жылғы басылымдарда берілген түсінікте бұл өлеңнің 1974 жылы Серке Қожамқұловтан жазып алынғаны айтылады. Бірақ бұл жинақтардағы мәтіндерде айырмашылық жоқ.

Сырық мойын, біз мұрын. 1989, 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарда басылған. 1989 жылғы жинақта берілген түсінікте: «1969 жылы жазушы Жүсіпбек Алтайбаевтың аузынан жазып алынды» деген дерек келтіріледі. Кейінгі жинақтарда да осы дерек берілген, мәтіннің 1989 жылғы жинақтан алынғаны айтылады.

Ботамды көрдім түсімде. 1989, 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарда басылған. 1989 жылғы жинақтың соңындағы түсінікте: «1931 жылы ақын айдауда жүргенде шығарған өлеңі» деген дерек берілген (437-бет), бірақ бұл мәліметтің қайдан алынғаны айтылмайды. 1995, 2008 жылғы жинақтарда берілген түсінікте бұл өлеңнің 1989 жылғы басылымнан алынғаны айтылады және түсінікте берілген дерек қайталанады.

Бір кезде іштік арақты. 1989 жылғы жинақтан алынды. 1995, 2008, 2013 жылғы басылымдарға да енген. 1989 жылғы жинақта берілген түсінікте: «Мағжан шығарған дейтін өлеңдердің бірі. Қашан, қай жағдайда дүниеге келгені туралы дерек жоқ, баспа бетін көрген-көрмегені белгісіз» делінген (438-б.). 1995, 2008 жылғы жинақтардың түсінігінде дәл осы сөздер қайталанып, өлең мәтінінің 1989 жылғы басылымнан алынғаны айтылады.

Жігер, шіркін, желінді. 1989 жылғы басылымнан алынды. Өлең сонымен бірге ақынның 1995, 2008, 2013 жылғы жинақта-

рында да басылған. 1989 жылғы жинақта берілген түсінікте: «Никольск қаласының тұрғыны пенсионер Жаңабай Сүтемгенов ақсақалдан алынды. 1929 жылы Мағжанмен бірге түрмеге қамалған біреу көп ұзамай қылмысы болмағандықтан бостандыққа шығатын болады. Кетерінде ол Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаевтардан ескерткішке бір ауыз өлең шығарып беруін өтінеді. Сонда Мағжан осы өлеңді жазып беріпті» деген мәлімет берілген (438-б.). 1995, 2008 жылғы жинақтардың түсінігінде осы мәлімет сөзбе-сөз қайталанады.

Өзеннің суын жел тербеп. 1989, 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарда жарияланған. 1989 жылғы жинақта берілген түсінікте: «Бұл өлең туралы да әзірге қолда мәнді дерек жоқ» делінген. (438-б.) 1995, 2008 жылғы жинақтардың түсінігінде дәл осы сөздер қайталанып, өлең мәтінінің 1989 жылғы басылымнан алынғаны айтылады.

Еслам қазасына көңіл айту. 1989 жылғы басылымнан алынды. Өлең сонымен бірге ақынның 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарында басылған. 1989 жылғы жинақта берілген түсінікте: «1936 жылы айдаудан оралған Мағжан немере інісі Ахметжанның (Бекеннің ағасы Нұрмұхамбеттің баласы) ауылына барады. Бұл ауыл Омбы мен Есілкөлдің ортасында екен. Сол ауылда Еслам деген жігіт қайтыс болып, қайғыда екен. Соған жұбату ретінде шығарған өлеңі. Ауылдағы 8 үй Мағжанды қатты құрметтеп, әрқайсысы қой сойып, қонаққа шақырады. Сол сегіз үйдің иесі түгелдей 1937 жылы репрессияға ұшырайды» деген мәлімет берілген (440-б.). 1995, 2008 жылғы жинақтарда берілген түсінікте осы мәлімет қайталанады.

Жамбылға. 1989 жылғы жинақтан алынды. 1995, 2008, 2013 жылғы басылымдарға да енген. 1989 жылғы жинақта берілген түсінікте: «1937 жылы Жамбылдың атағы кеңінен танымал болған кезде, қарт ақыннан ойша демеу сұрап жазған 24 шумақ өлеңнен қалған бір шумақ» деген дерек келтіріледі (440-б.). Бірақ бұл деректің қайдан алынғаны айтылмайды. 1995, 2008

жылғы жинақтарда берілген түсінікте бұл өлеңнің 1989 жылғы басылымнан алынғаны айтылады және түсінікте берілген дерек қайталанады.

Қаламыма. 1989, 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарда жарияланған. 1989 жылғы жинақтағы түсінікте бұл өлең туралы: «1937 жылы Леон Исаевич Мирзоянға бағышталып жазған ұзақ өлеңнен естігендердің есінде қалған үш шумақ» деген дерек берілген (440-б.). 1995, 2008 жылғы жинақтарда берілген түсінікте бұл өлеңнің 1989 жылғы басылымнан алынғаны айтылады және түсінікте берілген дерек қайталанады.

Жас Мағжанға. Өлең 1992, 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарға енген. 1992 жылғы жинақта берілген түсінікте бұл өлең туралы мынадай мәлімет берілген: «1936 жылы айдаудан қайтқан Мағжан Омбы жағындағы нағашысына қонаққа барады. Олар Тұма, Саға, Қызылағаш, Қарағаш деген төрт ауылда отырады екен. Мағжан қонақ болған күндердің бірінде Қарағашта тұратын Баймұқан деген кісінің әйелі босанып, ұл табады. Баланың атын шілдеханаға жиналған жұрт Мағжан қояды. Бұл ілтипатқа Мағжан осы өлеңмен жауап береді» (268-б.). 1995, 2008 жылғы жинақтарда берілген түсінікте осы мәлімет қайталанады.

Жауардың азаматтарына. Өлең 1992, 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарға енген. Бұл жинаққа енген мәтін 1992 жылғы басылымнан алынды. 1992 жылғы басылымда берілген түсінікте бұл өлеңге қатысты мынадай мәлімет берілген: «Мағжан нағашыларының негізі – Арғын Қарауыл ішіндегі Жауар руы болатын. Сол Жауар азаматтарына арналған өлең» (268-б.). Бірақ өлеңнің қайдан алынғаны айтылмайды. 1995, 2008 жылғы басылымдарда осы мәлімет қайталанады, қайдан алынғаны айтылмайды.

Нағашыларға. Өлең 1992 жылғы өлеңдер жинағынан алынды. 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарға да енген. 1992 жылғы

жинақта берілген түсінікте: Осы сапарда туған өлеңдердің бірі. Інісі сағалап жүрген Шарбақкөл жақтағы басқа нағашыларына жазған сәлем хаты» деген дерек келтіріледі (268-б.). 1995, 2008 жылғы басылымдарда да осы дерек қайталанады.

Өміріме өкпем. 1995 жылғы жинақтан алынды. 2008, 2013 жылғы жинақтарда да басылған. 1995 жылғы жинақта: «Мағжанның соңғы өлеңдерінің бірі. Інісі Мұхаметжан есінде сақтап жүріп, кейін қағазға түсірген. Мұхаметжанның қызы Гүлқаныстан алынды» делінген (250-бет).

Эпиграммалар. 1989, 1995, 2008, 2013 жылғы жинақтарға енген. 1989 жылғы жинаққа Мұстафа Шоқайға, Сәкен Сейфуллинге, Сейітқали Меңдешевке, Мұхамбетжан Бейсеновке арналған эпиграммалар енген. 1989 жылғы жинақта берілген түсінікте; «Әр жылдарда, ақынның таныс адамдарына, сол кездегі мемлекет, әдебиет, мәдениет қайраткерлеріне жазылған әзіл-қалжыңдар», - деп айтылғанмен, бұл эпиграммалардың кімнен, қайдан алынғаны туралы мәлімет берілмейді, баспасөзде шыққаны жайлы да дерек жоқ. Бұл жинақтағы эпиграммалар мәтіні 1995 жылғы басылымнан алынды.

Н. Сәрсек

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

Абылай хан – қазақ халқының 1771–1781 жылдар аралығында билік құрған әйгілі ханы, көрнекті мемлекет қайраткері, қолбасшы, дипломат. Азан шақырып қойған аты – Әбілмансұр. Жауға «Абылайлап» шапқандықтан, Абылай атанған. Арғы тегі Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы ханнан тарайды. 1771 жылы Түркістанда хан болып сайланады. Абылай хан ел тұтастығы үшін күресіп, сыртқы басқыншыларға тойтарыс беріп отырған. Көрші елдермен дипломатиялық қарым-қатынас орнатуға тырысқан. 1781 жылы Арыс өзені жағасында қайтыс болған. Сүйегі Түркістан қаласындағы атақты Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жерленген.

Ақсақ Темір немесе **Әмір Темір** (Әмір Темір ибн Тарағай Бахадүр) (1336-1405 жж.) – түркілердің Барлас руынан шыққан тарихи тұлға. Орталық Азиядағы ортағасырлық ұлы билеуші, қолбасшы. Әмір Темір (Тимурид, Темір билігі) империясының негізін қалаушы, Кеш шаһарында (қазіргі Шахрисабз қаласы) туған. Ол Шағатай ұлысы – Моғолстанның билеушілеріне қарсы көтеріліс бастап, Орта Азия түркілерінің тәуелсіз мемлекетін құрған. Ата-тегі бойынша Шыңғысхан ұрпағы болмағандықтан, өз лауазымын «хан» деп атамай, «әмір» деп атаған.

Әл-Фараби (870-950 ж. ш.) – әлемге әйгілі ойшыл, философ, социолог, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логика, музыка зерттеушісі. «Әлемнің екінші ұстазы» атанған ғұлама. Әбу Наср Әл-Фараби Орта Азия, Парсы, Ирак, араб елдері қалаларына жиһанкездік сапарлар жасап, тез есейді. Ол жерлерде көптеген ғұламалармен, ойшыл-ақындармен, қайраткерлермен танысып, сұхбаттасқан. Тарихи деректер бойынша жетпіске жуық тіл білген. Өздігінен көп оқып, көп ізденген ойшыл философия, логика, этика, метафизика, тіл білімі, жаратылыстану,

география, математика, медицина, музыка салаларына қатысты трактаттар жазып қалдырған.

Бернияз Күлеев (1899–1923) – ақын, саясаткер. 1899 жылы бұрынғы Торғай облысы Ақтөбе уезіне қарайтын Бөрте болысының бесінші аулында (қазіргі Орынбор облысының Бөрте ауданы) дүниеге келген. 1917-1918 жылдары Орынбор мұғалімдер семинариясында білім алған. 1920 жылдан бастап, қайтыс болғанға дейін Қазан қаласында Қазақ АССР Халық ағарту комиссариатының кітап бастыру ісі жөніндегі өкілі болған. 1922 жылы ол Мағжан Жұмабайұлының өлеңдер жинағын шығарып, оған «Бастырушыдан» деп түсінік жазған. Мағжан Бернияз Күлеев қайтыс болғанда «Берниязға» деген өлең мен «Бернияз Күлеев» деген қазанама мақала жазған.

Блок Александр – орыс ақыны, жазушы, публицист, драматург, аудармашы, әдебиеттанушы. XX ғасырдағы орыс әдебиетінің классигі, орыс символизмінің ірі өкілдерінің бірі.

Бөгенбай батыр – Абылай хан тұсындағы батыр, атақты қолбасшы. Жоңғар басқыншыларына қарсы күресте қол бастаған батыр. Шыққан тегі – Орта жүздің арғын тайпасының Қанжығалы руы. Атасы Әлдекүн, әкесі Ақша Қанжығалы руы ішінде белгілі адамдар болған. Қазақ жауынгерлері арасында зор беделге ие болған, сондықтан оны халық «Қанжығалы Бөгенбай» деп атап кеткен. Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи – Өзірет Сұлтан кесенесінде жерленген.

Бұдабай Қабылұлы – (1842–1912) – ақын. Қыпшақ тайпасының Торы руының Шашты бөлімінен шыққан. Оның алғаш ақын ретінде танылуы Қарлығаш деген қызбен айтысынан басталады. Шығармаларының біразын жазып қалдырған. Өлеңдерінің басым көпшілігі ел бірлігі мен татулықты жырлауға, араздасқандарды бітімге шақыруға арналған.

Біржан сал Қожағұлұлы (1834–1897) – сал, ақын, әнші, сазгер. Қазіргі Ақмола облысы, Еңбекшілер ауданында дүниеге келген. Біржан сал – Арқаның әншілік дәстүрін қалыптастырған әнші-сазгер.

Валамир, Балаәмір, Баламбер (420-469) – Батыс ғұн империясының билеушісі.

Гүлсім – Мағжан Жұмабайұлының анасының есімі. Гүлсім – Қызылжарда тұратын керей Әшірбек (Әшірбектің ағасы Құрманбайдан Мағжанның болашақ әйелі Зылиха туады) деген саудагердің қызы. Мағжан бойындағы серілік, ақындық қасиеттер әкеден болса, жүрегінің жұмсақтығы, нәзіктігі, жолдас, достыққа қалтқысыздығы, жұртқа қайырымдылығы осы шешесінен деседі.

Гүлсім Камалова – татар қызы. 1914 жылы Петербургтегі ақсүйек қыздардың педагогикалық институтын бітірген. Бірінші дүниежүзілік соғысқа «шафқатлық тәтесі» (медбике) болып қатысқан. Революция кезінде еліне қайтқан соң, әкесі әлгі Башқұртстанның байы Мичуринге қосқан. Қызылжарға отбасымен көшіп келген Гүлсім Мағжан басқаратын курсқа математикадан сабақ беретін мұғалім болып орналасады. Онда Мағжан Қызылжардағы мұғалімдер курсына әрі директор, әрі мұғалім болып қызмет еткен. Алайда ақынның Гүлсімге махаббаты ұзаққа созылмаған. Әйелінің Мағжанмен қарым-қатынасын сезген Мичурин Қызылжардан көшіп кетеді. Гүлсім кеткеннен кейінгі ақынның жан қиналысын оның өлеңдерінен байқауға болады. Мағжанның Гүлсімге арнап жазған өлеңдері көп. Олар «Гүлсімге», «Г...ге», «Айрылғанда», «Тірілдім» және жоғарыда сөз болған «Гүлсім ханымға», «Сүй, жан сәулем» деп аталады.

Еділ қаған немесе **Аттила** (шамамен 400-453) – Ғұн империясының әміршісі. Аттила түркі халықтарында Еділ деген атпен

белгілі. Римдіктер Аттила деп атағандықтан, тарихта осы есіммен аталады. Еділ патша билік жүргізген кезде Ғұн империясының аумағы кеңейіп, көркейе түскен.

Ескендір Зұлқарнайын (б.д.д. 356-323) – Македонияның атышулы патшасы Александр Македонский. Ол туралы ертегі, аңыз, әңгімелер Шығыс пен батыс халықтары фольклорында кең тараған. Сондай-ақ, оған біраз әдеби шығармалар арналған. Солардың ішінде шығыстың классиктері (Низами, Фердауси, Абай, т.б.) поэмаларының орны ерекше. Солардың басым көпшілігінде Ескендір Зұлқарнайын әрі батыр, әрі кемеңгер қолбасшы, әділетшіл, құдіреті күшті, «аруағына» көптеген ел табынған, аты өшпейтін қасиетті адам деп бейнеленеді.

Есім хан – Шығай сұлтанның ұлы. Қазақ хандығының астанасы Түркістанда тұрып билік (1558-1645) жүргізген. Сұлтан кезінде-ақ, ағасы Тәуекел ханмен екеуі Түркістаннан Самарқанға дейінгі жерді қазақ хандығы құрамына қосқан. 1598 жылы ағасы қайтыс болған соң, хан тағына отырады. 1599 жылы Бұхар хандығымен шарт жасасып, Ташкент қаласы мен оның айналасын Қазақ хандығына қосып алады. Осыдан бастап Ташкент екі ғасыр бойы Қазақ хандығы билігінде болды. Есім хан билік құрған заманында өз елінің салт-дәстүрлерін құрметтей отырып, заң-ережелерін шығара бастады. Бұрыннан келе жатқан «Қасым ханның қасқа жолы» атты ережелерді басшылыққа ала отырып, заңды одан әрі толықтыра түсті. Күнделікті көшпелі тұрмыстағы даулы мәселелерді шешуде азаматтық, қылмыстық істерді қарауда, әскери-отбасылық қарым-қатынастарда «ата-баба жолы» басшылыққа алынды. Есім ханның бұл ережелері халық көкейінен орын тепкендіктен, «Есім ханның ескі жолы» деп атап кетті.

Жанақ Сағындықұлы, кіші Жанақ (1770–1856) – ақын, жыршы. Бұрынғы Семей губерниясы, Қарқаралы уезі, Темір-

ші болысында туған. Ауыл молдасынан хат танып, Түркістан өңіріндегі Қарнақ медресесінде оқыған. Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқан. Жанақ – ескі халық жырларын айтушы, кейінгі заманға жеткізуші жыршылардың бірі болған. «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырының бір нұсқасы Жанақтың жырлауымен жеткен.

Жәбірейіл – Аллаға жақын періштелердің бірі, Алла мен пайғамбарлар арасында жүріп, оларға Алланың аянын айтушы. Ол Алла Тағаланың әмірімен Мұхаммедке (с.ә.с.) Құран аяттарын жеткізген. Жәбірейіл Адам Атаға бейіштен қуылғаннан кейін де қамқор болған, Нұхтың құтылуына көмектескен және ұлы Ыбраһымды құтқарған. Жүсіпке көп тіл үйреткен, Дәуітті сауыт жасауға баулыған, сонымен қатар Сүлейменге көмектесіп, Зәкарияға Жақияның қашан дүниеге келетінін болжап берген.

Жәнібек хан (XV ғ.) – Қазақ хандығының негізін салушылардың бірі, Барақ ханның баласы, Орыс ханның шөбересі. XV ғасырда өмір сүрген. 1457-1458 жылдары Керей ханмен бірге Қазақ хандығының негізін қалаған. Керей ханмен бірге Өзбек ұлысынан Моғолстанға қоныс аударған. Екеуінің соңынан ерген халық қазақ атанған (көне түркі тілінде «қазақ» сөзі «азат, ерікті, тәуелсіз» мағынасын берген. Қазіргі башқұрт, ноғай, құмық тілдерінде «қазақ» әлі де сол мағынада қолданылады) кейін бұл атау бүкіл хандыққа телінеді. 1465-1466 жылдан 1470 жылдардың басына дейін Керей ханнан кейін Қазақ хандығының екінші ханы болған.

Жолбарыс хан Абдоллаұлы (1690 жылы шамасы – 1740) – XVIII ғасырда қазақтың Ұлы жүз руларын билеген ханы. Әкесі Абдолла қайтыс болған соң, Төле бидің тікелей қолдауымен Жолбарыс Ұлы жүзге хан болып сайланған. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан» кейін Ұлы жүздің үлкен бөлігінің

жау қолында қалуына байланысты Ташкент аймағындағы елді басқыншылықтан аман алып қалу үшін Жолбарыс Төле бимен ақылдаса отырып, қалмаққа алым-салық (тамат) төлеп тұруға амалсыздан келіскен. Алайда осы кезде ташкенттік өзбектер Жолбарыстың көзін жоймақ болып, оған қарсы қастандық ұйымдастырды. Оған өзбектердің Мың руынан шыққан Шахрух бидің тікелей қатысы болды. Осылайша Жолбарыс кісі қолынан қаза тапты. Оның орнына Ташкенттің ұлысбегі болып Төле би тағайындалды.

Жошы хан (1179-1225) – Шыңғыс ханның үлкен ұлы, моңғол қолбасшысы. Алтын Орданың негізін салушы. Жошы Шыңғыс ханның батысқа қарай бағытталған бірқатар шапқыншылық жорықтарын басқарып, Оңтүстік Сібірді, Алтайды, Жоңғар даласы мен Шығыс Түркістанды мекендеген тайпаларды бағындырады. 1211–1215 жылдары әкесі Шыңғыс ханның Қытайды жаулау жорығына қатысқан. Шыңғыс хан жаулап алған жерлерін бөліске салған кезде Жошының еншісіне Ертістен бастап, Орал тауының аралығы және одан арғы батысқа қарайғы жерлер тиеді. Жошы осы жерде тұрақтап қалады. Ордасы Ертіс өзенінің бойына орналасады. Осы жерде 1227 жылы қайтыс болады.

Зейнеп – Мағжанның бірінші әйелі. Ол Шоқан Уәлихановтың інісі Жақып төренің қызы Қадидшадан туған. Зейнеп ұл босанып, оның есімін Граждан қояды. Алайда тағдырдың жазуымен ақын үшін қымбат осы екі жан бірінің артынан бірі опат болды. Зейнеп баладан дүние салды. Артынша тұла бойы тұңғышы шетінеді. Бұл шамамен 1917-1919 жылдардың арасы.

Ибн Сина Әбу Әли Хусейн ибн Абдолла (980-1037) – Орта Азиялық ғұлама ғалым, энциклопедиялық білімді дәрігер, философ, астроном, жаратылыстанушы, ақын, орта ғасырда араб тілінде қарыштай дамыған медицина ғылымының негізін салушы, шығыстық аристотелизмнің өкілі. Туған жері – Бұха-

ра өңірі. Ибн Сина ең негізгі еңбектерін Бұхара мен Үргеніште бітірсе де, шығармалары араб тілінде жазылғандықтан, батыстықтар оны араб ғалымы деп санаған және есімін Авиценна деп транскрипциялаған. Оның ең күрделі туындысы – «Дәрігерлік ғылымның каноны» («Ки- таб әл-канун фи-т-тибб»). Бұл – 5 кітаптан тұратын медициналық энциклопедия.

Кенесары Қасымұлы (1802-1847) – қазақтың ірі мемлекет қайраткері, әскери қолбасшы, қазақ халқының 1837-1847 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының көсемі. Қазақ хандығының соңғы ханы. Атақты Шыңғыс ханның 27-інші ұрпағы, Абылай ханның немересі.

Кенесары хан 1841 жылы қыркүйекте үш жүз өкілдерінің жиынында қазақ халқының ханы болып сайланады. Оның мақсаты патша үкіметі тартып алған жерлерді қайтарып алу және Ресей құрамына енбей қалған қазақ жерлерін сақтап қалу еді. Кенесары Қасымұлы өз жасағымен қоқандықтармен шайқасып, қазақтарға тиесілі жерлерді қайтаруды да көздеген. Кенесары алатаулық қырғыздарды да Қоқан хандығы мен Ресей патшасына қарсы бірлесе күресуге шақырған. Бірақ қырғыз манаптары бұл ұсынысты қабылдамайды. Патша өкіметі Кенесары Қасымұлы көтерілісін басу үшін Қоқан хандығымен және қырғыз манаптарымен келісімге келеді. 1847 жылғы қырғыз жеріндегі шайқаста Кенесары ұсталып, үш ай тұтқында болады. Осы жерде өлтіру туралы шешім қабылданады. Кенесарының басы Батыс Сібір генерал-губернаторы Горчаковқа сыйға тартылады.

Қабанбай Қожағұлұлы, Қаракерей Қабанбай, Дарабоз (1692-1770) – батыр, дарынды қолбасшы. Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресінде ерекше ерлік көрсетіп, талантты қолбасшы ретінде аты шыққан.

Қаздауысты Қазыбек Келдібекұлы (1667-1764) – қазақтың белгілі би-шешені, мемлекет және қоғам қайраткері. Әз Тәуке

құрған билер кеңесінің мүшесі, «Жеті жарғы» заңдар жүйесін жасаушылардың бірі. Шежіре деректері бойынша шыққан тегі – Орта жүздің Арғын тайпасының Қаракесек руынан. Қаздауысты Қазыбек Абылай, Тәуке, Әбілмәмбет, Семеке хандардың тұсында ел қорғау ісіне араласқан беделді билердің бірі болды. Сондай-ақ ол Ресей, Бұхар, Хиуа мемлекеттері арасындағы еларалық мәселелерге араласқан мәмлегер ретінде де танылды.

Қасым хан (1445-1521) – қазақ ханы, Қазақ хандығының негізін қалаушылардың бірі – Әз-Жәнібек ханның ортаншы ұлы. Қасым хан билік жүргізген тұста Қазақ хандығы көркейіп, күшейе түсті. Қасым хан тұсында Қазақ хандығы саяси тұрғыдан өрлеп, хандықтың халықаралық жағдайы да едәуір нығайды. Ол орыс мемлекетімен дипломатиялық қарым-қатынас орнатты. Қасым хан халық арасында бұрыннан қалыптасқан әдет-ғұрыпқа негізделген алғашқы қазақ заңын шығарды. Бұл заң «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталды.

Майқы би (шамамен XII-XIII ғғ.) – ежелгі қазақ қоғамында аңызға айналған тарихи тұлға, атақты би, шешен. Майқы би фольклорлық шығармаларда, халық аңыздарында Орманбет би өліп, он сан ноғайлы бүлінген кезде қазақ ұлысын құрған қайраткер ретінде суреттеледі. Әділ билігімен, шешендік сөз өнерімен түркі халықтары арасында кең танылған тұлға. Шежірелерде Майқы би деген атпен өмір сүрген бірнеше тұлға кездеседі. Халықтың әдет-ғұрып, салтын, жол-жоралғысын заңға айналдырып, қоғамдық қару етуде Майқы бидің алатын орны ерекше. Халық арасында кең тараған «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» деген мақал бар. Майқы би түркі халықтары әлі бөлінбей тұрған кезде өмір сүрген әрі әділдігімен, шешендігімен аты көп айтылғандықтан жалпытүркілік қайраткер дәрежесіне көтерілген.

Манас – қырғыздың осы аттас батырлар жырының басты қаһарманы. Қазақтың «Ер Көкше», «Қырымның қырық баты-

ры», «Көрұғлы» т.б. жырларында да кездеседі. «Ер Сайын» жырында оның есімі Қобыландымен қатар аты аталады.

Міржақып Дулатов (1885–1935) – Алаш қозғалысының қайраткері, жазушы, ақын, драматург, журналист. XX ғасырдың басындағы қазақ мәдениеті мен әдебиетінің ірі өкілі. Алаш қозғалысы жетекшілерінің бірі. «Алаш» партиясының бағдарламасын жазған.

Мұса пайғамбар – Інжіл бойынша Моисей. Алла Тағаладан кітап жіберілген төрт пайғамбардың бірі. Аңыз бойынша Мұса – Алла Тағаламен тілдескен және онымен жүздескен бірінші пайғамбар (Адам атадан кейінгі).

Наурызбай Қасымұлы (1822–1847) – сұлтан, Кенесары ханның туған інісі. 1837–1847 жылдардағы Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысына қатысқан батыр. Кенесары ханның ең сенімді кеңесшілерінің бірі болған. Ресей отаршылары мен Қоқан ханына қарсы соғыстардың барлығына қатысқан. 1841 жылы Кенесары хан болып сайланғанда хан кеңесінің мүшесі болған. 1847 жылы Кенесарыны қырғыз манаптары тұтқынға алғанда, Наурызбай Қасымұлы ағасының қасына өз еркімен барған. Сол жақта қырғыз манаптарының қолынан қаза тапқан.

Нұх – пайғамбар, Құран кейіпкері. Інжілдегі Ной. Құран Кәрімде оның аты 43 рет аталады және 71-сүре осы Нұх пайғамбар мен оның әулетіне арналған. Дүние жүзі халықтарының көбінде Нұхтың есімі «топан су оқиғасымен» байланысты айтылады. Аңыз бойынша, жер бетін топан су қаптағанда Нұх пайғамбар оны Алланың жәрдемімен алдын ала сезіп, алып кеме-күпшекті жасайды да, күнәсіз адамдар мен жан-жануарлардың әр түрінен жұптан алып, әлгі кемеге мінгізеді. Осы кемеге мінген тіршілік иелері апаттан аман қалып, өмір қайта жалғасады.

Омар Хайям – орта ғасырда өмір сүрген парсы ақыны, математигі, астрономы, философы. Иранның солтүстігіндегі Нишапури қаласында шамамен 1048 жылы дүниеге келген. Осы жерде медреседе білім алған. Философиялық рубайлердің авторы ретінде танымал.

Орынбай Бертағыұлы (1813–1891) – айтыскер ақын, жырау, әнші, сазгер. Ел арасында «Қарауыл Орынбай ақын» деген атпен танылған. А. Янушкевич, Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, Я. Лютш, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Е. Ысмайылов сынды зерттеушілер мен ғалымдар Орынбай ақынның өлеңдері мен жыр-толғауларын жинап, жариялаған әрі оның шығармашылығына жоғары баға берген. Ол өз тұсында Жанак, Балта, Шөже, Тоғжан, Серәліқожа, Арыстанбай, Шортанбай, Кемпірбай, Тезекбай, Өтеулі, Дана, Байкөкше, т.б. ақындармен айтысқан.

Сағди Ширази (1203-10 ж. ш. – 9.12.129) – парсы әдебиетінің классик ақыны. Шираз қаласында дүниеге келген. Бағдаттағы Низамия медресесінде білім алған. Онда ислам ілімін, құқықты, тарихты, парсы әдебиетін оқыған. Сағдидің ең танымал шығармалары деп «Бустан» («Сағдинаме») поэтикалық трактаты мен «Гүлстан» трактатын айтуға болады.

Сыпатай батыр Әлібекұлы (1782–1867) – Қоқан басқыншыларына қарсы күресте аты шыққан батыр. Сыпатай – ел арасында ерлігімен, шешендігімен ғана емес, әділдігі мен ақылының арқасында да танылған тұлға.

Тарағай Мұхаммад – Ақсақ Темірдің әкесі, Барлас ақсүйек тұқымынан шыққан. Мәуренахрда үлкен беделге ие болған.

Тәуке хан (1626–1718) – қазақ ханы, Қазақ хандығының аса көрнекті қайраткерлерінің бірі, Салқам Жәңгір ханның ұлы.

Ол 1680-1718 жылдар аралығында билік жүргізген. Тәуке хан мемлекетінің астанасы Ташкент пен Түркістан қалалары болды. Тәукенің тұсында Қазақ хандығы саяси жағынан нығайған, бір орталыққа бағынған біртұтас мемлекетке айналды. Ол 1690 жыл шамасында «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолы» ережелерін жаңғыртып, «Жеті жарғы» деп аталатын жаңа заңдар жүйесін енгізді. Бұл заңдар мемлекетті нығайтуға бағытталды.

Толы, Төле (1193-1232) – Шыңғыс ханның кенже ұлы. Моңғол ұлысының мемлекет қайраткері, әскери көсем. Шыңғыс хан өзі билеген аймақтарды төрт ұлына бөліп бергенде, Төлеге кенже бала ретінде моңғол үстірті мен түркі-моңғолдардың негізгі әскер күші мұраға қалады. Әкесі қайтыс болғаннан кейін Төле Ұлы хан болып сайланған ағасы Үгедейге бағынады. Кейбір жазба деректерге қарағанда Төле ағалары Шағатай хан мен Үгедейден бұрын қайтыс болған.

Ұлықбек (1394 –1449) – астроном, математик, ел билеуші, Әмір Темірдің ұрпағы. Толық есімі Мұхаммед Тарағай бин Шахрух. Кейіннен оған Ұлықбек деген лақап ат берілген. Ұлықбек Аппатон, Аристотель, Гиппарх, Птолемей сияқты ежелгі грек ғалымдарының еңбектерін оқыған. Сондай-ақ Хорезми, Фараби, Ферғани, Бируни, Ибн Сина сынды Орталық Азияның көрнекті оқымыстыларының еңбектерімен де жете таныс болған. Әмір Темір қайтыс болғаннан кейін Ұлықбек Мәуреннахрдың әміршісі болады. Самарқандта обсерватория салдырады.

Үгедей хан (Үкітай) (1186–1241) – Шыңғыс ханның үшінші ұлы, Моңғол ұлысының екінші ұлы ханы. Үгедей 1229 жылы Құрылтайда Ұлы хан болып сайланған. Таққа отырғаннан кейін ол әкесінің жорықтарын ары қарай жалғастырды. 1232–34 жыл-

дары Үгедей мен Төле басқарған әскерлер Цзань империясын толық талқандап, Солтүстік Қытайды бағындыруды аяқтайды. Империяның аумағын кеңейтумен қатар Үгедей мемлекеттік басқару саласында да көп жаңалықтар енгізген.

Фет Афанасий Афанасьевич (1820–1892) – орыс ақыны, аудармашы. 1837 жылы Генрих Крюммердің пансионын бітірген, 1838 жылы Мәскеу университетінің философия факультетіне қабылданады. Феттің алғашқы өлеңдер жинағы «Лирикалық пантеон» деген атпен 1840 жылы жарық көрген. 1850 жылы екінші, 1853 жылы үшінші өлеңдер жинағы шығады. 1862-1871 жылдар аралығында жарық көрген шығармалар цикліне новеллалары, әңгімелері, очерктері енген. Фет өлеңдерінде негізінен екі тақырыпты: махаббат пен табиғатты жырлаған.

Хақназар хан (шамамен 1510–1580) – 1538-1580 жылдары билік құрған қазақ ханы, Қасым ханның кіші ұлы. Хақназар хан – Қазақ хандығын нығайтуға көп күш салып, айрықша еңбек сіңірген тұлға. Қазақ тарихында әділ хан ретінде аты қалған.

Шағатай хан (шамамен 1183/85 — 1241) – Шыңғыс ханның екінші ұлы. Хорезм бағындырылғаннан кейін көп ұзамай Өмү-дарияның шығысынан Ілеге дейінгі аумақ Шағатайдың билігіне өтіп, Шағатай ұлысы құрылады.

Шорман Күшікұлы, Шорман би (1799–1837) – төбе би, аға сұлтан. Павлодар облысы Баянауыл ауданында туған. Шын есімі – Жұмабай. Орта жүз арғынның ішіндегі Сүйіндік қаржас руынан шыққан. Қуандық руы мен қаржас руының арасындағы барымта дауында жеңіп, оны өз руының пайдасына шешкендіктен он бес жасында «Бала би» атанған. Осыдан соң Шоң би оған Шорман атағын беріп, қаржас руының төбе биі етіп тағайындаған. Баянауыл округі ашылғанда алдымен аға сұлтанның көмекшісі болып, кейіннен аға сұлтан болып тағайындалған. Алайда бұл қызметті бір жыл ғана атқарып, қайтыс болған.

Шөже Қаржаубайұлы (1808–1895) – халық ақыны, жыршы, XIX ғасырдағы қазақ поэзиясының ірі тұлғаларының бірі. Ол айтыскер ақын ретінде де белгілі болған. Кемпірбай, Тезекбай, Жәмішбай, Келдібай, Балта, Орынбай, Серәлі, Шортанбай Таз-бала және т.б. ақындарымен айтысқан. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының таңдаулы әрі толық нұсқасы Шөженің айтуынан жазып алынған.

Шыңғыс хан – бүкіл әлемге танылған тұлға, ұлы қолбасшы. Ұлы империя құрған. XIII ғасырдың басында Қазақстан, Орта Азия елдеріне шапқыншылық соғысын бастайды. Жолында кездескен ұлыстар мен ру-тайпаларды жаулап алып, өз әскерлерінің қатарын толықтыра отырып, оларды кезекті жорығына пайдаланады. Ғалымдардың зерттеулері Шыңғыс әскерінің басым көпшілігі осы түркі тектес ру-тайпалардан құралғанын көрсетті. Ол Орта Азияны жаулап алды. Шыңғыс хан жаулап алған жерлерін төрт ұлына (Жошы, Шағатай, Үгедей, Толы) бөліп беріп, олар өздері жаулап алған елдерде хандық құрады.

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Алатау – Жетісу және Іле Алатауының халық ұғымындағы жалпылама атауы. Орталық Азия мемлекеттері мен Ресей Федерациясының Сібірдегі тау жоталарының жалпы атауы. Оларға Күнгей Алатауы, Талас Алатауы, Қырғыз Алатауы, Жетісу Алатауы, Іле Алатауы, т.б. жатады. Алыстан қарағанда мұндай таулардың төбесінен етегіне қарай мұздықтар мен көп жылдық қар жапқан ақтандақтары тау жоталарына ала түс береді. Атауы соған байланысты айтылған. Жетісу Алатауы, Жоңғар Алатауы – Қазақстандағы ірі әрі құрылымы жағынан күрделі тау жүйелерінің бірі.

Алтай – Азия құрлығының орта тұсындағы таулы өлке. Ұзындығы батыстан шығысқа қарай 2000 шақырымға созылып жатыр. Алтай Солтүстік батыстан оңтүстік шығысқа қарай Батыс Сібір ойпатынан Гоби жазығына дейін жан-жаққа таралған. Оңтүстіктегі табиғи шекарасы Қара Ертіс өзені мен Зайсан көлі, ал батыс бөлігі Сарыарқадан Қалба жотасы арқылы бөлінеді. Солтүстік шығыста Шығыс Алтайдың Шапшалы жотасы Батыс Саянмен жалғасады.

Альпі – Батыс Еуропаның орталығындағы ең биік тау жүйесі. Франция, Монако, Италия, Швейцария, Алмания, Австрия, Лихтенштейн мен Словения мемлекеттерінің аумағында орналасқан. Альпі тауы альпинизмнің, шаңғы спорты мен туризмнің орталығы саналады.

Әмудария (Оқыс, Жейхун) – Орталық Азиядағы ең ірі және суы мол өзен. Ұзындығы 1415 км. Әмудария Ауғанстан және Пәкістан жеріндегі Гиндукуш тауының солтүстік беткейінен бастау алады. Ағыны таудағы мұз бен қар суынан түзіледі.

Балқан түбегі – Оңтүстік Еуропадағы түбек. Жерінің ауданы 505 мың км².

Балқаш – Қазақстандағы ең ірі көлдердің бірі. Балқаш көлі Сарыарқа мен Сарыесік құмының аралығында, Қарағанды, Алматы және Жамбыл облыстарының аумағында орналасқан. Балқаш – ұзындығы 600 км, ал ені шығыс бөлігінде 9-20 км және батыс бөлігінде 74 километрге дейін жететін еліміздегі ең ірі ішкі құрлық көлі. Орташа тереңдігі 6 метр, ал ең терең жері 26-27 метрге дейін жетеді. Балқаш көлінің басты ерекшелігі – оның суының құрамындағы минералдардың құрамында, оның батыс бөлігінің суы тұзды, ал шығыс бөлігінің суы тұщы болып келеді.

Барсакелмес – Арал теңізінің солтүстік бөлігіндегі арал. Қызылорда облысының Арал ауданында орналасқан.

Бетпақдала – қазіргі Қарағанды және Жамбыл облысының аралығында жатқан, табиғаты қатал, сусыз, шөлді, өсімдігі аз далалық аймақ.

Еділ (ежелгі атауы Ра, орта ғасырларда Итил) – Еуропадағы ең үлкен өзен. Ұзындығы 3530 км, су жиналатын алабы 1360 мың км². Бастауын Валдай қыратынан (абсолюттік биіктігі 343 м) алып, Каспий теңізіне құяды. Сағасы теңіз деңгейінен 28 м төмен жатыр. Еділге екі жүзден астам сала құяды. Орта ағысында Ока, Кама, Сура, Ветлуга және Свияга салалары құйғаннан кейін, Еділ суы мол ірі өзенге айналады.

Ертіс – бастауын Алтай сілемдерінен алатын Қазақстан жерінде Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстары арқылы ағатын ірі өзен.

Есіл – Қазақстан Республикасы мен Ресейдің Тюмень, Омбы облыстары жеріндегі өзен. Ертістің сол саласы. Жалпы ұзындығы 2450 км. Сарыарқаның солтүстік бөлігіндегі Нияз тауынан басталып, Омбы облысындағы Усть-Ишим селосы тұсында Ертіс өзеніне құяды. Есіл бойында Астана, Петропавл, Есіл қалалары орналасқан.

Жайық – Каспий алабындағы өзен. Орал, Башқұртстан, Челябинск, Орынбор жерімен ағып өтеді. Оңтүстік Оралдан басталып, Атырау қаласы тұсынан Каспий теңізіне құяды.

Жетісу – тарихи-географиялық аймақ. Солтүстігінде Балқаш көлімен, шығысында Жоңғар Алатауымен, оңтүстік және оңтүстік-батысында Тянь-Шань жоталарымен шектеседі. Ал батысы Бетпақдалаға ұласады. Тарихи деректер мен зерттеулерде Жетісу атауын құрайтын жеті өзен туралы түрлі пікірлер айтылған. Олар: Лепсі, Басқан, Сарқан, Ақсу, Бүйен, Қаратал және Көксу өзендері. Кейбір тарихи әдебиеттерде Жетісуға Шу және Талас алабы мен Қырғызстандағы Нарын өзенінің жоғарға ағысын қамтитын атырапты да жатқызады.

Көкшетау – Сарыарқаның солтүстігінде, Көкшетау қыратының солтүстік-шығыс бөлігінде оқшау орналасқан, жақпартасты, орманды, көлді тау.

Қағба (Кебе) – Меккедегі мұсылмандар құлшылық ететін аса қастерлі орын. Масжид ул-Харамда орналасқандықтан, «Байтул-харам» (Қасиетті үй) деп те аталады. Қағба қара мата – қисуамен жабылған. Қарама-қарсысында зәмзәм суы шығатын қасиетті бұлақ бар.

Қазан – Ресей Федерациясы құрамындағы Татарстан автономиялы республикасының орталығы, Еділдің сол жағасында орналасқан қала.

Қазығұрт тауы – Талас Алатауының оңтүстік-батыс сілеміндегі аласа жота. Ежелгі аңызда дүниені топан су басқанда, Нұқ пайғамбар кемесі Арабияның Жуда тауында, X ғасырдағы аңызда Арарат тауына тоқтаған делінеді. Қазақ аңызы бойынша, топан су қаптағанда Нұқ пайғамбар кемесі Қазығұрт тауының шыңында тұрып қалған. Сөйтіп, топан су қайтқан соң, адамзаттың жаңа ұрпағының тіршілігі сыртқы бітімі кемеге ұқсас Қазығұрт тауынан басталған.

Қызылжар – Солтүстік Қазақстан облысының орталығы Петропавл қаласының бұрынғы атауы. Қаланың іргесі Есіл өзенінің оң жағалауында 1752 жылы патшалық Ресейдің қазақ жерін отарлау саясатында әскери бекініс ретінде қаланған. Алғашында әскери форпост, кейіннен сібір татарларының (түркілердің) қаласы атанып, Ресейдің Солтүстік және Орталық Қазақстанды отарлау кезіндегі негізгі тірек пунктіне айналды.

Қытай – Азия құрлығында орналасқан ірі мемлекет. Жер аумағы бойынша Ресей және Канададан кейінгі 3-орында. Он төрт мемлекетпен, соның ішінде Қазақстанмен шектеседі.

Марқакөл – Шығыс Қазақстан облысындағы көл. Азуттау және Күршім жоталарының аралығында, теңіз деңгейінен 1449,3 м биіктікте орналасқан. Көлге 100-ге жуық шағын өзендер мен бұлақтар келіп құяды, одан бір ғана Қалжыр өзені бастау алады. Жағасының оңтүстік жағы тік құлама жартасты, ал шағын өзен-жылғалар құятын тұстары батпақты. Қазан – мамыр айлары аралығында көл қатады. Суы тұщы, мөлдір.

Меке, Мекке – мұсылмандардың қасиетті қаласы. Онда бас мешіт әл-Мәжид әл-Харам мен Қағба орналасқан. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) дүниеге келген қала. Мұхаммед пайғамбар Меккеден кеткенімен Мединедегі жаңа құлшылық ету үйінің есігін Қағбаға қаратты (Құбыла). Мұсылмандардың Меккені 630 жылы жаулап алуы оның діни орталық ретіндегі айрықша жағдайын қалпына келтіріп қана қоймай, одан да жоғары дәрежеге көтере түсті. Меккеге барып тәуап ету мұсылманның бес парызының бірі саналады.

Нұра – Қарағанды және Ақмола облыстары жерімен ағатын өзен. Нұра Қарқаралы тауының батыс сілемдеріндегі бұлақтардан басталып, Теңіз көліне құяды.

Орал тауы – Еуразиядағы тау жүйесі. Оның шығыс етегі бойымен Еуропа мен Азияны бөлетін шартты шекара өтеді.

Памир – Орталық Азияның оңтүстігіндегі тау жүйесі. Негізінен Тәжікстан жерінде, шығыс және оңтүстік бөліктері Қытай мен Ауғанстан мемлекеттері аумағында орналасқан. Солтүстігінде Алай сырты жотасымен, оңтүстігінде Зоркөл, Памир және Пяндж өзендерімен, батысында Пяндждің меридиан бағытындағы, шығысында Сарыкөл жотасымен шектеседі.

Сарыарқа – Қазақстанның бүкіл орталық бөлігін алып жатқан аймақ. Қарағанды, Ақмола облыстарын толығымен, Шығыс Қазақстан облысының басым бөлігін, Павлодар, Қостанай облыстарының біраз жерін қамтиды. Солтүстікте Қазақ жазығынан басталып, оңтүстікте Бетпақдала мен Балқаш көліне дейінгі аралықта жатыр. Батыста Торғай үстіртіне тіреледі. Шығыстағы шекарасы Балқаш көлінің солтүстік-шығыс шетінен Тарбағатайдың етегіне, одан ары Зайсан қазаншұңқырының шетін ала Қалба жотасына дейін жетеді.

Сырдария (Яксарт, Сейхун) – Орта Азиядағы ірі өзен. Қарадария мен Нарын өзендерінің Ферғана қазан шұңқырының шығыс бөлігіндегі қосылған жерінен бастап Сырдария аталып, Арал теңізіне құяды.

Сібір – Азияның Орал таулары мен Тынық мұхит жағалауының және Солтүстік Мұзды мұхит жағалауы мен Моңғолия шекарасы, Сарыарқа етегі аралығындағы бөлігі.

Талас – Қырғызстан мен Қазақстан жеріндегі өзен, ұзындығы 661 шақырым. Қазақстандағы бөлігі 453 шақырым. Қазақстан аумағында негізінен, Жамбыл облысының Байзақ, Талас, Сарысу аудандары жерімен ағады. Талас өзені Қарақол және Үшқоша өзендері қосылған жерден бастау алып, Мойынқұмдағы Айдын көліне жетпей құмға сіңіп кетеді. Көп жылдық мұз, жауын-шашын суымен толығады.

Тарбағатай – Шығыс Қазақстан өңіріндегі тау жотасының аты. Қазақстанның оңтүстік шығысы мен Қытай Халық Рес-

публикасының аумағында орналасқан. Аягөз өзенінен Хабар асуына дейін 180 шақырымға созылып жатыр.

Түркістан – Қазақстанның көне қалаларының бірі. Қаланың көне атауы – Яссы. Ұлы Жібек жолы бойындағы сауда орталығы. XIV ғасыр аяғында Түркістанда Әмір Темірдің жарлығымен Қожа Ахмет Ясауи кесенесі салынған.

Тянь-Шань – Азияның орталық бөлігіндегі аса ірі тау жүйесі. Орталық бөлігі Қырғызстанға, солтүстік және батыс жоталары Қазақстанға, оңтүстік-батыс шеті Өзбекстан мен Тәжікстанға, шығыс бөлігі Қытайға қарайды. Батыстан шығысқа қарай 2500 км-ге созылып жатыр.

Шу – Қырғызстан мен Қазақстан жеріндегі өзен. Теріскей Алатау мен Қырғыз Алатауынан бастау алатын Жуанарық және Қошқар өзендерінің қосылған жерінен бастап Шу аталады. Ірілі-ұсақты 80 саласы бар, ірілері Қазақстанда – Қорағаты, Мерке, Қарабалта, Ақсу т.б.

СӨЗДІК

- Арсы** /а/ – ғарыш. Діни мағынасы бойынша – Алланың тағы.
- Астана** – ел, жұрт, қауым.
- Аузын алу** – біреуге ауызбастырық беріп, көңілдегісін істету.
- Афарин** /п/ – жақсы, керемет, бәрекелді, мадақ.
- Аят** /а/ – белгі, ғажайып, өлең; Құран сүрелерінің ең шағын бөлігі.
- Әпсүн** /а/ – дуа, сиқыр, арбау.
- Боқша** – жүк салатын дорба.
- Ғаріп** /а/ – бейшара, мүсәпір, міскін.
- Ғибрат** /а/ – тәжірибе, өнеге, үлгі.
- Дәрғаһ** /п/ – Құдай құзыры; салтанатты сарай; хан сарайы.
- Жақұт** /а/ – асыл тас
- Жасаған** – Құдай, Алла, Тәңірі, Жаратушы.
- Жауһар** /п/ – гауһар.
- Жұмықшы** /қыр/ – жыршы.
- Жүптеу** – жөн көру, құптау.
- Забур** – қасиетті төрт кітаптың бірі. Алла тарапынан Хазіреті Дәуіт пайғамбарға жіберілген.
- Зүбәржат** /п/ – жасыл түсті асыл тас.
- Ие** – еге, қожа, патша; мәтіндерде бүкіл әлемнің қожасы, патшасы – Алла Тағала деген мағынада қолданылады.
- Қараңғы үй** – түрме.
- Қарашекпен** – шаруа, орыс шаруасы.
- Құдірет** – керемет күш, ғажайып қасиет; құдай, Алла, Жаратушы, Тәңірі.
- Құран** /а/ – діни ұғым бойынша, Алла Тағаланың сөзі жазылған, Ислам дінінің негізгі ереже, уағыздары толық көрініс тапқан мұсылмандардың ең басты қасиетті кітабы.
- Лағнет** /а/ – малғұн; Алла Тағаланың рақымынан мақұрым болған.
- Мал** – ақша, дүние.

Маржа – әйел, орыс әйелдерін қазақтар осылай атаған.

Малта – қыста кепкен құртты ыстық суға салып, жібіткеннен кейінгі кішірейген қалдығы.

Пайғамбар – елші; расул; негізінен Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбарға байланысты айтылады.

Пәренжі /а/ – әйелдердің бөтен адамға жүзін көрсетпеу үшін бетіне жамылатын жамылғы.

Пір – ақсақал, шал, ұстаз; қолдап-қорғаушы рух.

Рахмет /а/ – мейірімділік, қайырымдылық; алғыс, ризашылық.

Сәна /а/ – қайғы; қапа; алғыс; мадақ.

Тәспі, тасбих – Алланы дәріптеу, пайғамбарға мадақ айту дұғаларын оқығанда, «Субханаллаһ, Әлхамдулиллаһ, Аллаһу әкбар» сөздерін айтқанда қолданатын моншақты тізбек.

Тәжуид /а/ – көркемдеу, әдемілеу; Құран аяттарының әрбір әрпін дұрыс айтып, бекітілген арнайы ережелерімен оқу.

Тәңірі – көне түркілердің діни наным-сеніміндегі басты Құдай образы. Ислам діні орныққаннан кейін Құдай, Алла.

Тәурат (Тора) – діни наным бойынша қасиетті төрт кітаптың бірі, Алла Тағала тарапынан Мұса пайғамбарға жіберілген.

Ұжмақ – жұмақ.

Ібіліс – адамды жамандыққа азғырушы жын.

Інжіл (Библия) – діни наным бойынша Құдайдың әмірімен көктен түскен төрт кітаптың бірі, Алла Тағала тарапынан Иса пайғамбарға жіберілген.

Хазине /а/ – асыл, бағалы зат, бұйым; қойма.

Хақ /а/ – Алла Тағаланың 99 қасиетті есімінің бірі; әділдік, әділеттілік, туралық; рас; шындық, дұрыстық; ақиқат.

Хор – діни наным бойынша жұмақтағы мәңгі жас, сұлу қыз.

Хохол – казак, Ресейдің славян тектес халықтарын осылай атаған.

Шаһар, шәр /п/ – қала.

Шімбет – әйелдердің бетіне жабатын пердесі.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ – Әдебиет және өнер институты

ОҒК – Орталық ғылыми кітапхана

а – араб

о – орыс

п – парсы

қыр – қырғыз

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жұмабаев М. Шолпан. – Қазан, 1912. – 49 б.
2. Жұмабаев М. Шығармалары. – Қазан, 1922. – 160 б.
3. Жұмабаев М. Өлеңдері. – Ташкент, 1923. – 268 б.
4. Балаларға тарту. Оқу құралы. – Қызылорда, 1926.
5. Жұмабаев М. Шығармалары / Алғы сөзін жазған ақын Ө. Тәжібаев, құрастырған Х.Абдуллин, Б.Дәрімбетов (жауапты шығарушы), З. Жұмабаева. Редакторы М. Неталиев. – Алматы: Жазушы, 1989. – 432 б.
6. Жұмабаев М. Таңдамалы: (Өлеңдер, поэмалар, зерттеулер, аудармалар). – Алматы: Ғылым, 1992. – 272 б.
7. Жұмабаев М. Шығармалар: 3 томдық. 1-том / Ред.алқасы М. Базарбаев, т.б. – Алматы: Білім, 1995. – 256 б.
8. Жұмабаев М. Шығармалар: 3 томдық. 2, 3-том / Ред.алқасы М. Базарбаев, т.б. – Алматы: Білім, 1996. – 512 б.
9. Жұмабаев М. Шығармалар: Өлеңдер, поэмалар / Құрастырған Е. Асқаров. – Астана: Елорда, 1998. – 332 б.
10. Жұмабаев М. Батыр Баян: Өлеңдер, поэмалар. – Астана: Елорда, 1998. – 329 б.
11. Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. 1-том: Өлеңдер, дастандар, әңгіме / Ред. алқасы Ш.Елеукенов. – Алматы: Жазушы, 2002. – 208 б.
12. Жұмабаев М. Шығармалар жинағы. 2-том: Өлеңдер, дастандар, аударма / Ред. Дүйсенбайұлы Е. – Алматы: Жазушы, 2002. – 192 б.
13. Жұмабаев М. Шығармалар жинағы. 3-том: Аудармалар, ғылыми еңбек, мақалалар / Ред. Қошым. – Алматы: Жазушы, 2002. – 229 б.
14. Жұмабаев М. Сүй, жан сәулем: Өлеңдер, поэмалар. – Алматы: Атамұра, 2002. – 256 б.
15. Жұмабаев М. Жан сөзі: Өлеңдер мен дастандар / М. Жұмабаев. – Алматы: Раритет, 2005. – 256 б.

16. Мағжан: Өлеңдер, проза және әдеби зерттеулер жинағы / Құрастырған Ж.Сүлейменов. – Петропавл, 2006.
17. Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. 2-том: Өлеңдер, дастандар, аудармалар / Ред. алқасы Дүйсенбайұлы Е. – Алматы: Жазушы, 2003. – 208 б.
18. Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. 1-том: Өлеңдер, дастандар, әңгіме / Ред. алқасы Ш. Елеукенов. – Алматы: Жазушы, 2004. – 208 б.
19. Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. 2-том: Өлеңдер, дастандар, аудармалар / Ред. алқасы Дүйсенбайұлы Е. – Алматы: Жазушы, 2004. – 207 б.
20. Жұмабаев М. Жан сөзі: Өлеңдер мен дастандар. – Алматы: Раритет, 2005. – 256 б.
21. Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. Аудармалар, ғылыми еңбек мақалалар. – Алматы: Жазушы, 2005. – 232 б.
22. Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. 1-том: Өлеңдер, дастандар, әңгіме / Ред. алқасы Ш. Елеукенов. – Алматы: Жазушы, 2008. – 208 б.
23. Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. 2-том: Өлеңдер, дастандар, аудармалар / Ред. алқасы Дүйсенбайұлы Е. – Алматы: Жазушы, 2008. – 207 б.
24. Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. 3-том: Аудармалар, ғылыми еңбек, мақалалар / Ред. алқасы Дүйсенбайұлы Е. – Алматы: Жазушы, 2008. – 232 б.
25. Жұмабаев М. Шығармалары. 1-том: Өлеңдер / Құрастырған: С. Жұбаниязов. – Алматы: Жазушы, 2013.
26. Жұмабаев М. Шығармалары. 2-том: Әңгіме, ғылыми еңбек, мақалалар, аудармалар, жарияланбаған өлеңдер / Құрастырған: С. Жұбаниязов. – Алматы: Жазушы, 2013.
27. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 11, 15 томдар. – Алматы, 2011.

ТҮЙІНДЕМЕ

М. Жұмабайұлы шығармаларының академиялық толық жинағының бірінші томына ақынның өлеңдері топтастырылды. Ақынның 1913 жылы Қазанда жарық көрген «Шолпан» басылымында, 1922 жылы Қазанда, 1923 жылы Ташкентте басылған өлеңдер жинағында басылған шығармаларынан бөлек «Қазақ», «Ақ жол», «Еңбекші қазақ», «Тілші» газеттері мен «Айқап», «Жас қазақ», «Әйел теңдігі», «Жаңа әдебиет», «Жаңа мектеп», «Шолпан», «Сана» журналдарында жарияланған өлеңдері жинақталып, хронологиялық тәртіппен беріліп отыр. Ақыннан жазба дерек қалмағандықтан өлеңдердің жазылған жылдарын анықтау мүмкін болмады. Сондықтан бұл томдағы өлеңдер жарияланған мерзіміне қарай хронологиялық тәртіппен берілді.

Томға енген өлеңдер редакцияға ұшырамаған түпбасылымдарға, яғни 1913, 1922 және 1923 жылғы жинақтар мен XX ғасырдың басында жарық көрген газет-журналдардағы мәтіндерге сүйеніп берілді. Түпбасылымдар бойынша әзірленген өлеңдер 1989, 1992, 1995, 2008, 2013, 2018 жылғы жинақтарға енген мәтіндермен салыстырылып, өзгертілген сөздер түзетілді, түсіп қалған жолдар, шумақтар қалпына келтірілді. Әр жылдары жарық көрген басылымдар өзара салыстырылып, мәтіндердегі өзгерістер мен ерекшеліктер көрсетілген ғылыми түсінік жазылды.

Ақынның «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде басылған өлеңдері 1922 және 1923 жылдары жарық көрген жинақтарындағы мәтіндермен өзара салыстырылды. Текстологиялық жұмыстар барысында 1922 және 1923 жылғы жинақтарға енген кейбір шығармалардың сол кездегі саясат пен цензураға байланысты редакцияланғаны анықталды. Томды құрастыру барысында мұндай шығармалардың «Айқап» журналында, «Қазақ» газетінде басылған алғашқы нұсқалары таңдап алынды. Мазмұны мен құрылымы жағынан бір-біріне өте жақын басылымдар – 1922 жылғы және 1923 жылғы жинақтар өзара салыстырылды. Осы екі басылымға да енген кейбір өлеңдердің жолдары мен сөздерінің арасында кездесетін айырмашылықтар жөнінде ғылыми түсініктерде баяндалды.

Мағжан Жұмабайұлының көзін көрген азаматтардың жадында сақталып, кейін жазып алынған бірнеше өлең мен белгілі тұлғаларға арналған эпиграммалары ақынның көзі тірісінде жарияланбаған, олардың түпнұсқасы сақталмаған. Бұл өлеңдер мен эпиграммалар 1989, 1995 жылғы жинақтарға және кейін жарық көрген басылымдардың кейбіріне енген. Бұл шығармалар томға «Кейін табылған өлеңдері» деген айдармен топтап берілді.

Томның соңында ғылыми түсінікпен қатар мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен кісі есімдеріне, жер-су атауларына қатысты анықтамалар берілді. Сонымен бірге өзге тілдерден енген сөздерге, архаизмдерге түсінік беретін сөздік те ұсынылды.

РЕЗЮМЕ

В первый том полного академического собрания сочинений М. Жумабайулы были собраны стихи разных лет поэта. В данный том вошли стихи, опубликованные в издании «Шолпан», вышедшем в Казани в 1913 году, в сборниках стихов, изданных в Казани в 1922 году и в Ташкенте в 1923 году. Помимо этих произведений включены стихи, опубликованные в газетах «Казах», «Ак жол», «Енбекши казах» и журналах «Тилши», «Айкап», «Жас казах», «Айел тендиги», «Жана адебиет» («Новая литература»), «Жана мектеп» («Новая школа»), «Шолпан», «Сана». Стихи представлены в хронологическом порядке. Поскольку письменные записи поэта не сохранились, определить даты написания стихотворений не удалось. Поэтому в этом томе стихи представлены в хронологическом порядке по дате публикации.

Стихи, вошедшие в том, подготовлены на основе оригинальных изданий – сборников 1913, 1922 и 1923 годов, а также текстов из газет и журналов, издававшихся в начале XX века. Стихи, подготовленные по этим оригинальным изданиям, были сравнены с текстами, представленными в сборниках 1989, 1992, 1995, 2008, 2013, 2018 годов, исправлены слова, которые были изменены или отредактированы, были восстановлены пропущенные строки и строфы. Издания разных лет были сравнены между собой и был сделан текстологический анализ, на основе которого были написаны научные комментарии.

Стихи поэта, опубликованные в журнале «Айкап» и газете «Казах», были сравнены с текстами сборников поэта, изданных в 1922 и 1923 годах. В ходе текстологических работ было установлено, что некоторые произведения, вошедшие в сборники 1922 и 1923 годов, были отредактированы из-за политики и цензуры того периода. При составлении тома были отобраны первые варианты подобных произведений, которые были опубликованы в журнале «Айкап» и газете «Казах». Также были сопоставлены сборники 1922 и 1923 годов, очень близкие друг к другу по содержанию и структуре. Различия встречающийся между строками и словами

некоторых стихотворений, вошедших в эти два издания, были изложены в научных комментариях.

Ряд стихотворений и эпиграмм, посвященных известным лицам, сохранившихся в памяти некоторых лиц, видевших Мағжана Жумабайулы, при жизни поэта не публиковались, их оригиналы не сохранились. Эти стихи и эпиграммы вошли в сборники 1989, 1995 годов и другие книги, которые издавались в разные годы. В данном томе эти произведения представлены отдельно под главой «Стихи, найденные позже».

В конце тома, даны научные комментарии, а также комментарии к историческим личностям и именам, а также топонимическим названиям, встречающиеся в текстах. Был составлен словарь, в котором даны значения архаизмов и иноязычных слов.

ABSTRACT

The first volume of the complete academic collection of works by M. Zhumabaiuly includes poems of the poet of different years. This volume includes poems published in the edition “Sholpan”, which was published in Kazan in 1913, in collections of poems published in Kazan in 1922 and in Tashkent in 1923. In addition to these works, poems published in the newspapers “Qazaq”, “Ak Zhol”, “Enbekshi Kazakh” and the magazines “Tilshi”, “Aykap”, “Zhas Qazaq”, “Ayel Tendigi”, “Zhana Adebiet” (“New Literature”), “Zhana mektep” (“New School”), “Sholpan”, “Sana” are included. The poems are presented in chronological order. Since the poet’s written records have not survived, it was not possible to determine the dates of writing the poems. Therefore, in this volume the poems are presented in chronological order by date of publication.

The poems included into the volume were prepared on the basis of original publications - collections of 1913, 1922 and 1923, as well as the texts from newspapers and magazines published at the beginning of the XX century. The poems prepared based on these original editions were compared with the texts presented in the collections of 1989, 1992, 1995, 2008, 2013, 2018, the words that were changed or edited have been corrected, missing lines and stanzas were restored. Publications of different years were compared and textual analysis was conducted, on the basis of which scientific commentaries were written.

The poet’s poems, published in the magazine “Aykap” and the newspaper “Qazaq”, have been compared with the texts of the poet’s collections published in 1922 and 1923. In the course of textual studies, it was determined that some works included into the collections of 1922 and 1923, were edited due to politics and censorship of that period. When compiling the volume, the first versions of similar works, which were published in the magazine “Aykap” and the newspaper “Qazaq” have been selected. The collections of 1922 and 1923, which were very close to each other in content and structure, were also compared. Differences found between the lines and words of some of the poems included in these two editions were outlined in scientific commentaries.

A number of poems and epigrams dedicated to famous persons, preserved in the memory of some people who saw Magzhan Zhumabaiuly, were not published during the poet's lifetime; their originals have not been preserved. These poems and epigrams were included into the collections of 1989, 1995 and other books that were published in different years. In this volume, these works are presented separately under the chapter "Poems which were found later".

At the end of the volume, scientific commentaries are given, as well as comments on historical figures and names, as well as toponymic names found in the texts. A dictionary was compiled in which the meanings of archaisms and foreign words are presented.

МАЗМҰНЫ

АҢДАТПА	3
---------------	---

ӨЛЕҢДЕР

ЖАТЫР	18
ШЫН СОРЛЫ	19
ЖАЗҒЫТҰРЫ	21
БҰЛБҰЛ.....	23
ӨЛЕҢ.....	24
ЛӨЗЗАТ ҚАЙДА?	25
ЖАЗҒЫ ТАҢ	26
ЖАС КЕЛІН.....	27
АТАҚТЫ АҚЫН – СӨЗІ АЛТЫН ХАКІМ АБАЙҒА.....	28
СОРЛЫ ҚАЗАҚ.....	29
ӨНЕР-БІЛІМ ҚАЙТСЕ ТАБЫЛАР?	30
ТОЛҒАН АЙ.....	32
ЗАРЛЫ СҰЛУ	33
ТУҒАН ЖЕРІМ – САСЫҚКӨЛ.....	34
БАЛАЛЫҚ ШАҒЫ	35
[ТІРШІЛІКТІҢ КӨРКІ – ЕРІК].....	37
ҚАЗАҒЫМ.....	37
МЫСЫҚ ПЕН ЕТ.....	39
СҮЙГЕНІМЕ	40
БІР КҮНІ	41
ҚҰР ҚАЛЫППЫН.....	42
ЖОҒАЛҒАН АЛТЫН.....	43
ОРАЗАДА.....	44
ҚАРАҒЫМ	45
ТІЛЕГІМ	46
КҮЗ.....	47
ОСЫ КҮНГІ КҮЙ.....	49
ҚАЗАҚТЫҢ КЕШЕГІ КҮЙ.....	50
МЕН СОРЛЫ.....	54
ӘДЕМІ ҚЫЗ	55
ТУҒАН ЖЕР	56
ОРАЛ ТАУЫ	57
КӨҢІЛ.....	58
ЖАРЫМА.....	59
ЕСІМДЕ... ТЕК ТАҢ АТСЫН!	60
ТӨБЕТ	63
ЗАР	63
ДІН ҮЙРЕТКЕНГЕ.....	65
ОРАМАЛ.....	66
ГҮЛСІМГЕ	69
ОТ	72

ПАЙҒАМБАР	75
КҮНШЫҒЫС	78
АЛЫСТАҒЫ БАУЫРЫМА.....	81
ОРАЛ	83
ЖЕР ЖҮЗІН ТОПАН БАССА ЕКЕН	84
АҚСАҚ ТЕМІР СӨЗІ	85
ТЕЗ БАРАМ	85
ЖАРАЛЫ ЖАН.....	86
БАЛАПАН ҚАНАТ ҚАҚТЫ.....	90
ҚАЗАҚ ТІЛІ.....	91
ЖЕР ЖҮЗІНЕ.....	92
ЖАУҒА ТҮСКЕН ЖАНҒА.....	92
ТҮТҚЫН.....	95
М. Д. АБАҚТЫДАН ШЫҚҚАНДА	96
МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН.....	97
...ға	98
ЖАЗДЫ КҮНІ ҚАЛАДА.....	99
ШЫН АЙТ	101
АЙҒА.....	101
ТӨҢІРІ	103
ТІЛЕГІМ	105
ҚАЗАҚ АЗАМАТЫ.....	106
ЖҰМБАҚ.....	106
АЙДА АТЫҢДЫ, СӨРСЕМБАЙ.....	107
БЕСІК ЖЫРЫ	109
ҰЛАН	113
ЖАУЫНГЕРДІҢ ЖЫРЫ.....	115
БАТҚАН КҮН, АТҚАН ТАҢНЫҢ ЖЫРЫ.....	115
СҮЙЕМІН.....	119
МЕН КІМ?	120
МЕШІТ ҺӘМ АБАҚТЫ	121
МАҒАРРИ СӨЗДЕР	123
ҚАРАҢҒЫ, ДАУЫЛДЫ ТҮН.....	124
КӨБЕЛЕК	125
ЕСКЕНДІРДІҢ ЕКІ МҮЙІЗІ	126
ӨТКЕН – АЯУЛЫ	130
ҚҰРБЫМ	131
АДАСТЫМ.....	131
БОСТАНДЫҚ.....	132
ЗАМАНЫМЫЗДЫҢ АҚЫНЫ	135
БІР БИГЕ.....	135
КӨК ТЕКЕ	135
ТӨБЕТ	136
ЖОЛДАСҚА.....	138
ТОҚАЕВҚА ЕЛІКТЕУ	140
ӨЛЕҢНІҢ ҰЙҚАСЫ	140

ДОСТЫҚ ҺӘМ КӨЗ ЖАСЫ.....	140
ТАТАР САУДАСЫ	141
ҚАЗАН	142
БҮГІНГІ КҮН ӨМІР, ӨЛІМ – МЕНІКІ.....	142
СЫРЫМ.....	143
СҮЙ, ЖАН СӘУЛЕМ	144
ТӨГІЛГЕН ШАШЫ.....	145
КҮМІС НҰРЛЫ АЙ.....	145
ШОЛПЫ.....	146
СЕН СҰЛУ	147
БІРАЗ ФЕТШЕ.....	148
N...ға	149
ЕС КІРГЕН СОҢ.....	157
СҮЙГЕНІМ АНЫҚ.....	158
ХОР СИПАТТЫ ҚАРЫНДАС	159
ЖАС СҰЛУҒА	159
Г...ге	161
КӨҢІЛІНДІ АШАР.....	162
СӘУЛЕ	162
ЖӘМИЛА	164
ҚАЙҒЫЛЫ СҰЛУҒА.....	165
ГҮЛСІМ ХАНЫМҒА	166
...ға	167
ДОМБЫРА	168
ТҮН ЕДІ.....	169
ҚАРЫНДАСҚА.....	172
Р... АЛЬБОМЫНА.....	174
Ж...ға.....	175
Ф...ға	177
ҒАЗИЗАҒА	180
ЗУҺРА.....	181
ЖАН ЖАРЫМДЫ БІР СҮЙЕЙІН ТҮСІМДЕ	182
ӘЙЕЛ.....	183
З...ға	186
АНАМА	189
ТҮС.....	190
ҚАРАҒЫЛЫҚ ҚОЮЛАНЫП КЕЛЕДІ	190
САРҒАЙДЫМ	191
ЖЕЛ.....	192
САҒЫНДЫМ.....	193
ЖЕЛ.....	196
БАЛАНЫҢ ҚАБІР ТАСЫНА	198
ӨМІР.....	198
ӨМІР.....	199
ТОЛҚЫНДАП ОЙНАП.....	200
САҒАТ	201

АУРУ	201
ЖҰЛДЫЗДАРҒА	202
ЖАЗҒЫ ТҮНДЕ	203
КӨКШЕТАУ	205
ТОЛҚЫН	206
ҚАЙЫҢ	207
ҚЫСҚЫ ЖОЛДА	208
ЖАЗҒЫ ЖОЛДА	209
ЖАЗҒЫТҰРЫМ	212
ЖАЗ КЕЛЕДІ	213
СЕҢ	215
ЖИЛЕНДІ ҚАРА ОРМАН	217
МАХАББАТ НЕ?	217
ШЫЛЫМ	218
АЛЕКСАНДР БЛОК	219
N... АЛЬБОМЫНА	221
АЛДАМШЫ ӨМІР	223
АЙРЫЛҒАНДА	223
КҮЗДІ КҮНІ	224
«БОЛСА ГҮЛСІЗ...»	226
ОЙ	227
ЖАН СӨЗІ	228
МЕНІ ДЕ, ӨЛІМ, ӨЛДИЛЕ	232
ТІРЛДІМ	236
ЖҰЛДЫЗДЫ – ЖҮЗІК	238
АЙДЫ АЛҚА ҒЫП БЕРЕЙІН	238
ӨЛЕҢ	239
ЖӘЙ ӘНШЕЙІН ОЙЫН ҒОЙ	240
БЕРНИЯЗҒА	241
ЕҢБЕК – ӨЛІМ ЖАН ҚАНАТЫН ҚИЯТЫН	244
СЫРДАҒЫ АЛАШҚА	245
АРХИМЕД ПЕН БІЗДІҢ БАТЫР	247
ШОЙЫН ЖОЛ	248
ТІРІ БОЛ	251
ТҰРАННЫҢ БІР БАУЫНДА	254
АЛАТАУ	258
Р...ға	261
ТҮРКІСТАН	263
СӘРСЕМБАЙДЫҢ ЖЫРЫ	268
ЖАРЫМ	270
ӨЖЕ	271
ЖЫЛҚЫШЫ	272
АЛАТАУДА	275
ҚОҒЫР ЖЫР	277
АСЫҚ ИІРУ	280
ЖЕРДІҢ ЖҰМЫРЛЫҒЫ	282
ІҢІРДЕ	283

ЕСКІ ТҮРКІСТАН	285
ҚЫРҒЫЗ, ҚАЗАҚА	287
ҚЫЗЫЛ ЖАЛАУ	289
НЕМЕРЕ МЕН ӘЖЕСІ	290
ҚОЙШЫ БАЛА МЕН КҮШК	292
ЕДІЛДЕ	294
ЕДІЛДІҢ САҒАСЫНДА	297
СӘЛЕМ ХАТ	300
ҰЛБОСЫН	301
ЖЫЛҚЫШЫНЫҢ ҮЙІНДЕ	303
ҚОЙШЫНЫҢ ӘЛӘУЛӘЙІ	304
ҚАРЫНДАСТАР	306
СЫЛДЫРМАҚ	311
САЛ-САЛ БІЛЕК, САЛ БІЛЕК	311
АНА	312
БӨБЕКТИҢ ТІЛЕГІ	313
АҚҚАЛА	314
АТА, БАТА	315
СҰР ҚҰЛЫН	316

КЕЙІН ТАБЫЛҒАН ӨЛЕҢДЕРІ

ҚАЗАҚ ҚЫЗЫНА ӨЗІЛ	318
СЫРЫҚ МОЙЫН, БІЗ МҰРЫН	318
БОТАМДЫ КӨРДІМ ТҮСІМДЕ	319
БІР КЕЗДЕ ІШТІК АРАҚТЫ	319
ЖІГЕР, ШІРКІН, ЖЕЛІНДІ	320
ӨЗЕННІҢ СУЫН ЖЕЛ ТЕРБЕП	320
ЕСЛАМ ҚАЗАСЫНА КӨҢІЛ АЙТУ	321
ЖАМБЫЛҒА	323
ҚАЛАМЫМА	324
ЖАС МАҒЖАНҒА	324
ЖАУАРДЫҢ АЗАМАТТАРЫНА	325
НАҒАШЫЛАРҒА	326
ӨМІРІМЕ ӨКПЕМ	329
ЭПИГРАММАЛАР	331
НӨЗІР ТӨРЕҚҰЛОВҚА	334

ФАКСИМИЛЕЛЕР	345
--------------------	-----

ҚОСЫМШАЛАР

ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕР	514
ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ	652
ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ	668
СӨЗДІК	675
ШАРТТЫ ҚЫСҚARTУЛАР	677
ТҮЙІНДЕМЕ	680
РЕЗЮМЕ	681
ABSTRACT	683

МАҒЖАН

Шығармаларының
академиялық толық жинағы

ҮШТОМДЫҚ

1-том

Қазақ тілінде

Дизайнері Б.Серікбай
Техникалық редакторы Ж.Бәделұлы

Басуға қол қойылды 08.01.2024.
Пішімі 60x90^{1/16}. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Қаріп түрі таймс. Шартты баспа табағы 41.

Түркі Академиясы

Қазақстан Республикасы, 010000 Астана қаласы, Есіл ауданы,
Е-179 көше, Дипломатиялық қалашық, 32-үй
Тел.: +7 (7172) 57-49-04; E-mail: ITApressa@gmail.com